84Ка37-5
С52

СОФЫ СМАТАЕВ

Софы
СМАТАЕВ

# БОТАСЫМЫН БОЗДАҒАН БОЗДАЛАМНЫҢ





84КАЗ7-5
С52

Софы
СМАТАЕВ

# БОТАСЫМЫН БОЗДАҒАН БОЗДАЛАМНЫҢ



**Алматы**
**«Алманар»**
2016

**УДК 821.512.122-1**
**ББК 84 Қаз7-5**
**С 52**

**СМАТАЕВ С.**
**С 52 Ботасымын боздаған боздаламның:**
*төрттағандар* / *Софы Сматаев.*
**Алматы: “Алманар”, 2016. - 424 бет.**

**ISBN 978-601-80241-3-9**

Ұлттық әдебиетіміздің кешеуілдеп қалған төрттаған (рубаи) жанрының өркендеуіне үлес қосқан қазақ әдебиетінің классигі, алаштың халық жазушысы Софы Қалыбекұлының бұл кітабы оқырмандарының жүрегіне жол табары хақ.

«ШЕТ АУДАНЫ ӘКІМДІГІ»
ШЕТ АУДАНЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ БӨЛІМІНІҢ
«ШЕТ АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН
КІТАПХАНАЛАР ЖҮЙЕСІ» КММ
№ 20523

**УДК 821.512.122-1**
**ББК 84 Қаз7-5**

**I8B1Ч 978-601-80241-3-9**

**© “АЛМАНАР”, 2016**

# I

# Арнау



*Алашым, ұлтым!*
*Әдетің, ғұрпың*
*Жоғалмасын деп*
*Сендерге арнадым бұл еңбегімді.*

*Қазағым, халқым!*
*Санаң мен салтың.*
*Тоналмасын деп*
*Сендерге арнадым бұл еңбегімді.*

*Қасиеттім – елім!*
*Киелі жерің*
*Таланбасын деп*
*Сендерге арнадым бұл еңбегімді.*

*Софыян*

II

# Әлқисса

Бісмилля деп бастадым төрттағанды
Өзгеге мерт,
Өзіме серт тағанды.
Шалмасын деп ешқашан дерт адамды,
Алмасын деп әлемдік өрт ғаламды.

Шықпасын деп тілімнен қайғы-уайым
Жырға қостым ойымның тай, құнанын.
Тумасын деп тілімнен ызалы кек,
Ақ қып жақтым ойыма Ай қылаңын.

Ақыл енбес дәулетке кергігенмен,
Байлық қонбас келбетке сергігенмен.
Ақ қағазға сыр қылып тамшылаттым,
Жас пен қанын жанымның пергіленген.

Тәңірімсіп, дүрсініп талтайғандар,
Ұят қашып бойынан ар тайғандар,
Сырдаң қағып сырымнан үркіп безсе,
Тамсанысып қалса екен бал таңдайлар.

Есер, кесір емеспін, шал ғанамын,
Жалғандықтың айдынын жалдамадым.
Адалдықтың Ай, Күнін ойлы адамға
Ой мұңы етіп келеді жалғамағым.

Өткен күнге өкініш көбейгенде,
Мұң ғана емес, зар төгер көмей кейде.
Нені іздеймін, не табам қайғырғанмен
Жұрт баспаса, мен басқан «өгей гөйге»

Мәңгілікке өткізіп қасқағымды,
Ойланта алсам қара Жер, Аспанымды.
Өкінтіп ап, қуантып адамзатты
Туғызар ма ем бақассыз басқа күнді.

Мансап іздер, шен қуар жас емеспін,
Аулақтадым аулынан хас егестің.
Қаламымның қажыры қайтпаса да,
Жемін таппай қажыды аш өзектің.

Дүниемнің қайтейін өзгергенін,
Әділетсіз кезеңнің кез келгенін.
Жыртығыма жамайтын бөз бермей-ақ,
Ұмытпаспын Тәңрімнің сөз бергенін.

Көз ұйқыда, көңілім ояу бірақ,
Мәңгі ұйқымның қақпасы таяу тұр-ақ.
Қапы қалмай ойсызды оятар ем,
Пегас - ақсақ,
Қайтейін баяу Пырақ.

Құмар тозды,
Жақсы күн көзден озды.
Баса алмаймын тақымға өзге бозды.
Жылтқым келер сұп-суық кеуделерді
Қосып алып ып-ыстық сөзге қозды.





# III

# Ботасы едім боздаған боздаланың

## (Балалықтың түрі)

* * *

Тағдырдың пендесімін таңбалаған.
Пендесін аялаған бар ма ғалам?
Бар болса,
Сол пенденің тауып берші
Біреуін дәл мендей боп зарламаған.

* * *

Батса да нала-қайғы жүрегіме,
Көшімді бұрып өтем жыр еліне.
Мұңымды әніммен алдандырып,
Қайғымды жығып берем тілегіме.

* * *

Ботасы едім боздаған боздаланың.
Бозбаладан қашты енді бозбала күн.
Боздалама жете алмай бозқырауда
Буынымды боздатып қозғаламын.

* * *

Тән құмарын іздедік ойдан, қырдан,
Жан қалауын сәт таппай ойландырған.
Көңіл құсын таппадық,
Болғаннан соң
Тәтті күйі мұң-зардың бойдан құрбан.

* * *

Салпылдадық сабылып сағым қуып.
Тыңдамадық дананың жағын буып.
Мұң қамадық ананың жүрегіне
Жол тосқызып, жоғалып, сағындырып.

* * *

Алды - қызық ғұмырдың, арты - жалған.
Алды тозып, артында қарты қалған.
Күйкі-күйбең тірліктің күйі қашып,
Мұң мен шерін иінге артып алған.

* * *

Ұйықтап жатқан көңілді оятарлық
Әнді ұлыттық, жылауық беяпар қып.
Керім толғар бабымен қоңыр үнді
Зуылдаттық ұшқындай жай атарлық.

* * *

Өтірік пен өсекке жалғап жанын,
Арамға арын білсе де жалдатқанын.
Көзбен арбап, құбылып күлмең тобыр
Алғысы кеп тұрады алдап бәрін.

* * *

«Өзге» менен «менікін» айыра апмай,
Өз жақынын аямай байыр алдай,
Дүниеге ынтық түбіне жетер бір күн
Қу нәпсісін орнына қайыра алмай.

* * *

Ақылдың жетпегенін іздемеген
Таппайды ой ұшқынын мұз денеден.
Атпайды кеудесінде дала таңы,
Көңілін өсірмейді түздегі өлең.

* * *

Жоғалтқан өз ойынан Тәңірісін
Таппайды тал бойынан тәңір ісін.

Құмарсыз, құр ілбумен күн өткізіп,
Ит қосып қарақтайды нән ірісін.

* * *

Іштен мұзды еріту қиын екен.
Суық жүздің жылымас күйі бөтен.
Түбін ойлар іс қылмай, беттен қалқып,
Түксиюі - түк тамбас, «сыйы» ма екен.

* * *

Атыстырып өліні тіріменен,
Туып жатыр ойсыздан шірік өлең.
Қанжары жоқ ақынды ақын демей,
Қыңсылайды ал өзі үріп әрең.

* * *

Ұғар құлақ табылмай айтқаныма,
Қу көңілдің қайтейін қайтқанына.
Бар сөзімнің келісін таппас жанға
Не өнеді дегеннен «Тәйт!» тағы да.

* * *

Кісі айтпаған сөз жоқ қой ұққан жанға,
Ақыл мәнін жүрекке тыққан жанға.
Енбей, сіңбей кетеді-ау қайран кеңес
Жылтыраққа қызығып сұқтанғанға.

* * *

Сынағанды ұғар көп - сөккеніңдей,
Ар-ұятын ақтарып төккеніңдей.
Рас сөзіңді қас тұтып, қарсы ұмтылып,
Қалшылдауын тияр ма кекке мінбей.

* * *

Тегіс ұғар құлақ жоқ кеңесіңді.
Әр нені аулап ұрлайды неге есіңді?
Мақау тіл мен сақау ой қаптап кетіп,
Сұм тағдырмен күшейтер егесіңді.

* * *

Қайрат, ақыл бұл күнде керек болмай,
Құтырды әбден құл тірлік зеректі алдай.
Ақиқатты арамдық екі бүктеп,
Қыл аяғы боп кетті терек талдай.

* * *

Мін жасырып, асырып қулығыңды,
Жеңіссіз-ақ желбірер ту бүгінгі.
Өзегіне өзгенің өкпе тастап,
Майлықтай ғып бұлдайды сулығыңды.

* * *

Көзбен көріп, білу жоқ ішпен ғана.
Жаратпасаң, жақтыртар күшпен ғана.
Көріктіңді бөрікпен ұрып алсаң,
Жазылар ма жанына түскен жара.

* * *

Өз барыңды бу қылып өзгелерге,
Құндап тосқан сиқыңды көз көрер ме.
Артылмайсың бәрібір қалыбыңнан
Бөз орнына суылдап сөз берерде.

* * *

Тұрлаусыздың тұрқынан көңіл безіп,
Арын сатып, түсіріп сенімге жік,

Ұрлап алып ұялмай қызығыңды
Өте берер өкінбей өмірді езіп.

* * *

Ептілікпен еңбексіз қонып төрге,
Қойны, қонышы ғаламат толып мөрге,
Арсыз шіркін атағын сатып алып,
Қиянатшыл қырсық боп жолықты ерге.

* * *

Талап етіп талпынбай алғаны көп.
Мақтанады тартынбай алдадым деп.
Шатқаяқтап, шалықтап шатып жүріп,
Жарға соғар бір күні жалғаны үдеп.

* * *

Оймен тозып, қаңғырып толғанғанда,
Бір қайғыңнан жүз қайғы қонған жанға.
Күлкің ерні кезеріп, жүрек жүдеп,
Қарғысыңды төгесің сұм жалғанға.

* * *

Шыдасаң қашырмастай ақылды естен,
Тырбансаң тірлігіңде зақым кешкен,
Арамнан адалыңды аршып өтсең,
Тірілтер түбі әділет атынды өшкен.

* * *

Қайтемін жинап ішке көп ірінді,
Өкініп, өткінші деп өмірімді.
Өзінді өзің жеуден не өнеді,
Жоймай ма тот та мықты теміріңді.

* * *

Кезімде тақ пен Хаққа жалынбаған
Лепіргем, дала өртіндей жалындағам.
Тұлпардың тұяғынан от шаштырған
Көзімнен бір-бір ұшты-ау сағым Далам.

* * *

Жүремін көп ақылдың бірін алмай,
Кеткен соң ұсақ қаптап, ірі қалмай.
Ақылым мол болса да, ақымақ боп
Далама данасы боп кіріге алмай.

* * *

У қылып запыранның өтін ішкен
Өтеді өмір ылғи өкінішпен.
Ақырып арыстан боп Айға атылмай,
Шықпаймыз құрсаулаған бекіністен.

* * *

Өгейсіп қайта оралмас өткен күнді
Күрсініп, күйік жамап, шеккем мұңды.
Бәрібір өкінбестен қайталар ем,
Бұрынғы қателер мен кеткен мінді.

* * *

Еш бақыт сүйіндірмес ұзағынан.
Оп-оңай шаттығыңды бұзады ылаң.
Адам бол бақ пен сорға тура қарар
Пенденің қашам десең тұзағынан.

* * *

Білмеймін кімім жоғын, кімім барын
Азайды кеңес беріп, бұрылған үн.

Жақыннан жат табам да,
Қастан досты,
Көбейді қарап жүріп ұрынғаным.

* * *

Ерік-ырқынды жасытсаң сұсқа малмай,
Қос тізгінді бір қолмен ұстай алмай,
Тақымыңды босатсаң құр қопаңдап,
Безер шындық кеудеңде қыстай алмай.

* * *

Жайдақ тартып жанымның айдын көлі,
Жайлауынан айырды қайғым мені.
Тұлпар ойдың тұяғы тасқа тиіп,
Ес-дәрменім тұр міне тай мінгелі.

* * *

Кезбе шалмын кездесер кемелдім аз.
Болымсыздың таяғын жегем біраз.
Әуре-сарсаң тірліктің көп шалындай
«Айтар сөзді айта алмас!» дегенге мәз.

* * *

Ақыл бітпес дәулетке, нансаң егер.
Ал сенбесең, мықтымсып тамсана бер.
Кісі тояр құлқыңды сақтай алсаң,
Шырақсың!
Шырпы емессің жанса, сөнер.

* * *

Сенісерің табылса, - сыйың бөтен.
Ит тірліктен өзгеше күйің бекем.
Топ жимасаң, демеші, қапы қалып.
«Неге маған жұдырық түйілді екен?»

***

Кеудеңді өртер у екен - ойлағаның.
Қолға тұрмас су екен айдағаның.
Адалдығың арамның ойыншығы боп,
Босап кете береді байлағаның.

* * *

Сөз сатқанды жек көрер жұрттың бәрі.
Сылдыр сөзбен ашылар қырттың мәні.
Қанша жерден малтаңды езсең-дағы
Терең ойсыз кірмейді ұрттың дәмі.

* * *

Жоқ-барды илеп мақтану неге керек.
Бір ақылдың пыш-пыштан дегені ерек.
Сыпсыңына шайтанның еріп кетпей,
Илансаңшы Тәңірдей егені елеп.

* * *

Біз қартайдық жегізіп тотқа асылын.
Қонағымыз көз сатқан отбасының.
Қырғи тілді қамадық қыл өңешке,
Баяғыдай өтпейді топқа сының.

* * *

Артқа ұзатып күдікті алдағы үміт
Шығатындай сезілер таң жамылып.
Өткен күнге өкінтпес сері көңіл
Теріс басам демес-ау...
Ол жағы ұмыт.

*** * ***

**Теңесе де жұрт сені қыранға да,**
**Айналсаң да кей-кейде ұранға да,**



ШЕТ АУДАНЫ ӘКІМДІГІ
ШЕТ АУДАНЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ БӨЛІМІНІҢ
«ШЕТ АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН
КІТАПХАНАЛАР ЖҮЙЕСІ» КММ
№ 20523

Арыңмен де, нәріңмен жауап беріп,
Табынасың түбінде бір Аллаға.

* * *

Қалғанда ақыл безіп, ой қамалып,
Намысқа ашу-кекті қайрап алып,
Ұлыдық көк бөрідей көкке қарап,
Күлмедік, қуанбадық, ойнамадық.

* * *

Бүгінде жұрттың көбі ұсақтады.
Айқаспас бір-бірімен құшақтары.
Сыртыңнан ұрланып кеп салу үшін
Қойнында тығулы жүр пышақтары.

* * *

Бас изейміз, көз сатып «әринемен»,
Ұшы сынған аумай қап кәрі инеден.
Бел боларлық ел таппай, жүрек қажып,
Бебеу көңіл уілдеп зар илеген.

* * *

Айырғым кеп алыстым жаманды елден
Әдетіне қарысқыш надандармен.
Түзете алмай түңілдім марғау көпті
Тірілте алмай қор болдым заманды өлген.

* * *

Татулықты таба алмай, тыныштықты
Өкпем кепті, ес кетті, тыныс бітті.
Өзім деген өзгеріп,
Өзек теуіп,
Кім найзасын тосады, кім істікті.

* * *

Жеңеді екен мың адам бір адамды.
Орға итеріп, тұрғызбай құлағанды.
«Жапырағын жұртымның жайқалт!» деген
Жарылқайды қай Құдай жылағанды.

* * *

Сарсаң көңлім, Құдай-ау, тыншығар ма,
Тыпырлауы осы ма - тұншығарда?
Уланта ма өксікпен сұм жүректі
Кеудем жарып шер толы мұң шығарда?

* * *

Сене берер талғамай кімім қалды?
Көнбей аға,
Естімей інім қалды.
Қайта айналып қарамас, жабық қабақ
Неткен ғұмыр,
Қаптатқан құбылғанды?

* * *

Шайтан құйрық, құл бөксе, адам беті.
У боп сіңер ұсынған адалға еті.
Аузын ашса, өңештен зәр сорғалап,
Запыран боп төгілер заманға өті.

* * *

Тап баса алмай кетігін дүниенің,
Қаламымның ұшына мұң үйемін.
Адаспастай анықтар күн бар ма екен
Бір иені ішінен мың иенің.

* * *

Оралта алмай жалынын кәрі бойдың
Кесірі деп қараймын бәріне ойдың.
Ақылменен жазар ем жан жарасын
Жеткізер ме аз жасы кәрі қойдың.

* * *

Жыландай ғып кессе де мені неше,
Жалынбас ем қайратым кемімесе.
Тұлпарымды намыспен жемдеп мінсем,
Ерер сонда өжеттік тегі ілесе.

* * *

Қорқынышың бойыңда дірілдесе,
Қараңғылық пердесі түрілмесе,
Әлем де өлік, сен де өлік,
Дүр сілкініп
Бір тамшы кек қаныңда тірілмесе.

* * *

Саудалайды имансыз ар, иманды.
Мақтан гөйлеп, құмартып далиғанды.
Сен ашқанша майданды,
Алдыңды орап,
Жұлып алар аузыңнан «дариғаңды».

* * *

Жүрек көзін аша алмай әуреленіп,
Түнегіңе ене алмай сәулеленіп,
Желөкпе боп желпініп өтесің-ау
Түк қалдырмай бойыңда сау денелік.

* * *

Тілді безеп, бел түріп, еңбек етпей,
Босқа айналған зырлауық дөңгелектей,
Ұрлап тығып өңешке арам асты
Зомби тірлік барады көрге беттей.

* * *

Күлкі бақтық, ой таппай, аласұрып.
Той тойладық ыржаңдап таң асырып.
...Мал тұяғы дүбірлеп төсін теспей,
Жетімсіреп қарайды Дала сұлық.

* * *

Әуейілік жөнелді адастырып.
Бойдан ойды қашырып оғаш қылық.
Надандыққа адамды жығып бердік,
Бағасызды ессізге жанастырып.

* * *

Ел танымас есіртіп еркелерді,
Алмастырдық лақпен серкелерді.
Өнер таппас, ой бақпас қиқым төрде
Қандай күймен күтіп тұр ертеңі елді?

* * *

Арттағыға қалдырмай білгеніңді,
Қас наданға айта алмай тілдегіңді,
Ел ішінен естіні бір таба алмай,
Айға қарап кім білер үргеніңді.

* * *

Ақыл да жоқ, ми да жоқ, тағыдай жұрт.
Өксігімді өлең дер танымай қырт.

Көкірегін күл басқан білмес солар
Адамдықтан біткенін бағы қайтып.

* * *

Ішкі дертті қозғады боздап үнім,
Марғау елді қапсын деп сөз дабылым.
Құлақ салмас құлықсыз қаптап кетіп,
Көбім түгіл жетпеді азға мұңым.

* * *

Тамызсам да тіл майын, тортасын да,
Жалғыз қалдым ойсыздың ортасында.
Сілкінбейді-ау шіркіндер шіміркеніп,
Он келімсек жүрсе де арқасында.

* * *

Қайғы мініп иыққа шөкелеткен.
Сергелдеңнің шегесі шекеме өткен.
Көре алмаймын ұждансыз ұрпағынан
Бабалардың рухын бекем еткен.

* * *

Аллам берген атымды «Адам!» деген
Алмастырдық жып-жылдам наданменен.
Өтірікке тұшындық, өсекті айдап,
Жануардан бүгінде бағам төмен.

* * *

Исем де көк теректі қозға малмай,
Жүремін қара жерді қозғай алмай.
Сол жерді сілкіндірер кіндігінен
Бір рет қуат берші созбай, Алла-ай!

* * *

Адам бар, арамызда надан да бар.
Жақсы бар, іске алғысыз жаман да бар.
Қорқамын мынау аяр, жалған Дүние
Дегендей
Үндемесем қараң қалар.

* * *

Рас, рас өтірік айта алмаймын.
Айтар болсам, шайтандай қайқандаймын.
Сондай сәтте өзегім өртке оранып,
Тіріледі ішімде сайқал қайғым.

* * *

Шарпуымен шыдатпас мұң демінің
Көкейіме жазылар күнделігім.
Жазамын да сызамын.
Ал содан соң
Отырамын жоқ жандай мүлде мінім.

* * *

Айтатыным көп еді-ау, айта алмаймын.
Кеткен кекті ешкімге қайтармаймын.
Бар ызамды ішіме түйіп алдым,
Дауыл тілеп буырқанар Байқалдаймын.

* * *

Ән-жырымды ал.
Алма, ұлым, тағдырымды.
Қара қабақ ұрлаған таң нұрымды.
Алашапқын өмірдің назасымен
Қан аралас жаудырғам жаңбырымды.

* * *

«Бөрі жейді-деді абыз - бөлінгенді».
Бөлінгенді бөрі боп өлім жеңді.
Ынтымаққа, уай, Алаш, түгел ұйы
Ырылдатпай ит қылып төліңді енді.

* * *

Мынау мезгіл, сонау ел, анау дала
Көніп жатыр тонау мен талауға да.
Бары, бәрі - қазақтың байлығы еді-ау
Исі келмес бүгінде танауға да.

* * *

Көре салсаң көз жасын нең кетеді?
Көңіл шіркін үмітпен ержетеді.
Уай, Жаратқан! Алаштың ақта үмітін.
Алаш озса, Әлемді тербетеді.

* * *

Үндемеймін, тіл тістеп отырамын.
Үрей буып, тұр тыншып атырабым.
Тілім босап тісімнен,
Түбінде бір
Арыстан боп «аттандап!» атыламын.

* * *

Өмір өрін тауыстық, ылдиладық.
Тағдыр жеңді.
Жеңілдік, құлдиладық.
Арсыз жұртқа аузыңды қанша ашсаң да,
Тыңдата алмай құрыстық,
Мүлги қалып.

* * *

Сөз ұғарлық іш пен сырт жоқ қасымда.
Жатып қалдым омалып от басында.
Көбім бүгін тобыр боп тозып бітті,
Басын керіп әркімнің ноқтасында.

* * *

Аяндаушы ем, ұмтылсам жығылман деп.
Хақ жолына тайсалмай бұрылғам деп.
Бірі аяқтан шалады,
Бірі етектен
Сыймас жерге бүрсектеп тығылған көп.

* * *

Телі менен тентекті жарыстырып,
Мияулаған мысықты барыс қылып,
Әулекінің қолына сойыл беріп,
Қойды билік жұрт жағын қарыстырып.

* * *

Өршеленіп жүруші ем тілді безеп,
Кімді түйреп аямай, кімді кежеп.
Тұсап тастар сөзді де, өзімді де
Жазалағыш иыққа мінді мезет.

* * *

Паң едім мен, ісі жоқ күйбеңменен,
Аулақ езден,
Өсектен сүйреңдеген.
Бүгін енді су жүрек мың тілініп,
Қоян болдым.
Көкжалдан именбеп ем.

* * *

Кейде мұзбын.
Жалынмын жанған кейде.
Айыра алмай басамын жалған гөйге.
Тырысамын болуға далбасалап,
Бабалардан жоғалмай қалған бейне.

* * *

Жарылқаймын деуменен сені, мені
Әкім-қара желпініп желігеді.
Өмір өтіп барады өксітумен
Елді ұстайтын таба алмай Едігені.

* * *

Тұғыр болдым, тұлпар ем тұяқ кеміп.
Егінім жоқ, емінем қияқты егіп.
Арсылдайды арсыздар алды-артымнан,
Ұры тұмсық ысылдар ұятты еміп.

* * *

Пайда көздеп, ойламай кісілікті,
Сөзі - қатаң, түс - керден, ісі мықты
Адал таппай, жан баққан арамымен
Сырты дүрдей болғанмен іші күпті.

* * *

Төбемді орап алып басқан былық
Қойғанда алақтата жасқандырып,
Көңлімнің көншімейтін көк күшігі
Тұрады аузын жаппай аспанға ұлып.

* * *

Өзімшілдің жасырып ептілігін.
Ұмыттырып жақсының тектілігін,

Ес жиғызбай төпелеп үсті-үстіне
Бір кейісті бір кейіс өпті бүгін.

***

Айып кімде, тентек кім білдірместен,
Мәңгүрт заман қыбырлап сылбыр көшкен.
Қасың күлсе досыңдай мың құбылып,
Ердің, сендің тануға үлгірместен.

* * *

Әр жақсыңды қаралап күнде, күнде,
Сенеріңді білмей қап мүлде кімге,
Жапсарынан жаныңның өсек борап,
Жабылмайды қайтадан түрген ірге.

* * *

Айыра алмай жақсы мен жаманыңды,
Ант ұрғаннан таппақ боп адамыңды,
Ит өмірдің ығыр боп әуресімен
Қарғап, сілеп өтесің заманыңды.

***

Артқа үңіліп, алдыңнан түңілгенмен,
Төр таппассың, төреңе бүгілгенмен.
Ырза қылар мырза жоқ жаны жайсаң
Көңіл қалды көлгіршіл бүгінгі елден.

***

Сезім - деумен семіртіп құмарлықты,
Кеудесіне кейбіреу тығар жүкті.
Тояттанып ақ төстен құлаған соң
Местей босап, суынып тынар «мықты».

* * *

Есіл сөзім естілмей құлақтыға,
Жел боп, зар боп есілер құр аптыға.
Жалын шалып ішімді шарпығанмен
Тұтанбайды-ау қолдағы шырақ мына.

* * *

Жабырқаған жанымның жарасы мың.
Ет жүректі өртеген қарашығың.
Адасумен келемін әлі күнге
Жоқ пен бардың ішінде арасының.

* * *

Қызыл арай құйылды бұлаққа оттай.
Қызыл киік секірді құрақты аттай.
Қыз, қызыққа құмартып кеткенде жұрт
Қызыл тілім қиналды құлақ таппай.

* * *

Ойы биік сөз іздеп, түбі терең
Отырамын қосымды тігіп әрең.
Елірмеге телігген күні құрсын
Жазғанымның құлағы, тілі керең.

* * *

Кіл мақауға қор болған есіл өнер
Естілмейді,
Шешенсіп шешіле бер.
Қызыл тілім құдірет бола алса ғой
Кеудесіне пірсіздің тесіп өнер.

* * *

Ұқпағаным көп екен ұққанымнан.
Шашылғаным көп екен тыққанымнан.

Амалыма қасым көп қарсы тұрған
Адалыма досым аз нық танылған.

* * *

Абройды таппақ боп есеппенен,
Алмастырып ақылды өсекпенен,
Батырашқа өлтіртіп тұлпарларды
Бэйгі алғыштар көбейді есекпенен.

* * *

Кеудесіне зар еніп, мұң батпаған.
«Болдым! Толдым!» дейтін көп бұлғақтаған.
Еліріп кеп, аспанға қадап көзді
Арам астан ауызын құрғатпаған.

* * *

Асыл тұтып жасықты, алға оздырып.
Керексіз боп өр мінез, қалды әз қылық.
Өзі - жауыз. Өзгені жыртқыш етіп,
Аярлықпен алашты алды аздырып.

* * *

Қызығы көп, қайғы жоқ, болып-толған.
Фирмадан жеп, нәсібін сорып қордан,
Бәйбішеге азанда әрең жетер
Саунадағы жалаңаш жорықтардан.

* * *

Іші өлген, сыртымен тірі бейне
Көрсең сұрқын көңілің ірімей ме.
Жат мінезін жатырқап сен тұрғанда,
Асты-үстіне түседі-ау ірі кейде.

* * *

Қасарысып, сіресіп, апырайлап,
Көкіректе бір бүлік жатыр ойнап.
Ақырады түбінде, атылады ол
Арамдыққа адалдық батыры айдап.

* * *

Өкпесі жоқ адамның қарыны тоқ.
Тоқ қарынның әрине жарымы боқ.
Өксігінен өзгенің тәттіні аулап,
Өңмеңдейді кетсе де жарылып өт.

* * *

Талай ездің қалсам да табасына,
Түсе берем өнердің таласына.
Өксігімді қоздатар өкінішім -
Түгел сөзім жетпей жүр Алашыма.

* * *

Сөз ұқпайды бүгінде мансапты адам
Елбең қағып, қол сүйіп жан сақтаған.
Есіл ердің құны аз, қадірі жоқ
Мансаптыдай маңырап ел сатпаған.

* * *

«Пәлесі аулақ!» деп үркер сезікпенен
Сырт айналды сырластар безіп менен.
«Мың ұқпаса, бірі ұғар!» деп бәрібір
Өлермен боп малтамды езіп келем.

* * *

Сор сасыған батпақтай - былжырақ тіл
Жаумас бұлттай түнерген тұнжырап құр.

Жарқ-жұрқ етер кеудемнен сөз атылмай,
Мұң жамылып тұрады түн жылап кіл.

* * *

Кеудем бітеу - жоғалтқан ойдың көзін.
Әділеттің сындырып, жойдым тезін.
Тіл мен жақты қаңтардым тас қып байлап,
Өтірік пен өсекке тойдым да өзім.

* * *

Дертім - емім.
Жұтамын ашынғанда,
Кек, қыжыл боп түскенде жасын қанға.
Өртенемін, жанамын, лапылдаймын
Сау басымды саудалап басынғанда.

* * *

Кейде кейіп жүремін, кейде күліп.
Әулекілік кеудеме бейнет іліп.
Аузымды ашсам қарқылдап өтірігім
Запыран боп төгілер кей кекірік.

* * *

Айғайым жоқ аттандар баяғыдай
Шығар менен дәл бүгін қай Ағыбай.
Ең болмаса қолына қамшы ұстатып,
Өзімді емес, сөзімді ая, Құдай!

* * *

Біреу білмей жүреді, біреу біліп,
Бірі мақтап, мазақтар біреу күліп.
Даттайтындар түбінде қалады ұлып,
Алашыма сүйенсем тіреу қылып.

* * *

Айна-жүрек сынды ма, көрері жоқ.
Ділсіз ақыл тілмарсып берері жоқ.
Түзу сөзім таусылып бара жатыр
Сәулесі шақ бос кеудем - енері боп.

* * *

Жанын жалдап елді алдап жүргендер көп.
«Біз білгенді, тобыр жұрт, білмеңдер!» деп.
«Жау мұндалап!» жау тауып жақынынан
Білмейді олар болғанын үргенге ермек.

* * *

Кісімсінген кісәпір өктем шығып,
Қуырады жаныңды өкпең сығып.
Қаныңды ұрттап, пайдасын түсіреді,
Ұятының әйнегі кеткен сынып.

* * *

Асып кетсең, килігіп саған даумен,
Өшіреді өкпесін жамандаумен.
Тия алмаумен ұялмас ұрдажықты
Түсіреді ақыры бағаңды әурең.

* * *

Қызығы жоқ езім бар ұйқылы-ояу
Қисыны жоқ сөзім бар күйкі, баяу.
Жан айқайын ұғарлық ел-жұртымның
Жат сыбырын тыңдауға сиқы таяу.

* * *

Медеу болар көңілге ісім бар ма?
Ішім-жалын, соған сай тысым бар ма?

Сыбағасын қазақтың жұтқандардың
Желкесінен сығатын кісім бар ма?

* * *

Қазанбұзар көбейді телі-тентек,
Баса киер көзіне тері телпек.
Қырыс іске қырсығып ұрынады,
Пәле қуып, бәлсінген сері селтек.

* * *

Кердең кесір сатып кеп туысқанын,
Ойлайды тек қысатын уыс қамын.
Тазарайын демейді-ау, түссе-дағы
Боқ, сідікті жинайтын қуысқа мың.

* * *

Бәрін үйіп алмақ боп қара басқа,
Қанша жұтса тоймайды арам асқа.
Ішіп мас боп, жеп тоқ боп ырсиғанда,
Кісі етімен кекірер араны ашқа.

* * *

Қашан көрсең таусылмай күнде ертеңі,
Жыл артынан іс қылмай жылды ертеді.
Жалығудан жалықпай жүрген қырттар
Жүрегіме зіл тастап, мұңды ертеді.

* * *

Іші шіріп, бықсығы бір басылмай,
Ыржаң қағар баламен құрдасындай.
Айдап, сайлап қолына күрек берсең,
Көрінеді бір күні бір ғасырдай.

* * *

Өсегімен өкпеңнен атып алып,
Сылтауратар бекерді жатып алып.
Құр аузымен қыбырлап «жұмыс» жасар
Әртістерше күшеншек сахналық.

* * *

Келер, кетер, бар-жоқты елеместен,
Айқай-шудан күн көріп, төбелестен.
Жетектесең ермейтін, бәтшағарлар,
Қалмай барад айырмаң көк есектен.

* * *

Жеңілді іздеп, шыдамай ауырына,
Ер салғызбай қиқаңдар жауырына.
Суық көңіл мұздатып тас жүрегін
Бауырын да тартпайды бауырына.

* * *

Қара қанның қыжылы тасып өніп,
Пәленше мен түгенше қасы болып,
Тісін қайрап, шабынып алады да
Қор ете қап ұйқтайды жасып, өліп.

* * *

Тапсынып орыс, неміс білгірі де,
Тақты Алашты ойсыздың ділгіріне.
Іске алғысыз жамандап жақсымызды,
Мәз болады айналтып құлды іріге.

* * *

Қанша үрсе де ұрмасын сезіп апты.
Жуас жұрттың өкпесін езіп апты.

Өзге елдің білгірі «билік» айтып,
Тып-типыл ғып бір ұлтты,
Өзі қапты.

* * *

Көрсе - қорқақ, аулақта батыл бірақ.
Топта шорқақ, оңаша ақылдырақ.
Досын мақтар көзіне данышпан ғып,
Сындырады өсекпен атын бұрап.

* * *

Достың бәрін тосып ап Қособаңнан,
Дос таба алмас сасқанда еш адамнан.
Суық тілдің у шашқан сұр жыланын
Сумаңдатып енгізер босағаңнан.

* * *

Іші-тысы сәулесіз, қап-қараңғы.
Ойламайды, білмейді ақ-қараңды.
Теспей, кеспей қаныңды сорып алып
Шек-қарныңды шыңғыртып ақтарады.

* * *

Кисең де кедейліктің кебенегін,
Жұқтырма кір мен дақты денеңе тым.
Ішінде кебенектің арын сақтап,
Батыр боп елі ардақтар ер өнетін.

* * *

Жолатпа зар шексең де мұңды ішіңе.
Айғақтап ал әрдайым шынды ісіңе.
Жолынан адалдықтың айнымаған
Татиды жалғыз адам мың кісіге.

* * *

Тағдырдан, Хақтан күтсең бақ-талайды,
Үмітің сені ешқашан ақтамайды.
Тәңірің - өз жүрегің!
Сенсең соған
Келеді артығымен бақ талайғы.

* * *

Жалған ізді жүреміз өшіре алмай,
Арамдықты аластап көшіре алмай.
Бірімізді біріміз шайнаймыз кеп,
Қарсы атылған қабақты кешіре алмай.

* * *

Күйе жағып кеудемнің шынысына,
Кінә тағып жанымның дұрысына,
Айдап кетіп барады жалған тірлік
Соңғы демнің бүлк етер тынысына.

* * *

Өзегімді өртетпей жасқа мұңды,
Тазартамын бұлтынан аспанымды.
Қаламыммен ұзартып ғұмырымды
Мәңгілікке жалғаймын қасқағымды.

* * *

Мәңгілікпен тұтасам!
Сенемін мен.
Сыр іздегем «Елім!» деп көне күннен.
Өзегіммен өз елім араласып,
Сусындайды мәңгілік өлеңіммен.

* * *

Елдің сөзін айта алмай тектi Абайша,
Оққа төсті тоса алмай кекті Адайша,
Мәңгіреміз төрені мадақтаумен
Жерден Мәді шыққандай, көктен - Айса.

* * *

Тегімізді қол жайып, масқара ғып,
Сүйек-саяқ таңдайға тастап алып,
Тәнімізді асырап жұғындымен,
Арымызды аямай аш қамадық.

* * *

Әкеге ес бола алмай, анаға құт,
Артымызда тусырап дала қалып,
Шұбырамыз қалаға дірдек қағып,
Өкпе сызын жүрекке қамап алып.

* * *

Ішті-күйік, кеудені мұң басқанда,
Шығара алмай түнектен Күнді аспанға,
Көнбістігін өлместің айғақтайсың
Күрсініспен сиярдай бір дастанға.

* * *

Құландай боп жорта алмай анау белде,
Бықсып, өксіп көз сатар жарау бенде.
Тұра сала жығылып, жер сипалар
«Елім!» дейтін ере алмай санаулы ерге.

* * *

Ақыл азып, тән тозып, сүйек арып,
Көңіл жүгін күйікпен тиеп алып,

Көрінгенге қалбақтап ілесеміз,
Таба алмастан жөн сілтер иені анық.

Мимен араз қандасым, ойға надан,
Келер менен кетерді ойламаған.
Кір-қоқысын қаланың аймалаған,
Аулақ кетіп Ай сүйген айдаладан.

* * *

Көтере алмай иыққа жүкті түскен,
Шіріп бара жатырмыз бықсып іштен.
Шалажансар күй кешіп, қыбырлаймыз
Лас табанды өткізіп үстімізден.

* * *

Желіктірген айтаққа ілесумен,
Жалтақтаймыз жампозға мың есірген.
Қасиетім айналып қасіретке,
Жазылмастай жаныма мұң өсірген.

* * *

Адалдықпен алысып, күндеп, өріп,
Арамдықтың залалын күнде көріп
Жүрсек-тағы жақсыны жығып беріп,
Надандарға кетеміз мүлдем еріп.

* * *

Иттігіңді байқамай ырылдаған,
Бір күнің жоқ шайтанға бұрылмаған.
Түңілемін, әу, пендем, бүгін сенен
Көзден ұшты-ау әулие - бұрынғы адам.

* * *

Күншілдік-ай сынасқан бір-бірімен,
Бір ұсақты артық қып мың іріден.
Бас-басына би болған қаптап кетті
Кеудесінде пері ойнап, жын іріген.

* * *

Өтірікпен улантып шын пейілді,
Көзден жасты құрғатып, мұң сейілді.
Ақылды ұрлап, арды алдап, ойды опырып,
Бір ыржаққа сатамыз мың мейірді.

* * *

Өз сөзіңнен басқаға ілікпестен,
Білігі жоқ білекпен билік кешкен.
Алыс, жақын адамды айырмастан,
Өтті-ау өмір арамға шүйілікпестен.

***

Әсем салдық іздедік баптанбай көп,
Кемді күнді өткіздік мақтан көйлеп.
Зарлық тартып жетеміз түбімізге,
Кигізе алмай ар, жанға ақтан көйлек.

* * *

Ұстай алмай тізгінді уыс талды,
Өксік толы кеудеде қуыс қалды.
Жат жүзіне мөлиіп көз сүземіз,
Ой саларлық таба алмай туысқанды.

* * *

Қиянатшыл тірліктен әурені ұғып,
Жүргеніңде ыр-дуды дәуренің қып.

Бір-ақ сәтте дүниең төңкерілер
Жүрегіңнің толқыны кеудені ұрып.

* * *

Өткендердің ақылы - тіріге сын,
Қабыл алсаң - түлейсің, тірілесің.
Түпсіз сөзге ілесіп, алданғанда,
Ыстық көңлің суынып, түңілесің.

* * *

Өзін өзі күндейді тап-тар пенде,
Өзін өзі далитар мақтар жерде.
Сырын шашып сыбырлар мүңкуменен
Оп-оңай-ақ ойбайлап аттар көрге.

* * *

Мақтап, баптап, қоздырып бәкенесін,
Оздырмаса баласын әкеге сын.
Сол қортық ұл көнегін сырттан салып,
Қарды аймалап, ұмытар некелесін.

* * *

Жақындамай, жалғаспай ішіңді ұғып,
Сылтау етіп бекерді кісімсініп.
Керги басар ініні көргеніңде,
Тарта берер күрсінген түсің сынық.

* * *

Ұртқа мұртты жамайтын амалдаумен.
Өтіп жатыр өкінтіп заман, дәурен.
Сөз қосарлық жан таппай меңіреу боп,
Бас шайқайсың жете алмай адамға әурең.

* * *

Ұятына миятын кіріктірмей,
Төріменен төменін біріктірмей,
Өтіп жатыр зымырап қасқа күндер
Басқа қолдан тізгінді іліктірмей.

* * *

Жүрек - айна ұққанға, көрер керді,
Келемеждеп кеміткен кемеңгерді.
Талаптының таңдайын құмға көміп,
Талай пақыр тақырға төгер терді.

* * *

Тентегім кім, тектім кім, айыра алмай.
Өткен күнді өксікпен қайыра алмай,
Қажымас дос, қайтпас қас таба алмастан
Қайран көңлім өзекті байыр алдай.

* * *

Сыйласарлық дос бар ма тегі мықты,
Сертіменен тірілтер көп үмітті.
Жақсылығын сататын жанын жалдап
Көп тексіздер не біліп, нені ұғыпты.

* * *

Танымадық жақсыны жаманға еріп,
Қасиеттен айрылдық амалға еніп.
Жөнді айырмай, қайырдық жолдан ерді
Қалмаған соң ойда күш, сананда ерік.

* * *

Бойды желік жеңген соң есінетіп,
Кісінейді аусарың есі кетіп.

Қиуадан қисынын келтіре алмай,
Тербетесің қиялды бесік етіп.

* * *

Сыймас жерге тығылып, үрейленіп,
Жаннан арды аршимыз күрей беріп.
Тірі болып іріге ілесе алмай,
Өлексені сүйрейміз дүлейге еріп.

* * *

Ішкі сырды сездірмей басқаларға.
Сыртты түзеп жетеміз қасқаларға.
Сол қасқалар қаныңды ағызғанда,
Қара көзден, Құдай-ау, жас тамар ма?

* * *

Жұмсақ жүрек шаршадым дос іздеумен,
Күдерімді күл еттім еш үзбеумен.
Арам қолдан ақ көңлім маңырайды
Жетім лақ қайтқандай бос күздеуден.

* * *

Ел танымас, үй таныр қаптап кетіп,
Ардан аттап, ұятты таптатты өтіп.
Сүйек-саяқ сыбаға тіске тиіп,
Мияулайды мықтысын мақтап кетіп.

* * *

Қойыныңа тас тығып еліргенмен,
Таяқ жеумен келесің небір жерден.
Етті ауыртпай оп-оңай бай болғандар
Сені артық көрмейді негрлерден.

* * *

Адасумен келеміз жалғызға еріп,
Тартатындай еріксіз бал қыз көрік.
Әдетіне қарысып алдап-сулар
Тәтті тілмен құбылып эр жүзге еніп.

* * *

«Ал!» дегенмен жалғасып, екіленер,
Бермегенді кетісіп, екі бөлер.
Сөз қыдыртып, жұртты алдап, елді сатқан
Қаптап кетті бүгінде жетік өнер.

* * *

Әз тұтарлық қалмады жақсы мүлде,
Сыйлас таппас кез болдық тапшы күнге.
Кісінетіп кісіні жегіп, мініп
Билей берер болса мол бақсы кімде.

* * *

Ақы берсе, ересің пендеге де,
Аққа тартпай, арамын жөндегенде.
Ақыл айтқан өзіңді көзіңе ұрса,
Әлектеніп қайтесің, көнбегенде.

* * *

Қаптап кетті періштем пері сынды,
Оң қылатын өтірік, терісінді.
Қасиетті жеңгізіп қасіретке,
Кесіп-пішіп тарылтар өрісіңді.

* * *

Айтарымды айқайлап айта алмаймын.
Ыза-кекпен ашуды қайтармаймын.

Асты-үстіме аунатып көрінгенді
Әркіммен бір өбіскен сайқалдаймын.

* * *

Ондағыма көз сатам, мұндағыма,
Ойды аунатпай жүректің құндағына.
Боз отауын кеудемнің ашып тастап,
Әр қабаққа жүрмін мен құр бағына.

* * *

Саттық жерді тауар ғып кірмелерге,
Аттық ерді: «Еңкеймей жүр!» дегенде.
Кезек күтіп келеміз тосу үшін
Кім ноқтаға бастарын, кім көгенге.

* * *

Таза болса асқақтық - сәнді болар.
Кішік болса кісілік - мәнді болар.
Сергек болса шынайы тәкаппарлық -
Адам атың өлместей мәңгі болар.

* * *

Жапсырып ап масканы түсімізге,
Көп сұмдықты көмеміз ішімізге.
«Жұмақтамыз! Тоқпыз!» деп шуылдаймыз.
Түк тимей-ақ жүрсе де тісімізге.

* * *

«Бейнет көрмей дәулет жоқ» дегенменен,
Бейнетім көп, дәулетім төмендеген.
Бейнетсіз-ақ төрдегім дәулет жинап,
Дәулетсізді қойдай ғып көгендеген.

* * *

Пайда, залал - таяқтың екі басы,
Бірі - соры, біреуі - ықыласы.
Қулық, сұмдық, һарамдық пайда әкелсе,
Залал болып төгілер мұқым асы.

* * *

Ұғынысу - ұлылық білгендерге,
Ішпен танып, құлаққа ілгендерге.
Кикілжіңге киліксең - көр қазарсың,
Кеңесі жоқ ілессең тіл бергенге.

* * *

Өрісіңе ұрысты жолатпасаң,
Сұғанаққа ырысты жалатпасаң,
Елжіреген жүрегің тәубеге ұйыр,
Тірлігіңді бірлікке сабақтасаң.

* * *

«Мадақтайтын шаласын қазағым көп,
Балақтайтын данасын қазағым!» деп
Күйік жұтып қаншама күйінсем де,
Сыйынамын «қазағым - ғажабым!» деп.

* * *

«Апырай!» «Қап, әттеңмен!» кезектесіп,
Кеудемді үміт, күдік кезек тесіп,
Тіреді сұм тіршілік тас қамалға
Тапқызбай бас сұғарлық өжетке есік.

* * *

Жүрсем де кейін қалып жүгіргенмен,
Танбаймын алды-артыма үңілгеннен.

Ертеңім бүгінгімнен адал болар
Тәңір Хақ, сақта ұлыңды түңілгеннен.

* * *

Кетсе де жан ыңқылы тым алысқа
Жете алмас жер жастанған қуанышқа.
Әрі асқақ, пенде неге әрі ақсақ
Жаратса бәрімізді бір-ақ Ұста?

* * *

Түсінтпей бұл ғұмырда «кімді», «нені»,
Кеудемді сан құбыжық тілгіледі.
Сөйтетін сонау Көкте Бір Анық па,
Жауабын айтыңдаршы кім біледі?

* * *

«Әй, шіркін!» «беу, шіркінмен өтеді күн,
Естіртпей тіршіліктің бөтен үнін.
Қалады аты мәңгі қандай жанның.
Білдірмей бары-жоғын кетеді кім?

* * *

Өтеді мына Жалған бәрімізден,
Ұрланып жасымыздан, кәрімізден.
Жалғанның жалғандығын ұқсақтағы
Адамның арамдығы - бәрі бізден.

* * *

Келтірмей калимаға тілімізді,
Ойнаймыз саудаға сап дінімізді.
Қаптаған сан сектаның жабу жауып,
Сезбейміз бүркегенін Күнімізді.

* * *

Сенуші ем ерте кезде ертеңіме,
Ал бүгін құр шұлғимын ертегіге.
Қылжиып қаламақы.
Сенім қашты
Бүгінім аш өзекті өртеді де.

* * *

Батсам да татып бүгін күйікке мың,
Өшеді. Көшеді әлі-ақ биіктегім.
Аялап алақаны қазағымның,
Алады атымды ертең Киік менің.

* * *

Шырқап өсіп кеткен соң нарқың күнде,
Әкім болу - мақсаты әркімнің де
Егеменді ел шіркін ерегісіп,
Кісенделер ерсінген еркің мүлде.

* * *

Былш-былш ұрып маңдайды табанына,
Табынып ек талайдың таланына.
Кірш-кірш басып кеудені кете барды ол
Ит пен битін тиеп ап балағына.

* * *

Дүрсілі жүрегімнің «апырайлап»,
Кеудемде бір күйініш жатыр ойнап.
Кінәсін жаңаөзендік құрбандардың
Таба алмас данышпанның ақылы ойлап.

* * *

Көп көрген көп тергемей, көп тербейді,
Өсекке айдасаң да бет бермейді.

Үмітіне тізгініне жалғап алып,
Күдігін қанжығаға бөктермейді.

* * *

«Батпақ!» деп бетпақ тұтып жер-ананы,
Ақсаусақ жатып келіп табалады.
Қолында ып-ыстық боп тұр ғой, әне,
Қойнында өскен жердің таба наны!

* * *

Атыстырып өліні тіріменен,
Туып жатыр ойсыздан шірік өлең.
Қанжары жоқ ақынды ақын демей,
Қыңсылайды ал өзі үріп әрең.

* * *

Кімге керек үйдегі батылдығың,
Ілеспесең соңына ақылдының.
Ана-ау жақтан қисайған езу көрсең,
Бас шұлғумен бітеді «мақұлдығың»

* * *

«Халқым!» деп ел көзінше еңірейді,
Көрмедім бұдан өтер «жебірейді».
Қазағын қысқа күнде қырық сатып,
Алаштың қанын ішсе - жерімейді.

* * *

Көрініп қазағына жақын кісі,
«Сарқылмақ халқы үшін ақыл, күші!»
Сыртынан сол қазағын сатып келіп,
Ұпай жинар депутат популисы.

* * *

Соңына түсіп алып құмарлықтың,
Дабылын онды-солды ұрар мықтың.
Сезерім: сол тірліктен баз кештеріп,
Түбінде бір жеріну тұрар түптің.

* * *

Қаламгердің қашырып қасиетін,
Әріптес көп «мықтыға» бас иетін
Бұйрық жетсе төрінен
Ерлеріме
Лақтыруға дайындап тас үйетін.

* * *

Хакім Абай, - данышпан қайран алып.
Кетті ұрпағың бүгінде майдаланып.
Өзге түгіл өзіңе ауыз салып,
Ұмтылып жүр қанжарын қайрап алып.

* * *

Тәлім ап Төле, Айтық, Қазыбектен
Кеңестерін мәңгілік азық еткен
Қазағым азаттықты бағалауды
Жүрегінің қанымен жазып өткен.

* * *

Жер табысқан ұлтымен, қазағымен,
Азат елдің ұққанға азабы да- ем.
Ұмытпайды ақ табан, қызыл қанды
Кеудесіне өшпестей жаза білген.

* * *

Қарай қалсаң әкімнің бетіне тік
Кететіндей жанарың етіне өтіп,

Жер түбіне желкелеп жібереді,
Өзінді де өзіңнен шетінетіп.

* * *

Бас шұлғығыш көп бүгін әріптесім,
Мадақ айтып, мәз болып, тарылтты есін.
Үндемей-ақ ым қақса «алдияры»
Жібереді-ау досының жарып төсін.

* * *

Көк түрікпіз, қазақпыз еркі мықты,
Қанда ойнатқан ерлікті, өр қылықты.
Сүйреп шығып Алашын өрге Абылай
Жауға көр ғып, жерді ұлға төр қылыпты.

**II**

Көтере алсаң қара сөздің азабын,
Жазушылық - ең ауыры жазаның.
Кейде мақтап, кейде даттап құбылар
Бірде олай, бірде бұлай қазағың.

* * *

Адам бөлек, пенде бөлек, ер бөлек -
Қарар болсаң түп-тамырға зерделеп.
Тоқтамайды,
Күйін мейлі, күйінбе
Мынау ғалам шеңберінде дөңгелеп.

* * *

Баққұмарлық, таққұмарлық, керденідік
Қашырады елде еге,
Жерден құт.
Ағаны іні, әкені ұлы аямай,
Жібереді жауыздықты мерген ғып.

* * *

Биліктінің опыра алса биігін,
Көтерсе елім езгіленген иінін,
Күн нұрындай күлкісімен шырайлы
Алмастырып алар еді-ау күйігін.

* * *

Жар салғандай аласұрып Жалғанға,
Тызылдаймын жаным күйіп жанғанда.
Мынау бізді қырау күзден іздейтін
Табынатын Азаматым бар ма алда?..

* * *

Қол созумен «сыбағаға» сүбелі,
Зиялылар зиянды өмір сүреді.
«Толсам!» деумен, «Болсам!» деумен соғады
Төрелердің өркөкірек жүрегі.

* * *

Шынымен-ақ жоғалды ма ірілік?
Жоғалды ма ұлы Мақсат, тірі Үміт?
Қараулығы қара бұлт боп бүркеген
Табар ма елді азаматы тіріліп?..

* * *

Өткен күндер оралмаса әнімен,
Ал бүгінің жұрдай болса сәнінен,
Мынау адам тілек етер не қалды,
Құл тірлікте табылмаса бәріне ем.

* * *

Тілдемейтін, күндемейтін ешкімді,
Айналдырар аппақ таңға кеш күнді,

Табылар ма жаны мөлдір пәк жақсым
Тазалатар жандандырып ескімді?..

* * *

Төрдегінің ор боп қауып құлқыны,
Зар ұрласа шат жүздегі күлкіні,
Жілігінің майы үзілген кедейдің
Бір күнінен нашарлайды бір күні.

* * *

Тыйып тастап өксігенін өкпемнің,
Тұтана алсам өрлігімен өткеннің,
Азаматын тапсам абзал жұртымның
Құтылар ма ем азабымнан шеккен мұң?..

* * *

Құтылсақ қой бірін-бірі күндеуден,
«Тұлпарға емес, қара есекке мін!» деуден.
Өз жаманын биік таққа қонжитып,
Өз жақсысын жер ғып таптап, тілдеуден.

* * *

Әттең дүние-ай! Азаматтар аз-ақ тым.
Қайғысы осы дәл бүтінгі қазақтың.
Көбейте алсақ «Халқым!» дейтін ұлдарын,
Құтылар ма ек азабынан мазақтың?

* * *

Өзімшілдің қабынады өкпесі,
Озып кетсе сәл ілгері тектесі.
Елді қырған оба өзіне жетпесе -
Қызғанғаннан құрып бітер текке есі.

* * *

Тобырды біз тұқыртып кеп таптаймыз.
Обырды тез өкіртіп кеп мақтаймыз.
Төменгіні тоқпағымен төмпештеп,
Төбеңді ояр төрелерді жақтаймыз.

* * *

Ұлтың үшін қатыра алсаң басыңды,
Жұртың сенің санамайды жасыңды:
Еңбегіңмен елжіретсең досыңды,
Алдыңа әкеп иліктірсең қасыңды.

* * *

Таң қалмасаң, тайраңдасаң тірлікте,
«Өмір сүрдім!» деп дүрілдеп дүрлікпе.
Әсемдікті сезінбеген ғұмырың -
Қыл аяғы сызық та емес, құр нүкте.

* * *

Ізденген жан адасумен өтеді.
Тікен жыртқан жалбырайды етегі.
Кейінгілер сол жан салған ізбенен
Қиналмастан аман-есен жетеді.

* * *

Кеше бізде даналар да көп еді,
Жаңалайтын бір-ақ сөзбен көнені.
Бүгін енді жандайшаптан босамас
Төрдегінің тұзақтайтын көгені.

* * *

Сен де жоқсың - жоғалтарың болмаса,
Оңалмассың - оңалтарың болмаса.

Бар мен жоқтың арасында жаңқадай
Қалт-құлт еткен құл тірлігің - далбаса.

* * *

Қызара алсаң - ұятыңды сезгенің.
Сазара алсаң - ұятыңнан безгенің.
Сезу, безу өз еркінде көңіліңнің
Бос тірлігін қайталамай кезбенің.

* * *

Билігін де, байлығын да, әмірін
Үйіп-төгіп бере бермес Тәңірің.
Өңешіңнен өкінішің төгілмес,
Өз жаныңның баса білсең тамырын.

* * *

Бермек болсаң пендеге сен бағаңды,
Надан деме ақылы асқақ адамды.
Жұмсау үшін төменгіге айтақтап,
Төрге оздырып жүрміз әлі наданды.

# IV

# Мына жаздың ғаламат тылсымын-ай!..

## (Махаббат сыры)



Аққөйлектім, аппағым, ақбілектім,
Жарқырауын қарашы бақ тілеп Күн
Шалқарына шаттанған көңілімнің
Аққуы боп қоншы өзің ақ тілектің.

* * *

Алау жүзің ақ таңдай қандай керім!
Ақ тамақты өбумен қанбайды ерін.
Бақытымыз баянды болу үшін
Жаңбыр болып жауар-ау маңдай терім.

* * *

Самал желін жинап кеп ойдан-қырдан
Мынау түннің ғажабы-ай бой талдырған.
Туған жердің төсіне жамбастатып,
Жұлдызына қаратып ойландырған.

* * *

Қара түннің жарығы-ай қайран ғана!
Қара түстен ақ тапсаң ойлан, бала.
Сындырмастан сағын сен жайдарлыңның
Түн қойнынан бағың тап жайдарлана.

* * *

Ақ көйлектің дірілі-ай етегінің,
Діріліне ілесіп кетеді мұң.
Ашылады төбемнен аппақ көгім.
Шуағымен мөлдіреп жетеді Күн.

* * *

Ақмаңдайлым, аққұсым, аққөйлектім,
Шемендетіп шерімнен шеткейлеттің.

Ар, жанымның білгенде тазалығын
Жүрер ек қой ішінде бақ, бейнеттің.

* * *

Ақ ниетпен бақ тілеп, ақ тілеумен,
Сыр мен жырға қуанып батты кеудем.
Сексенде де аққудай сыңарым бол,
Мұңаймайық жас дэурен өтті деумен.

* * *

Көгілдірі аққудың - сыңарым-ай,
Сұңқарыңмын таусылмас құмары бай.
Ләззаттың батсақ та қызығына
Бір азырақ жүрсінші мұң арымай.

Жас құраққа жалаңаш аунап едің,
Ақ тер, көк тер бұлтың боп жауған едім.
Құшырланып сөлімді аулап едің,
Көмейіңнен балыңды сауған ерін.

* * *

Қасың, көзің ақтарып анық сырын
Құшағымда бұлқынбай талықсыдың.
Түн қойнында бір тірлік бастау алып,
Тоғыз айда шар етті жарып шырын.

* * *

Адамзатты қалғытпас бір түніне,
Көк көрпенің әдетті бүлкіліне
Ырзалық боп туатын Тіршілік-ай
Дүниенің ілініп кірпігіне.

* * *

Дүниенің нұр тамып кірпігінен
Арайланған жез Күннің мұрты күлген.
Екеумізді аялап бар табиғат
Самал болып жүрдек жел іркіді дем.

* * *

Сен - даладан, мен таудан жаралғандай,
Қыр биікке ен жазық оралғандай,
Құшағымда еркінді тұсап едім,
Сала бердің құлпырып, санамды аулай.

* * *

Маралым-ай, еркелер елігім-ай,
Мен - аңшы едім аңдыған желігі бай.
Ертіп кеттің еркімді, сен аңшы боп,
Мені адам жаратып,
Сені-Құдай!

* * *

Қандай еді-ау ақ бетің алаулаған,
Алау жүзге тамсанып манаурағам.
Ақ төсіңе қызартып ту қадаған
Мен болдым ғой жаһанда жалаулы адам.

* * *

Санды сипап сарбелде сан аунағам,
Сары алтындай сезімді жан аулаған.
Қанып ішсек лаззаттың мөлдірінен
Куәміз ғой - мынау тау, анау далам.

* * *

Көз құртына айналған көркіменен,
Жүрегімде жандырған өртіменен.

Мен дайынмын еркеме ілестіріп,
Кетсе-дағы қай жаққа ертіп әлем.

* * *

Тыным таппай кеудемде бір құдырет
Жүрегімді бұлқынтып тұрды үңгілеп.
«Ақ жүзінің пәктігін алақанда
Сақташы!» - деп сезімім тұрды тілеп.

* * *

Көрем ылғи өзімді көзінен мен,
Болып жүр ғой бір өзі өзіме әлем.
Барым, жаным арналған жалғыз соған
Не қылса да бәріне төзіп өлем.

* * *

Неге өлейін. Ол бар да ғұмыр - дастан.
Ән боп, жыр боп төгілер дүбірлі аспан.
Қара жердің түп-түзу даңғылымен
Ізімізді түзерміз қыңыр басқан.

* * *

Аруымның ақ төсін аймалағам,
Ақ сүт төгіп, сыр шашқан Ай да маған.
Дүниенің қыр-сырын қайдан ұқсын
Аққуымен аулақта ойнамаған.

* * *

Қайдағы мен жайдағы жайды көріп,
Кете берсең тұншығып қайғыға еріп,
Қыс ызғары шарпыған деміңменен
Қойныңдағы мыс болар Айдай көрік.

* * *

Ән - елшісі жаныңның жалындаған,
Әсемдікке сүйсініп, табынды адам.
Бас иеді жүрегін қолына ұстап
Аруына,
Жауына жалынбаған.

* * *

Сүйген жүрек шығарар Күнді аспанға,
Сағыныштан кеудесін мұң басқанда.
Бүкіл әлем қосыла билеп кетер
Көз бен көңіл табысып сырласқанда.

* * *

Түнің - күн ол бар кезде, кешің - таңдай,
Бір күліп, бір күмілжіп есің қалмай,
Үндемей өліп-өшіп отырасың
Сайрағыш тіл буылып, шешіле алмай.

* * *

Бар-жоқты қас-қабақпен жеткізіп-ақ,
Сәлемін сағыныштың өткізіп ап,
Мөлисең сүйіктіңе, жауап берер
Лүп етіп шыға келген бет қызылы-ақ.

* * *

Ұмтылып ынтызар боп ауып денем
Көңлімнің рахатын тауып сенен,
Түнімнің түріп ашып қара бұлтын
Жарқылдап жұлдызымен жауып келем.

* * *

Ет жүректі өртедің жалыныңмен,
Серпіп мұңды жарқ еткен жарығым даең.

Періштемнің ниетін теріс етпе деп,
Жаратқанға жүрмін мен жалынумен.

* * *

Жүрек иіп жүрекпен сүйіскенде,
Тар төсекте табысып түйіскенде,
Ләззатына шымырлап батқан едік
Ғұмыры іздеп таба алмас қиыс пенде.

* * *

Ай анау тұнжыр көктен тебіренген,
Еркелеп еркем маған еміренген.
Сол түні аяшымның алтын сандық -
Аялар құндағына өмір енген.

* * *

Болса да ай ежелден мұңның тегі
Алтынын жаққан сипап түннің көгі.
Төккенін сезгем бізге Хақтың нұрын
Сөккенін қайтем тыңдап кімнің мені.

* * *

Жабығын жан-жүйемнің қиып, сөгіп,
Үміттің ірі-ұсағын жиып, сеніп,
Жүректі ұсынып ем,
Бердің бәрін
Жарқ еткен жанарыңмен үйіп-төгіп.

* * *

Сен де ендің, мен де ендім бір жұмаққа
Орантып жан мен тәнді жып-жылы отқа.
Рахатқа батып кеткен екеуміздi
Алды ғой қызғаныштан түн жылап та.

Сол түннің Айы төнген беткейдегі,
Есімнен әлі күнге кетпейді өңі.
Жастықтың жалауындай желбіреген
Еркемнің шешіп жатқан ақ көйлегі.

* * *

Қара түн, қап-қара шаш, қараңғылық,
Ой адал, жолатпас түк арам қылық.
Аппақ сан түн түнегін жарқ еткізді -
Тәуба, Хақ!
Жасар бізді адам қылып.

* * *

Құтыла алмай қылықтым қармағымнан,
Жатушы еді жаншылып салмағымнан.
Сол күндердің жүрмін ғой күлкісінің
Жаңғырығын іздеумен Жалғанымнан.

* * *

Жанарынан от алып бүкіл денем,
Қаны тасып жүрегім лүпілдеген.
Шырайлымның ып-ыстық деміменен
Бар әлемнің жыртығын бүтіндегем.

* * *

Бұрымы бар балуанның білегіндей,
Жымиғаны - Хорасан кілеміндей.
Қара қастың жебесі қадалмаса,
Сұлулықты жүрер ең біле білмей.

* * *

Аппақ етін сипалап үлбіреген,
Сыңғыр күлкі - естісең, бұл бір өлең!

Дәмін татсаң ернінен сүйіп, сорып
Жайнап, ойнап кетеді бұлдыр әлем.

* * *

Аршын төстім, ақ тістім, бұраң белім,
Ирелеңдер арқаңда жыланды өрім.
Күйкентай ғып қондырдың алақанға
Бар еркімді жаулап ап қыран менің.

* * *

Естігенде сиқырлы күлкіңді мен
Дүркін-дүркін шықты да іркілді дем.
«Шіркін, шіркін!» деуменен мысым құрып,
Болғанымды білмей қап шіркінге жем.

* * *

Бір сипамай иілген қаз мойынын,
Таба алмастай тамсаның наз тойымын.
Жасырынып жапақтап сол бір тұсқа,
Медеу таппай жаз бойы азды ойыным.

* * *

Отқа салып жанымды мың күюмен,
Таңды атырып кеудемнен шын сүйіп ем.
Көлбең етіп етегің қылаң берсең,
Көлеңкеңе қарап-ақ тым сүйінем.

* * *

Шат күлкіңді сімірдім - шала маспын.
Жүрегімді суырып - ала қаштың.
Өліп-өштім, өксідім оңашада
Құр сүлдермін. Ес-түссіз жалаңашпын.

* * *

Көз алдымда көлбеңдеп күнде менің,
Көбелек боп от құштым, үндемедің.
Тілден, үннен айырып мен мұңлықты
Көлеңкең ғып қоярың білген едім.

* * *

Алдыма алып айта алмай әлдиімді,
Шырқай алмай, шерте алмай ән, күйімді,
Жабық қабақ астынан жарқ ететін
Қара көзді таба алмай...
Жан күйінді.

* * *

Көктеміме демеймін өкпелімін,
Сол көктемде еркеме жеткен үнім.
Бір сөзімен жаңғыртып жан сарайын,
Жерден гүлім тапқан-ды, көктен Күнім.

* * *

Аяқ асты мәз болып, сезбесті ұғып,
Күміс мизан күзде оны кездестіріп,
Тау, даламды бөктірдім махаббатқа
Уақытқа бақытты көздестіріп.

* * *

Ақ көйлектің етегі дүрілдеген,
Дүрілдегем. Жүрегім дірілдеген.
Дірілдегем. Аппақ боп тірілді әлем
Бір түйірім қалмады тірілмеген.

* * *

Көк аспанның түсіндей көк көйлегі,
Көңіліме көшірді көк бейнені.

Жылқышыдай құраулап көкті іздеймін
Көкаланы қайырған беткейдегі.

* * *

Алдау, арбау - мінез ғой балаға жат,
Бір-ақ көше - қосатын арамыз-ақ.
Сол көшемнен қашқақтап бүгін енді
Балалықтың аулынан барам ұзап.

* * *

«Жоқ!» десең, қош айтыспас бар ма амалым,
Жетпесе, қалқам, саған зарлағаным.
Тап басып тағдырыңды алданбастай,
Құдайым жолын берсін арлы ананың.

* * *

Жарқ-жұрқ еткен жалындай жайнап едің,
Бал әніңе тамсантып сайрап едің,
Бойлап едім еркіңе, бойдақ едім,
Ойранымды шығардың, ойнап едім.

* * *

Іздеуменен жүргенде қайдағымды,
Бозбала етіп оп-оңай бойдақ ұлды,
Әңкі-тәңкі қылдың да тастап кеттің
Быт-шыт қыла қаусатып ойдағымды.

* * *

Сен ән едің әлі де айтылмаған
Құпиялап сырынды Ай тыңдаған.
Айтылмаған әнімді сыр ғып шаштың
Өзің айтшы, кем едім қай тұлғадан.

* * *

Доғасынан өте алмай қара қастың
Тілгілетіп жүректі жараны аштым.
Шала екенсің шүлдірлер
Қара бастым.
Түсінбейтін тілімді ала қаштым.

* * *

Үрдісі мен ұлтымның жазылмаған
Ұяң үнді ұнайтын назың маған.
Қосылған соң, қосағым, қайдан таптың
Құлақ қырнар дауысты бажылдаған.

* * *

Қызыл Мәскеу - куәсі жас күнімнің
Махаббатқа мас қылған аштығымның.
Мажар, неміс қалқаштың төс байлары
Табылушы ед астынан жастығымның...

* * *

Таң нұры жауқазынды көмкереді.
Шуақ пен шық тамшысы ең керегі.
Сол таңда жауқазындай асыл ару
Құмартып қара көзін төңкереді.

* * *

Еркетайым!
Білмеймін сағындым ба,
Жүрмін дерттің әлде өрттің сағымында.
Өң мен түстің адасып арасында,
Кейде өріп, кейде өнер жаным мұңға.

* * *

Шыдадым ба шыңғыртып шыбынымды,
Көр тірлікке теріс кеп жын ұрынды.
Мұң бүркенген пақырды сен іздеші,
Жұлып алып тамұқтан ғұмырымды.

* * *

Еркетайым,
Ұмыттым еркелікті,
Еркін көңілім бұйығып, дерт еміпті.
Сен оятшы мүлгіген іңкәрімді,
Жан енгізіп тербер ме өрт өлікті?..

* * *

Күнім бұлдыр, тірлігім бұраңдаған,
Көңіл тозып, сұм жүрек «құраулаған».
Еркетайым, жанымның емін, демін
Өзің тапшы,
Таппап ем бір Алладан.

* * *

Мына жаздың ғаламат тылсымын-ай!
Құйылады-ау қызығы бір тыншымай
Жүрегімнің асыққан дүрсілін-ай!
Келші жаным оңаша.
Жүрші былай!

* * *

Қашап, жасап алғандай жер төсінен,
Бар ғаламның аялар еркесі деең.
Сол аруды бір сүю - арманым боп,
Қызғанамын жамылар көрпесінен.

Еркешімнің елтуші ем күлкісіне,
Шырматылып, маталып бір тісіне.
Сілекейім шұбырып емінуші ем,
Қағбамдай тәу етіп түр-түсіне.

* * *

Місе тұтпай түнектің бай құрметін,
Ашып тастап ойнаушы ек Айдың бетін.
Жасырмаушы ек бар сырды бар әлемнен
Алақанмен қалқалап жайдың да өтін.

* * *

Бер, Тәңір, тауқыметін дүниенің
Қалқамды ап, таяп қойсаң мұң иегін.
Айрылған сыңарынан аққудай боп,
Кеудемнің шоғын бітеп құм үйемін.

* * *

Бар еді кеше ғана кермеқасым,
Домалап асығатын төрге тасым.
Айырдың ақ сәулемнен неге, Тәңір,
Сел болып ақсын деп пең жерге жасым.

* * *

Құдай-ау, көзден ұрлап қырмызымды,
Қимадың жанымды үзген бір қызыңды.
Көмейден ақтарылар ән жоғалып,
Жүректен төгілетін жыр бұзылды.

* * *

Түн - меңіреу,
Түн - мылқау,

Көңіл жабық.
Қараңғы ойлар қамайды көміп, тамып.
...Жылт еткен жүз - қыз ба екен?
Қызыр ма екен?
Түнек торын сүзесің өліп, талып.

* * *

Аяулыммен қоштаспай кетіп едім,
Ақша бұлттар, сендерден өтінемін,
Арқалап ап жеткізші аруыма
Махаббаттың дәл мендей жетімегін.

* * *

Оралшы, еркем, тапсын да күлкім десін
Қуаныштың көз жасы іркілмесін.
Тауым, далам кеудеме сиып кетіп,
Тамырымда дауылы бүлкілдесін.

* * *

Жазалы кім, қалқатай, қазалы кім?
Неге кірбің шалады таза мұңым?
...Бұ не тылсым?.. Жетті гой қыр астынан
Дауыс қылған жоқтауы қазалының.

* * *

Сонау көктен жұлдыз-көз үңіледі.
Бикем маған қол жайып бүгіледі.
Жылы құмда махаббат дастанының
Асты-үсті боп бір тіні тігіледі.

* * *

Жымындайды жұлдыздар - түнгі шырақ.
Кімді іздейді байғұстар - мұңлы сұрақ.

Аруымды аймалап жатқанымды
Жұлдыз сауып қоштай ма түн - қысырақ?

***

Ақ тақырдың тиді де төсі Күнге,
Әрең жетті-ау жайлаудың кеші мүлде.
Сан, тіземен сапырып ауа, шаңды
Махаббаттың тербелдік бесігінде.

* * *

Мен өскем уыз уын еміп мұңның,
Күн нұрын,
Шерлі сырын теріп түннің.
Бәрінен артық көрем бір жарқ еткен
Көздегі ықыласын көріктімнің.

***

Қаша алмаймын сенімен, ерке ақыным,
Осы арада-ақ құшақтап, өрте ақырын.
«Жоғарыдан лақтырған кейбіреудің»
Тыңдамай-ақ жатайық келте ақылын.

***

«Құдай үшін» сүймеймін, сүйе алмаймын.
«Құдай үшін» өр басты ие алмаймын.
Өзің үшін өртейтін от жүрекпен
Мәжнүнің боп еруден ұялмаймын.

***

Қаша алмаймын адасып айдалаға.
Бүтінімді, ерке ару, майдалама.
Қашып, пысып жүргенде сен екеуміз
Бұзылмаған әлемде жай қала ма?

* * *

Тұрақтамас орнында көз дегенің,
Арамдығын сол көздің сезген едім.
Көп еркекті оқ-жанар құтқармастан
Болып жүр ғой, аруым, өз дегенің.

* * *

Әй, бәрібір аруың - атқан таңың.
Өзің іздеп өршігіп тапқан бағың.
Көз алартып жүрсең де,
Аймалайсың
Тар төсекте табысып, батқанда күн.

* * *

Кейде сасып қаламын, кейде тасып,
Көрсетердей жанымды жейдені ашып.
Сол сәт қырдың сағымын сәукеле етіп,
Қол бұлғайтын мен күткен бейне ғашық.

***

Махаббат бүгін менен алыста екен.
Қайтейін боп кеткен соң таныс - бөтен.
Сайрауық жүрегімнің шешен жағы
Түңіліп неменеден қарысты екен?

***

Өтсе де күн зымырап, жыл алмасып,
Кетсе де самайымды қырау басып,
Өзіңді сонау жастық жайлауына
Шақырам жүрегіммен «құрауласып».

* * *

Мен күлдім.
Сен бүліндің астан-кестен.

Айрылдым түк түсінбей сасқанда естен.
Сұр бұлттың найзағайын сатырлаттың,
Кеудеңе кіргізіп ап, аспанда өскен.

* * *

Сен күлдің қызықтырып қыз қылықпен,
Мен тұрдым қызып, құрып, үздігіп дем.
Шарпыды от денемді ызғырық дем,
Жүректі өрттей лаулар мұз қылып пең?

* * *

Ақ төсіңнен құладым біткенде дем,
Көз бұлдырап, ес кетіп, түк көрмегем.
...Тамып кетті-ау ерніме,
Ағып кетті-ау,
Анарыңнан ақ уыз сүт кернеген!..

* * *

Тамды екен сол ақ уыз неге ғана.
Енді еркім оны әйел ғып жеңе ала ма?
Мен енді сүтін емген баласы боп,
Жүрем бе күйеу болмай, көне ғана?..

* * *

Апырай, суық демді күз жетті ме?
Қарыды-ау ызғар шарпып мұз бетті де.
Кәрілік қыраулатып қоңсы қонып,
Кеудемнен күз күркілін іздетті ме?

* * *

Сүйер едім, сүйгізсең, күйіп-жанып,
Тар кеудеме нұр құйып, тиіп жарық.
«Әкел - десең - аспаннан Айды арқалап!»
Ұшар едім жұлдызды киіп-жарып.

* * *

Мен емеспін. Сен мені сағынбаған.
Тэнің мендік. Тимеген жаның маған.
Сол тәніңді өзгеге төсегенде,
Мұзға айналды-ау жүрегім жалындаған.

** *

Топ ішінде жүрсек те иықтасып,
Тоқтамайды жанарың тиіп-қашып.
Алау ерін ақ тісін сығалатып,
Құйылса ғой бал тілден миыққа сүт!..

** *

Сүйілмеген ерінге аңсары ауып,
Қан-сөліне азуым қанса қауып.
Ақ төсінен тоят ап, қаным шапшып,
Ақ тер, көк тер болар ем қарша жауып.

***

Кекірейіп сен күлдің, мен мұңайдым.
Сен қызы емес, ұлы емен мен Құдайдың.
Күңі болдың оп-оңай кетік шалдың
Жүрегім жоқ бүлк етер,
Немқұрайлым!

* * *

Мен де сені іздеймін.
Сен де мені.
Сезімі жоқ ұғады пенде нені.
Сен жоқ жерде түнімнің ұзақтығы-ай,
Сен бар кезде - Күнімнің сөнбегені.

***

Екеу-ақпыз.
Отырмыз түн күзетіп.
(Қараңғыда жүргендей жын тыз етіп).
Жалт еткізсең дір еткен жанарыңды,
Жарқ еткізер сені Хақ жұлдыз етіп.

* * *

Еніп кетіп тылсымдай түнге мынау.
Тылсым сырын дірілдеп тыңдадым-ау.
Осынау түн.
Мынау мен.
Анау ғарыш
Батып бара жатқан-ды мұңға мынау.

* * *

Құр күлгенің күрсінбей бекер кейде.
Ойдан, бойдан ес-түссіз кетер бейне.
Мың қуаныш еркіңді тұсап алса,
Жігеріңді бір қайғың көтермей ме.

***

Жаралсақ та бір тамшы былазықтан,
Ғалам сырын адамбыз біраз ұққан.
Кейде екеуміз түнерсек түсініспей,
Дала жүдеп, қалады құлазып маң.

* * *

Айтшы, жаным, кім сөйлеп, тындамақ кім,
Тосып алар кімді абат, кімді абақтың?
Анда-санда қойныңа ап, жылтсаңшы.
Келе бермес қайғы асап, мұңға батқым.

* * *

Білінер ме, қалқам-ау, керектігім,
Неге мені итерер кері екпінің.
Есіңде ме жамылып құшағымды
Жатқанымыз отау қып терек түбін?

* * *

Дүние неге олай, неге бұлай,
Береді өсер көңіл неге құлай?
Қадамай сұлуыма көзім неге,
Зарлайды қанды жасын төге жылай?

* * *

Жанымды анау жанар қарып кетті,
Жүректі қақ бөлді де, жарып кетті.
Болды да астан-кестен мына жалған
Көзімнен бір ыстық жас тамып кетті.

*** * ***

Сұлу жоқ тіл сорғызар мұңды сезіп,
Жүрсек те тынбай жортып, түнді кезіп.
Уақыт алдап соғар ақырында
Қаншама күткеніңмен кімді төзіп.

* * *

Көңілдің көңлі қалып «шіркініне».
Күлкісін алмастырып күркіліне,
Ойымен оралады опырылып,
Баяғы көк көрпенің бүлкіліне.

* * *

Тыңдасаң жүрегіңмен жүрек үнді,
Түсінсең адал, ашық тілегімді,

Қолыма аққуым боп қонар едің,
Мойныма орап тастап білегіңді.

***

Жолым тосып тұрасың күнде менің.
Үндемедім,
Сен де бір үндемедің.
Сені ойласам күрсініп қуанамын,
Осы екен-ау тамаша мұң дегенің!..

* * *

Қалмайды-ау бір қасыңнан қара бүркіт.
Жолай алмай өзіңе, қалам үркіп.
...Мынау көктен төгілген аппақ жауын -
Көз жасым ғой өксіген шала бүркіп.

* * *

Қалмайды-ау бір қасыңнан құны бардай,
Бар, жоғыңды аңдыған ұрылардай.
Қашан табар екенбіз оңашаны
Бірімізді біріміз ұғынардай...

* * *

Жамылып ап жүзіңе қара перде,
Бұрылмайсың жүрегі жаралы ерге.
Бүйіріңді бір ғана солқ еткізер
Жүрегіңді көміп пең қара жерге?

* * *

Жүзің жабық.
Ал мынау аспан ашық.
Күн үеледі.
Ал сенде тас қарашық.

Білем түбі мен жоқта ағатынын
Ақ жүзіңмен жап-жасыл жас таласып.

* * *

Әйел - құт, еркек - байлық,
Жарасса жұп.
Тоқтамай, межесінен әрі асса жүк.
Шаңырақ сықырламас, сынбас ошақ,
Бақытқа аяқ асты таласса жұт.

* * *

Ес бітіп, маза қашып, ерік кетіп,
Жүруші ем көк көйлекке еріп кетіп.
Көк көйлектің ішінде мыстан тулап,
Күл-парша етті жүректі періп кетіп.

* * *

Шоқ шашатын өрт тастап көздерің-ай!
Күйіп-жанып тұратын кездерім-ай!
Шашпау үшін сырымды басқа жанға
Мен сезгенді ешқашан сезбе, Құдай.

* * *

Алатаудай аялы төрге түнеп,
Жатушы ек қой аспанды жерге тіреп.
Жер мен көктей кеттік те ажырасып,
Ыңырсиды ем таппай көр көкірек.

* * *

Әлдилеуі-ай жанымды әлдененің,
Тәтті әлдиін жұтамын,
Әнді емемін.

...Әлдилеген сәбиін
анасының
Құшағына күнәм-ау - енбегенім...

* * *

Желпігенде Арқаның желі күле,
Елжіреуші ем еркелеп елігіме.
...Өкінішті өкпемнен өксіткені-ай,
Өтіп кетіп өзгенің серігіне.

* * *

Өзің болсаң, «өзім!» дер Күн мен Айым,
Жүрегімді жайып сап, «мұндалайын!»
Тойымызға тоймасын аспан асты,
Ән, күлкіге бір бөксін күллі ағайын.

***

Тастардай қызғалдақпен мұңды көме,
Қадайсың омырауға гүлді неге?
Ғұмырды аясаңшы.

Білмеймісің
Соларын жұлынғанның «жынды» неме.

* * *

Жатқанда еркешімді еркелетіп,
Шығатын Күн шіркін де ертелетіп.
Оятып таң нұрымен дүниені,
Қоятын көріктімді көркем етіп.

* * *

Баспашы, таптамашы дала гүлін,
Емес пе ол жас ғұмырың, балалығың.

Гүлдей боп құлпырмаушы ед бойжеткен қыз
Ұқтырып тіршіліктің даналығын.

* * *

Жүргенде тани алмай кімді, нені
Жанарың жүрегімді тілгіледі.
Жарқ етіп, жалт бердің де,
Жоқ боп кеттің,
Көрдім бе, көрмедім бе -
Кім біледі...

***

Шабыт іздеп жүргенде, бақ қуумен,
Айдыныма қонған сен аққуым бең.
Марқаяйын, жанымды азаптай бер
Махаббаттың мәңгілік тәтті уымен.

***

Қандырып бар мейірін таңдайымның,
Жұтайын іңкәрліктің балдай уын.
Көмкеріп, тікен мен гүл қабірімді
Танытсын бақ пен сорын маңдайымның.

* * *

Тапсам да бақ пен сорды тілегіммен,
Татсам да бал мен уды жүрегіммен,
Қызығын бал дәуреннің белден кешіп,
Өзім боп жылай білгем, күле білгем.

* * *

Куәсі жастығымның - Мәскеу менің
Отауы - асып-тасқан жас кеуденің.
Көкжал ем,

Көкшіл көздер жарқ еткенде,
От шайнап, дайын тұрар тас жеуге мың.

***

Сілекейің - тән шәрбеті жүректің,
Сол тәттіңнен таттым да дәм дір еттім.
Имек қасқа сүйреп таңды қосайын
Орындалып жатсын бәрі тілектің.

* * *

Иығыңа иығыммен жанасып,
Буын босап, қадала алмай қарашық,
Жүйрік тілім тұсалып қап, ой жүдеп,
Екі жүрек кеткен үнсіз жарасып.

* * *

Болғанда ығы-жығы би алаңы,
Көңілім жарқ-жұрқ тәннен күй алады.
Құдайым көру үшін көз берген соң
Несіне ол сұлулықтан ұялады.

* * *

Болғандай Қобландыға Құртқа ғашық,
Көп құрбым жармасқанда күрт таласып,
Сытылып шыға бердім, өң берместен
Сырымды жүрмесін деп сыртқа шашып.

* * *

Мойныма оралғанда ақ білегің,
Тіліңді шарабымдай тапты демім.
«Қосылған қос жүректі айырма!» деп
Алладан екеумізге бақ тіледім.

* * *

Бір өліп, бір тіріліп қайғы немең
Кеудемнен қайта-қайта жай тілеген.
Түнетпей қуып шықгым, шаттық іздеп,
Бай күткен кәрі қыздай айтып өлең.

* * *

Болам десең қадірлі ардағыңа,
Жүзік толтыр саусақ пен бармағына.
«Мерседесті» тигізсең жамбасына,
Өзі-ақ келіп түседі қармағыңа.

* * *

Қыз айласы бір емес, бірнеше мың,
Жүргізеді бір сәтте түрлі есебін.
Асты-үстіне үздігіп түсе берсең,
Ерттемей-ақ мінеді құнды есегін.

* * *

Жаратқан соң Тәңір Хақ көрікті етіп,
Бикештерге жүреміз еріп кетіп.
Етегімен бүркейміз басымызды,
Естен танып,
Еліріп ерік кетіп.

* * *

Десем: «Тәңір, басамыз теріс неге?»
Ілесіппіз періге, періштеге.
Жын ойнаққа бастайтын қисық жолды
Айналдырып алыппыз өріске де.

* * *

Сұмпайы мен сұлуға ұнағым кеп,
Биігімнен құлдырап құладым көп.

Қу тіземді құшақтап отырамын
Жалғыз қалып,
Еңкілдеп жылағым кеп.

***

Емірендім.
Сен маған еркеледің.
Бүгін бар да ертең жоқ өртенерім.
Күліп тұрып мұңайдың әлденеге,
Сезді жүрек сол сәтте-ақ дерт емерін.

***

Тәттісімен тірліктің тамсандырып,
Көктем енер элемге эн салдырып.
Әсемдікті қуасың мейірленіп,
Көктөбеге құлаштап салсаң құрық.

* * *

Көңлімнің көсілгенде арғымағы,
Шыдамай дүбіріне жар құлады.
Сұлуым сұлап түсті құшағыма,
...Раббым өзі кешсін бар күнәні.

* * *

Сарғайып көкжиекке Ай батқанда,
Бозторғай көмекейін сайратқанда,
Жалаңаш қарсы алдық біз атқан таңды
Бір құйын асыр салып ойнап қанда.

* * *

Болса да талайлардан таланым кем,
Ерден - дос,
Қыздан жарды таба білгем.

Бәрібір артық көрем жауқазынды
Өзгенің бағында өскен лала гүлден.

***

Сипатып от денемді самалына,
Сімірдім салқын лепті тамағыма.
Жабысып бауырыма селеу шаштым
Ұқсады қысырды емген жабағыға.

***

Жүйткігенде жез сауыр қыр киігі,
Аппақ шаңды жотаның түрді иығы.
Сол шаңменен жоғалған аруымның
Жүрегімді құрсаулап тұр күйігі.

***

Ай қабақ - алтын садақ сияқтанып,
Жүзінен арайлымның ұят тамып,
Жанымды ақ санымен егегенде,
Тулайтын жүрегімді күй ақтарып.

***

Айлы түн. Жатып ек-ау құмға барып,
Шаттықтың ақ төсіне мінгем анық.
Шайқалған рақаттың бесігінде
Айтармын алғысымды кімге барып.

* * *

Ғаламат жаздың жүрдек дауылы да
Шомылтар жылы аппақ жауынына.
Жабысып ақ көйлегі ақ төсіне
Ақ сәулең кіріп кетер бауырыңа!

* * *

Еркелер ме еркешім, кім біледі,
Жұбатар ма күлімдеп мұңды мені.
Әлде басқа құшақта балқытар ма,
Қымтап жауып, көрсетпей түн түнегі?

* * *

Айта алам ба арызды аяулыма,
Құлақ салар кім бар-ау қаяулыға.
Сені қайтсін саусақтан бал тамбайтын,
Жол сап алса секеңдеп бай аулына.

* * *

Аңсайсың-ау ай қабақ қырмызыңды,
Құртып жүрген қандырмай ындызыңды.
Қу тізеңді құшақтап, Хақтан сұрап,
«Аспанымнан жаудыр - деп - жұлдызымды!»

* * *

Жарқ еткенде жанарың қиығынан,
Көмейімнен кетеді құйылып ән.
Сол жанардан нұр емес, шоқ шашырап,
Күліп мазақ етеді миығынан.

* * *

Ол - маралтын.
Аңдыған мен аңшы едім.
Жұтсам деуші ем оттай ыстық қан-сөлін.
Қара көздің кірпігіне байланып,
Өз қанымның құйдым соған бар селін.

* * *

Дірілдеген қайқы қара кірпігін
Бір көрмесем басылмайтын ынтығым.

Ақырында ол мені атып құлатты,
Оталдырып кірпігінің мылтығын.

* * *

Жетсінші деп жұпар исі маған да,
Тосушы ем-ау тұмсығымды самалға.
Әні жетіп бозторғайдың сазымен
Симаушы ем-ау мынау ғажап ғаламға.

* * *

Ол да аш-тын, мен де маспын сезімге,
Кісен салдық кісінеткен төзімге.
Ерлік екен - еркелету сезімді,
Көбелек боп отқа түсер кезіңде.

* * *

Суық болмас сұлулықтың құшағы,
Ыстық құшақ ерік-ырқымды тұсады.
Аққуым да, гәккуім де өзі боп,
Жүрегімді жайлап қалды құс әні.

* * *

Аққуымды Көк пен көлден іздеп ем,
Тау, далама көңіл көзін сүзген ем,
Аққуым боп шыға келді бір сәтте
Көрші үйдегі үрпек шашты қыз көбен.

* * *

Қараушы едім толықсыған Айға мен,
Айдай қызды табам ба деп бай дәмем.
Айдай жүзі байдың қызы боп кетіп,
Қолым жетпес күрсінумен қайғы емем.

* * *

Ақ мандайда қас, кірпігі үрпиіп,
Құралай көз жаутаң қағып тұр киік.
Қап әттең-ай, екеумізді үркітіп,
Қыз шешесі шыға келді кіртиіп.

* * *

Ол - қашық-тын. Ал мен оған асықтым.
Рас, рас. Алғаш сондай ғашықпын!
Өзін көрдім!
Көзін көрдім жалт еткен
Тұла бойдан сала берді қашып мұң.

* * *

Көз құрты ғой шіркін, шіркін қыз деген,
Жігіт байғұс талмай соны іздеген.
Жігіт қызбен, қыз жігітпен табысқан
Жүректерді жалғастырған ізбенен.

* * *

Ол күлетін. Сол күлкісі балдай-тын.
Бір тісінің күлкісі бар алдайтын.
Алдаса да, жалдаса да еркімді
Ынтызарым ілесуден талмайтын.

* * *

Ол күлетін мен білетін пейілмен,
Ілгергімді табардай боп кейіннен.
Сол күлкісін артық көріп, аңсаймын
Мені мақтар асқақтатып кей үннен.

* * *

Күлкісі оның шуағындай арайдың
Арай жүзге тамсанумен қараймын.

Батып кеткен бетіндегі ұяға
Өксігі мен өкініші талайдың.

* * *

Туған айдай ирек сызған қасына,
Жүрегіммен кетсем шіркін асыла.
Пері болып періштем деп ұмтылмай,
Серісі боп қолын алсам асыға.

* * *

Киелі ғой хас махаббат, киелі.
Пәк сезімге Хақ та басын иеді.
Әрбір гүлді басам дейтін төсіне
Тасырлардың қышымасын иегі.

* * *

Қасиет бар махаббатта тылсымдай,
Таза жүрек дірілдемес қымсынбай.
Өз аруың раушан ғой бүр ашқан
Тұрса шіркін қыз түңілмей, гүл сынбай.

* * *

Пәк сезімде нәзіктік бар ғаламат.
Ғаламаттың түп қазығы - қанағат.
Сол нәзіктің беріктігін жыр қылып,
Әлімсақтан ардақ тұтқан жамағат.

* * *

Гүл сезімді біл сезініп жаныңмен.
Жүрек сөзі құдыретті бар үннен.
Жүрегіңнің ұяң ғана лүпілін
Сүйіктіңе жеткізесің әніңмен.

* * *

Өзің ғана, көзің ғана - алаңым,
Сені ойласам ысып, күйіп, жанамын.
Қара көздің кірпігіне ілінбей,
Құрыды ғой, ұлыды ғой амалым.

* * *

Мен - Мәжнүнің еріп кетер елеске,
Естен танам сен бар жақтан жел ессе.
Көк жүзінен тек өзіңді іздейтін
Көңлім менің - көгершінің емес пе.

* * *

Сен - аңсарым. Көрмес көзім өзгені.
Асылым - сен ықыласым сезгені.
Бақ құсым боп қоншы келіп қолыма,
Асып-тасып, сәулем, қуант тез мені.

* * *

Қылығыңның құрығына түстім мен,
Бал күлкіңнің бал шырынын іштім мен.
Көз тоймастай ыстық тартып барасың,
Қызылыңды, қызығыңды іш білген.

* * *

Жанды жаулап, бойдыерітіп, күйдірдің,
Қара көзге батырдың да сидырдың.
Жүрегімді ұстатайын қолыңа.
Тілегіңді маған ғана қи, құрбым.

* * *

Гүл шыбықтай бұратылып аш белің,
Шарпып тиіп ес тандырып мас демің,

Ауған көңлім барды тауып өзіңнен.
Дір-дір етіп тіл қата алмай қашты өңім.

* * *

Ақ сұңқар боп ұшып едім бекініп,
Бақ құсыма тіл қатпақ боп өтініп,
Тілегімді сен қайтарсаң, кетермін
Қайғыма шер теңескендей өкініп.

* * *

Шын ғашықтар қартаймайды мәңгілік,
Әрбір сәтін өткізеді ән қылып.
Сонау... сонау қаракөздің жарқылы
Тұрады ылғи жүрегінде жаңғырып.

* * *

Күзде солар жапырағы мамырдың,
Мыңын емес, бірін тапсаң тамырдың,
Бағыңды тап,
Жын, шайтанға ілеспей,
Қасыңдағы жан жарыңмен, сабырлым.

* * *

Күлкі жасы ақтарады ішіңді,
Еселейді қуатыңды, күшіңді.
Күйік жасы күйдіреді жаныңды,
Теп-тез ғана басып кетіп мысыңды.

* * *

Қазағының тұнған бойға әдебі,
Әдемі қыз - әдемі еді-ау, әдемі!
Ақ төсінің жұпарымен елітіп,
Жымың етіп бастап кетер кәдені

* * *

Қайран ару сайран дала сазымен,
Күлкісімен, еркін, ерке назымен
Еркімді ұрлап, ертіп мені барады
Әлі күнге саржайлаудың жазымен.

* * *

Қанатымен балқып ұшып қиялдың,
Аппақ төстен тояттанып сый алдым.
Мен қағындым,
Сен сағындың, қалқа қыз,
Мен жанықтым.
Сен өртене ұялдың.

* * *

Әсерімді нөсерлеткен әсемім,
Дуылдап қан лебіңнен есер үн,
Бал көмейдің білмеппін-ау, білмеппін
Бар әлемнің бар тылсымын шешерін.

* * *

Әдемі еді-ау, әсем еді-ау қыр қызы,
Алау жүздің алау ерні - қырмызы.
Ай астында періштем боп ағарып,
Қона салған қолыма көк жұлдызы!

* * *

Жылдың, нұрдың әйбат кезі - көктемі,
Жылы демі ол Құдіреттің көктегі.
Табиғаттың тылсымымен бусанып,
Сұлулық пен гүл тіршілік еккені.

***

Айдың жүзін аймалайтын қиялмен,
Түнгі аспаннан ақ сүт болып құям мен.
Отырамын аппақ санды жамбастап,
Тәтті мұңды еміп, сорып күй-әннен.

***

Әнші көктем көктен сауып әуенді,
Еріп кетті елтіп жаным тәуелді.
Сол көктемдей көркем жүзді еркешім
Жазылмастай дуалады сау ерді.

* * *

Самал желдің сәл бұлықсып екпіні,
Бозторғайдың түртті сілкіп көкті үні,
Бойжеткеннің пәктігінен айрылған
Қыр астынан шырылдаған жетті үні...

***

Тымық түнде тұнып Айдың шілтері,
Қыз ойнағын бастап кетті жын, пері.
Тыр жалаңаш кетті аруым қосылып,
Жатып қалды ұялып көк Үркері.

* * *

Күңгірт жүзбен Күн далама үңілді.
Бұлт бүркеніп тау жақпары бүгілді.
Мен асықтым аманаттап аруға
Жолдамақ боп ертеңіме бүгінді.

* * *

Көлеңке орнап, әлгіндегі сән қашты.
Бұлт тамшылап, баяу ғана шаң басты.

Арқам төсеп сирек, кесек тамшыға,
Сипадым кеп оттай ыстық жамбасты.

***

Түн бүркеді қап-қара боп төбемді,
От құшаққа еніп кеттім мен енді.
Бал лэззаттың зынданына батырып,
Тозақ оты күйдіреді денемді.

* * *

Анау көздің, алау көздің қиығы
Түсті, оянды жас кеудемнің құйыны.
Ал туласын жүрегімнің дауылы
Сүйінішпен тез алмасып күйігі.

***

Оу, Тохмина, ұшып түсті шоқ миға.
Өзің сөндір,
Өзің лаулат, Тохмина!
Алақанмен аузыма тос шарапты
Өрте сөйтіп пәруанаңды от құй да.

***

Үмітім де, күдігім де - өзіңсің.
Әрі шоқтай, әрі мұздай сезімсің.
Уысыңа бердім, көндім, еркімді
Байқұс жүрек күйсін, тоңсын, езілсін!

* * *

Кешкі нұрдан түскен көзге жамырап,
Домбырамның күйі іздеді аңырап.
Күйім, миым егілгенде еңіреп,
Әлем бірге қоя берді маңырап.

* * *

Раушан гүлдің ғажабын-ай исінің,
Сол иістен сені іздейді түйсігім.
Шыбын жаным шырылдайды таба алмай,
Безектеумен саусағында күйшінің.

* * *

Жеткізе алмай жүрегімнің тілегін,
Көп шуылдан жасқанғанда жүдеп үн,
Жалт қаратып ұқтырмап пед жанымды
Тиіп кетіп білегіңе білегім.

* * *

Таңым болып атпап педі сол күнім,
Қуаныштың күлкісіне толды үнім.
...Бүгін енді күлкі түгіл жымию
Өзің жоқта, қалқашым-ау, болды мұң.

* * *

Күлкің күміс бал көмейден төгіліп,
Жанар нұры дән боп жанға егіліп,
Кетіп еді-ау...
Айрылып қап бәрінен
Тоз-тоз болып жыртылдым ғой сөгіліп.

***

Егіз еді Құсни мен Қорландай.
Бірі - Айым, бірі - Күнім болғандай.
Таңдай алмай екеуінің біреуін
Құр қалды ғой мына мендей сормаңдай.

* * *

Көз қарасы, бал тамызған үні де,
Жұмақ болып сезілуші ед тіріге.

Оның гүлді, менің мұңлы жүзіме
Бір махаббат қоймап еді-ау кіріге.

* * *

Шуақ шашып атушы еді-ау әр таңым,
Мекені тым ыстық еді-ау қалқаның!
Ол алыстап, таңым бұлтқа оранып,
Айтылмастан іште бұқты жарты әнім.

* * *

Найзағайдың жасынындай жанары
Жай атқылап жалт-жұлт шарпып жанады.
...Қаракөзден бүгін енді шоқ қашып,
Запыран жас жап-жасыл боп тамады.

* * *

Түк ойлатпас қамсыз, мұңсыз жастықтың
Шадыманы шарықтатқан мас қып тым.
Жүйрік ғұмыр тастап кетіп жұртына
Өкініш пен өксік толы жас жұттым.

* * *

Жұлдыз сүңгіп, үңгіп жатыр айдынды,
Іздейді екен ол да мендей қай мұңды?
Ақ айдынға аппақ төсін жалатып,
Ол кеткенде, мен құшқанмын қайғымды.

* * *

Таудың төмен көлеңкесі құлдырап,
Бейуақ шақта бейуақ тартып тұрды бақ.
Жарқ еттің сен.
Бақ жұмаққа айналып,
Қоя берді-ау жүрек төсті ұрғылап.

* * *

Бұлттан да әрі ұшқан қыран қалықтап,
Көк жасынға көз қадайды анықтап,
...Қырандай боп қадап отты жанарды
Аруымды таба алсам ғой таныл қап...

* * *

Аруларды өліп-өшіп сүйеміз.
Кінәсыз-ақ күнәлі боп күйеміз.
Патша алдында асқақ ұстар басынды
Ұрғашыға ұрыдай боп иеміз.

* * *

Қинай жанды сыйлау керек бикені,
Жүн ғып түтіп кетпесін деп жүйкені.
Иіле бер, бүгіле бер,
Күрмеліп
Жетпей жатса тілдің сөзге икемі.

"* * *

Айналғанда мәңгілікке қас қағым
Екеу едік. Бірі де жоқ басқаның.
Сол екі жан бөлек-бөлек бөлініп,
Аяқталмай қалды-ау, әттең, дастаным.

* * *

Нәзік еді-ау қайқы қара кірпігің,
Сол кірпікке байланып ед бір түнім.
...Сол кірпіктен жас боп тамып кетті ме,
Келмегені-ай сор мен бақты іркігің.

* * *

Ақ төсіңді қысып, құшып өтем мен,
Ай қараған, аймалаған төбемнен.

Сен сездің бе,
Мен сезбедім, періштем,
Бір пәктігің жоғалғанын денеңнен.

***

Ай жүзіңнің айдай қиғаш қасымен
Жүрегімнің қыл пернесін қасып ең.
Тіл қатпастан, тыңдатпастан жанымды
Бұғып қалғам...
Неткен ғана жасық ем.

* * *

Сықыр-сықыр от төгеді түн әні,
Кеудеме кеп маржан жас боп тұнады.
Сен ашылдың аппақ адал құшақ боп,
Мен жамылдым қап-қараңғы күнәні.

***

Жайып салды көктем әрлеп көркіңді,
Тұзақтады. Ұзатпады еркімді.
Нөкеріңнің қатарына тізіліп,
Кешіп жүрмін күйіп-жанып өртіңді.

***

Анау Айдан ақ сүт ұйып тама ма,
Жанды беріп, өбем сені жан ала.
Күйік қосар кінә, күнә еткенім,
Дәл сол сәтте кірмеп еді санама.

***

Көрген бойда-ақ бір тал үкі төбесін,
Қиялменен ал сипайын денесін.
Күнәкар ғой аусар аңсар тежеусіз
Ойламайтын ақ, қаранық «негесін».

* * *

Жарқ етіп ең, естен тандым мен бүгін
Өліп-өшу, күйіп-жану ендігім.
Тар кеудемде тыпырласын тұл жүрек
Бар әлемнен таба алмаса кеңдігін.

* * *

«Міне жаным - аяла да, ал, ұста!»
Деп ең, сәулем, мен шырқадым ғарышқа.
Сол бір сәттің суып ыстық елесі
Қалып қойдың қиян қиыр алыста.

***

Қыз да қызыл, гүл де қызыл - бәрі алау.
Алауларға қиын екен қарамау.
Қызылды іздеп қызық аулап жүргенде,
Оңай екен жас жүректі жаралау.

* * *

Көз шіркінің көргеніне қызыққыш.
Сол әсерді неге ұрлайды үзіп түс.
Сыртыңменен сұлулықты аңсасаң,
Тілеп қана тұра ма екен бұзықты іш?...

* * *

Оңашаңа бәрі, бәрі сұғанақ,
Ай төнеді терезеңнен сығалап.
Қалқашымның маңдайдағы қалына
Сырғанап кеп ұялмастан жұғады ақ.

***

Жайнады-ай кеп кермеқасым, сайрады,
Жетердей боп ал шалқысын Айға әні.

...Айлы түнде ән естілсе дір етер
Көңілімнің тұнып қалған қаймағы.

* * *

Қойғандай-ақ тылсым дүние дуалап,
Шат күлкіңді әнім өткен қуалап.
...Күлкіні ұрлап, әнді өшіріп кеудеден
Қайдан ғана қыс ғұмырың туады-ақ?

* * *

Мөлдіретіп көз алдымда қыр гүлін
Түн пердесін бір-ақ серпіп түрді Күн.
...Гүлді, қызды езіп, неге үземіз -
Табиғат пен перзентінің бірлігін.

* * *

Симаушы ем-ау жер түгілі аспанға,
Бал ерінді сорып қаным тасқанда.
...Симас жерге сиып кетіп жүрмін ғой
Сол жүректің ыстық қаны қашқанда.

* * *

Қайдан ғана сығалап кеп табылды Ай,
Түрші, сәулем, ақ шілтерін жамылмай.
Қара шашқа ақ тәніңді ораған
Сұлулықты жүре алам ба сағынбай.

* * *

Сұлулыққа сұқтанып кеп қарап ем,
Керемет қой ақ төстегі қара мең!
Сол ақ төстен адасып қап, аһ ұрам,
Қап-қара боп кеткеннен соң бар әлем.

* * *

Қос жүректің тыншығанда аңсары,
Қос кеудеге үзік-үзік тамса әні,
Қос тізені қанталата қызартып,
Талықсытып жетті-ау әрең таңсәрі.

***

Жан жарым да, арманым да - алқызыл,
Мені ғана аймалайтын бар қызыл.
Перiште мен перизатты өбетін
Жер бетінде болсам шіркін жалғыз ұл.

* * *

Өзің түгіл көлеңкеңе құмартып,
Кейде ішке, кейде түске мұң артып,
Табынушы ем,
Орап тастап өксікке,
Кете бардың сағымдай боп мұнартып.

***

Шын күлесің, жылап тұрып күлсең де,
Күлдіресің кірпігіңе ілсең де.
Менен еркін, бақытты жан жок шығар,
Шылбырыңда сүйретіліп жүрсем де.

* * *

Айтшы, сәулем, екеуара сыр қайда?
Күлуші ек қой қуып тастап мұңды Айға.
Сыр мен мұнды қанша іздесе таба алмай,
Шыбын жаным шырылдайды сырнайда.

***

Шыдай алмай зәрін шашқан бет өтке,
Құлап, тұрып жармасасың етекке.

Ноқталанып, томпаң қағып,
Білмейсің
Ғұмыр бойы жүргеніңді жетекте.

* * *

Әсемдікке есерлікпен құмартып,
Салдық құрып сайрандаймыз тым артық.
Үземіз бе мойнымызды бір күні
Көз құртындай - қыз-қырқындай жүк артып.

* * *

Ақ төсіңе салды ма екен Күн ұя,
Сол төсіңе бас қойғанда, Күлия,
Өліп-өшіп, естен танып тұра алмай,
Жүріп кетсем, арманым жоқ, жымия.

* * *

Мен күлгенде сен күрсіндің, күлмедің,
Көмейіңнен бал тіліңді жұлды ерін.
Бүгін енді сен күрсінбей, күлесің,
Мен күле алмай, күрсінумен жүргенім.

* * *

Алтыным сен, гауһарым сен, күмісім,
Ғұмырымсың, сен деп соққан тынысым.
Жарқ еткенде жанарыңның жалыны.
Жайнап кетер жұмағым боп түн іші.

* * *

Көмейіңнің балын таттым күнара.
Сен де баттың, мен де баттым күнәға.
Ұрлап тауып, жырлап айтып жүрмесе,
Көңіл шіркін бабын тауып тына ма.

***

Жылдан да ұзақ қызықты еді-ау әр түнім,
Отау еткен әр бұтаның әр түбін.
Мынау қалған ғұмырымды берер ем,
Қайта оралса сол шағымнан жарты күн.

***

Махаббаттың малағамы мас қып тым,
Қайтара алсам жарты-ақ күнін жастықтың,
Садағына қара қастың ойланбай,
Келер еді-ау күліп қана бас тіккім.

**III**

Жап-жасыл белге жарыса жетіп асыға,
Жап-жасыл белдің жабыса кетіп тасына,
Өзіңе өзім шоқ болып еніп кетуші ем,
Садақтай иген айналып кетіп қасыңа.

* * *

Келуші ем түнде белдеуін түрген іргеңе,
Болушы ед бөгет жеңгең бе, ит пе, бірдеңе.
Сыбызғы сыңғыр, сиқырдай сырлы сыбырым
Шығар-шықпастан қамалар кеуде-түрмеме.

* * *

Жұлқынған жүрек жүргенін білмей не тілеп,
Көз бенен көзге тамсанып қана өтіп ек.
Албырттық әлде салғырттық бізді алдантып,
Таныса беріп, табыса алмай кетіп ек.

* * *

Шаңытқан дала шарбы бұлт шуға ұласып,
Кеткенде арай қызылын қуып қыр асып.

Табысып қана, жабысып қана сүйісіп,
Алысып мұңмен айрылысып ек-ау жыласып.

* * *

Мен ұнатсам да, сәулем-ау, сен жек көріп,
Алқынған жүрек тамағыма кеп кептеліп.
Арызын, әнін өзіңе өксіп айта алмай,
Құшағыңда ма, пышағыңда ма кетті өліп.

***

Жалынған жанда жаралы жүрек жұлқынып,
Бұлқына шапшып, алқына қалып, бір тынып.
Масайрай күліп, асаудай тарпып кетіп ең,
Жасаурай жылап, үзілді жүрек жыртылып.

* * *

Періште болып, пері боп шығып жолыма,
Кездесіп қап ең бағыма әлде сорыма.
Көзіңе түспей шырылдап жаным шыбыны
Мекерлік дейтін қамалуда әлі торына.

* * *

Адамға кейде қиын-ау адам июі,
Табуы менен тануы, қалап уюы.
Алысқан серттен адасып бірі кетсе де,
Күйініп тұрып бірінің от боп сүюі.

* * *

Төсіңе төсім тигенде кеткем өртке еніп,
Қан құйып қанға бекініп едік сертке нық.
Басқаны көріп ашылған етек астынан
Ұлиды жүрек уыз уындай дертті еміп.

* * *

Жұпары-ай шіркін, жұпары колаң шашыңның!
Садағы-ай атқан жүректі қара қасыңның!
Тиді де жебең, күйді де жүрек күлдіреп,
Жоқ болып кетіп, күл болып көкке шашылдым.

* * *

Сөзіне емес қарамай жасар ісіне,
Түңілмеп едің игі деп әсем түсіне,
Періште тұтып беріп ең қол мен жүректі,
Қып-қызыл өрттің түстің де кеттің ішіне.

**IV**

Түн. Екеуміз. Айдала.
Жалғыз куә - Ай ғана.
Жанымды отқа қақта да
Аймала, ару, аймала!

* * *

Қан тамады ақ беттен,
Шоқ ұшады көзінен.
...Күйіп, жанып жатты өкпем...
Өртейтінін сезіп ем.

***

Түн бүркенді паң дала,
Ыстық ыңқыл жүзді өрге.
Келе жатқан таң ғана
Қарап қапты біздерге.

***

Ақ тамшысын атқылап,
Сылқ-сылқ күлді ақ бұлақ.
Толмай, тоймай лебізге
Төнді аузыма ақ құлақ.

* * *

Жан кеудеден ыршыды,
Сезім шырқап ғарышқа...
Қос жүректің дүрсілі
Кетті тым, тым алысқа.

* * *

Қос денені табысқан
Қымтай бүркеп жапты көк.
...Сыр аулай ма ғарыштан
Ағараңдап ақ білек.

* * *

Өзіндей боп көктемнің
Жұпар шаштың, гүл атып.
Жетпегеннің, жеткеннің
Кеттің бәрін сұлатып.

* * *

Күзетсе де таң асып,
Біле берсін кім нені
Ұмтыламыз таласып,
Құшағыңа кіргелі.

* * *

Жатыр ару шашылып,
Сырты күліп, іші ұлып.
Құшақтайды асылып,
Күрсінеді түсі іріп.

* * *

Көзің тайса көзімнен -
Атқан күннің батқаны.

Жұрдай болып сезімнің
Жоғалады тәтті әні.

* * *

Жарқ етпесе аяулым,
Сүйер, сүймес - кім білер.
Орап алып баяу мұң
Жүрегімді тілгілер.

* * *

Махаббаттың шықпастан
Жатып қалса Ай, Күні,
Көңіл жүзін шық басқан
Көтересің қайғыны.

* * *

Табам деп ем жан емін,
Әдемім-ау, әдемім!
Қандай ыстық құшағың,
Қандай суық, ә, демің!.

* * *

Тамұғына-ақ енейін
Уын татсам сүюдің.
Көнейін де сенейін
Азабына күюдің.

* * *

Оймен аңсап бұл күнді
Жүрек тулап бұлқынды.
Көріп,
Көңлім шошынды
Ыржаң, қылжаң күлкіңді.

Кездестірмей таң нұрын,
Тарықтырса тағдырым.
Тілін сорып сәулемнің
Қанар кепкен тандырым!

* * *

Пәк сезімді сақтасаң,
Бап та шабар, бақ шабар.
...Былғаныпты-ау тап-тазаң
Бәтшағар-ай, бәтшағар!..

* * *

Қондырар қолға құсым сен,
Мұң жұтып тұр ғой көкейім.
Бірдеме деші, түсінсең,
Жанымды пида етейін.

* * *

Кеудеңді тосып самалға,
Күтесің, сұлу, сен кімді?
Жатып ең аунап көгалға,
Етіңді сипап жел күлді.

* * *

Жел күлді сипап төсіңді,
Жалаңаш құмға жатқанда.
Құшаққа енген кешімді
Жалғадым шаршап ақ таңға.

* * *

Көріп ем түсте түсіңді,
Жеткендей Көктен, ғарыштан.
Ақтарып жатыр ішімді,
Көзіңмен көзім танысқан.

* * *

Тебісу мен өбісу -
Күні мен түні сезімнің.
Керісу мен келісу -
Сынағы ғой төзімнің.

* * *

Сен жақтан соққан желге де,
Тосушы ем төсті ынтығып.
Сол ынтық болған кеудеге
Қарамай кеттің, мұң тығып.

* * *

Сен жоқта дала мұңды,
Күрсінер түн жабығып.
Кеміріп қаламымды
Отырам мұң жамылып.

* * *

Жас отауым - жайлауым,
Сәулем жатты күлімдеп.
...Бір жерінің байлауын
Әрең шешті дірілдеп.

* * *

Арқаңды төсеп далама,
Егеп һәм қинап өртіммен,
(Пәктікті жырту обал, ә!)
Айырып ем-ау еркіңнен...

* * *

Кетіп ек ұл, қыз тау асып,
Жатып ек көкті жамылып.

Бүркенді таңда дала шық
Ұл, қызға...
Бізге табынып.

* * *

Арқама тосып даламды,
Өзендей тасып ояндым.
Тербетіп мынау ғаламды
Өтейік, тұршы, аяулым!

* * *

Бір сезім ұрлап барымды
Қашырып бітті есімді.
Аусарым аңсап сағынды
Алмасы піскен төсіңді.

* * *

Кетем бе күл боп өртеніп,
Жанымды орап жалынға.
Қайтесің босқа дерт еміп,
Шалдықпа, шалым, жалынба.

* * *

«Күйемін, жанам!» дер едім,
«Сүйемін!» деп те айтар ем.
Таппай да қалдым дерегін
Ұрлап та қашқан қай төрем?

* * *

Ұзаттым әнді ұзаққа,
Жыраққа сені ұзаттым.
Көй-гөйді шертіп құлаққа,
Бөледі мұңға ұзақ түн.

* * *

Жүректің қылын тот басты,
Әні енді зар боп төгілер.
Жалаңаш табан от басты,
Көкірек дар-дар сөгілер.

* * *

Жүректің көрдім қысқанын,
Естідім жанның өксігін.
Зар төгіп жылап ұшты әнім
Көзіме қонып көк шыбын.

* * *

Құлазып қаусап жатты өңір
Ізіңнің шаңын қаусырып.
Таусылып бітті тәтті өмір
Тау сұлық...
Бәрі таусылып.

* * *

Отырасың бір кейде
Оп-оңай-ақ жанығып.
Санандағы гүл бейне
Келердей-ақ сағынып.

* * *

Кеудеңді ашып кіргендей
Аяғының тықыры.
Дөңгеленген диірмендей
Көз байлайды мықыны.

* * *

Бейне де жоқ, гүл де жоқ
Бу боп ұшқан үмітің.

Жеткізбейтін түндегі от
Ойыңнан да ұры тым.

* * *

Түсінші, сәулем, өтінем,
Дедектеп желдің өтімен
Тұсыңнан ғана айқайлап
Құйын боп ағып өтіп ем.

* * *

Сылтаулап, шырмап әр нені,
Жасқанта берме сен мені.
Құрылып қойған кеудеде,
Махаббатымыздың өрмегі.

* * *

Құс болып қонар әр үйге,
Қыз тілі айтар «әрине!»
Қос жүрек сонсоң қосылар
Ата-ана болып сәбиге.

* * *

Аяш-тын Айдай айтулы
Аймалап бізді Ай туды.
Жүрекке жүрек жабысар,
Ойлаған сәтте қайтуды.

* * *

Кеткенде шырқап ән ұшып,
Жүрекпен жүрек табысып,
Айрылысар сәтте қалушы ед
Ерінге ерін жабысып.

# V

# Бұл жүрек секемденіп аласұрған...

(Мекерлік сұры)



* * *

Тұрғандай кісінемей... аттар күліп,
Күркілдеп көкжөтелін ақтарды бұлт.
...Жалаңаш тұра қашты мекер құрбым
Қойнында Көксау шалдың жатқан бұғып.

* * *

Араммен былғанған соң адалдығың,
Тікен боп жүрегіме қадалды мұң.
Кеспесем ат құйрығын бүгін сенен,
Жыртарсың әлі талай жағамды мың.

* * *

Бұл жүрек секемденіп аласұрған,
Күтумен, еркем, сені таң асырған.
Көршімнің төсегінде қалып қойған
Үркітіп қойды-ау мені ана сырғаң.

* * *

Маңырар енесіне лақтардай,
Жүруші ем жұрт сөзіне құлақ салмай.
Өзгеге етегіңді түріп... беріп
Соңымнан жүгіресің жылап қалмай,
Ит сиген мөлдіріне бұлақтардай.

* * *

Күнәңді ойлап, етекке жас төкпедің,
Талай гүлді өксігі басты өкпенің.
Бәрінен де, сұлуым, асып түсті-ау,
Доп орнына толағай бас тепкенің.

* * *

Өтірік-ау өзіңе ұнағаным,
Қайрылмадың, еңіреп жыламадың.

Еркектердің жатқызып тұрғандарын,
Тастап кетіп жүрмісің құлағанын?

* * *

Қызғанбадым. Қызғанам десем-дағы.
Сезімі емес, сенделткен десі алдады.
Шешілмейтін жерінің шие бауын
Оп-оңай-ақ әркімге шеше алғаны.

* * *

Еркек - бас, әйел - мойын,
Сенбесең де.
Әйелге бас ұрасың, шөлдесең де.
Шұлғытар қырық еркекті жалғыз ару
Ересің, жүз бұлқынып көнбесең де.

* * *

Көңіліне қарап ем. Күлімдеді.
Көзін сүзді. Жаныма үңілмеді.
Құр жібермей кездескен бөріктіні
Жүрегімді кеспей-ақ тілімдеді.

* * *

Келдім, кеттім... Бар-жоғым білінбеді.
Кірпігіңе бұл түрім ілінбеді.
... «Періштемді» аунатып бір қуыста
Умаждап тұр көршімнің жүгірмегі.

* * *

Тереземнің тұсынан Ай қараған...
Пәктігінен жатқан-ды жайрап адам.
Адалым деп жүргенім арам шығып,
Бір тамшы қан қалмады қайнамаған.

* * *

Аруым ару емес, өңі алдаса,
Мінезбен жібек талдай ене алмаса.
Түңіліп кете берем,
Үңіліп кеп
Көркі емес, акылымен жеңе алмаса.

* * *

Көміліп көкірекке көнелеу дем,
Көп үміт өшіп кеткен «негелеумен».
Таба алмай ақыл, көрік, мінез қыздан
Азуды өткендер мол егелеумен.

* * *

Әй, қалқам, неткен ғана көрікті едің,
От көрген көбелектей еліктедім.
Апырай, қиянат қой, қиямет қой
Сақалын сипап шалдың желіккенің...

* * *

Ым түгіл құлақ аспай айқайыма,
Қоймадың жүрек сырын байқай, ұға.
Ал бүгін түк түсінбей талып түстім,
Өңештен қарып шыққан «Қайқайыңа!»

* * *

Деуші едім: «Мақсатына жетер күткен,
Арылып күдік сауған бекерліктен».
Ойнақтап олигархтың құшағында
Таныттың құдіретін мекерліктің.

* * *

Шықсам да қырқасына жоталардың,
Сандалтқан сары түзден не табармын.

Ілесіп меніменен келген, еркем,
Мінгесіп олигархқа кете бардың.

* * *

Қиығымен көзінің қарап өтіп,
Анауды да, мынауды санап өтіп,
Ұлықтырып «нөкерін» шұбыртады,
Бөксесімен жай ғана жанап өтіп.

* * *

Өзіңді құшып, сүйіп тасқанда мен
Ұшушы ем қанат бітіп аспанменен.
Ыштаның қалып қапты төсегімде,
Набобпен мас күйінде қашқанда әрең.

* * *

Келді де біраздан соң қалжа жегің,
Төсектен табар мені - олжа дедің.
Көнбедім икеміңе, сүйкеуіңе,
Шатқалдың жеке жортқан көкжалы едім.

* * *

Ілінбей арбауыңа, қармағыңа,
Жолатпай өзім түгіл, бармағыма,
Айнымай ұстап келем адалдықты
Тек жалғыз жаратылған жар бағына.

* * *

Қарай қалдың,
Құлпырып арайландың.
Еркін сөйтіп тұсаушы ең талайлардың.
Мен болдым ба ендігі оңай олжаң,
Төсегіне сүңгуші ең қарайғанның.

* * *

«Қалқам!» дегем өзіңді, «еркем!» дегем.
Айта алмайды үздігіп өртенбеген.
Талтаңдаған қалқамды шал сүйіп тұр, -
Бір талы жоқ жанымның дерт ембеген.

* * *

Құдай-ау, нақ періште көркіменен,
Күйдірдің кеудем толған өртіменен.
Сүйдірдің періштемді басқа адамға,
...Тозақ боп қысып алды еркін әлем.

* * *

Ілесіп бұлықсыған шашбауына,
Бас қойдым пәк сезімнің бастауына.
Ит тиіп мөлдіріме қайта-қайта,
Айналды мегежіннің астауына.

* * *

Айырмам жоқ екенін кезбелерден,
Пәксініп, қоқиланып сезбегем мен
Әр гүлге ұшып қонсам көбелек боп,
Нем артық сезімі өлген өзгелерден?

* * *

Ұзатты кірпік қақпай түнді жүдеп,
Аһ ұрып, аласұрып мұңлы жүрек.
...Үзіп ап басқа біреу басып жатты
Төсіне
Өңі қашқан гүлді жібек.

* * *

Бір сұлу бір әкімге ұнай қалып,
Сүйгені әлгі арудың былай қалып,

Ар тозып, ару азып кетсе-дағы
Шығып жүр ұясынан Күн айналып.

* * *

Көз тартып қара меңі ұнай қалып,
Аппақ жүз шыға кеп ед шырайланып,
Тамсанған әсерімді күрт қаусатты,
Құшаққа шал шақырған құлай салып.

* * *

Қайтемін еркелетіп, еркешімді,
Қозыдан ажыратса ол Көрпеш ұлды.
Қайтейін қадір білмес ұрғашыны,
Жамылса көп еркекті көрпе сынды.

* * *

Аққуым, ақ періштем, аппағым-ай!
Құшағын айқара ашып, жатқанын-ай!
Шараптың буыменен балқып шалы
Ақ төстің өркешіне батқанын-ай!

* * *

Келеді түбінде бір ақырзаман
Құм болар шахзадаң да пақыр задаң!
Көліне көңіліңнің қондыр қуды
Оп-оңай жайнап кетсін тақыр жағаң.

* * *

«Қайғыға оранады ойлағандар,
Тұмсығын ақ тамаққа қоймағандар!»
Дейді де ұмтылады «жұмағына»
Қыз құшып, арақ ішіп тойлағандар.

* * *

Іздеуменен жүргенде қайдағымды,
Бозбала етіп оп-оңай бойдақ ұлды,
Әңкі-тәңкі қылдың да тастап кеттің
Быт-шыт қыла қаусатып ойдағымды

* * *

Сен ән едің әлі де айтылмаған
Құпиялап сырынды Ай тындаған.
Айтылмаған әнімді сыр ғып шаштың
Өзің айтшы, кем едім қай тұлғадан.

* * *

Доғасынан өте алмай қара қастың
Тілгілетіп жүректі жараны аштым.
Шала екенсің пгүлдірлер
Қара бастым.
Түсінбейтін тілімді ала қаштым.

* * *

Үрдісі мен үлтымның жазылмаған
Ұяң үнді ұнайтын назың маған.
Қосылған соң, қосағым, қайдан таптың
Құлақ қырнар дауысты бажылдаған.

* * *

Қызыл Мәскеу - куәсі жас күнімнің
Махаббатқа мас қылған аштығымның.
Мажар, неміс қалқаштың төс байлары
Табылушы ед астынан жастығымның...

Бар еді кеше ғана кермеқасым,
Домалап асығатын төрге тасым.

Айырдың ақ сәулемнен неге, Тәңір,
Сел болып ақсын деп пең жерге жасым.

* * *

Құдай-ау, көзден ұрлап қырмызымды,
Қимадың жанымды үзген бір қызыңды.
Көмейден ақтарылар ән жоғалып,
Жүректен төгілетін жыр бұзылды.

* * *

Жазалы кім, қалқатай, қазалы кім?
Неге кірбің шалады таза мұңым?
...Бұ не тылсым?.. Жетті ғой қыр астынан
Дауыс қылған жоқтауы қазалының.

* * *

Қаша алмаймын сенімен, ерке ақыным,
Осы арада-ақ құшақтап, өрте ақырын.
«Жоғарыдан лақтырған кейбіреудің»
Тыңдамай-ақ жатайық келте ақылын.

* * *

«Құдай үшін» сүймеймін, сүйе алмаймын.
«Құдай үшін» өр басты ие алмаймын.
Өзің үшін өртейтін от жүрекпен
Мәжнүнің боп еруден ұялмаймын.

* * *

Қаша алмаймын адасып айдалаға.
Бүтінімді, ерке ару, майдалама.
Қашып, пысып жүргенде сен екеуміз
Бұзылмаған әлемде жай қала ма?

* * *

Тұрақтамас орнында көз дегенің,
Арамдығын сол көздің сезген едім.
Көп еркекті оқ-жанар құтқармастан
Болып жүр ғой, аруым, өз дегенің.

* * *

Әй, бәрібір аруың - атқан таңың.
Өзің іздеп өршігіп тапқан бағың.
Көз алартып жүрсең де,
Аймалайсың
Тар төсекте табысып, батқанда күн.

* * *

Махаббат бүгін менен алыста екен.
Қайтейін боп кеткен соң таныс - бөтен.
Сайрауық жүрегімнің шешен жағы
Түңіліп неменеден қарысты екен?

* * *

Мен күлдім.
Сен бүліндің астан-кестен.
Айрылдым түк түсінбей сасқанда естен.
Сұр бұлттың найзағайын сатырлаттың,
Кеудеңе кіргізіп ап, аспанда өскен.

* * *

Сен күлдің қызықтырып қыз қылықпен,
Мен тұрдым қызып, құрып, үздігіп дем.
Шарпыды от денемді ызғырық дем,
Жүректі өрттей лаулар мұз қылып пең?

* * *

Апырай, суық демді күз жетті ме?
Қарыды-ау ызғар шарпып мұз бетті де.
Кәрілік қыраулатып қоңсы қонып,
Кеудемнен күз күркілін іздетті ме?

* * *

Мен емеспін. Сен мені сағынбаған.
Тәнің мендік. Тимеген жаның маған.
Сол тәніңді өзгеге төсегенде,
Мұзға айналды-ау жүрегім жалындаған.

* * *

Кекірейіп сен күлдің, мен мұңайдым.
Сен қызы емес, ұлы емен мен Құдайдың.
Күңі болдың оп-оңай кетік шалдың
Жүрегім жоқ бүлк етер,
Немқұрайлым!

* * *

Дүние неге олай, неге бұлай,
Береді өсер көңіл неге құлай?
Қадамай сұлуыма көзім неге,
Зарлайды қанды жасын төге жылай?

* * *

Сұлу жоқ тіл сорғызар мұңды сезіп,
Жүрсек те тынбай жортып, түнді кезіп.
Уақыт алдап соғар ақырында
Қаншама күткеніңмен кімді төзіп.

* * *

Қалмайды-ау бір қасыңнан қара бүркіт.
Жолай алмай өзіңе, қалам үркіп.

...Мынау көктен төгілген аппақ жауын -
Көз жасым ғой өксіген шала бүркіп.

* * *

Қалмайды-ау бір қасыңнан құны бардай,
Бар, жоғыңды аңдыған ұрылардай.
Қашан табар екенбіз оңашаны
Бірімізді біріміз ұғынардай...

* * *

Жамылып ап жүзіңе қара перде,
Бұрылмайсың жүрегі жаралы ерге.
Бүйіріңді бір ғана солқ еткізер
Жүрегіңді көміп пең қара жерге?

* * *

Ес бітіп, маза қашып, ерік кетіп,
Жүруші ем көк көйлекке еріп кетіп.
Көк көйлектің ішінде мыстан тулап,
Күл-парша етті жүректі періп кетіп.

* * *

Алатаудай аялы төрге түнеп,
Жатушы ек қой аспанды жерге тіреп.
Жер мен көктей кеттік те ажырасып,
Ыңырсиды ем таппай көр көкірек.

* * *

Желпігенде Арқаның желі күле,
Елжіреуші ем еркелеп елігіме.
...Өкінішті өкпемнен өксіткені-ай,
Өтіп кетіп өзгенің серігіне.

* * *

Тастардай қызғалдақпен мұңды көме,
Қадайсың омырауға гүлді неге?
Ғұмырды аясаңшы.
Білмеймісің
Соларын жұлынғанның «жынды» неме.

* * *

Болам десең қадірлі ардағыңа,
Жүзік толтыр саусақ пен бармағына.
«Мерседесті» тигізсең жамбасына,
Өзі-ақ келіп түседі қармағыңа.

* * *

Қыз айласы бір емес, бірнеше мың,
Жүргізеді бір сәтте түрлі есебін.
Асты-үстіне үздігіп түсе берсең,
Ерттемей-ақ мінеді құнды есегін.

* * *

Сұмпайы мен сұлуға ұнағым кеп,
Биігімнен құлдырап құладым көп.
Қу тіземді құшақтап отырамын
Жалғыз қалып,
Еңкілдеп жылағым кеп.

* * *

Жүйткігенде жез сауыр қыр киігі,
Аппақ шанды жотаның түрді иығы.
Сол шаңменен жоғалғанаруымның
Жүрегімді құрсаулап тұр күйігі.

***

Еркелер ме еркешім, кім біледі,
Жұбатар ма күлімдеп мұңды мені.
Әлде басқа құшақта балқытар ма,
Қымтап жауып, көрсетпей түн түнегі?

* * *

Айта алам ба арызды аяулыма,
Құлақ салар кім бар-ау қаяулыға.
Сені қайтсін саусақтан бал тамбайтын,
Жол сап алса секеңдеп бай аулына.

* * *

Қайтейін «қайтейінім» көбейгенін,
Өртемес өзегімді өгей демің.
Сүйіскен анамен де, мынамен де
У салып кетпес пе екен көмейге ерін...

* * *

Ғажап-тын созылғаның, керілгенің,
Тигенде бал беретін ерінге ерін.
Жүрегімді оқсыз-ақ атып жықты
Ақсақ шалдың қойнынан көрінгенің.

* * *

Бөртем едің, ентелеп еркеледің,
Ентігіп ем, ынтық қып өртеп едің.
Қайыршының ыңырсып құшағында
Жетті-ау даусың ішінен жертөленің.

* * *

Басымды айналдырдың сиқырыңмен
Есті ұрлап, айдап шықтың ұйқыны үйден.

Кешегі жұрт таң қалған келбетіңнің
Қашыпты-ау түр-түсінің сиқы бірден.

* * *

Жалғандығы жанының жамалдымның,
Жабыстырып жүрекке жамалды мұң.
Тоғыз қызды бір түнде еркек құшса,
Он ерді өбу бір қызға амал бүтін.

* * *

Ақтарармын көңілдің қай түбегін,
Сонау қыздан түңіліп қайтып едім.
Бір сағатты бір түнге белгіледі ол
Жүрегімнің қалауын айтып едім.

* * *

Ақтығымды қан-жынға қойды апарып,
Пәктігімді сақтармын қайда апарып?
Қағып едім жүрегін, ішке енгізбей
«Тізіміме қостым!» деп айтады анық.

* * *

Билеп алған құштарлық күшіменен,
Мекіреніп ол, мен шіркін кісінегем.
Сырты ашылып, кірмеп ем ішіне мен,
Әркімге иір сұп-суық түсі неден?

* * *

Мақта мейлі шіркінді, датта мейлі
Барың ды алар, жоғынды тап демейді.
Бүгін сені құшақтап өліп-өшсе,
Ертең сорып жатады жат көмейді.

* * *

Әуре болма сен оны түзермін деп,
Адалынан арамын күзермін деп.
Маникюрлы саусағы суманң қағып,
Ышқырыңа жармасар үзермін деп.

* * *

Еркең кейде еркінді ноқталайды.
Есің кетер «таптым - деп - бақ-талайды!»
Мың күндіктей бір түнін қия салып,
Есігіңнен оралып аттамайды.

* * *

Төгіп, шашып жатса да ырысыңды,
Қаперіне ілмейді-ай дұрысыңды.
Қос саусақтан шығарып бас бармағын
Күліп тыңдап тұрады ұрысыңды.

* * *

Қызықтырған қызықтың пайдасы үнем,
Алдап соғып адамды айласымен.
Қан жосыған жаныңды қасып тұрып,
Сипап қана жұбатар жай қасымен.

* * *

Күзетумен қақпасын талай күнді
Жоғалтып ем,
Менсінбей Арай күлді.
Бүгін енді ол емес, менің оны
Жек көруім туралы ол қалай білді?

* * *

Кеше ғана кетердей үзіліп дем,
Қараушы едім жолына сүзіліп мен.

Бүгін көрдім екеудің құшағынан...
Өндірлім-ау, оп-оңай бұзылып пең?

***

Талай бардым таланып төбетіне,
Қарамады-ау көзіме не бетіме.
Жақпады ма ілбиген түрім әлде
Олигархты асайтын тәбетіне.

***

Еркем едің, құлың ем арқалаған,
Бөртем едің, барымды орталаған.
Барымды да арымды таусып тастап,
Мендей құлды тауыпсың әр қаладан.

* * *

Жүрегімнің кім білсін жылағанын,
Өртенді ғой түтіндеп мына жаным.
Кәрісініп сен мені,
Жігіттердің
Бір түндік кып жүрсің ғой ұнағанын.

* * *

Сен қол жетпес Айдағы арман едің,
Мен - тапжылтпас тау-тастың тарланы едім.
Әттеген-ай, арманды жерге таптап,
Желкілдеп жүр әр үйде әр желегің.

* * *

Өзің едің аңсаған ақ маралым,
Жолың тостым, үздігіп көп қарадым.
Оққа ұшпай-ақ маралым мерт болғаны-ай,
Құшағына көміліп қап-қараның.

* * *

Қарамаушы ең жігіттің небіріне,
Бас шұлғытып қас, көздің әміріне.
Қап-қара боп аспаным бұлт жамылды
Тигеніңді көргенде негіріңе.

* * *

Көріктісі ең, еркесі ең жерлестердің,
Әй, әттең-ай, көргіші-ай көрместердің,
Құшағында кетіпсің шал-шауқанның
Ұпайына түскендей дәулескердің.

II

Анау көкте сарғаюмен Ай қалды,
Мынау белде қаңтарушы тай қалды.
Аңсап жетсем...
Сені көріп басқамен
Мекерлікпек шыққыр көзім байланды.

***

«Бір деуші едің өзіңменен бір демім!»
Айтшы қалай өзге жанмен жүргенің?
Мынау жүрек енді қайтіп босанар
Қапасынан кеудемдегі түрменің.

***

Қиналдым-ау, жауап таппай қиналдым.
Бір жүрекке қалай түнеп сиған мың.
Ақ төсіңе талай басты төселтсең,
Имандым-ау, бәсі қандай иманнның?

***

Ақ көйлектің қос етегі желбіреп,
Ақ балтырды аймалайтын жел-жібек.
Қос етекті шал сақалы түргенде,
Қоя берді-ау ер еңіреп, ел жүдеп.

***

Балдай еді-ау, қандай еді-ау ерінің,
Керемет ең, ғаламат ең, керімім!
Бар бозбала қырындаушы ек жолында,
...Шал-шауқанмен басылыпты-ау желігің.

***

Сен күлгенде әлем, ғалам күлетін.
Бар сұлулық сен деп қана білетін.
Кете бардың құшағында зәңгінің,
Кесіп тастап жүрегімнің бір етін.

***

Жалын атқан от жүректен жаспысың,
Еркінді ұрлар махаббатқа маспысың,
Мекерлігі мияулатқан ұрғашы
Бір-ақ сәтте жасар сенен тас мүсін.

***

Ел жатса да, сен жатпайтын, Қадишам,
Ақ төсіңе қол батпайтын, Қадишам,
Сүйіп басып, тиіп қашып бәріміз
Шетімізден болып ек қой падишаң.

***

Жарқ етіп сен өтпесең де Құралай,
Батпай, жатпай көк жүзінде тұра ма Ай.

Өкіне ме, өкіре ме жүрегім,
Қабырғамды сындырардай ұрады-ай!

* * *

Елемейміз есіңді ұрлар мұңды біз,
Баксың болса, ақылсыз да құндымыз.
Сатып алып қызығына батамыз
Құшағыңда күрсінсе де мұңлы қыз.

* * *

Ол есірсе, сен есіней күрсіндің,
Жұмбағына батып кетіп тылсымның.
Жиі ашылар қойыны ма - жауабы
Қыз есігін қаға берер дүрсілдің.

* * *

Бүркей берер түнегімен түн неге,
Жасырар ма құпия ғып бірдеме.
...Тұра қашты-ау тыржалаңаш ерке қыз
Еркелетер нең қалды енді...
Үндеме.

* * *

Мынау түн де, анау Ай да ғаламат.
Бар еркімді құшып еркем барады ап!
...Көзімді ашсам, еркем өртеп кетіпті
Әр құшақпен әр бұтаны аралап.

* * *

Қыздай болып жылытып ең қойынды,
Жобалап ем жасамақ боп тойымды.
Мұздай болып жүрегімді суыттың
Көрінгенмен құтыртумен ойынды.





* * *

Айналайын, аймалай бер өртіңмен,
Өліп кетсем, өкінбейін дертіммен.
...Әттеген-ай қалай ғана білмегем
Бір-ақ түндік болатынын сертіңнің.

* * *

Күліп тұрып жылағанын көріп ем,
Сүйіп тұрып сынағанда сеніп ем.
Күліп жылар, сүйіп сынар - мен болдым,
Жүрегіңді әркімге бір беріп ең.

* * *

Ыңырсуың естіртуші ед күй үнін,
Жандырушы ең тастап көздің қиығын...
Шошытты ғой шал-шауқан деп жатпастан
Оп-оңай-ақ шешілетін киімің.

* * *

Сен мұңайдың, мен - Құдаймын бір түндік,
Төсті төске басып егеп, бұлқындық.
...Естен тандым басқа еркектің астынан
Қара меңді жарқ еткенде бір кіндік.

* * *

Аққу мойнын көрген кезде бұрғанын,
Шапшып тулап тал бойымда тұр қаным.
Шақырайған көзі өңменнен атқанда,
«Апырайлап!» қоя берді құр жаным.

* * *

Той баққандар ой бақпастан тыншиды,
Аяштарға олар әман тым сыйлы.

Көк қағазды көкшіл көзге тоса сап,
Тас мықынды сипаған боп шымшиды.

* * *

Шөлмек көздің жайса кірпік - қолдарын,
Ұстатады мас мырзалар долларын.
Алақанға түскен жасыл қағазда
Білмейді ару сорып алар сор барын.

* * *

Қызыл арай, қырмызы түс - кешқұрым,
Қызыл өртпен қырдан асып көшті Күн.
...Білмей тұр-ау жарқ-жұрқ еткен жас ару
Пәгі өшерін тақымында ескінің.

* * *

Өліп өшіп мөли, әлде мөлиме,
Селеу шашты қыздары көп сол үйге.
«Здірәсти!» деген сәтте сезбейсің,
Айналып-ақ кеткеніңді холуйге.

***

Өшіп кетіп Айдың сүттей жарығы,
Арай таңның нұры бетті қарыды.
Естен тандым.
Өліп-өшкен қалқамның
Шал астынан жарқ еткенде қарыны!..

* * *

Саған ғана талпынса да жүрегім
Төлегенің болмадым-ау, Жібегім.
Бекежанға қайта-қайта атқызып,
Өлтіре алмай мені мүлде жүдедің.

***

Шат күлкіңнен әнді сорып, күй емгем.
Сүйем сені, мәңгі бақи сүйем мен.
Періштемсің, ақ қағаздай пәгімсің,
Тиіп, күйіп шықсаң да сан күйеуден.

***

Талағанда қинап ойды қызғаныш
Тынышынды кеміріп кеп бұзған іш.
Зинақорды кешірседе кей-кейде,
Жүрек баяу еңірейді-ау сыздағыш.

***

Қара түнді жұта-жұта Ай өлген.
Қысырымды ұрлай сорып тай емген.
Ай боп түнді, тай боп мұнды сорсам да,
Бақытым мен сорды табам әйелден.

***

Күліп тұрып жылар жанды мың өртеп -
Әйел шіркін таусылмайтын бір ертек.
Қанша жерден нәзік жанды болса да,
Жылап тұрып күле алмайды бір еркек.

***

Тоқта былай!
Бұр бетіңді әй, бала!
Тазалықты былғап, жыртып ойнама.
Ол жеңгең ғой еркек исін аңсаған,
Байғұстікі жеңсікті алдау ой ғана.

* * *

Тоқта, қашпа!
Баспа бетті әй, бала!

Сыңсып тұр ғой зарға бөгіп айнала.
Ол жеңгең ғой сыңарынан айрылған
Мұңын бөліс, айналайын аймала.

***

Анау көкте сұп-суық боп Ай қалар.
Шаңырағың сықыр-сықыр шайқалар.
Жат қойнынан атып тұрып жалаңаш
Мияулаған жарың емес, сайқал ар.

***

Етектерін ашып-шашып желіккен
Аңсаймыз біз сайқалдарды неліктен?
Әлде оларды жүр ме шайтан азғырып,
«Аларың көп - деумен - әсем көрікпен!»

***

Әй, қарағым, айналайын, ойнама,
Апаңдаймын, қьшжағыңды қой, бала.
Арамдықпен ауызданбай аулақ қаш,
Өз теңіңнің тәттісіне той, бала.

* * *

Әй, қарағым, айналайын, келсеңші,
Қойыныма жып-жылы боп енсеңші.
Суық төсек тас боп тиді-ау жамбасқа,
Тұл жүректің сұм тілегін берсеңші!

***

Қызықтаймыз қыз-қырқынға құмартып,
Айлы түнде қайғы қамап, күнэ артып.
Астын, үстін тілмен жалап сайқалдың
Үйкелейміз жүйкемізді жұқартып.

* * *

Құшағына қысып алса мұң неме
Өтпестей боп созылады түн неге?
Түршіксін де күрсінсін тек жүрегің
Махаббаттың жетімегі, үндеме!

* * *

Аймалай бер, айналайын, тоқтама!
Өзіңменен бірге түсем отқа да.
Екеумізді айыратын бір Алла,
Бұл сәтімді бұзғызбас ем сотқа да.

* * *

Айналайын, аймалай бер, аймала!
От жалынға толып кетсін айнала.
Тозағым да, жұмағым да қойныңда,
Бар күнәма куәм анау Ай ғана,
Айналайын, күйіп барам, аймала!

* * *

Тылсым көктен жетті, мырзам, күрт әмір,
Пәктігімді, ақтығымды жырта біл.
Құшағыңда өліп кетсем, өкінбен
Кешірсін тек бар күнәмді бір Тәңір!..

* * *

Көзің күліп, өзің күліп жарқылдай,
Қойыныма сүңгіп кеттің тартынбай.
...Ақырзаман жеткені ме, апырмай,
Тұра алмайтын аруы ерге артылмай?

* * *

Өткен шығар екеумізден бір ағат,
Мен қайтейін, қалқам, сені кіналап.

Ешкім сезіп білмес еді-ау,
«Әлдиің»
Кіндігіңнен тұрмағанда сығалап.

* * *

Сиқыр сазбен, сырлы жырмен тұсап қап,
Отырғанда нохчи қызын құшақтап,
Өр намысты қайран шешен жігіті
Кетіп еді дәл желкемнен пышақтап.

**III**

Оранып күңгірт бейуақты,
Келемін өрлеп қырға мен.
Алдымнан тосып бейбақты
Мазақтап күліп тұрды әлем.

* * *

Құшақтап алып біздерді
Қойнына басқан кешкілік.
...Таба алмай сол бір іздерді
Ұлиды іште ескі үміт.

* * *

Қыз сыры - сондай нәзік ән
Мөп-мөлдір жас боп тамғанда,
Өксікке толы базынаң
Естілмес мынау жалғанға.

* * *

Бір-ақ төк кекке шыла да,
Іштегі зардың өксігін.
Қажырлан сонсоң, жылама,
Жалынын жанның төксін үн!

* * *

Қинайды жанды, ойды өкпем,
Өзім деп жүрген бойжеткен
Олигарх шалды құшақтап,
Өткізіп жатыр тойды еппен.

* * *

Көрсем де соны қаншама,
Тамсана берем, тамсана.
Торықтым...
Бикем бергенде
Жүрегін шашып баршаға.

* * *

Сүйе алмасаң біреуді.
Көпке күліп қарай бер.
Қаралап ақ тілеуді
Әркімге бір... жарай бер.

* * *

Тапқандай-ақ сәулемді
Ілесіп ем бұрымға-ай.
Өкше түйіп кеудемді
Кете берді бұрылмай.

* * *

Ашып-шашып қойынын
Жатты жайрап «сұлуым».
Зинақорлық ойынын
Тыя алар ма ұлуым?..

* * *

Көзден атып жарқылды,
Білмей мүлде парқымды,

Тұрғанымда
Мойныма...
Күнәм боп қыз артылды.

* * *

Мұнарта ма мынау күн...
Мінді арқама...
Мынау кім?..
Сілки алмай ширкінді
Иіскелеуім - күнә-ау тым...

* * *

Көгершіндей күркілдер
Бәтшағар-ай, бәтшағар.
Кездеседі-ау ширкіндер
Босағанда шақшалар...

* * *

Күннен мүлде түн бөлек,
Қаяу мұңға тұр бөлеп.
Келмес пе екен кермиық
Келер екен кімді елеп...

***

Қақты ару қыз іргемді,
Тіл-көмейім күрмелді.
Таба қойдым, бұқтым да,
Кеудемдегі түрмемді.

* * *

Өзекке толы өксікті
Жалғанға зарлап төк, күнім.
Запыран жасты көк шықты
Тәңірге тасып кетті үнің.

* * *

Таба алмай жүрсем күндізден
Түнде іздеп неге қиналам.
Кеудеме сықап мұң тізген
Тағдырым осы-ау қинаған.

* * *

Санамда тұрған шарайна
Сағынар іздеп өзіңді.
Ұрлаған сені Сарайға
Қараумен құрттым төзімді.

***

Жат жұрттыққа жаралған
Шығарып сап шат қызды.
Кәрі енесін пара алған
Бір-ақ ұрып жатқызды.

* * *

Алдап ұрып арманды,
Тұншықтырып үмітті,
Бай етіп бай шалды алды,
Мазақ қылып жігітті.

* * *

Ашып тастап бар тұсын
Ұятты да ұятсыз.
Таба алмай жүр «жартысын»
Өтті ғұмыр миятсыз.

* * *

Махаббаты бір түндік
Жыры мәңгі бітпейді.

Бере қоймай мүмкіндік
Жыға салып... бүктейді.

* * *

Орнында көп тұрмайды
Мықындағы киімі.
Жақындасаң, «ымдайды»
Тиіп кетіп бүйірі.

* * *

Болғаннан соң қайтеді
Жүрек бөлек,
Бас бөлек.
Шал да болса - бай теңі
Бас қатырмас жасты елеп.

* * *

Тулақ төсеп астына
Қайытар жас үлектей,
Кәріні де, жасты да
Жібермейді түнетпей.

***

Жігіт-желең үзілмес,
Болғаннан соң тым мырза.
Шал-шауқандар...
Тізімдес
Аруға емес, күңге ырза.

***

Жөні мүлде жөн емес
Қарға мейлі, қарғама.
Өкініші мол емес -
Жоғалтқаны ар ғана.

* * *

Шынынды - нәзік сырынды
Ұға алмай жүнжіп өтем бе?
Естірте алмай жырымды,
Қиярмын қалай бөтенге...

* * *

Төк мейлі зарды, төкпе енді
Сен емес, тағдыр жылауық.
Өксіте бермей өкпенді
Сілкініп, тыншы бірауық.

* * *

Алданып кейде жүресің,
«Өзім!» деп сүйіп өзгені.
Жылайсың,
Сонсоң күлесің:
«Көрген - деп - мынау көз нені?»

* * *

Шалқалай түсіп «тойғызып»
Еттей боп асқан бір асым.
Зинасын көріп, бой қызып,
Суынып сонсоң тынасың.

* * *

Барыңды, арды бекер ғып,
Жаныңды жалғап сенгенде,
Апырай, сұмдық мекерлік
Арманды мүлде жеңген бе?..

* * *

Еркелеп келген еркемді
Құшақтап құшып өртенгем.

...Шал досын көріп ертеңгі
Ішегім тарта дерт емгем.

* * *

Айта алмай сырды іштегі,
Бір күліп, бірде жылағам.
...Шарап боп шалқып ішкені
Қойнына ол шалдың құлаған.

* * *

Қайтейін мұңды сапырып,
Іштегі дертпен өртенсең.
Жүрмес ең, еркем, лепіріп,
Мен құсап өрттен дерт емсең.

* * *

Ақ арман Айға балап ем,
Ақ еркем, аппақ жүзіңді.
Аларып маған қарап ең...
Ниетің неден бұзылды?

* * *

«Бат!» - десең, батып көлге мен,
«Жат!» - десең, отқа жатар ем.
Ерніңнен анау шөлдеген
Шықпайды неге қатар дем?

* * *

Тұрып жатқан шалғайда
Аш, жалаңаш қыз еді.
Тиіп алып шал байға
Бар кемісін түзеді.

* * *

Мені өлердей сүйіп-ақ
Шашыратқан Күн нұрын.
Алпауытқа тиіп ап,
Ала қашты шылбырын.

* * *

Кеше от боп табысып,
Бүгін кеттің неге енді
Бөтен ерге жабысып,
Айтсаң мендік өлеңді?

* * *

Екеумізге сүйсінер
Кетті-ау анау Ай құлап.
Бопсың шалға исінер...
Мен отырмын қайғыны ап.

* * *

Өксідім-ау,
Өксігім,
Төк көзімнің көк шығын.
Құлар ма екен кірпіктен
Ұялаған көк шыбын?..

* * *

Түн ғып жарық күнімді,
Жүрегім қақ тілінді.
Мекерлігі еркемнің
Еселеді-ау мұңымды.

* * *

Кімге шағам мұнды мен,
Алдап жүрсе елігім.

Тауып жүрсе, үңгіген
Әркімнен бір жерігін.

* * *

Талықсытып таңсәрін
Бал еріннен от емгем.
...Бүгін еркем аңсарын
Қандырып жүр бөтенмен.

* * *

Әттеген-ай, аяп мен
Сақтамап па ем қыр гүлін.
...Сол гүлді таптап аяқпен,
Кім көрінген ұрды мың.

* * *

Қайтейін-ай, қайтейін
Құр шайнаймын бармақты.
Кешегі гүлдей Ай теңім
Алдады да зарлатты.

* * *

Жаны, тәні кіріккен,
Екеу едік біріккен.
...Шал қойнына енгізіп,
Қай Құдырет іріткен?

* * *

Адалдықты, кесекті
Арулардан тосып ем.
Жая бермей өсекті,
Бітірейін осымен.

VI

# Қайран ғана күндер-ай сайрандаған!..

(Кәрілік мұңы)

р



Қараушы еді-ау жолыма Ай дәметіп,
Жырымды іздеп, сәулесі сайға кетіп.
Бүгін енді Ай-бикеш кәрісініп,
Аулақтайды ойымды ойран етіп.

* * *

Әдетімен серілік түз ғұрпының,
Шұбыртушы ем ізіме қыз-қырқынын.
Әнім де жоқ, сәнім жоқ қыз қарайтын
Жаным әлсіз ыңқылдар күз қыңқылын

* * *

Жүрегімнің қыл шегін шертіп, өріп,
Топырлайтын арулар елтіп еріп.
Тақырланып қалған соң сол маңайым
Күрсінумен барамын дертіме еніп.

* * *

Қош айтысып кетсе де талай көктем
Анау баққа үңілем мен әйнектен.
Сыңғыр күлкі алыстап барады өшіп,
Аяп қана төнеді тек Ай көктен.

* * *

Қызық еді-ау қызынып өліп-өшкен,
Қызық еді-ау табыну танып естен.
Табынуды кәрілік таптап өтіп,
Қызынуым күл болып жанып өшкен.

* * *

Естелікке елпілдеп үңіліп ем,
Қымбаттымды таппадым бүгінімнен.
«Аршын төсті бір сипат!» деп жалынып,
Басқа не бар Тәңірге жүгінуден.

* * *

Мұң сауып ғұмырымнан күн айналса,
Менімен өксіп бірге түн ойланса,
Етекті қағып, сілкіп тұра алмаймын
Еліктей ерке аруға ұнай қалсам.

* * *

Қайтемін айтып бекер өкінішті,
Өксітер өткен шақтың өті күшті.
Мен бүгін бір кірпішін таба алмаймын
Қалаушы ем аяштардан бекіністі.

* * *

Сағындым аруларды, аяшымды,
Жаратар жанасу мен таясуды.
Құнығып қос өркешке тұмсық тыққан
Ұмыттым аппақ төсті кей асуды.

* * *

Жетеді кәрілікке пенде біткен
Бойдағы суық қаны кенде өрттен.
Көз сүзер арса-арса ұрғашыға
Адасып қалғаннан соң енді еліктен.

* * *

Әні жоқ, әуені жоқ кәріліктің,
Көк жөтел - барар жері бар үміттің.
Қайтейін жетім жүрек бүлк етпеді-ау,
Жеткенде бір бикешке сарылып тым.

* * *

Мен едім еліктерді еркелеткен,
Жырыммен көп жүректі өртеп өткен.

Елік түгіл есекке жете алмаймын,
Қусам да дауылдатар вертолетпен.

* * *

Жер қозғалып кетердей екпінімнен
Тойынушы ем тоят ап көп түнімнен.
Желкелеген жетпіске шыдай алмай,
Көлеңкеме қадаймын бетті үңілген.

* * *

Тұл кеудемде бір түйсік оянғанда,
Жаутаң қағып қараймын қарайғанға.
...Сылқ түсемін оп-оңай қызып тұрып,
Су сіңіріп алғанмын қалай қанға?

* * *

Бет-аузымды жапса да сақал-мұртым,
Болсам деумен бір сәтке нахал қыртың,
Ақ білегін арудың ұстап қап ем,
Шапалақпен сарт еткен қақалды ұртым.

* * *

Көнуші еді-ау арулар дегеніме,
Бас сұғатын таласып көгеніме.
Кім сенеді көгеннен ажырап қап,
Өкініштің опығын жегеніме.

* * *

Сездім бүгін бүрісіп күз ызғарын,
Қалтыратқан жанымда сыз із барын.
Жынын берген бақсыдай жалғыз қалдым
Топырлатып жинаушы ем түз қыздарын.

* * *

Қызығына тоймастан сал дәуреннің,
Көмейінен сорушы ем бал Сәулемнің.
Сол Сәулемнің бал берер дәурені озып,
Құшағына көмілдім енді әуремнің.

* * *

Аруыңды аялау - өнер шыңы -
Деп едім мен - күркілдер көгершіні.
Күркілі де күңкілі естілмейтін
Күйсандықпын қаусаған тегершігі.

* * *

Жазым өтіп, күзіммен араластым,
Ай күлімдеп, көгімнен қарамас Күн.
Қыз-қырқынның адасып ауылынан,
Жазылмастай жанымнан жараны аштым.

* * *

Көшіп кеттім қыр асып кешегімнен,
Алмастырып тұлпарды есегіммен.
Есігімді тоздырған бикештердің
Бірі қалмай, жоғалды есебімнен.

* * *

Айтқызбай-ақ орындап тілегімді,
Бұрымына орап ап жүрегімді,
Күлуші еді-ау арулар...
Енді бүгін
Тас төсекке төсеймін білегімді.

* * *

Сыбызғы үнді сылқымның сары балдай
Жұтушы ем-ау бал демін үріп, Алла-ай.

Бал демдерді шөл демім үркітті ме,
Гүл еріннің жоғалды бірі қалмай.

* * *

Мінгізіп алып қашқам тайға қызды,
Ұмытып «пайдамыз» бен «қайдамызды?»
Жұртыңа тастап енді кеттің, жастық,
Кезінде шығарушы ең Айға бізді.

* * *

Аспаннан алақанмен Күн, Айды алып,
Күлуші ем көріктіме ұнай қалып.
Көрпеме оранатын бөрікті ғып,
Уақыт тоқтамайды шыр айналып.

* * *

Дос түгіл білінбейтін жауға мінім,
Жүрегін сүйіктімнің сауған үнім.
Асқарды аласартып асқақтаушы ем,
Қараймын еңсем түсіп тауға бүгін.

* * *

Ел батқан жазғаныма «Елім-айлап»,
Жер жатқан табаныма көгін айдап.
Ал бүгін елім, жерім танымайды,
Жылар ма, өлсем ертең, егіле аймақ?...

* * *

Болдырмас бір туғанның екі өлімін,
Алашым аялаушы ед шекелі ұлын.
Мұң қылып жыр-сырымды көміп тастар
Түксиген төрелердің бөтенімін.

* * *

Құлшынып түспесем де жарысқа тым,
Атыма қанық еді алыс-жақын.
Жолатпай БАҚ-қа билік билігімен
Жақ талып, тіл күрмеліп, қарысқан үн.

* * *

Қайталап аппақ төсті жаншығанын,
Жасаушы ем бар қимылын қаршығаның.
Төс те жоқ, оттай ыстық төсек те жоқ
Төгемін естеліктің тамшыларын.

* * *

Күн батқан-ды. Мен жатқам қырда күліп,
Қыз шаттанды. Төңірек тұрды аңырып.
Сол түнімнің елесін ұстатқызбай,
Ұрғылайды кеудемді бір жаңғырық.

* * *

Ентіктіріп, есті алып дүркін демім,
Сай қуалап ұзаған күлкім менің.
Күркілімнен күлкімді таппай бүгін
Мұңайтады таусылмас «шіркіндерім».

* * *

Қара түннің табушы ем аппақ таңын,
Қара шаштан аршушы ем аппақ санын.
Атпас таң боп аппақ сан көзден ұшты,
Милықтырған миымды батпақтадым.

* * *

Айрылса да пәк дейтін тұмарынан,
Талай ару шыққан-ды құмарынан.

Сол күндерді еңбектеп іздеп кетем,
Естеліктің шаңытқан мұнарынан.

* * *

Қара жерге шандатып жамбас ұрып,
Тақымдаушы ем еркемді танды асырып.
Күмбірлейтін күйлерін қайыра алмай,
Қыл шектерім қозғалмай қалды асылып.

* * *

Ақ төстерді үйкелеп, желіп өтіп,
Алушы едім Айды да серік етіп.
Сағындырған жазымнан кысқа қарай
Теріс қарап барамын кері кетіп.

* * *

Қара түнде адаспас көреген ем,
Қол созушы ем көрпеңе керегеден.
Жарық күнде із таппай жүрмін енді
Айрылып қап бәйгішіл жеребемнен.

* * *

Ырылы мен қорылын тыңдап қана,
Түннен ерткем қалқамды ымдап қана.
Ит те, әже де түк сезбей қалушы еді...
...Енді өксимін өзекті тырнап қана.

* * *

Жанып ұшып жанымның жабығынан,
Аялайтын аяшты жанығып ән.
Жабығымнан тәнімнің мұң сорғалап,
Кәріліктің құтылман тамұғынан.

* * *

Жанарымды жарымның көркі жарып,
Жүрегімде сезімнің өрті жанып,
Лапылдаушы ем алау боп,
Бүгін енді
Тұншығамын бықсықты ертіп алып.

* * *

Ақ тамақты ақ сүтті Айға малып,
Аршын төсті жатушы ем жайлап алып.
Ай толғанда іздеумен ақ тамақты
Топырлайды кеудемде ой қамалып.

* * *

Тұрақ таппай тыпырлап шалқыды ойым,
«Ақ некенің тойла - деп - алтын тойын».
Қызығы мен қызуы азайған ба,
Сабасынан аспайды салқын бойым.

* * *

Алтын тойым - бәрібір жарқын тойым,
Билеп алған қуантып парқымды ойым.
Бар тойымды бір тоймен жасап беріп,
Көрсетеді әлі ертең халқым бойын.

* * *

Тіл-көмейден дәмін ап, татып балдың,
Әнмен жанын еркемнің сатып та алдым.
Кәріні аяп кермарал керіліп ед,
Күркіліммен тұншығып жатып қалдым.

* * *

Елі мақтар, қыз жақтар ер Едіге
Боп батушы ем ләззаттың тереңіне.

Отқа мұзды төсердей қасіретгі
Кәрілік қып тосудың керегі не.

* * *

Аппағымды құшушы ем алдыма алып,
Ақ ернінен ішуші ем балды малып.
...Ақ еріндi аппағым кемпір бопты
Сол күндерден, Құдай-ау, қалды ма түк.

* * *

Ай астында жарқылдап жанып ойнап,
Аппақ санды шапақтап салып ойнақ.
Кісінеткен айғырдай қайран ғұмыр,
Дәстүрің бе қайрылмай қалып қоймақ.

* * *

Хор қызынан артық боп үр дегенім,
Қуыршақ қып құлшынып жүрген едім.
Бүгін енді ұрыншақ үр сұлулар
Бар-жоғымды ұмытқан мүлде менің.

* * *

Қол батпайтын, татпайтын алмасынан,
Таптап сүйіп, басыма қанды асырғам,
Алмам кетіп, Алламды таптым бүгін,
Адалдыққа, пәктікке жан бас ұрған.

* * *

Өрт қып жағар сезімге қараймыз ба,
Жүрек әнін шертуші ек талай қызға.
...Жасөспірім өзіңнен аумай қалған
Іздеп кіріп келер ме абайсызда?..

* * *

Шідерленген сезіммен күндерім-ай,
Бал сорғызған көмейден тілдерің-ай.
Ұмыттырып барасың соның бәрін
Үскірік боп шығатын құр демім-ай!

* * *

Лепіруші ең жетердей Айға демің,
Көзім тоймас көркіңе айнам едің.
Қаспақ бопсың бүгінде ит жаламас,
Дәмі балдай көңілімнің қаймағы едің.

* * *

Қызғалдағым, қып-қызыл қырмызым-ай,
Үріп салған ауызға үр қызым-ай!
Көрдім кеше... Уақыт қандай жауыз!
Ешқашанда тұрса ғой түр бұзылмай...

* * *

Қызығы көп, қайғы жоқ, қайран жастық
Ойын қуып, ой қумай, сайрандастық.
Кәріліктің бүгінгі көтеремі
Көкжөтелмен күркілдеп майданды аштық.

* * *

Ұмтылғанда бір аунап, төсіңе ауып,
Бара жатты көз тұнып, есім ауып.
Көз аларды, ес бітті,
Аунау қайда...
Кәріліктің құртты ғой сесі сауып.

* * *

Кердең кеуде күлкішіл аулақтатып,
Тас үйірген екпінмен, тау қаптатып,

Жалғыз жүрек жалғанды елемеуші ед
Жар төсектен әр төске аунап жатып.

* * *

Үкі тақтық, тай міндік жайды бар ғып,
Бозбалалық жасадық, қайын бардық.
Бәрі қалды бүгінде баянсыз боп,
Ой таппаймыз той түгіл пайымдарлық.

* * *

Жас ұлғайып, өзгерер түрі-түсің,
Қауқылдасар азаяр тірі кісің.
Тазаң азып кеткен соң, күнің озып,
Өлі түгіл өтпейді тіріге ісің.

* * *

Неге мені тапты екен мына кесел,
Дауылдай боп тап басып бір-ақ есер.
...Мүмкін әлде қиналып қажымасам,
Ойлантатын тұл бойды туа ма әсер.

* * *

Қай пиғылым тартқызды дерт азабын,
Айтушы ем ғой «Елім!» деп серт азанын.
Сыбырларға сырымды ұрлаттым ба,
Кеудемдегі мерт болып мәрт ғажабым.

* * *

Екіндіңе етпеттей тіреп, созып,
Жалын қашар кеудеңнен, жүрек тозып.
Уайым көп, үміт аз шаққа жетіп,
Қоштасасың шуақпен түнекке озып.

* * *

Сенісерге жан таппай, жаның күйіп,
Іші арамның сұмдығы жанында ұйып,
Күрсінесің сарғайып сағынумен
Жастығыңды жіберер жалын құйып.

* * *

Киіп алдым қамыт қып кәрілікті,
Бір қайғыммен жоғалттым бар үмітті.
Қырғи ем-ау құтқармас қырғауылды,
Көңілдестің кешегі бәрі ұмытты.

* * *

Сүйгізбей бал ернінен сүйіктімді,
Жүректі ауыздықтап күйік мінді.
Жетпістің желкелеген жендеттері
Шоғыма қанды жасты құйып тынды.

* * *

Ілгергім аз, кейінгім қаптап жетіп,
Тірсек теуіп, өкшемді таптатты өтіп.
Кәріліктің қысы кеп қысып алды
Ызғары мен аязын сақтап жетіп.

* * *

Ой шалдырған түндерім адастырып,
Темірімді тоздырды ағаш қылып.
Өмірімді аздырды жұлқып, жұлып,
Көбейген соң кәріңде оғаш қылық.

* * *

Қайран ғана күндер-ай сайрандаған!
Қайран ғана үндер-ай жайраңдаған!

Ойламаушы ем самайға бояу жағып,
Қырау қыстың жетерін ойрандаған.

* * *

Жеткізердей қызынса Айға демін
Жүрегімді бұлқынтып қайрап едім.
Ысылдатып дем емес,
Ызғар шашып,
Кәріліктің аязын жайған ерін.

* * *

Бикеш көрсе, құтырғыш белсендің ем,
Бір жүректі бар қызға бөлсем кілең.
Бүгін енді арудың жүзі келсе,
Көтере алмас кәрімін еңсемді мен.

* * *

Жинап алып аяшты ойдан, қырдан
Түндерім-ай тулатып майдан құрған.
Майдан да жоқ, сайран жоқ,
Ойранымен
Қайтейін-ай жетпісті бойды алдырған.

* * *

Жетпісіңнің жыртақай қырты міне,
Іші жылап тұрса да, сырты күле,
«Кетсем - деумен түнімен дөңбекшиді, -
Қара көздің байланып кірпігіне!»

* * *

Жүрек мынау бұлқынып тына алмаған,
Қалқаш анау түлкідей бұлаңдаған.
...Запыран жас сақалды суарады,
Кәрілікті қалап ед кім Алладан.

* * *

Өрт боп жанған өзектің буыменен
Көмейімнен атылды туып өлең,
Жетпісіме он сегіз жеткізбесе,
Еңбектеп-ақ бәрібір қуып өлем.

* * *

Қондырғанда құлпыртып Күн өлеңге,
Сыймай кетем үй түгіл бір әлемге.
Сылқ түсемін,
Шалсынып сұлу ару
Мекерліктің кірпігін тірегенде.

* * *

Қайдағы мен оралып жайдағыға,
Мұңымды айтам мұңайып Айға мына.
«Баяғыдай тілімді бір тигіз, - деп -
Сонау балдай еріннің қаймағына!»

* * *

Сақал-мұртқа жабысқан мұңымменен
Өткеніме өгейсіп үңілген ем.
Кермиығым керіліп шыға кеп ед,
Бір тұтам шек қалмады тірілмеген!

* * *

Терезөмнен әлі де Ай төнеді,
Сол бір ару түсіме қайта енеді.
...Жапырағы суылдап ән сала алмас
Томар болған ғұмырдың бәйтерегі.

* * *

Таңым кеш боп таусылып ауғаны ма,
Жалаңаштап күз жетті бау-бағыма.

Ызғар ессе демімнен
Кім сенеді
Талай төске шуақ боп жауғаныма.

* * *

Жүрегімнің жалындап өртіменен,
Қыз-қырқыншыл тұрушы ед бөртіп әлем.
Бүгін енді қыз көрсем, қыбыр етем
Қыл ішегін жанымның шертіп әрең.

* * *

Алғанымнан қармагым кетпейді әлі,
Тұрмаса да баяғы өтпей сәні.
Шаншар едім қармақты олай, бұлай.
Кәріліктің қайтейін шектейді әні.

* * *

Құлаушы еді-ау арулар ыңғайыма,
Кімді Күнге теңеуші ем,
Кімді Айыма,
Күнім батып, Ай жатып қалғаннан соң
Батып кетті кәрілік шымбайыма.

* * *

Қыл ішегін жүйкемнің дірілдеткен
Талай түнде талайға ұрын жеткем.
Бұрынғымда ұрыным қалып қойып,
Жүрек тозып,
Жүйке азып,
Сүрінді өкпем.

* * *

Қырымы мен жастықтың Ұрымынан
Ақ тамақты өбетін ұрынып ән.

Әнді ұрлатып,
Сәнімді жоғалтқан соң,
Жылан көрем аяштың бұрымынан.

* * *

Аршын төстен табушы ем тоят түнін,
Қып-қызыл ғып пәктіктің бояп гүлін.
Серіліктің күнәкар сергелдеңін
Өкінішпен ыңырсып оятты үнім.

* * *

Аппақ ардай пәк, таза қайран ару,
Түк еместей сен бар да Айға бару.
Ай да, ару да тазасын тоздырған соң -
Басталды ғой оп-оңай майдалану.

* * *

Жүрек тулап, бой қызып, қаным ысып,
Сілекейін жұтушы ем қанып ішіп.
Табысар ем қалқаммен сағынысып,
Қайран шақтың кетіпті-ау сағымы ұшып.

* * *

Қызығына батқанда әңгіменің
Атқызушы ед қызартып таң ды демім.
Қыз түгілі кемпір жоқ мүлгіп тыңдар
Әңгімемді, әнімді енді менің.

* * *

Жазы өтіп кетіпті-ау ғұмырымның.
Екпіні жоқ бұрынғы дүбірімнің.
Елең етер назданып қас-қабақ жоқ
Естілсе де ысылдап күбірім мың.

* * *

Көгершіндей кездер-ай күркілдеген!
Көк көрпенің қимылы-ай бүлкілдеген!
Күркіл де жоқ, бүлкіл жоқ ес тандырар,
Көкжөтел боп көмейде іркілді өлең.

* * *

Ақ иықты жатушы ем құмға аунатып,
Қара көзден жаныма нұр саулатып.
Сан сақина сынып ед қара түнде,
Жүрмін енді қу жанды құр саулатып.

* * *

Төсті егеуші ем аямай төске мықты,
Сертке мырза кездерде, бәске күпті.
Өкпе болған төстерге қарап бүгін
Оята алмай отырам естелікті.

* * *

Иіскеуменен әр гүлдің бәрін де мен,
Елжіреуші ем әр түнде әр үнменен.
Гүл еріннің бүгінде бірі қалмай,
Неге сонша, апырай, тарылды Әлем?

* * *

Қондырып ап оңаша қырға түнді,
Аяқ-қолым аш белге шырматылды.
...Көп жұлдызды жамылып жанымды өпкен
Ұрлап кетті-ау уақыт қымбатымды.

* * *

Күн батты да қымбаттым ашты қойнын,
Ақ тамақтың үстіне басты қойдым.

...Ойпаң-тойпаң шаңдатар арқасымен
Сағынамын күрсініп жастық ойнын.

***

Сұқтанғандай көркіне ең бір әлем
Жанарына батушы ем мөлдіреген.
...Көмейіме кептеліп ащы түйнек
Запыран жас айрылмас енді менен.

* * *

Жанарынан тапқанда нұр шуағын,
Жанушы еді-ау жанымда мың шырағым.
...Сол жанармен тағы бір жылына алмай,
Кімге керек қапаста тыншығаным.

***

Қайран жастық жүргенде бағып Көкті,
Жүрегіме бір жұлдыз тамып кетті.
...Жұлдыз түгіл шоқ түспей, суық тәнім
Сағыныштың жасымен ағып кетті.

***

Асау жүрек соғатын дүбірлетіп,
Ару менен аяшты дірілдетіп.
...Баяу жүрек жасырып кемпірінен
Анда-санда бүлк етер, күбір етіп.

* * *

Тізілгендей жұлдыз бен Ай кісеме,
Қара көзден кеудеме жай түсе ме,
Жасын атып жанардан жарқыраушы ем,
Жылт етпестей байландым бәйбішеме.

* * *

Қарсы атылып, бөгелмей құз, дауылға,
Жетуші ем-ау шаңдатып қызды ауылға.
...Есер шақтың есті ұрлар батылдығы
Ыңырсиды қу жанның сыздауында.

* * *

Алмасынан сипаушы ем алма беріп,
Алауланып жайнаушы ед алма көрік.
Алма төс пен алма өңді таппай бүгін
Ұлиды ішім қалғандай арманы өліп.

* * *

Жоғалтып күлу менен жылауды естен,
Жөтелтіп көмейіңе тұмау көшкен.
Көктем мен аруыңа орала алмай,
Күзіңде бүрісесің қырау кешкен.

* * *

Сыңғыр-сыңғыр күлкісі қандай ғажап!
Сол күлкіні сімірер қанбай қазақ.
...Қызыл иек қылғынтып күлкі төксе,
Түсіп кетер удай ғып таңдайға жат.

* * *

Көркем едің, бөртем ең, еркем едің,
Ес тандырып, елжіреп еркеледің.
...Еркелігің көбейді ер біткенге,
Мекерліктің сызымен өртенемін.

* * *

Қызуын-ай, шоғын-ай жанарыңның,
Бұлықсуы-ай көзді ұрлап анарыңның.

...Әттеген-ай, қайтейін табылғанын
Әр бұтаның түбінен қанарыңның.

* * *

Сені ойласам жанымның шалқиды әні.
Айтар едім бір саған жан пиданы.
Қайран жылдар қаңғытып кетсе-дағы,
Өзің десем, ой-бойым балқиды әлі.

* * *

Жас тамады кірпіктен бүртік-бүртік,
Нәзік қылын жанымның түртіп-түртіп.
Жылытар ем құшақтап баяғыдай,
Бұл жүрегім қайтейін жыртық, тыртық.

* * *

Атқызғам қырда арумен таңдарымды,
Жаңғыртқан жадыратып ән жанымды.
Бүрістім кәріліктің уысында
Тып-типыл етіп кеткен жан-жағымды.

* * *

Іліп ем эстон қызын, армян қызын,
Түнімен талай тоңның жарғам мұзын.
Бүгінде эстонка жоқ, армянка жоқ,
Ұрлаған үмітті жел,
Арманды - ызың.

* * *

Бал сорғызып көмейден, тұсап үнді,
Жамылатын жан еркем құшағымды.
Сағыныштың сызымен қалш-қалш етіп,
Жамыламын мен енді құса-мұңды.

* * *

Ойсыз құлақ тыңдамас жүрек әнін,
Ұғынбастан күлгенін, жылағанын.
Даңғазаның іздейді жалған үнін,
Қамап тастап қапасқа кіл адалын.

* * *

Көп сіңірген тұшынып әнді кеудем:
«Әнге ұйыған тіршілік мәңгі!» деумен.
Әнді, мәнді шірітіп жіберіп жүр
Қойыртпақты құсатын әңгілеу дем.

* * *

Шығарса да жұлқынып жамбас бүлік,
Отырушы ем алдыма ап, малдас құрып.
...Жамбас сипар алақан ару таппай,
Ауыруды алды ғой алмастырып.

* * *

Қоштасқам балалықпен қимай-қимай,
Табысқам жігіттікпен сыйлай, симай.
«Ағалық - даналық!» деп ойлаушы едім,
Кәрілік басты еңсемді қинай-қинай.

* * *

Көзімді байлап тастап жемпіріне,
Ілесіп кете барғам жер түбіне.
...Қараймын сол жемпірін кисе екен деп,
Сықсиған қасымдағы кемпіріме.

* * *

Жылатпа жан жарыңды еңіретіп,
Қадамай қанжар сұсты өңіне тік.

Жүргенде тұщы, ащыны кезек ішіп,
Кеткенін білмей қалма өмір өтіп.

* * *

Орнатқан ашық көктен қара күнді,
Ақтарған кесем толы шарабымды,
Отырмын арбай алмай, қарғай алмай
Қалқамды... албастымды... қарағымды.

* * *

Сарыарқам, - самалы ем, сағым далам!
Сарғайып сағатым жоқ сағынбаған.
Еркемді еркелеткен еркең едім,
Тұсатты кәрілікке бағын балаң.

* * *

Кездер-ай сездірместей мүлде бүлік!
Көздер-ай кетердей тік Күнге кіріп!
...Тездер-ай кәрілік боп сығып алып,
Жүректі жаныштаған жүрген ұлып.

* * *

Ойлатпас барды, жоқты,
Кімді, нені,
Сұлудың сипағанда гүл білегі.
...Жоғалып барым, жоғым,
Кімдер, нелер
Жүректі қыс аязы тілгіледі.

* * *

Жеңіп, жаулап жастықтың арсалаңы,
Ойламадық мұң-зарды баршадағы.
«Елім!» дейсің еп-ерсі енді бүгін
Жүрегіңнің біліні шаршағаны.

* * *

Күмпиіп ең күпініп, тәңірсініп,
Құл ғып алып жершілдік, тамыршылық.
Құм құйылды аузыңа, шындық жеңіп,
Қыбырлайды кеудеңде жан ыңырсып.

* * *

Көргенде аққу мойын - білегіңді,
Жүгіргем қолыма ұстап жүрегімді.
Балшыққа сол жүректі таптап езіп,
Жерледің махабатшыл бір өмірді.

* * *

Жүрекке салғызған соң шідеріңді,
Үзе бер адалдықтан күдеріңді.
Қарайсың қыз жолына жаутаң қағып,
Біле алмай жыларыңды, күлеріңді.

* * *

Емі жоқ шер көңілдің шемендеткен,
Гүл жастық менен де өткен, сенен де өткен.
Шырынын сығып алып ғұмырыңның,
Жүректі күңіренте бебеулеткен.

* * *

Талай құсты қондырып, аймаладық.
Талай төстен болдырып тайғанадық.
...Құс та, төс те көзімнен бұл-бұл ұшып,
Естелікті отырам ойға малып.

* * *

Қиналдым қимай ғана жастығымды,
Масайрар махаббатпен мастығымды.

Дүние-ай, қандай жаман қоятының
Дайындап қарттық дейтін қастығыңды.

* * *

Бәрібір сыйлап өтем кәрілікті,
Кәрінің жастан гөрі ары мықты.
Арманды жастық қуса қос атпенен,
Шал-шауқан сақтап қалар бар үмітті.

* * *

Тоқтамай өмірді ұрлар күн айналып,
Барыңды, жоғыңды да сынай қалып.
Қанжардай қиып түсер жастық өтіп,
Сәл-пәлге отырасың мың ойланып.

* * *

Түкіріп темекіңнің тұқылына,
Кеткендей кегің жаттың тұқымына,
Қарайсың саусағыңа мүсіркеумен
Арудың қадалатын мықынына.

* * *

Қыздарды қағып түсер телпегімен,
Жалған-ай, мен кешегі тентегің ем!
Күркілдеп кәріліктің қаскүнемі
Өзімді ұрып жықты келтегімен.

* * *

Іздесе ізімді аулап алыс-жақын.
Шығады ұшпағына қалыс хақым.
Шалсынып шапшып кеткен қаракөзбен
Қайтадан оралады таныс тақым.

***

Тағы да шықсам шіркін қырға бүгін,
Қыздың да, құстың да аулап қыргауылын.
Қараймын терезеден құр тесіліп,
Жастықтың қайтара алмай бір дауылын.

* * *

Татқанмен ащыны да, дэмдіні де,
Тапқанмен мэңгүртті де, мэндіні де,
Омалып от басында оқшауланып,
Отырмыз жүрт күзетіп енді міне.

* * *

Елеусіз, ескерусіз жұртта қалып,
Жүруші ем мұртқа кейіп, қыртқа налып.
Ал... анау «салақтарын жегізгенде»,
Тұншығып өліп кеттім күрт қақалып.

* * *

Өмірім тұр көкжиек іргесінде,
Мезгіл-гұмыр қалтылдап тұр бесінде.
Көкжиекті кеңітіп, ақшамға еніп,
Кіре алсам ғой асықпай...
Кірмесіме...

***

«Көрдім!» деп ем... көп екен көрмегенім.
Алдым біраз, көп бірақ бермегенім.
Өтіп кеткен бұлдырап қайран дәурен
Қызықтырып бір сәттік терлегенім.

* * *

Өкініш көп өксікпен өзек кемір.
Өте шығар менен де кезекті өмір.
Тістеп қаппын үндемей малға ұқсап,
Айтар кезде у тілді безеп небір.

* * *

Құнсыз кеткен күндер-ай қайран ғана,
Алданатын сатылып айранға да.
Ең болмаса, шіркін-ай, бір шықпаппын
Кеудемдегі үреймен майданға да.

* * *

Ағартып басты, шашты жас айқындай,
Кәрілік жастан шалды қашайтындай
Болса да,
Уақытқа көнгім келмес
Әлемді қайта өзгертіп жасайтындай.

***

Мен емес кекселікте тұрақтаған,
Жастықпен айрылмастан бір аттағам.
Сыртынан қызды ауылдың қыдыңдаудан
Қуса да жылдар легі...
Жырақтаман.

* * *

Сезімнің мөлдіріне шымырлаған
Шертетін қыр-сырымды сыбырлап ән.
Шіркін-ай, екі айналып келер ме еді,
Тәңірдің сыйлығындай ғұмыр маған.

* * *

Қарайды тереземнен Ай қабарып,
Тіл өшті. Бұрынғыдай сайрамадық.
«Қайтар!» деп өгейсіткен жастығымды
Айтармын арызымды қайда барып.

***

Айғыздап жүзімді әжім жентек-жентек,
Басамын аяғымды әлтек-тәлтек.
Жуасып жүнжиді деп кім ойлаған
Қыздарға қырғи болған мендей тентек.

* * *

Қызыл көрсе құлпырған жастығым-ай,
Мақпал шашты төсеген жастығына-ай!
Қызыл да жоқ, қыз да жоқ шаш иіскетер
Кәріліктің аңдығыш қастығын-ай!

* * *

Дүрсілі аз жүректің бұрынғыдан,
Амал қашты бүгінде жырындыдан.
Жер түбінен іздейтін шүйкебасты
Қалған көңіл селт етпес бұрымдыдан.

* * *

Желкелеген желкемнен жетпісім-ай!
Ыстығы жоқ. Ызғарлы бет-жүзің-ай!
Сары майдай толықсып жатқан қызға
Бір аунатпай шыдатқан ептісін-ай!..

* * *

Жастығымды жібердім аттандырып,
Бірге кетгі желбуаз мақтан қылық.
Егделіктің есігі тосып алды
Бөгде жүріс, бөгде ойдан сақтандырып.

* * *

Күлкім сөнген, күмілжір күркілменен,
Бал сора алмай тіліңнен, іркілді дем.
Арқа-жарқа қос арқа тебіседі,
Қимылы жоқ көрпенің бүлкілдеген.

***

Қайран менің от шашқан жастығым-ай!
Ақ төстерден жұмақты ашты Құдай.
Сол жұмақтан тым ерте ажыратып,
Неге шал ғып қорлайсың жасты, Құдай!

***

Түндерім-ай тулатқан қайран менің!
Қыз-қырқынды шулатқан майданда едім.
Қаймақ беріп тілімнен, бал сорушы ем,
Кімге керек ендігі айран демім.

***

Қыста тұрып аңсаймын жаз күнімді,
Мәздігімді қалдырған,
Назды үнімді.
Қабағымнан танитын арулар жоқ,
Бүгін кімге айтармын наз, мұңымды?

* * *

Ақтара алмай көңілдің құштарлығын,
Кәрілік боп қиялды қыштар күнім.
Аппақ төстің алмасын сығар уыс
Ақ сақалды тарамдап ұстар бүгін.

* * *

Қарт бөрісі болсам да қыр күзектің,
Баяғыдай келіп ед бір тыз еткім.
Ақ тілекпен ақ төсін тосқан қызға
Ырғып шықпай...
Қайтейін, түн күзеттім.

***

Өзің едің топ қыздан таңдағаным,
Қанар деп ем шүпілдеп қанбағаным.
Қап әттең-ай, сақинаң сынып қапты,
Шырқай беріп үзілді-ау таңдағы әнім...

* * *

Түн күзеттім бір аунап бара алмадым,
Төске төсті ырғап от жаға алмадым.

Санды санға ұрғылап өрт тұтатар
Жастық шіркін білдірді жоғалғанын.

***

Қызды ауылдың сыртында түсіп, өтіп
Өткізетін күндер-ай кісінетіп.
Қапқан жерін қандатпай босатпайтын
Бір жерімнің бүгінде тісі кетік.

***

Жел кеулейді кеудемді азынатып,
Қалмаған соң қазардай қазына түк.
Көкіректі көк аяз, қырау шалып,
Күзі туып келеді, жазы батып.

* * *

Ақ таңым боп, еркем-ау, ататын ең.
Аппақ санды жастанып жататын ем.
Таң да, сан да көзімнен бір-бір ұшып,
Үзік-үзік кеудеме батады дем.

* * *

Бал беруші ең тіліңнен буып ырық,
Көмекейің түбінен суырылып.
Сол түндерді еске алсам, есім танып,
Отырамын аузымның суы құрып.

* * *

Таба алармын қалқамды қайда барып,
Қапты бүгін қолқамды қайғы аларып.
«Қалқам»» дегіш бұл қолқам талқан болып,
Шуағы жоқ күзімде жайрады анық.

* * *

Жүріп едім баяғы ізімменен,
Көмейімде тәп-тәуір тізілді өлең.

Бірақ соны тыңдатар ару таппай,
Кездескенді енді ұқтым күзімменен.

* * *

«Бәрібір махаббатты жырлап өтем,
Енбеймін ол бар жерде сырға бөтен!»
Деуші едім,
Кәріліктің құрсауында
Сұм жүрек болып кетті құлға мекен.

* * *

Жүрек тілеп кеудеме көмді нені?
Оралмайды арудың оң білегі.
Ыстық суып, тәттімнің дәмі қашып,
Табиғаттың шықты ма соңғы демі?

* * *

Өтіп жатқан көбі зар күніміздің,
Шырмап алған жылауық түні күздің.
Сен - жалын от,
Мен - сүр мұз болсақтағы
Құшағымыз табысар түбі біздің.

* * *

Қайран жастық!
Дүлеймен алысқан мың,
Сағын талай сындырған шабысқанның.
Науқас жеңіп, дертіммен келіскенмін,
Бүгін міне мұңыммен табысқанмын.

* * *

Қойған соң көрпеш түгіл марқа қалмай,
Көңілім құлазиды барқаланбай.
Кеткен соң қыз-көктемім қырдан асып,
Жүремін күйік бұлтын тарқата алмай.

* * *

Айта алмаймын арызды аруыма.
Қынаптағы жан бітпес қаруыма.
Берсе Тәңір бір сәтке жастығымды,
Қанар едім ләззаттың бар уына.

* * *

Қайран менің сонау бір жас жүрегім,
Жылдар жылжып өтті де қашты реңің.
Бұрынғыдай бұрқ етіп елтуің жоқ
Жетегіне берермін басты ненің?

* * *

Түнде жортып бөрідей, күндіз қалғып,
Бірін-бірі жүруші ед ұл, қыз аңдып,
Қызды әже ғып, жанарын сығырайтып,
Қойды уақыт қаусатқан бізді шал ғып.

* * *

Көнеміз де уақыттың дегеніне.
Қос бүктелген бәкідей дене міне.
Тасты шайнап, құм бүріккен қайран жастық
Басты керді қарттықтың көгеніне.

* * *

Ер болғаным, mon modam, айдан анық.
Талай төстен түн сайын тайғанадық.
Mersi, madam! Көзіңді көп қыспашы,
Қарттық торға тұр ой мен бой қамалып.

* * *

Барар едім, алар ем ақ теріңді,
Өбер едім қана алмай тәтті ерінді,
Уақыт шіркін, қайтейін, шырмап қысып,
Қыңсылатып қойды ғой көк бөріңді.

* * *

Түседі еске кей кейде серілігім,
Марқамды маңыратқан бөрілігім.
Тақымға азуды бір басар ем-ау,
Айналып келсе бір сәт кері елігім.

* * *

Аршын төс ашылғанда жайрап анық,
Қарайтын тауды сүзіп Ай қамалып.
...Шіркін-ай, сол бір мезет қайта оралса,
Сайранды салар ең-ау сайға барып!

* * *

Қайран кез тіземен шаң бұрқыратқан!
Жер-көкке іңкәр ыңқыл шұрқыратқан!
Әлемді асты-үсті боп тербеткенде,
Асығып атушы еді-ау шұрқырап таң...

* * *

Қарттықтың кім ойлаған қияметін,
Ашытып тәттісіне құяды өтін.
Толтырып қар мен мұзға тастайды екен,
Жастықтың жайлаудағы қия бетін.

* * *

Ұстатпай кеткен ұзап шіркін күнім,
Өксік боп төгіледі күлкім бүгін.
Берер ем қарттығымның бар ғұмырын
Жастықтың оралта алсам бір күндігін.

* * *

Бүлкіл жоқ, күркілі көп кеудесінің,
Ұйқысыз ойға батар әуресі мың.

Елесі есін алып елігінің,
Ыңырсып басып кетер тәубесін үн.

* * *

Қам, мұңсыз балалық тап - жылы бесік.
Кетесің жігіттікке тіліп, есіп.
Кәрілік - тамырсыз қу томар десек,
Томардан шығар кейде шілік өсіп.

* * *

Талып жетер бір ызың қоңыр кеште,
Кейін қалған түсіріп өмірді еске.
Оятқанмен жүректің нәзік қылын
Ілесе алмай қалдық қой небір көшке.

* * *

Кешкі бейуақ. Батыста қызыл арай.
Күй естілді кеудемді сызып, орай.
Кәрі жүрек дір етті дүр сілкініп,
Жас дәуреннің өткендей қызы қарай.

***

Аспан қандай биік ед жас кезімде,
Талай ару сүйіп ед мас кезімде.
Төбем бүгін төмендеп, ару қалмай,
Үнсіз-түнсіз қамалдым тас төзімге.

**II**

Сен құмарттың қырдың қызыл кешіне,
Мен құмарттым сенің биік төсіңе.
...Қызыл кеште биік төсті аңсаумен
Естелікті сала қоям есіме...

* * *

Іздеуменен сұлуларды, жоқ әнді,
Ыстықкөлді, у-шуы көп жағамды.
Оймен ғана тоймай құшып өткенді
Барым, нәрім, тыныштығым тоналды.

* * *

Қинамашы, қия алмаймын ұйқымды,
Құшағыма құла да өзің, дамылда.
Кірпіктерің айқасқаны сүйкімді,
Тынық, сәулем, тас кеудемді жамыл да.

* * *

Көз алдыма тағы оралды естегім -
Жігіттіктің жаз ғұмырын кешкенім.
Кәріліктің желі үрлеп кеудемнен
Қалт-құлт еткен жанбас қайта өшкенім.

* * *

Тәтті еді ғой сәл жымиып күлгенің,
От еді ғой өрт боп шарпыр тым демің.
...Көмейіңнен аяз ұрып тұр бүгін
Мұзға айналып кеткенімді білмедім.

* * *

Балдай ернің қызғалдақтай қырмызы,
Көз жаулайтын еркем едің нұр жүзі.
Нұрлы жүздің бал еріні солып қап,
Кейуана боп тұр сықсиып қыр қызы.

* * *

Алға сүйреп дедектеткен арманың,
Жолатпастан жаңғақтай да жарға мұң.

Шортанын да, жайынын да жайғаушы ем,
...Бүгін енді бос қайтады қармағым.

* * *

Көктің сауып түні бойы жұлдызын,
Құшағымда тулатушы ем хұр қызын.
...Боран бүркеп Ай, жұлдызды тұмшалап,
Қыбыр етпес кеудемде бір ындызым.

* * *

Құшақта - ару, төбемде - көк, жанымда -Ай,
Дүниені ораушы едім жалынға-ай!
...Жалын түгіл кеудем жылтар жалғыз шоқ
Бүгін енді қасқалдақтың қанындай.

* * *

Қара шашқа қарағанда қызығып,
Бар әлемге симаушы едім қызынып.
Күрсінемін, түршігемін білмей қап,
Кемпір болып кететінін қыз-үміт.

* * *

Қыз-үмітті жігіт - арман іздеген,
Жетем деумен желік күдер үзбеген.
Кемпір-үміт шал-арманға сықсияр
Қырау басқан өңіндегі күзбенен.

***

Ақ маралын шарлап іздеп тапты энім,
Бал ерінді шал ерінмен таптадым.
Өбіп жатып өліп кетсем арман не,
Алау таңның көрмей ғана атқанын.

* * *

Індетпесем ынтықтықтың неге інін,
Босап қапты кеудемдегі көгенім.
Аруларым - аққуларым қиялда,
Қиналғаным - миды алдадым дегенім.

* * *

Сағым болды сағындырған шақтарым,
Іздемейді таппағаным, тапқаным.
Білмеппіз ғой ғұмыр дейтін пәнидің
Қара кеште жоғалтарын ақ таңын.

* * *

Жылжи қонып жастығымнан жыраққа,
Ару үнін енгізе алмай құлаққа,
Кәріліктің тозағына қамалып,
Қош айтыстым тірідегі жұмаққа.

* * *

Асып кетіп, тасып кетіп шарамнан,
Ән мен күйден, сыр мен жырдан нәр алғам.
Бүгін енді қара көзден жарқ еткен
Бір іңкәрді көру ғана бар арман.

* * *

Тапқандай-ақ аңсап күткен Жібегін,
Атой салып аласұрды жүрегім.
Шытқа айналып сол жібегім бір сәтте,
Жүрегімді жылаттым да жүдедім.

* * *

Сен деп қана дүрсілдейтін жүрекпен,
Сен күлгенде күрсінбейтін тілекпен.

Жүргенімде көлеңкеңе жете алмай,
Шашты ағартып, көзді алартып күн өткен.

* * *

Көп еді ғой құрбылар да, құрдас та,
Кейде оппонент, кейде көбі сырлас та.
Қара, сары, аппақ, сұрша сұлулар
Естелік боп бүгін симай тұр баста.

* * *

Сүюім де, күюім де көп еді,
Мұң мен сырдың асқағы да төмені.
Сүйіктілер сиреп бітіп, сұйылып,
Күйік жасын ішіме өртеп төгеді.

* * *

Мен даламмен жалғастырғам қаланы,
Жігіт еткем шыбықтай жас баланы.
Кездестірген секпіл бетті Жаннамен[1]
Кремльдің оттай Қызыл алаңы.

* * *

Қызыл ту мен Қызыл алаң әнімен
Талай ұлттың аруларын танып ем.
Сол күндерім ескіргенде алыстап,
Кәдімгідей естелігім - жаныма ем.

***

Ару, аяш, - болсаңдағы эр ұлттан
Бір-ақ тілмен сайрайтын-ды ағып қан.
Бүгін сонау сұлуларды таба алмай,
Шыбын жаным сығалайды жабыққан.

[1] Жанна Прохоренко, актриса

* * *

Қызығымен қыран-топан еткен күн,
Өткен күн боп, күрсіндіріп жеткен мұң.
Өткендерді, кеткендерді сағынып,
Сыға берем өксік үнін өкпемнің.

***

Алаңым жоқ Алаңына қызылдың!
Сол алаңға қарауыл боп тізілдім.
Жаңғырығы шат күлкімнің қалықтап,
Жатқан шығар талай мөрі ізімнің.

* * *

Көргенде алғаш таң қалдырған баланы
Сұп-суық боп сұп-сұр Қызыл алаңы.
Табыстырған кейін ыстық пейлімен
Прохоренко, Кастро, Юра, Валяны[2].

* * *

Ақ көңілмен айтар тілек, тостарын
Көп еді ғой шетелдік шын достарым.
Ұмытылып бүгін мүлде барады-ау,
Жалынға орар кеудедегі эн, бастағы үн.

* * *

Әзілдесіп румынның қызымен,
Латышкаға ілтипат қып үзілем.
...Өзгелердің даңғылында адаспай,
Кейін қайтқам бабалардың ізімен.

***

Өзге ұлтгың тамашалап ән, биін
Құшақтаумен сұлуларын талды иін.

[2] Жанна, Фидель, Гагарин, Терешкова

Бәрінен де артық көрем бәрібір
Жан жарымның қазақша айтқан әлдиін.

* * *

Қазағымның ғажабындай - ән, күйім -
Көз жұмғанша мәңгі тыңдар әлдиім!
Әлдиімнен ана уызын татқандай,
Еміренер, тебіренер жан күйім.

***

Қан боп тарар тұла бойды аралап,
Ән-күйімнің ғажаптығы ғаламат.
Сөзсіз, сазсыз әуенсымақ дарылдап,
Әсерімді айғыздады жаралап.

* * *

Назға шыдар көп еді ғой құрбылар,
Бос буынмен босаң тұсты ұрғылар.
Қасқая кеп, сақ-сақ күле бұраңдап,
Жатқандарың бір жығылып, бір тұрар...

* * *

Жалындаған жастық отын жандырып,
Жас жүректің әр дүрсілін ән қылып,
Сайрандайтын қайран ыстық күндерден
Естілмейді бүгін тіпті жаңғырық.

* * *

Мен күлгенде, сен күлмейсің елжіреп,
Қалам сонда жаным жасып, мен жүдеп.
Қалай анау ақ жүзіңе жараспай
Ызғар шашар кеудеңдегі сең-жүрек.

# VII

# Тым ыстық-ау тоқалдың жамалы

## (Тоқалдар сыры)

Сақалыма шайтанды мінгізгелі,
Жүргізбейді-ау жол тосып бір қыз мені.
Жабығынан жанымның сығалатпай,
Тоқал етіп жүрмін ғой кіргізгелі.

* * *

Пай-пай шіркін аусардың аңсарын-ай!
Жүре берем қашанғы тамсанып-ай.
Тоқал етіп қолыма қондырар ем,
Кеудесінде бір шоғым жанса былай...

* * *

Келдім, көрдім ақ жүзін айнадайын,
Айналайын тоқалды, аймалайын.
Әй, білмеймін, етектің қанауы көп,
Кімнен туып жатқанын қай баланың.

* * *

Кейде олай мінезі, кейде былай,
Болмай шықты-ау шұнақ қыз ойдағыдай.
Түніменен терімді сорып алып,
Таң алдында сұрайды қайдағыны-ай.

* * *

Түр-түсіне өлердей қызығып ем,
Қызығып ем, жамбастап қызынып ем.
Бәйбішемді бақыртып, баламды ұрып,
Берекемді қашырды бұзығымен.

* * *

Бәйбішеңді, өзіңді бағындырып,
Тоқал сүйсең, кетеді-ау жаның кіріп.
...Кәрі сүйек саудырап түні бойы,
Тар төсектен тұрасың әлің құрып.

* * *

Олар - екеу. Сен - жалғыз. Ұрыс мықты.
Сорлы отбасы ұмытты дұрыстықты.
Мандайынан тоқалдың мүйіз шығып,
Табанында тапталып ырыс бітті.

* * *

Жас тоқалдар жарасар жас қалаға,
Тоқалдардың парады Астанада.
Желікмасы бәрібір демес олар:
«Бәйбішенің көзінен жас тама ма?»

* * *

Гүл құшатын көңілін көмір етіп,
Астанада барады өмір өтіп.
Тоқал алып, той жасар жаңа отауда
Бұл жақтағы ұл-қызын еңіретіп.

* * *

Жас денені суық төс мұздай қарып,
Жалын жүрек жатсынып сыздайды анық.
Іңкәрімен іңкэрін сусындатпай,
Тоқал болып тозып жүр қыздай халық.

* * *

Көңілін де өмірін алдауменен,
Ен байлыққа құмартып ауғанда дем,
Тән құштарын таба алмай сансырайды
Түні бойы қарт байын сауғанменен.

* * *

Шалдар билеп алды да Астананы,
Ұмытты немерені - жас баланы.

Тоқал күйлеп, шаршатып сүйреген соң
Сақалдарға тамшылап жас тамады.

* * *

Отыратын самалға төсті беріп,
Алматының сәні еді кешкі көрік.
Баса алмайсың төсті де, төсекті де,
Тоқал менен масадан кескі көріп.

* * *

Болғаннан соң жоғалтқан ақыл қайғы,
Не десе де шұнақ қар - мақұлдайды.
Лыпасымен кәрісін бастан төпеп,
Қызынан да ол жап-жас боп шақылдайды.

* * *

Балтыр сипап топ-толық қара ала етік,
Босс-бастығын бөксемен жанап өтіп,
Жүрген хатшы көз құрты - тоқал болып,
Шыға келер бір күні жалаң етіп.

* * *

Тоқалың кім білмейсің, мүйіздің кім,
Айналғанда тозаққа үйі ізгіңнің.
«Ойранын-ай! Бәйбішем - қайраным-ай!»
Деп зарлайсың жегенде мүйізді мың.

* * *

Тәрбиесі-ай шіркіннің, қылығын-ай,
Қылығының тәттісі-ай, былығын-ай!
Талайларды жусатып, өргізіп жүр
Тоқал атты жердегі тірі құдай.

* * *

Тоқал алдың, пәлеге басты салдың,
Ұйқысы да, күлкісі қашты шалдың.
Түр-түсінен ұлының ұқсас таппай
Болып алды бүгінде ол бас күмандың.

* * *

Көз суарып тоқалдың анарынан,
Суыра алмай қу жанын жанарынан,
Салбыраумен әукесі қор болуда
Қанып ішпей... іше алмай қанарынан.

* * *

Кейде кетіп үйінен, кейде... нетіп,
Дұрысынан ұрыс көп бейнеге өтіп
Тоқалынан сұрайды кім екенін
«Түнде келген штансыз жейделі етік?»

* * *

Күдік шіркін күдік қой күшіктеген,
Анда-санда пысқырса «пұшық» немең,
Ыңыранған көп аунап тоқал түнде
Қайда асығып кетеді ішікпенен?

* * *

Өсек шіркін себепсіз қоздана ма,
Желауыздан желпінбес сөз қала ма:
«Байы кетсе... - дейтіндер сып-сып етер -
Шұнақ тоқал артылар бозбалаға!»

* * *

Мән бермейтін күйеу көп өсекке де,
Құштары өшкен шоқ төсер төсекке де.

Тоқалынан құшағын ала қашар
Аңсары ауса әйелдің есекке де.

* * *

Жанын, нәрін аямай сорып жатыр,
Комбайн ғой - байлығын орып жатыр.
Байы жоқта көз сүзген жас тоқалдың
Көңілінен шығарлар толып жатыр.

* * *

«Әттең!» - дейсің күрсініп - осы әдет
Бір сұмдыққа бір сұмдық қосып әлек.
Ертең ұлдан мұндағы көрсең жаулық
Өз бидайың өзіңе
Шошыма тек».

* * *

Дала шіркін дана ғой тәртібімен,
Малы өсетін бұтаның әр түбінен.
Хатшы қызды бүлдірді қала бүгін
Топылдатып сәбиді «фартугінен».

* * *

Заңсыздықтың залалын ескермесе,
Тоқал алу дәстүрі төске өрлесе,
Адамдықтан айрылып қалмаймыз ба,
Хайуани тірлікті қастерлесе.

* * *

Әй, бәрібір қызығам тоқалыңа,
Опа бермес бұл Жалған опалыға.
Отырсам ғой сазандай санды сипап,
Толтырып ап шайтанды сақалыма.

***

Тоқал алсам, қызықтың бәрін алам,
Топырлайды бұзықтың бәрі маған.
Тозағың мен жұмағың - бәрі осында
Білмес соны тоқалсыз кәрі надан.

* * *

Өкпем өшіп, алқынып, ентігемін,
Дірілдейді шайқалып жер-тірегім.
Мен бәрібір тоқалмен тоқайласам,
Төс үстінен кетсе де ертіп өлім.

* * *

Тоқал шіркін - көз құрты, еркем менің,
Өзімдікі - жанғаным, өртенгенім.
Бәйбішемнің сұп-суық арқасынан
Ұмытылды түн сайын дерт емгенім.

* * *

Қанға бүгін жалынның кірісі көп,
Тоқал алу - Алланың бір ісі тек.
Бәйбішесі бажылдап қарсы алатын
Алматыны қайтемін ұрысы көп.

* * *

Балам қалды өгей боп, калам қалды,
Олай-бұлай шұбырттық тәмам жанды.
Араласқан тоқал мен сақалдардан
Астанамның іргесі қаланған-ды.

***

Айналайын алдантар тоқалымнан,
Тартып, жұлқып ойнайтын сақалымнан.

Алматыдан құтқарған Астанам-ай,
Бажылдағыш бэйбіше, нақал ұлдан.

***

Неон шаммен жарқылдап жанады аспан,
Жат қойнында бұлқынған жалаңаш тән.
Кіріп келген шал күйеу естен танса,
Әмиянын жас тоқал ала қашқан.

* * *

Қашу, қуу қаланың сәулеті боп,
Көгендейді тоқалды әулекі топ.
Түнде тиер ақ төсі шал күйеуге,
Күндіз сүйер өзгені қауметі боп.

* * *

«Қайда бардың? Із-өкшең қайдан келді?»
Сұрақ-жауап ашады майданды енді.
Жас тоқалдың тәубасыз түл тірлігі
Айналдырды тозаққа қайран төрді.

* * *

Апыр-топыр төсектен тұрып алып,
Аш денеге халатын іліп алып,
Кигізеді лыпасын шал басына,
Зауқын баспас шамасын біліп алып.

* * *

Қос анарын көзімен тесіп өтіп,
Кеше ғана құмартқан есі кетіп,
Түні бойы шымшылап ұйқы бермей,
Енді міне қойғаны-ай есінетіп.

* * *

Қырға жетер күндер-ай тайға мініп,
Ойнақ салар түндер-ай Ай жамылып,
...Енді міне тоқалды құша беріп,
Талып түскен...
Ұстатар қайдағы үміт.

* * *

Талып түскен. Көз жасы ағып түскен.
Құр көкірек.
Қауқары қалыпты істен.
Дымы құрып, барады сырты суып,
Бір өксігі дірілдеп жаныпты іштен.

* * *

Дымы өшсе де, бәрібір кете алмайды.
Құрғыр көзді ақ борық еті алдайды.
Арман шіркін арман ғой қылаңдаған
Түйіссе де төске төс... жете алмайды.

* * *

Құмартса да бір кезде бал тіліне,
Үрке, қорқа енеді әр түніне.
Жанығады жас тоқал түрткілеумен,
Мүсіркеумен қарап ап шал түріне.

* * *

Оралғандай жау қуып ертуілден,
Өкпесі өшіп, дем құрып ентігумен,
Жантәсілім қылады-ау байғұс кәрің
Құшағында тоқалдың бөртіп умен.

* * *

Жанталаса жарысып бір-бірімен,
Тізіп тастап тоқалды түр-түрінен,
Жүрсе-дағы Астана боздақтары
Кейде жылап кетеді мұң тілімен.

* * *

Өксік - тарғыл, алмасар дауыс ала,
Тоқал бажа төсегін ауыса ма,
Жылжып қонып бірінің бірі үйіне
Тазалығын некенің тауыса ма?

* * *

Желік билеп, желпініп тұра салып,
Бура болған мойынын бұра салып,
Топ еткізіп тоқалды енгізеді,
Жаңа отауын оп-оңай құра салып.

* * *

Жармасса да ақ қылшық сақалына,
Қырғидай боп ұрынбақ тоқалына.
Бір қағуға жетпестен әл-дәрмені
Құлай берер құлдырап апанына.

* * *

Жас тоқалдың қартынан күйі бөтен
От пен мұздың шарпысы қиын екен.
Күйеу кетсе ертемен жұмысына,
Кіріп келе жатады жиі бөтен.

* * *

Ұрғашысыз күн көру күйік екен,
Тоқалы бар адамның күйі бөтен.
Не өзімнен, өзгеден тапсын бала
Әукем түсіп ширкінді сүйіп өтем.

* * *

Өсегіне өзгенің пысқырмаймын,
Болған емес ешқашан ышқыр қайғым.
Тұра қашса үйімнен талай төбет
Ойбай түгіл, ысылдап ысқырмаймын.

* * *

Тоқал ыстық қылығы... былығымен,
Асты-үстіме түсетін қылығымен.
Аяқ-қолды бұлқынтпай шырмап тастар
Үсті-үстіне туатын түлігімен.

* * *

Не жасаса, шыдаймын бэріне де,
Жасарды ғой жас қанмен кэрі дене.
Ғ ұмырыма жалғасып кірікті ғой
Тоқал ширкін тоңқаңдап жаныма ене.

* * *

Бәрін беріп, сіміріп нәрін алам,
Тоқал исі жасартар дәрі маған.
«Тоқал алған тозаққа енер!» дейтін
Күншілдер ғой уызға жарымаған.

* * *

Тоқалы көп топырлар бай кісіге.
Артық емес әрине бәйбіше де.
Анда-санда бір келсең Алматыға
Құшағыңа күрсінер байғұс ене,
Бар-жоғыңды тамсанар байғұс еме...

* * *

Көре алмайды күйіңді оттағандар,
Жаманды емес, жақсыны тек жамандар.
Тоқалы жоқ қызғаншақ бәтшағардың
Қаламынан төгілер төрттағандар.

* * *

Өзі қызып өңмендеп, көзі қызып,
Түсетіндей безектер безі үзіліп.
Тоқал түгіл жезөкше жолатпаса,
Қаламынан шашырар сөзі бұзық.

* * *

Малтаңды езіп жаза бер, көзің сүзіп,
Жаутаңдаумен, жазғышым, төзімді үзіп.
Қара сияң тоқалға ақ боп жұғып,
Сол сияңа батарсың өзің жүзіп.

* * *

Жалыққан соң бәйбіше от көсеуден,
Байыменен жанжалға бет төсеуден,
Келіседі,
Ішімен керіссе де,
Қабаттауға тоқалды төрт-бесеуден.

* * *

Төрт-бесеуі тұс-тұстан талағанда,
Үйі түгіл, толғанда дала қанға,
Өкіріп кеп күйеуі, өксік жұтып,
Бәйбішеге тығылар - пана жанға.

* * *

Ұрыс-керіс... қараусыз қызыметі,
Өліп-өшпес... жанығып қызып еті.
Тоқал алдың - енгіздің топалаңды -
Бар беделді қаусатар бұзып өтіп.

* * *

Бәрі қалды қызықтың. Бәрін алды,
Бойдағының сүзіп тым нәрін алды.
Мұрагер жоқ. Сол үлкен өкініші
Бір тамшысы ұрық боп дарымады.

* * *

Тістедің не бармақты, тістемедің,
Таусылады екен ғой күш дегенің.
Сорып алып жас тоқал әл-нәріңді
Жалпақ жұртқа жайып жүр істегенін.

* * *

Абыройың бар еді-ау мынау деген,
Жойдың бәрін ақ төске құлауменен.
Қаңғып қап ең... бәйбішең тауып алды
Күніңді өткіз енді өксіп жылауменен.

* * *

Төбеттей боп арсылдап абалаған,
Мен емеспін, жарқыным, табалаған.

Бар айтарым: жан жарын сатып кетіп,
Жас құшақтан ар, жанын таба ма адам?

* * *

Ынтығыңды қалаған жүрегіңмен,
Ұстамап пең жарыңды білегінен.
«Тоқал!» деумен тоғытып жанына мұң
Айырасың неге оны тілегінен.

* * *

Бар бейнетті салып ап иініне,
Көтермеп пед сені осы биігіңе.
Патша-Құдай түбінде таппай қоймас,
Бәйбішеңді батырсаң күйігіне.

* * *

Тоқал мынау сылаңдар шығып алдан.
Қыздары анау көз жасын сығып алған.
Анасының мұң-шері қанында ұйып,
Кек, қыжылды кеудеге тығып алған.

* * *

Бар бол, бай бол, бәрібір бір өлесің,
Ең ақырғы қақпаңа тірелесің.
Табылмайды қасыңнан ұл, қыздарың
Есінде қап есірген құр елесің.

* * *

Құтырасың тәңір боп екіленіп,
Бір ошақты қақ жарып, екі бөліп.
Ескі ұяңнан таба алмай мейірімді
Байқұс күймен тынасың... жетіп өлік.

* * *

Сақта, Құдай, күпсініп далиғаннан,
Айрылудан нәпсі іздеп ар, иманнан.
Мақшар күні құнысып тұрмау үшін
Қара жерге тыққанда пәни Жалған.

* * *

Төсегіңді ластасаң неке сіңген,
Өтер тойың бақылдап текесінген.
Тоқпағына тоқалдың төтеп бермей,
Қор боларсың мысқылды кекесінмен.

* * *

Бәрі өтеді. Бітеді желігің де,
Тартылады көңілдің көлі мүлде.
Бәйбішеңе жете алмай, мықшиясың
Қошқардай боп сүзгенде елігің де.

* * *

Аш нәпсінің тас төсті селі тіле,
Бөрідей ғып қосатын елігіне.
Бос алақтап... үзіліп үзеңгісі
Міне алмай жүр шабатын көлігіне.

* * *

Көкірек-ай, қиялды құс қып салар,
Уақыт-ай, жастықты қыс қып тонар.
Көтерем қып шұнақ қар тез қартайтып,
Асты-үстіңді оп-оңай мыс қып талар.

* * *

Түсінгенде тоқалдың мекерлігін,
Сезімінің сендірмес бекерлігін,
Жау тауып ап суыған ошағыңнан
Мысық қуған иттей боп өтер күнің.

* * *

«Мен ұлымын көкемнің. Мен не етемін...
Оқымай-ақ дәу болып ержетемін.
Бәйбіше етіп көршінің әйбат қызын,
Тоқал қылам сүлейдің ең бөтенін».

* * *

«Тоқал алу - дүниенің қызығы екен.
Бір күні бал, бір күнің шұжық екен.
Тотай тоқал ұл-қызды айдап шықса,
Аталады екем мен бұзық әкем!».

* * *

Алғаным-ай басыма бэле сатып,
Қалш-қалш етем тоқалым қараса тік.
Ұрсып, соғып кеткенде сырт айналып,
Отырамын сезбестей балаша түк.

* * *

«Жыртып, жамап жанымды, тепшігенін,
Запыран ғып көмейден төкші, демім!»
Десем-дағы тоқалға түк дей алмай,
Өңешімде көмілер өксігенім.

* * *

Сор, қорлықтан ыза боп, жол ашты да,
Сің ді ашуым үн-түнсіз жер астына.
Тотай тоқал төбемнен төмпештейді,
Басып алып ол енді мені астына.

* * *

Көп екен-ау шыдам мен төзім деген,
Дәл бұндай боп ешқашан езілмеп ем.
Із-өкшесін таптырмас мекерліктің
Бізін қадап кеудеме, өзім де өлем.

* * *

Өлтірсе де, атса да үндемеймін,
Отқа жанды жақса да, дым демеймін.
«Ақ төсінді езгілеп, есім шығып,
Бар кегімді алармын түнде!» деймін.

* * *

Нәпсі шіркін бүгін тым жалақтаған,
Төрелер көп тоқалды қабаттаған.
Тоят түні қылжиып кейбіреуі
Жүрек тоқтап... масайрар таңы атпаган.

* * *

Бәсекемен бәрібір тоқтамайды,
Шал кеудеге қып-қызыл от қамайды.
Кәрі дене өртеніп, күлге айналып,
Ажал немең нәпсісін ноқталайды.

* * *

«Тоқал жанның қайғысынерітеді!» дей.
Өмір сүрмек кей мықтың ертегідей.
Қос әйелдің бітпейтін ерегісі
Жүн жүйкесін байқұстың шертеді үдей.

* * *

Жас тоқалмен күйеуі Астанада,
Алматыда бәйбіше, қасқа бала.
Күрсінеді көз тастап шерлі қартың
Көршісінен аумайтын жас балаға.

* * *

Басты сұғып тоқалдың ноқтасына,
«Жас иістің» ырқына өтті асыға.
Тірі жесір, жетім ғып әйел, ұлды
Жік түсірді ұйыған отбасына.

* * *

Зор Астана - толықсыған тоқалдардың қаласы
Зар Алматы - нақақ көздің мөлдіреген шарасы.
Қос қаланы қастық оты аямастан шарпыды,
Бақ пен сордың айрылмастай жымдасты да арасы.

* * *

Тоқал - ыстық.
Тойымсыз көңіл жемі,
Жігеріңнің құм болып жеңілгені.
Ентігісті күн сайын аңсап тұрар
Бар еркектің қойнында сөгілгелі.

* * *

Айта-айта шаршадым «қайтемімді».
Теңестірер қай тоқал қай теңімді.
Тоқпақтайтын тоқалдың төмпешімен
«Күйеу» емес,
Ұмыттым «бай» - тегімді.

* * *

«Неге керек, Құдай-ау, сақалдыға
Тұштаңдаған шошақай тоқал мына?»
Деуші ем, анау бес тоқал алған шалың
Ұрып жығып кетердей нахалды да.

* * *

Тым ыстық-ау тоқалдың жамалы да,
Жаның иір демінің самалына.
Жып-жылы боп қойныңа еніп кетсе,
Оранғандай боласың жабағыға.

* * *

Санға сүйеп сақалды басты мына,
Ләззаттан көзіңе жас тығыла,
Тоқалыңның топ-толық төсін иіскеп,
Ораласың, оллаһи, жастығыңа.

* * *

Жастығыңды табасың қиялменен
Тоқал ғана - ендігі күй, ән деген.
Ентігістен бір түндік қаусап, қажып,
Табысасың жүз күндік құяңменен.

Тоқал бірақ сүзеді, аямайды,
Аршын төсін мүлт кетсең, таямайды.
Сор тоқалдан шырылдар шыбын жаның
Бәйбішеңнің нұр жүзін саялайды.

* * *

Басса тоқал күндіз түн: «Аймалаға!»
Болып безе қашқандай айдалаға,
Шал безектер безініп сол тоқалдан
Бере салмақ кез келген қайманаға.

* * *

Ыстық жамбас, суық қол - мүз бен жалын.
Сипайды ызғар қарытып қыздың жанын.
Өксітеді осылай меңіреу түн
Сахараның тоқалын,
Түздің жарын.

* * *

Еркелеп тәлпіш тоқал мияулаған,
Шалының жанын шертіп, күй аулаған.
...Содан соң бұрқыратар ес тандырып,
Төсекті тақырдай ғып түйе аунаған.

* * *

Тоқалдың өз мұнда, ойы анда,
Аңсаумен толар сәтті бойы қанға.
Аумайтын көршісінен ұлды тауып,
Айналар шілдехана тойы лаңға.

* * *

Жас тоқал аймалайды шалды өлмелі...
Қандырмай құр әуре боп қалды ермегі.
Тоқалды шар еткізді
Бейбақ шалдың
Ышқынған ақтық деммен жан бергені...

* * *

Жалғанның таппақ болсаң жан жұмағын
Алматы бәйбішесін аңды, жаным.
Мұндағы байсыраған тірі жесір
Ләззатқа батырады қанғыза тым.

* * *

Астана - жас отауы тоқалдардың,
Тоқалшыл көк сақалды нахалдардың.
Алматы - тірі жесір бәйбішедей
Ордасы көз жасына қақалғанның.

* * *

Іздеп едім сарсылып арайлымды,
Өткізіп ем ұйқысыз талай түнді,
Арайлымды тоқал ғып алған әкім
Мың қайғыма бір қайғы жамай күлді.

**II**

Ертеңі жоқ қубас болған түбірді,
Ұрпағымен ну қылмақ боп дүбірлі
Көрші-қолаң жабылып кеп, әйтеуір
Тотай тоқал тауып берді бір ұлды.

* * *

Құнды етем деп ұлсыз жүрген көкеңді,
Көршісінен пысық тоқал көтерді.
Қалтақ шал ше?..
«Қауқарына» мәз болып,
Өлгенінше бағып өтер бөтенді.

Үй ішінен басып алып үй іздер,
Еріккен шал тоқал тандап, күй іздер.
Тоқал деген аты ғана тотайдың
Мүйізсіз-ақ бәйбішені ол мүйіздер.

* * *

Баяғыдай көз тарта алар қай мүше.
Май басса да, бэйбіше ғой бәйбіше.
Оң жамбасын күйеуінің езгілеп,
Екі-үш сағат отырады шайды іше.

* * *

Босағадан қос әйелің аттаса,
Ұрыс-керіссіз жарық күнің батпаса,
Жүрерсің-ау бір тіріліп, бір өліп,
Қу жаныңды қуыс кеудең сақтаса.

VIII

# Уай, Хайям, сен де хафиз, мен-дағы ақын

(Омар Хайямның ізімен Рубаилар)



Уай, Хайям! Жай қолыңды, бер батаңды
Ізіңнен ерген мендей көр ботаңды.
Қисайып, қыңыр аттап жүрсем-дағы
Жар қылғам арғы баба, бергі атамды.

***

Сиындым қадір тұтып бір өзіңе,
Мінезім ұқсаған соң мінезіңе.
Тең келмес сенің жалғыз ғазалыңа
Байлықтың символындай Крезің де.

***

Ілестім ізің басып кешегіме,
Батсам да күншілдердің өсегіне.
Аруды ақ пейілмен аунатайын
Жанымның жайып тастап төсегіне.

***

Мен емес,
Шабыт құсым шарықтаған,
Қиялмен қиыр кезіп қалықтаған.
(Қыз түгіл кемпірді іздер қауқарым аз
Шалыңды жүгірте алмас жарық табан).

***

Тәуекел! Кеттім мініп Пегасымды,
Табуға ой маржанын - ең асылды.
Шараптың буыменен шамырқантып,
Қаламның қадамына жол ашылды.

***

Асылды асығамын табам ба деп,
Исініп арамға емес, адалға тек.

Уай, хафиз! Ғасырларды көктей өтсең,
Ақын деп өң берер ме маған да Көк.

* * *

Ғазал жазсам - емес бұл таласқаным,
Хайяммен жарысам деу - адасқаның.
Дананың бұлағынан тамшы терсем.
Ақынның танытпай ма бағы асқанын.

* * *

Ұлы ұстаз! Кәусарыңнан қанып ішкем,
Тұтатсам жыр жолдарын жанып іштен,
Кім білсін мәңгүрттерді оятармыз
Шындықты шарықтатар жарылыспен.

* * *

Ал кеттім, аттың басын тежемейін.
Ойымды тербетейін, ежелейін.
Сүтінен шымыр сөздің тез қайнатып
Жасайын ірімшігін, ежегейін.

* * *

Көңлім ақ,
Ниет таза,
Жүрек кірсіз.
Болмасын арман арсыз, тілек пірсіз.
Асығып апырақтап кетсем кейде,
Арқамнан, Омар баба, тіреп тұрсыз.

* * *

Шертейін шер-мұңымды жайлап қана,
Тебіренсін мұздақ тау мен жайдақ дала.
Татқызсаң шарабыңнаң, Хафиз аға,
Кетер-ау рубайлатып сайрап бала.

* * *

Шомылып көк теріме, ақ теріме,
Шараптан із қалдырсам дәптеріме.
Дарынды қадірлемес төрелердің
Шығармын бағым жанып қақ төріне.

* * *

Бастадым рубаиды бақты сынап,
Алладан адастырмас ақты сұрап.
Аруды алақанға қонақтатсам,
Қайтемін төбемді ояр тақты сынап.

* * *

Мансұқ қып шайтан асы - арағыңды,
Тамсанам ұрттап жұтып шарабымды.
Пері емес,
Сері болып аймалаймын
Перизат перішге қыз қарағымды.

* * *

Қамалып қапас ойдың түнегіне,
Батқанда өмір зілі жүрегіңе,
Жетпейді бар Дүние аруыңның
Ұсынған шарап толы тілегіне.

* * *

Суытып ізі-түсін атағының,
Зымырап өтер ғұмыр, батады күн.
Бүгінгі мықтың өшіп,
Менен басқа
Шыңында атақ-даңқтың жатады кім?

* * *

Келгенде қыс хабары сары күзден
Өтеді мына дәурен бәрімізден.
Тірлікте адам болу, пенде болу -
Жазғырар жан иесі - бәрі бізден.

* * *

Шығармай «адалдық!» деп өкімді естен,
Ғұмыр кеш адам болып өкінбестен.
Шараптың шарапатын сезген ақын
Аямай зұлымдықтың өтін кескен.

* * *

Шарап ішсең толтырып кесеменен,
Шабытыңды ол шалқытып еселеген.
Аруыңның ақ төсін аймалатып,
Жауыз жанның көмейін кеседі өлең.

* * *

Болса да тағдыр жолы бұрандаған,
Тірліктің бар бұйрығы бір Алладан.
Шалабым шарабыммен алмасқанда,
Тәңірге тәбділ етіп ұрандағам.

* * *

Төбемнен төрем кейде зіркілдеген,
Бүрісіп бұра тартпай бүлкілдегем.
Шарапты шарасымен жұтқан кезде,
Төрені тұқыртамын күлкімменен.

* * *

Өзгедей оңай асқа өңмендемен,
Жоқ-барға аласұрмай көнген денем.

Жалғанның бар байлығын жинап алам,
Аяштың құшағына енгенде мен.

* * *

Қайтейін қажағанын қазағымның,
«Қазағым!» деп тартатын азабым мың.
Шабытыма мінгенде қайғы-мұңым
Бір сөзінен жоғалар ғазалымның.

* * *

Талай жатқам сұлумен аулақта мен,
Сан мен төсте қызынып аунап денем.
Жетпісіңнің зіркілі желкелетіп,
Сол биіктен бүгінде аунатты әлем.

* * *

Менменсінген дөкейді еңіреткен
Шарабымдай сарқылып өмір өткен.
Сыңғыр, сиқыр күлкіні сіміруші ем,
Құр күрсініс естимін төңіректен.

* * *

Күрсінісім күлкімді ұрлағанда,
Тірелгенде тұмсығым нұр қамалға,
Шарабымды татқанда бал еріннен,
Симай кете жаздаушы ем бұл ғаламға.

* * *

Даттар кезде тартпаушы ем ат басын көп,
Жұртқа сеніп келіп ем мақтасын деп,
Шарап ішсем - шындыққа еніп кетем,
Әділетті ар-жаным сақтасын деп.

* * *

Батқан кезде қала шу, дала мұңға,
Бар ақиқат тұнғандай шарабымда,
Сұлуыммен сырласып отырамын
Ойды түртіп оятып аламын да.

Күшім талды еріншек бойды жеңбей,
Ішім жанды күшеншек ойды жөндей.
Шарабымнан бір ұрттап алғанымда,
Ішім, күшім тұтанып, қойды сөнбей.

* * *

Сорлы жүрек таба алмай нұрлы ақылын,
Бүйірімді бұртиып ұрды ақырын.
Ай астында аяшым керілгенде.
Арыстандай ақырып тұрды ақының.

* * *

Кәнизак қып талайды тақ бұйдаға,
Топырлату тоқалды - жат күй ғана.
Құдай қосқан қосақтан жарылқасын
Он Тахмина жетпейді Шахминама.

* * *

Көңіліме көңлімен сиса құрбым,
Сәулесі боп тілегін құйса нұрдың,
Аруына ұлтымның құлап түсіп,
Он сұлуын алмас ем Нишапурдың.

* * *

Бусанғанда жасанып атырабым.
Гүл жарғанда көктемнің топырағын,

Гүл еріннің күлкісін сорып алып,
Шарап ішіп найқалып отырамын.

* * *

Өтіпті қайран дәурен бұлаңдаған,
Ал бүгін арман өшіп, мұң алдаған.
Бәрібір аяшымды бір көрсет деп,
Өтінем өксігіммен бір Алладан.

* * *

Құй, сахи, шарабыңнан аздап қана,
Жанар ма іште шоғым маздап қана.
Ашынып айқайыма бір басайын,
Шыдамай қоса еңіресін боздап дала.

* * *

Құй, сахи, жүзім суын тамшылатып,
Алайын сұм жүректі қамшылатып.
Айырып аруымнан қатал тағдыр
Қойды ғой қу жанымды қан жылатып.

* * *

От күндер, сайран күндер, қайран күндер!
Кеуліңе керемет боп байландым дер.
Шарапты шал аузынан жұлып алып,
Оралды аруы азған ойран күндер.

* * *

Бәрібір Жалғанның мен шал-ерімін,
Біткенше шалқып өтем бар өмірім.
Бір түндік сан сипатар сайқалының
Сорамын уын жұтып бал ерінін.

* * *

Шарапты ішу де бар, ішпеу де бар,
Таппайсың күнәкар боп түспеуге амал.
Қыз шіркін қылығымен қызықтырып,
Қырмызы қызылымен күштеуге бар.

* * *

Кеткенде шарап ішіп, қаным қызып,
Әлдилер «әлдиімді» әнім бұзық.
Бұрымын тұзақ етіп созған қызға
Берер ем шырқыратып жанымды үзіп.

* * *

Амал не, сұм тағдырға сене берем.
«Көр - десе - сұмдығынды!» көне берем.
Ал енді «сұлуынды сүйме!» десе,
Ақырып арыстандай «Неге?» дер ем.

* * *

Кім көрген пейішіңді, тозағыңды?
Хор қызын және тартар азабыңды?
Арудың бүлкілдеген ақ тамағы
Артық қой жұмағыңнан ғажап үнді.

* * *

Мен өлсем де жабылмас Күн қабағы,
Жоқтау айтқан қаптайды үн даланы.
Шарабымнан босаған көзе қаңсып,
Аруымның ақ жүзін мұң қабады.

* * *

Иіскеп жұпар исін көктеменің,
Көркейіп өніп-өсіп көктеп едім.

Жұрдай ғып тас тылағын сығалатар
Келмейді Көк пен таққа өкпелегім.

***

Қызығы, шыжығы мол жетпіс жылым
Сыйлаған жеті ұлын, жетпіс гүлін.
Сайраған сандуғаш боп, жырым-сырым,
Жанымның жер-жаһанға жеткіз мұңын.

* * *

Салса да мұң азабын миыма мың,
Мінәжат қып бір Аллаға сиынамын.
Сол мұңнан жыр-сырымды мөлдіретіп,
Түбінде ақ жауын боп құйыламын.

* * *

Ақылдың таба алмадым маржан тасын,
Содан ба мүмкін мынау арзан басым.
Бәрібір данышпансып мекіренем,
Арудың сипағанда әр жамбасын.

* * *

Сырт айналар кей досым - өкпелі ме,
«Шарапшыл!» деп кіналап сөккені ме?
Әлде өздері айта алмас ыза-кекті
Қызғана ма өлең ғып төккеніме...

* * *

Жүрек дертін басайын, шарап қайда,
Бойға ол қанды, ойға өрт таратпай ма.
Сондай сәтте Тәңірмен теңестіріп,
Тағыңа да тәкаппар қаратпай ма.

* * *

Бөксесін тас диірменше дөңгелетер,
Сүйетін сүйіктімді мен бе бекер.
Ойнап қал тіршілікте,
Ажал жетсе,
Хан да өтер дүниеден, пенде де өтер.

* * *

Жеткенде ойды өрт алып, мұң байланып,
Шарапқа шомылайық жынға айналып.
Енгенде қара жердің қойынына,
Кетеміз іріп-шіріп құмға айналып.

* * *

Иә, Раббым, артық бөссем апырақтап,
Жанымды тілгілей бер жапырақтап.
Қайтейін көзді берген Өзің ең ғой
Сұлудың тарта берсе балтыры аппақ.

* * *

Сұлу кім, сұмырай кім - айыра алмай,
Мінезін соқыр сезім байыр алдай.
Аусарын кісінетіп қоя берер
Қайтадан үйіріне қайыра алмай.

* * *

Қойнынан ой маржанын сұрап түннің,
Батсам да батпағына бір-ақ мұңның,
Жанымды тазарта алсам мен алдында
Кешірімі мол болған Раббымның.

* * *

Мәңгілікке бұзылмас сертімменен,
Ғашық дертін күшейтем өртімменен.

Мәжнүні боп Ләйлімді іздей берем,
Ажырасып кетсе де еркім менен.

* * *

Шарабыма тандайды тамсандырып,
Аруыма отырсам аңсам құрып.
Бақытымды барынша сезер едім,
Әр қылына жанымның ән салдырып.

* * *

Бөтен болып кетсе де ботқаласым,
Ойға батқан күйсе де отқа басым,
Рақымы мол, Раббым, Өзің жебе,
Түйреп түсер қаламым тоқтамасын.

* * *

Қаламыммен қайтарып өш-кегімді,
Тұтатуға тырысам өшкенімді.
Өзгелердің жармаспай жетегіне,
Өзім ғана сермегем ескегімді.

* * *

Қызға ескізер ескекті сірә надан.
«Ескегіңді берші!» деп сұрамағам.
Аруымның ойғанша алақанын
Кетер едім секіріп мұнарадан.

* * *

Желік буып, жел қуып шалқығанда,
Шарап ішіп, бусанып балқығанда,
Ойнап кетем бойдақ боп бойжеткенмен
Айналса да ойнақтың арты лаңға.





* * *

Қызық үшін бір түндік мың бүліне,
Қыдындаушы ем қырмызы қыр гүліне.
Жете алмайды жаннаттың бар қызығы
Сайран салған ғұмырдың бір күніне.

* * *

Ойлан мейлі, ойланба - бір өлесің,
Қабіріңе түбінде тірелесің.
Аруыңның аузымен шарап жұт та,
Сол шағыңның сақтап қал бір елесін.

* * *

Аймаласып аулақта ашынамен,
Қар суындай лақылдап тасыған ем.
Жалғандыққа жалғасып лағып келем,
Жолай алмай адалдың қасына мен.

* * *

Сахиға, «Шарап құй!» деп қыңқылдаумен,
Жанығып жанымды үгіп жұлқынды-ау дем.
Білмей қап Хақ жолынан айырғанын
От басқан сан соқтырды бір түнгі әурем.

* * *

Алладан күт арды да, иманды да.
Оңай жетер арзан хал, күйді аңдыма.
Арам болсаң - бір елді басып қалар
Бір басыңа сықитып жиған күна.

* * *

Адалыңмен әспетте атағыңды,
Мешіттей ғып таза ұста жатағыңды.

Аяшыңмен айқалас оңашада
Жұрт көзінен аулақтап шатағыңды.

* * *

Тұрса-дағы тұс-тұстан қамалап жұт,
Шалап емес - шарабың. Шамалап жұт.
Аруыңды сонан соң бауырыңа бас.
Балағынан өреді балалап құт.

* * *

Ғашықтықтың дертімен, десіменен,
Іштен жарып шықпаса, несіне өлең.
Әнімді ұққан аяштың құшағына,
Қара түннің тас қойнын тесіп енем.

***

Жақын безіп кетердей, жат танымай,
Кәріліктен қауқарсыз сақта, Құдай.
Тым болмаса айырма естеліктен
Аппақ төсті жұмарлап жатқан ұдай.

***

Әй, бәрібір пәнидің қонағымын,
Мәңгі ғұмыр - алдамшы шолақ ұғым.
Мен күні ертең қиналмай көз жұмармын,
Кісәпірге байлығы - болады мұң.

«Жоқтан бар боп тудық» деп оңалармыз.
Бардан жоқ боп бір күні жоғалармыз.
Хордың қызы бар болса - құмақ болып
Қай тұлпарын жұмақтың тағалармыз?

* * *

Өзімдегі дауласып өзімменен,
Түннен таңға таласып көз ілмегем.
Серіліктен сенімді ажыратқан
Секемі мол секірткіш сезім деген.

* * *

Шараптың татпай дәмін тұра алмаспын,
«Ішпе!» деп іштен үрер бір албастым,
Шараптан шабыттанып кеткен кезде,
Мен ғана кегін қуам ұрандастың.

* * *

Талқысын сұм жалғанның тартқам талай.
Келмейді атақ-аброй жатқанға оңай.
Сипайтын Алашымның алақанын
Көре алмас көз алартқыш мақтанға бай.

* * *

Өзімді кейде өзім тыймақ болып,
Бойыма ой маржанын құймақ болып,
Ару, аяш тобырын бастап келіп,
Қасыма отырамын жинап қонып.

* * *

Балхының кәнизагін іздемеп ем,
Бетімді желпи жетті түзден өлең.
Апырай, жаз сиқыры тапты ма екен
Үйренбей үрейі мол күзге денем?

* * *

Сен жоқта бар әлемге бөтендеймін,
Хандығы қақ жарылған екі елдеймін.

Алысып ақ-қарамен, ес, түспенен
Өкінтіп өксігімен өтер пейлім.

* * *

Тылсымын дүниенің шешер кім бар?
Шеше алмай, мұң мен зарын кешер мұндар.
Мұңлықтың мұң мен зарын құйып алып,
Шарап қып қанып ішіп, есер тыңдар.

* * *

Құлағын қандасымның бұрай алмай,
Ішемін шарабымды шыдай алмай.
Не деген аңқау елміз, жалқау ұлтпыз
Селт етпес шыбын жанын Құдай алмай.

* * *

Айқайым аттандайтын - өзегімде.
Мылқаумын, мылқау ұлттай өз елінде.
Ұлдықтың кілтін беріп Ресейге,
Құлдықтың күтіп тұрмыз кезегінде.

* * *

Миымды мыжғылайды мың албастым,
Соларға шалыс басқан күнәмді аштым.
Сорғалар көз жасымды шарап етсем,
Бәрібір бар күнәмді жуа алмаспын.

* * *

Тірліктен жұбата алмай түңілгенді,
Жерідім шарабымнан бүгін енді.
Көңілім көңірсиді көрген кезде,
Түбіне көк шишаның үңілгенді.

* * *

Жапқанда жарығымды қараңғылық,
Кеткенде жалғандықтан шарам құрып,
Шараптың улы балын жұтып алып,
Жатамын жүректегі жарамды ұрып.

* * *

Десе де жұрт: «жар жолда, бала - белде»,
Өнеге емес бұл тәпсіл саналы ерге.
Әр бұтаға түнесең,
Енгеніңде,
Не деп жауап берерсің, қара жерге.

* * *

Көшпегін бақиыңа тым ертерек,
Тоспай ма гүл де жүзін күнге еркелеп.
Құйғызып аяшыңа шарабыңды іш,
Сол сусын ойыңдағы мұңды өртемек.

* * *

Көз кысса ақ анардың төсі күле,
Асығам ішкиімді шешіп, іле.
Әзірше сәждем менің мынау ақ төс
Түбінде бір барамын мешітіме.

* * *

Уай, Раббым, білем бақиға өтерімді,
Қалдырып қыз, қызықты кетерімді.
Өзіңнің ықтиярың емес пе еді,
Жасатқан мынау барлық бекерімді.

Қызды да, қызықты да тастап ертең,
Бақиға аттап еніп, басқаны ертем.

Ал бүгін есер шалды тастап безіп,
Құшақтап олигархты қашқан еркем.

* * *

Сиынып табынамын Тәңіріме,
Құлшынып құлдық ұрам әміріне.
Айтқызған айтқызбасты Өзі емес пе,
Жолымды сызып беріп өміріме.

* * *

Жастанып аяшымның ақ білегін,
Ерінін балдан тәтті тапты демім.
Батқанда мөлдіріне ләззаттың
Осындай бар алашқа бақ тіледім.

* * *

Арамдық іс қылмасаң еш пенделік,
Келер деп мақшар күні сескенбелік.
Бар-жоғы: шарап ішіп, шала қызып,
Құнжындап қос өркешті төске өрледік.

* * *

Уай, Хайям, мен де өзіндей еркек едім,
Бикеге талай тай боп еркеледім.
Ал бүгін мұз құрсауға түсіп қалдым,
Жалғанды жалыныммен өртеп едім.

* * *

Барым жоқ тәж, тағындай Кай-Кабустың,
Қай тұстан шығар деумен қай дауыстың,
Сескеніп жүрсем-дағы,
Кей кездерде
Шарапты қыз қолымен шайқап іштім.

* * *

Жетсе де бұл кәрілік сиқымды алып,
Кеткем жоқ өзгелердей қиқымдалып.
Айды аспанға шығарып жүрмін әлі
Сұлудың құшағында ұйқым қалып.

* * *

Таң мынау қара түнді жарып атқан,
Күн мынау шуақ шашқан шаңырақтан,
Алланың шапағаты осы емес пе,
Кім екен жоқты іздеумен Тәңір атқан.

* * *

Татсам да талай таяқ Тіршіліктен,
Құлаймын Құдайыма құлшылықпен.
Боламын күндіз сері, түнде пері
Шығатын қыз қойнынан құр сілікпем.

* * *

«Елім!» деп ертеден-ақ еміренгем,
Ұлтшыл ғып тамырыма өмір енген.
Әнімді «Елім-айдай» бастап кетіп,
Сүйемін сұлуларды тебіренген.

* * *

Ақынмын үмітті үзбей, арманды ұққан,
Жанымды қаным аршыр жалғандықтан.
Жарымның кермеқасын артық көрем
Дүниеде түкке тұрмас бар хандықтан.

* * *

Тіркердей мәңгілікті қасқағымға,
Ашынып аттаныма басқанымда.

Тәңірмен табақтас боп отырамын
Аяқты салбыратып аспанымда.

* * *

Көрсетсең қымтай бермей, көркіңді ашық,
Өтер ем осы өмірден еркін басып.
Құшақта сен отырсаң,
шарап жұтып,
Тастар ем іштегі оттың өртін басып.

* * *

Қалқатай, қадіріңнің артуын-ай,
Қоймастан оң көзімнің тартуын-ай!
Шыдасаң, шыбын жанды қиям саған
Шараптың шалқытатын шарпуын-ай!

* * *

Ала алсаң құшағыңа тартып, айым,
Жұмарлап бауырымда балқытайын.
Шаршасаң тар төсекте,
өзекті өртер
Шараптың буыменен шалқытайын.

* * *

Шыңғыртып шарасыздық билегенде,
Жаныңды жалған тірлік илегенде,
Көне бер де, ере бер құлдық ұрып,
«Шарапты отты өзекке құй!» дегенге.

* * *

Тарылса тулақтай боп айдынды өмір,
Туласаң тұтқынында жайдың небір.
Сайқалмен көңіл көтер, шарабыңды іш,
Жұтқан сайын шіркінді қайғың кемір.

* * *

Байлап бергің келсе егер дұрысты отқа,
Алдыр дереу шарап пен күріш ботқа.
Жазықсызды жазалау қажет десең,
Қылқылдатқан шарапты Хрущев та.

* * *

Шарап ішсең - көңілің көтерілер,
Өзегіңнен өксігің кете білер.
Сайқалы мен шарабын қосақтап ап,
Ілестіріп кетеді жетегіне ер.

* * *

Кетсін десең қиының оңайланып,
Шарап іш те, сұлу құш он айналып.
Сұлуыңмен шарапқа сүңгіп жүрсең,
Талып түссін көргендер қарай қалып.

* * *

Мөлдірейді шарапта күн дегенің,
Бал сорғызған жабыссын тілге демің.
Бір тамшысын қалдырмай шарап жұтсаң,
Бір тамшысы қалмайды мұң неменің.

* * *

Таласып есептессең өткенменен,
Қабынып ісінесің өкпеңменен.
Салынбай уайымға жұт шарапты
Түк өнбес зар мен шерді шеккенменен.

* * *

Қызығы бұл жалғанның - ойнап, күлу.
Жаныңа қажет емес ой бақтыру.

Сұлудың айлы түнде санын сипап,
Шарапқа кеңірдектен бойлап тұру.

* * *

Қайғының қашам десең тұзағынан,
Арумен шарап ішсең, қызады қан.
Күлкісін қыз ернінен сорып алсаң,
Сол күлкің сүйіндірер ұзағынан.

* * *

Арманның алысы бар, жақыны бар,
Шараптың арман тұсар ақылы бар.
Уыттың буыменен жуған жанды
Арудың ақ борықтай тақымы ұғар.

* * *

Қасыңның достан артық күндегені,
Жаныңды жаңғыртады тілдегені.
Шараппен сондай кезде жуып таста
Көңілді кірлететін мұң немені.

* * *

Қашады оп-оңай-ақ басқан күйік
Өңепгген қызыл шарап асқанда ұйып.
Қызуы сол қызылдың бойды ерітіп,
Әкелер қарсы алдыңа аспанды иіп.

* * *

Аруға алып-ұшып «Еркем!» деген
Мен бе екен күйіп-жанып өртенбеген.
Табам деп бұл жалғанның ләззатын
Күнім жоқ шарап ішіп, дерт ембеген.

***

Айлы түнде сіміріп Айдың нұрын,
Аруыма құшақтың жайдым гүлін.
Бүгін енді шарап пен аруым жоқ,
Айлы түнде селдетер қайғым мұңын.

***

«Тұмсығымды тигізсең анарыңа,
Сүңгіп батып кетер ем жанарыңа!»
Дейтін шіркін зар болдым сүйіктімнің
Жер түбінен жетпейтін хабарына.

* * *

Сен жарқ етсең - кетуші ед дала қайнап,
Дүрсілдейтін жүрегім «алақайлап!»
Өзің түгіл бүгінде ізің де жоқ
Қыс ызғары кеудемде салады ойнақ.

Уай, Һайям! Сен де хафиз! Мен-дағы ақын!
Рубайды жазсам деп ем ел нанатын.
Құйшы тез шарабыңнан.
Табар ма екем
Аспанға ұшыратын ер қанатын.

***

Жаралғам басқалардай мен де саздан.
Бөлекпін құлшынумен еңбегі аздан.
От құйып өзегімнен өлеңіме,
Ұмтылам түземекке пендені азған.

***

Түнекті түре алмастан таң сауғанмен,
Бай да өткен, пақыр да өткен аңсауменен.

Шараптың буыменен бұлтқа айналып,
Бақ болып байғұстарға жаусам деп ем.

* * *

Тағдыр - қатал, жалған - тұл, өмір - бекер.
Сұм дүние сағым боп өтер, кетер.
Бес күн ғұмыр мәңгілік бола алмайды,
Кесең толы шарапты көтер... көтер.

* * *

Дем таусылып, біткенде иек қағып,
Домбырада күйік күй тиекке ағып,
Боздағанда,
Шараптың бір тамшысы
Түссе шіркін сұп-суық иекке ағып.

* * *

Көңіл күйін халқыңның келген аулап,
Сен де бір күн боларсың елден аулақ.
Жылап көмген сол ұлтың ұмытпастай,
Тұра алсаң ғой, шіркін-ай, жерден аунап...

* * *

Есін жиған естелік, аңызбенен
Қиял шіркін - жүйткігіш нағыз дөнен.
Шарабыма шылқия тойып алып,
«Елім-айдай» қиялдан ән іздегем.

* * *

Кетеді, бәрі өтеді жалған күннің.
Итшілеп алдадым деп, алдандың мың.
Көтерер көңіліңді шарап ішсең,
Ішінде қалғанында толған мұңның.

* * *

Бұл жалған кім, кімдерді алдамаған.
Кеудеге күйік беріп, зар қамаған.
Күніне мың тіріліп, мың өледі
Шарапты жалаңаяқ жалдамаған.

* * *

Тағдырдың тозағына тұсалғаның -
Бар-жоғын ескермеуі кісі Алланың!
Қайтадан жұмағыңа енгізеді,
Суыңа шарап қосып іше алғаның.

* * *

Шалабың айналғанда шарабыңа,
Шарапқа толған кезде шара мына,
Көңілдің кенересі буға толып,
Бүтін ғып жібереді шаланы да.

* * *

Шарапты жүрген жақсы қанып ішіп,
Лапылдап іші-тысың жанып ішіп,
«Әрі тарт, бері тарт!» қып шыбын жанды
Тұрса ғой өмір, өлім шағылысып.

* * *

Бетіңді таққа бұрсаң еркіңменен,
Құл болып құрып бітер еркін денең.
Шараптың шарпуынан қуат алсаң,
Хақты да шұлғытарсың өртіңменен.

* * *

Қызарып батысқа Күн барып батса,
Шілтерін Ай аспанда қалықтатса,

Арман не шарап ішіп шалқығанда,
Сұлуым құшағымда талып жатса.

* * *

Енсем де азабы мол мұңды өмірге,
Өкпем жоқ тағдырыма мүлде, мүлде.
Шарапқа сүңгіп шыққан жырларымның
Тұрады жалын шарпып Күн демінде.

* * *

Шарапқа шомылдырып талай күнді,
Құшқанда күйіп-жанып арайлымды,
Кекиіп ханыңа да сәлем бермей,
Нөкер ғып алмас едім сарайлыңды.

* * *

Күлкіммен сыпырғанда қайғы бетін,
Төбемнен сүтін сеуіп Ай күлетін.
Кеудемнен найзағайдай жыр атылып,
Жасынын көктің жайқап, жайды ілетін.

* * *

Қыз құшып, шарап ішіп өртеніп ем,
Таппаймын бүгінімді ертеңімнен.
...Жалғар тек кешегісін келешекпен
Даналар жүрек қылын шерте білген.

* * *

Кірем де Аллам түнер мықты үйіне,
Отырам мүлгіп, шұлғып мүфтиіме.
Иманды тұл бойыма жинайын деп,
Құр үймей одан, бұдан жүкті үйіме.

* * *

Сырына сұм Дүниенің қандым шөлдеп.
Жаныма бақ пен сорын алдым теңдеп.
Ұққаным: шындық жеңіп, түбі әйтеуір
Екені жоқтың бар боп, бардың өлмек.

* * *

Жеңерді, жеңілерді немен, неден
Білемін жүрсем де әзір төменде мен.
Өзге емес, өзім жұтар шарабымды
Оймақтай қыз аузымен шегендегем.

* * *

Күнәға белден малтып батсам да мен,
Шараптың уыз уын татсам деп ем.
Аулақта, Ай астында сұлуыммен
Ып-ыстық жамбас сипап жатсам деп ем.

* * *

Қайтейін көп тежеуге көне алмадым.
Шектеудің шеңберіне ене алмадым.
Арудың аршын төсі - жайнамазым,
Болмайын мен үмбеті неге Алланың.

* * *

Ұзатпай қыздың, құстың қырғауылын
Үйіріп, қысып ұстап жүр дауылым.
Шарапты жауғызғанда жаңбырдай ғып,
Мысырдың тең көрмеймін пырғауынын.

* * *

Алдамшы өмір беріп мына Жалған
Баптайды сақтайтындай мың ажалдан.

Жалғанды жалпағынан басып өтем,
Орыстың ораса да князы алдан.

***

Жетпіске желкелетпе жеңілсең де,
Құм болып, қаусап бітіп, төгілсең де.
Шараптан бір жұтып ап, сан сипасаң,
Бір сағат болса-дағы - Өмір сенде!

***

Пэк туып, ақ тілекті қуғаныммен,
Шараппен іштің кірін жуғаныммен,
Өмірдің заялығын жария етіп,
Әннен - зар,
Шер-шеменім туған үннен.

* * *

Аруды іздеп талай тау асып ем,
Тозақтың қалқам жұтқан ауасы да ем.
Безер ем жұмағынан қалқамды іздеп,
Адамдай аймаласқан Хауасымен.

* * *

«Ел тұтқасы - менмін!» деп кең көсіліп,
Асып, тасу - жай ғана пендешілік.
Тірі болсаң - ірі бол!
Өлгеннен соң
Топырақ боп кетеміз жерге сіңіп.

* * *

Адам болу кадірлі бәрінен де -
Гүлден, Күннен, сұлудың әрінен де.
Мақшар күні тұрасың тура қарап,
Қорықпай, үрікпей Құдайдың кәрінен де.

* * *

«Рұм менен Қырымның адамы көп.
Пенде шіркін күн сайын барады үдеп.
Шарап ішкен пейішке кірмейді!» деп,
Пенделерге бомбасын жарады Көк.

Жатар ма еді, шіркін-ай, қырға барып,
Аяқ-қолды құм менен нұрға малып.
Сұлуыңның қолынан шарап ішіп,
Қазынасы - пәктігін ұрлап алып.

* * *

Сері боп, шарап ішіп, шекем қызып,
Топастың тас тұмсығын кетем бұзып.
Бұл Жалған жалғандықтан арылмайды
Болмаса мендей кейбір бөтен, бұзық.

* * *

Жаратқан бал бермесе тілді неге?
Шараптың буыменен мұң күле ме?
Қараңғы көрпесімен қымтай жауып,
Жасырған ғашық сырын түн біле ме?

* * *

Жамылып тас қараңғы түнді, бала,
Күтесің қыбыр етпей кімді, бала?
...Әй, анау апаңдай ғой... Апандай ғой
Малтықпай құры жылдам, жынды бала!

* * *

Тағдырдың талдыратын келтегіне
Жалғанның қарсы ұмтылмас тентегі де.

...Бәрібір шарабымды жұтқан сайын
Сенемін ертегідей ертеңіме.

* * *

Күй қайда күйікті ұрлар көбік шашқан?
Ми қайда үміт себер төгіп бастан?
Би қайда қылдай белді бұраңдатып,
Мықынның қол батпайтын бетін ашқан?

* * *

Тірейтін түнде өкшемді май құмына
Бермес ем Ақордаға сайды мына.
Қалқамның бір жарқ еткен көз қиығын
Жәмшидтің теңгермес ем байлығына.

* * *

Батқанда ақ пен қызыл күн таласып,
Кеткенде арайлыммен қырдан асып,
Екеуміз асты-үсті боп табысқанда,
Қалушы ед аспан мен жер тым жарасып.

* * *

Қоя тұр парсы, ауған, арабыңды,
Әй, сахи! Құй аямай шарабыңды.
Басар ма өксік өртін жүректегі
Қосар ма әлде ішке жара, мұңды?..

* * *

Өлсем де ішпес едім құйса арақты!
Уай, сахи! Мөлдіретіп құй шарапты.
Ашайын аш құшақты анадайдан
Ұғатын аруыма ишаратты.

* * *

Құй, сахи! Қанша құйсаң, жасқамаспын.
Мен бүгін махаббатқа масқара ашпын.
Аймалап аруымның аппақ төсін,
Жатайын төсек етіп аспан астын.

* * *

Құй, сахи! Шөлді сұмдық кешкенім-ай!
Шығайын оңашарақ кешке былай.
Шараптың жалынымен жылытайын
Кеткенде кермаралым төске құлай.

* * *

Құй, сахи! Шарап ішсем, суымай түк
Кетпесін жүрегімнің буы қайтып.
Басайын көкіректің шер-шеменін,
Ашайын зар кеудемді мұңын айтып.

* * *

Кетейін сүйіктіме таңға қалмай,
Жетейін өзімді өзім алдай алмай.
Уай, сахи! Шарабыңды әрі сырғыт,
Көрсеңші тұрғанымды жалдай алмай.

* * *

«Іш - дейді - шарабыңды аздап қана,
Өртенбей, жанасың тек маздап қана!»
Әу, сонда ақ жамбасты сипай алмай,
Нәпсімді отырам ба қозғап қана.

* * *

Тірліктің басталғанмен басы Алладан,
Өмірдің сырын ешкім аша алмаған.

Түбінде бар тылсымды шешіп берер
Шараптың уытына шашалмаған.

* * *

Сахи-ау! Бүртиясың неге маған?
Мен бе едім, сен іздемес жаман ағаң.
Қызынып шарабыңның қызуымен
Қыдыңдап қызды ауылды жағалағам.

* * *

Шараппен шалқытқанмын жастығымды.
Жұрт айтқан аңыз қылып мас күнімді.
Шараптың шарапатын қайдан білсін
Нан таппай дірдектеген аш бүгінгі.

* * *

Сахи-ау, өтті дәурен, кетті күндер -
Салдықпен сан сипатқан текті күндер.
Жұртына тастап мені батқанда Күн
Ішімде ыза сайрап, кек күлімдер.

* * *

Нәр берген кәусарынан бұлақтай ем,
Қашырған түн түнегін шырақтай ем.
...Сұлуым, сол баяғы пәк қалпыңмен
Түсіме, өңіме емес, жылатпай ен...

* * *

Тапқанда періштемді көктен іздеп,
Ымдаушы ед, жолай алмай бетке қыз кеп.
Шалап боп кеткеннен соң шал шарабы
Бүгінде келген ізден кеткен із көп.

* * *

Қайтейін айта-айта «қайтемімді»,
Алармын сұрап Хақтан қай теңімді.
Жүзімді жүзім суы жумаған соң
Көгімнен Күн сөгіліп, Ай төгілді.

* * *

Аймалап аяшымды оятпастан,
Төсімді ақтөсіне аяп басқам.
...Көзімнен нөсер жасым құйылады,
Өксітіп баяғыдай жай атпастан.

* * *

Мәжнүн боп Ләйлімізді қаңғып сүйдік.
Өртендік һәм суындық. Жандық, күйдік.
Жұлып ап қалтамыздан партбилетті
Тұратын төбемізде андып билік.

* * *

Билікті елемедік, ескермедік.
Сан сипап, талай кеште төске өрледік.
Бір сәттік қызық үшін «бұзық» болып,
Жүруші ек он мүжіліп, бес тергеліп.

* * *

Біреудің ішкені - бал, жегені - май.
Сұм өмір - біреуге зар. Неге бұлай?
Шарамды, шарабымды тартып алып
Қашанғы қақсатасың еге, Құдай?

* * *

Шара - қыз, шарап - қызыл, өзім - қызық.
Қадалса қыз бен шарап көзін сүзіп,

Әлемге тәңірімсіп сыймай кетем,
Төгіліп көмейімнен сөзім бұзық.

* * *

Шын сырын Дүниенің ұға алмаған
Жауабын тосар шұлғып бір Алладан.
Мен айтсам - Дүниенің ақиқаты
Сұлудың етегінде бұраңдаған.

* * *

Тыңдасаң, сахи досым, айтарым көп.
Десең де: «Сандырағың - қай тәлім?» деп.
Мен ғана Көк айтпасты дөп айтатын
Қызынып шарт сынғанда шайтаным кеп.

***

Шарапты ішкен жақсы кесеменен.
Кеудеңде буырқанып еседі өлең.
Айтасың пайғамбардай Хақтың сөзін
«Шатпағы маскүнемнің!» десе де Әлем.

* * *

Ән керек шарап ішсең, қозғар ішті,
Айналып шығардай-ақ тез ғарышты.
Содан соң сайрап бастап кетер едің
Пендемен Тәңір болып сөз жарысты.

***

Отырам қыз-қырқынды қимай ғана,
Тән түгіл бар әлемге сыймай ғана.
...Қыз да жоқ, қырқын да жоқ, қырқылжың ғып,
Тосады бүгін мені мидай дала.





***

Шарапқа саусағыммен балды малып,
Әлемді элдилеуші ем алдыма алып.
Қызы да, қызығы да көзден ұшқан
Білмеймін сол әлемнен қалды ма түк.

* * *

Бере алса патша Құдай тілеьсгі еркін
Басайын ерніңді өбіп жүрек дертін.
Өлейін, ерейін де бір өзіңе
Тұрғанда Аспан, Жерді тіреп көркің.

***

Қайтейін сөксе жұртым тілдеп мені,
Шараппен уланбастай жүрдек демі.
...Солар да ащы судың дэмін татып,
Ақ төспен тар төсекке мінбеп пе еді?..

* * *

Құй, сахи! Толтыр отқа тегешімді.
Бастайын бар әлеммен егесімді.
Құрайтын құрай емес, Құдай болып
Құрайын Құдаймен де кеңесімді.

***

Уай, сахи! Сапыра құй шарабыңды.
Жүрегім тілім-тілім жара, мұнды.
Шіркін-ай, балталар мед оң қолдарды!..
Білетін байытарын пара кімді.

* * *

Құй, сахи! Аямай құй, тұншығайын.
Жыртайын қоршап алған мұң шырайын.

Ойсызды ойландырып ажалыммен,
Кеудесін керденҗдіктің шымшылайын.

* * *

Қайтемін аққуыңды аспандағы,
Қолыма қонса көлдің қасқалдағы.
Тірліктің алдан тосар қызығының
Біртіндеп басталады баспалдағы.

* * *

Кеудеме ырза болып сыйса жұртым,
Төрдегім садақа етіп қиса мұртын,
Ел-жұртым адал жолға аяқ басса,
Алмас ем бар байлығын Нишапурдың.

* * *

Құйшы, сахи! Ішейін кеңірдектеп.
Не шығады өткізсең өмірді ептеп.
Қызып алып, қызынып, құрық ұстап,
Жіберейін желкелеп жебірді өктеп.

* * *

Құйшы, сахи! Жұтайын көмейлетіп.
Жүрмен енді іше алмай, жемей кетіп.
Төбесінен төнейін төрелердің,
Қойғызбайын енді елді өгейлетіп.

* * *

Құй, сахи! Таппай менен ақымақты,
Қай ауыш мендей сұлу қатын апты?
Жұмаққа барар жолда, біле білсең,
Он төрең бір ішкішке татымапты.

***

Әрі әкет! Татқан емен арағынды!
Алдымнан тосамысың қара күнді?
Ұнатқан пайғамбарым жүзім суын
Ішем де, сүйем сұлу қарағымды.

* * *

Жоламан пәлеңе де, күнаңа да.
Ішті деп шарабымды кіналама.
Білсеңші жүзім суын жұтып алып
Шығарын азаншының мұнараға.

* * *

Тұс-тұстан құшақ жайып ентелеген
Аяш пен аруларға еркелегем.
Түнімен ебіл-дебіл қансорпа боп,
Еңбектеп шығушы едім ертеменен.

* * *

Қайтейін бәрі кетті... бәрі қалды.
Қалтамда уыс-уыс дәрі қалды.
Есесін кеше кеткен, жіберместен
Уақыт уысына кәріні алды.

* * *

Уай, сахи! Мені сонша неге іздедің?
Қалқама айтарымды дегізбедің.
Алысқа ұзамай-ақ табады әркім
Шараптың буыменен егіз демім.

* * *

Ішпесем отырамын түсім қашып.
Мыж-мыж ғып жетер күдік мысым басып.

Қайтесің Көк сайқалын көлгірсіген
Тояттан сұлуыңды аймала да.

* * *

Мәжнүндей жүрек дертін баса алмаған,
Көзімді ала алмастан қос алмадан,
Айрылып күндіз естен, түнде түстен
Зомбидай боп кеттім бе жасанды адам?

* * *

Өмірді өткінші деп жылай берме.
Тез сынып, тым ертерек құлай берме.
Шараптың буыменен шаттанатын
Ұнайды мойымайтын Құдайға ер де.

* * *

Отырсам аруыммен иықтасып,
Есіріп, ақша беттен сүйіп, тасып.
Содан соң Ай астында ағарандап,
Аппақ сан аласұртса тиіп-қашып...

* * *

Иә, раббым, кешір кетсем тым есіріп,
Білмесем алғанымды күнә өсіріп.
Жарқ еткен жанарына жамалдымның
Ұғам ғой жетпейтінін мың есірік.

* * *

Жаратқан мені осылай Жаратқаным.
Шарап боп дуылдайды тарап қаным.
Тәңірім тағдырымды өзі сызса,
Қалайша қабылдармын кәрі атқанын?

* * *

Тәңірім тағдырымды сызып берген.
Өкіртіп шыжық пенен қызық берген.
Апырау, мені неге кінәлайды,
Қайсымыз сол сызықты бұзып келген?

* * *

Жетті де жылы, жұмсақ түн есіліп,
Құтырды шайтан шулап, жын есіріп.
Аяшым албасты боп соларға еріп,
Кеудеме күйік септі, мұң өсіріп.

* * *

Шарапқа неге ұрсады шөлдегенді,
Арамға арын сатып өлмегенді?
«Жұмаққа кірер таза кім бар?» десе,
Не себеп айтпауыма «Мен!» дегенді?

* * *

Мен ішем. Мені бірақ қайталама.
Қойдырар шарабымды қай Тағала.
Тәңірім талабымды шектемесе,
Басқа адам басқа шұқып айта ала ма?

* * *

Жетеді өз ақылым. Білем бәрін.
Кім сатып, кім мұқатып, кім алдарын.
Тірімде тірі жанға жауап бермей,
Тәңірге санап берем күнәм бәрін.

* * *

Керегі аз мол акылдың байғұсына.
Ақылдың көп батасың қайғысына.

Іздейсің ақылдымсып аққу, қазды
Қарамай қасыңдағы жай құсыңа.

* * *

Жүрсем де сүйіктімнің назын еме,
Табылмас көңілімнің бажы неге?
Берместей, тарықтырмас Данам жоқ па,
Тағы мен Хұсроудың тәжіне де.

* * *

Шарабымен өртетіп өзегімді
Жүзім суын толтырған көзе күлді.
Күлсін мейлі, уымен жусын мейлі,
Жат қылмасын әйтеуір өз елімді.

* * *

Тағамым шарабымсыз ішілмеген.
Жұтсам болды тірілер ішімде өлең.
Бұл жалғанның тылсымын жайып салып,
Өңім түгіл жырлаймын түсімде мен.

* * *

Болсаң да қанша жерден Бахрамдай,
Тұрасың әкіміңе ақыра алмай.
Мөлтеңдеп мөлиесің төрдегіге,
Сұқ көзді сұмдығына батыра алмай.

* * *

Ойымды езіп ішіп, жыр тыңдаған
Ырза боп бас шұлғушы ед жұртым маған.
Апырай, мұрт пен қырттан өлер болдым
Жұтқызбай шарабымды қылқылдаған.

***

Жүрсе де билік жасқап, туыс көнбей,
Жұтамын шарабымды су ішкендей.
Шараптың буыменен уын төгем,
«Қаламды тоқтат!» деген қуыс келмей.

***

Уай, сахи! Құй шарапты таңдай кепті.
Жүрегім қызуланып жанбай кетті.
Ішейін от жүгіртіп өзегіме,
Шалқысын жан-дүнием самғай көкті.

***

Біткенде шарап ішіп саған желік,
Кетеді тауың көшіп, далаң желіп.
Кешіккен ертеңің мен бүгінгіңнен
Безеді безек қағып санаң жеріп.

***

Құй, сахи! Шарабыңды мөлдіретіп.
Жұтайын сақалымды желбіретіп.
Арумен айқаласып кеткенімде,
Қалсын бір тау қозғалып, көл дір етіп.

***

Құй, сахи, шарабыңа толсын кесем.
Ортаны ғұмыр бойы қомсынды есем.
Қос қостан қос қарыма қыз құшайын
Аларым артығымен болсын десем.

* * *

Құй, сахи, өртейін бір өңешімді.
Езіп іш «қой!» дейтұғын кеңесіңді.
Тоймастан қыз жасына, көз жасына
Толтырып өте берем тегешімді.

Құй, сахи, шарабыңды су ғып ағыз.
Ішетін сын сағатым туды нағыз.
Құшақтап Тахминаны бүгін әбден
Күні ертең Сухрабты туғызамыз.

* * *

Құй, сахи, тый азырақ сараңдықты.
Шарапсыз сайрандайтын шарам бітті.
Сайранды да салайын, ойранды да
Жер бетінен аластап һарамдықты.

* * *

Құй, сахи, араласын шарап қанды.
Күйдірсін құшағында қарақ жанды.
Ойнайын тозақ оты шыжғырғанша,
Ұмыта тұрып біраз Жаратқанды.

* * *

Қаламға ілесумен қағаздағы
Бет бұрып ұстағам жоқ намазды әлі.
Шарапқа арабтардай бас қоюмен
Жүр ме екен тән тозғалы, жан азғалы.

Ішпесең, ішкендерді ғайбаттама.
Дүние кетер ішсең жайнап қана.
Әлемді әсем етіп көргің келсе,
Көзімен қызулының бойлап қара.

* * *

Әлемнің жиған-терген қаруы да,
Жетпейді көзден төгер жар уына.
Бәрібір бәйбішемді теңгермеймін
Бұраңбел Нишапурдың аруына.

* * *

Тапқанда тотай қызды Балхыдан мен
Ес кетіп, буын босап, балқыған дем.
Құшағы сұлуымның қысқан кезде,
Болмады буындырар талқыдан кем.

* * *

Жүзімнің қызыл қандай суын ішіп,
Отырам өңештегі буым ысып.
Шымшықтай шырылдатам шүйкебасты
Қолымнан кеткеннен соң қуым ұшып.

* * *

Жазар ем ойып, қашап тасқа былай:
«Күй берсе шарап жұтар басқа Құдай,
Пысқырмай кәрілікке Дүниені
Олай-бұлай шайқар ем жастағыдай!»

* * *

Құдай-ау, бара жатыр өмір өтіп,
Жасты да, кәріні де еңіретіп.
Ей, сахи, шарабыңды еселей құй,
Жалғанды жіберейін мөңіретіп.

* * *

Құтқармас әмірімен Бір Иенің
Түбінде түк қалмайды Дүниенің.
Жер токтар жүйткуінен тына қалып,
Дем алар тауға сүйеп Күн иегін.

* * *

Ескермей түбінде бір көнеріңді,
Ұмыттың, пенде шіркін, өлеріңді.
Бүрісіп махшар күні сұрауына
Алдына Тәңір хақтың келеріңді.

* * *

Өкініш айналса да туысыңа,
Қайғының түсе берме уысына.
Өшіріп күдік өртін шарабыңмен,
Күйікті итере сал қуысына.

* * *

Қамалсаң Дүниенің жұмбағына,
Үңіл, дос, сол Жалғанның құндағына.
Жармасса жамбасыңа қатты батып,
Бір бұлқын, көне бермей тым бағына.

* * *

Төріңнің елеген жоқ байқап ешкім
Тағындай еместігін Кай - Кабустың.
Әркім-ақ өз үйінің патшасы ғой
Шалқақтап шарабыңды шайқап ішкін.

* * *

Құлазып көңіл хошы құлдыраған
Сәт кешсең, жүрегіңді мұң бұраған,
Кесеңе шарап толмай, күй кешесің
Болғандай бір күн маймыл, бір күн адам.

* * *

Сұм тағдыр қылғаныңның бәрі бекер.
Оп-оңай ең мықтыңды ол кәріп етер.
Сұлуың құйып берген шарапты ішсең,
Жігерің бар бөгетті жарып өтер.

* * *

Таңың да қара түнді жарып атқан,
Пәниде барың, жоғың - бәрі Хақтан.
Пейішке біреу барса - мен барамын.
Шарап пен сипап ұстар санды ұнатқан.

* * *

Ей, сахи, құй шарапты бокалыма,
Сұм заман опасыз ғой опалыға.
Үйімнен үркіп шығып, жай таппаймын
Жамшидтің үйленсем де тоқалына.

* * *

Дариғай, жоғалтып ап жас күнімді
Соғамын тау мен тасқа басты мұңлы.
Өзінің еркіменен өрт ішкізген
Тәңір Хақ өзі кешер мастығымды.

* * *

Шараппен жусам да мың күнәмді мен,
Иманды қашырып жүр тұманды дем.
Түбінде бітер ме екен таусылмайтын
Сұлудың құшағында бір әңгімем.

* * *

Жайнатып дастарқанын жайса жаным,
Ағызса әр қылынан май сақалым,
Қып-қызыл шарабымды жұтқан сайын
Ішкендей болам кейде Ғайса қанын.

* * *

Отырсам перизатпен ойнап-күліп,
Ауызын шарап ішер оймақ қылып,
Нәпсінді тыя алмайсың, қиялдайсың,
Жарыңды ұмыттырып бойдақ қылық.

* * *

Қараса ұяты аздау Ай төбеден,
Қасымда қаңтарылса тай тебеген,
Шараптың буыменен суып әрең
Сырғанап түсіп жатсам май денеден.

* * *

Баянсыз тірлігіңе салған мұңын
Танытар Дүние жалған жалғандығын.
Бәрібір мінәжат қып еске аламын
Бақиға барарымда Алламды мың.

* * *

Ғашык дерті - жүректің емі емес пе,
Алып шығар аман-сау сан егесте.
Естен танып іздесең сүйгеніңді,
Елжіретіп бейнесі келеді еске.

* * *

Күнәң көп өз нәпсіңді тыя алмасаң,
Жалғасаң жалғандықты қиялға сан.
Бәрінен құтыласың бір-ақ сәтте,
Шараптың уытынан күй ауласаң.

* * *

Кім білер ғашық дертін шеккенімді,
Жүрекке өрттің уын еккенімді.
Шарапты қанша ішсем де, өртім сөнбей,
Шарап қып көздің жасын төккенімді.

* * *

Бәрінен бақытты жан - сүйе білген.
Бір ысып, бір суынып, күйе білген.
Қуанар жылап тұрып, құлап-тұрып,
Қабағын ашып, кейде түйе күлген.

* * *

Жүректің бас июмен әміріне,
Еріксіз айналдырдым тәңіріме.
Жүректің дегеніне көнер едім,
Сұлумен бірге кірсем қабіріме.

* * *

Өтпейді өзекті өртеп сенсіз күнім.
Өксітіп жүректегі ән сызды мұң.
Сен жоқта жер жарылсын, күн құласын,
Түзесін сөйтіп, әлем жөнсіздігін.

* * *

Құярдай су татыған дәтке майды,
Табамын кейде ішімнен «әттең-айды».
Қу жүрек ақ білекке табынғандай
Тәңірге құлшылығын сақтамайды.

* * *

Айналмай аруымның мазағына,
Қандырып ғажабына, азабына,
Жалт еткен жанарынан шуақ шашса,
Көнер ем о дүниенің тозағына.

* * *

Келмейді бір шыққан жан қайта оралып.
Тәніңнің «қош, қош!» деуін айтары анық.
Сол жанды өкінбестей бақиыңда
Аллаға адал етіп қайтаралық.

* * *

Білсек те сұм жалғанның бекерлігін,
Алдау мен алданумен өтер күнің.
Құшасың сұлуынды өліп-өшіп,
Көрсе де шыққыр көзің мекерлігін.

* * *

Тас жатыр - алтын кесек хан алдында.
Бас жатыр тастай болып тәмам мұнда.
Басты да тасты тепкен хан бір күні
Қылжияр қыз қойнында таң алдында.

* * *

Жүректің дүбірлетіп бір дабылын,
Сұлуды шақыра алсам қырға бүгін.
Тұра алмай жатқандарым бойын тіктеп,
Сорайған бүлкілдейді-ау қу жауырын...

* * *

Бұралып талшыбықтай кірді есіле,
Кермарал, керім сылқым - бір «несібе».
Күркілдеп жатып қалдым тұра алмастан
Жүректі қамап тастап түрмесіне.

* * *

«Құтқармас қырғимын!» деп бөсіп едім,
Сұлудың ып-ыстық боп төсі... менің
Тигенде тұмсығыма тұншықтырып,
Исінбей еп-ерсілеу есінедім.

Қайтейін жылыта алмас мына күнім,
Жастықтың жоғалтқан соң бұлалығын.
Күлгенде қас-кірпіктер еміреніп,
Жүрегім ұмтыла алмай жылады мың.

* * *

Не табам жазғырғанда Жалғанды мен.
Кеудемнің ызғарына жалғанды дем.
Күндерім оралмайды-ау енді қайтып,
Шараптың буыменен арманды ілген.

* * *

Шақырып «шарап құй!» деп сахиымды,
Отырам ойлап пәни, бақиыңды.
Ажалдан бәрібір жан құтылмайды
Меншіктеп алса да анау Ақ үйінді.

* * *

Есіме түсіп кетер кейде менің,
Қызынып хан алдында сөйлегенім.
Бүгінгі шарап таппас тапшылығым,
Түсінбеуім екен ғой «Қой!» дегенін.

* * *

Шарабым һәм аруым - барым менің.
Солармен лапылдайтын жаным, демім.
Жоғалып ару, шарап,
Құрсап алды
Кеудемнің қуысының бәрін де мұң.

* * *

Қоңыздай байлық жинап көң күреген
Қаптатты байшыкешті көлгір әлем.
...Шайлығым шарабыма жетсе болды
Парвиздің көздеріндей мөлдіреген.

* * *

Ілікпей дос көңілдің уәжіне де,
Табылмас тұл кеудемнің лажы неге?
...Жалт етер көз қиығын қалқа қыздың
Бермес ем Хұсроудың тәжіне де.

* * *

Шарабым құмырама толсын деумен,
Қолыма құсым күнде қонсын деумен,
Мастық пен зинақорлық қабат езіп,
Шырақтай сығырайып сөнсін кеудем.

* * *

Сұлуға бәйіт айтсам талмайды үнім,
Сазыма нәзік жүрек жалғайды мұң.
Мөлдірер аруымнан бір тамшы жас
Тәрк етер Фаридунның бар байлығын.

* * *

Ғұмырдың таусылғанда жазы мүлде,
Жүректің жетер түртіп назы кімге.
Тулатпай тұңғиығын тұнып қалар.
Жұмбақ боп Дүние сыры әжімімде.

***

Қыр аспадың қиялмен ушуменен,
Қай ұшпаққа шыға алдың ішуменен.
Шарабыңды шалап қып шалдық жетті
Ызғырықтан іштегі үсуде дем.

***

Қайғының дарбазасы ашыларда,
Шарапсыз жүрек дерті басылар ма.
Күйініш, сүйінішің - бәрі бірдей
Тоқпақтай ойсыз, мисыз басы барға.

***

Жұлқынып өрт құшақта таң асып ем,
Бұлқынды сөнер-сөнбес таласып өң.
Өлгенде тәнім жуып шараппенен
Бетімді жапсын жүзім ағашымен.

***

Қыз қалды.
Қыр астында қалды ұрыным.
Қаламай халқым сүйген жанды ырымын.
Тұсалмай қалыңдықпен,
Қашып шықтым,
Оятып еркіндіктің жаңғырығын.

***

Аялап жүрегімнің дүрсілдерін,
Есімде есеңгіреп күрсінгенім.
Шарапты, не Раббымды таңдай алмай
Дал болып қалды ойсырап құр сүлдерім.

* * *

Мерейін мейірленіп қиса құрбым,
Ләззаттың құшағына сыйса бір күн,
Сәулемнің сырғасына теңгермес ем
Зухрадай сұлуын да Нишапурдың.

* * *

Кетер ем пысқырмастан өсегіне,
Жаланың жанды ауыртар кеселіне,
Қу нәпсім құтырынып,
Ұрғашыны
Тоқтатса сүйретуін төсегіме.

* * *

Не деген бәдбақыт ем, өлермен ем.
Қаншама құласам да - көнермегем.
Көтеріп көк аспанды кетер едім,
Сонына мойын сұнып көнер ме әлем?

* * *

Бір өліп, бір тіріліп қайғы немең
Кеудемнен қайта-қайта жай тілеген.
Түнетпей қуып шықтым,
Шаттық іздеп,
Бай күткен кәрі қыздай айтып өлең.

* * *

Болғандай Қобландыға Құртқа ғашық,
Көп құрбым жармасқанда күрт таласып,
Сытылып шыға бердім, өң берместен
Сырымды жүрмесін деп сыртқа шашып.

* * *

Өткізгем жын-ойнақпен бір-ақ күнді.
Бүгінде тосады алдан сұрақ түрлі.
Зинақор деген аттан құтылардай
Қалайша сендірермін Раббымды?..

* * *

Хафиз боп,
Омар һайям ізіменен
Аттадым ұстараның жүзіменен.
Туды ма рубайлар, тумады ма,
Кешір, дос, шығып кетсе «бұзық» өлең.

**Түсініктеме:**

*Сахи - шарап құятын адам.*

*Жәмшид - аңыздағы Иран шаһы.*

*Сухраб, Бахрам - аңыздағы Иран батырлары.*

*Хұсроу - Иран патшасы.*

*Кай- Кабус - Иран падишасы.*

*Нишапур, Балхы - Иран қалалары.*

*Фаридун - аңыздағы Иранның ең бай патшасы.*

*Тохмина, Тахмина - патшайым.*

*Зухра, Парвиз - періштелер ғашық болған арулар.*

*Пыргауын - фараон.*

IX

# Бірде жылап жүремін, бірде күліп

(Бабалар үні)

Жауға шабар баптап ап арғымағын,
Көрген күнін дұшпанның тар қылатын,
Қарағайдың бұтағы - аталарым,
Жауын жаншып табатын бар құмарын.

* * *

Елден туып, жерімен ерім егіз,
Қастерлеуден ерлерді ерінеміз.
Ізгімізді ұмытып,
Көңліміздің
Шығарамыз ездерді төріне біз.

* * *

Аталардың қаны бар қыр гүлінде,
Жел сөйлейді бабам боп мұң тілінде.
Мың күнінің шайқасқан ерлігі бар
Мынау менің тәуелсіз бір күнімде.

* * *

Түннен таңды атқызған бабам менің
Мұңнан балды татқызған, бабам, демің,
Бүгін енді ширенген шенеуніктен
Құлды табам,
Келсе де адам дегім.

* * *

Атырау мен Алтайдың арасынан
Бағы жанып ұлтымның, ары ашыған.
Есірік ұл бүгінде сес таба алмай,
Естен шығып, ескірді Алаш ұран.

* * *

Алар екен мұра ғып батамды кім?
Мәңгүрт болып барады-ау ботам бүгін.
Батасымен бабамның батырларым
Саусақпен-ақ лақтырған атан жүгін.

* * *

Сақтап қалған жаз жайлау, сары өлкені,
Өткен күннің жастарға бәрі ертегі.
Арды ойламас, ой қумас селтеңімен
Тап баспастай көре ме кэрі ертеңі?

* * *

Талай ғасыр жасырып, қыраулаған
Жетпейді үні жастарға мұң аулаған,
Бөріктінің «Аттандап!» ақырғаны,
Көріктінің шырылы «құраулаған!»

* * *

Атылмаса ашынып тіл денеден
Ұтады екен бүгінде үндемеген.
Бабаны емес,
Ананы һәм мынаны
Мадақтаумен жазылса күндегі өлең.

* * *

Сиынарын таба алмай көр пақырлар
Атақтыны маңайлап жер тақырлар.
Табынарың - көктегі жалғыз Алла
Шын қолдаса ол
Таққа да ерді ақыртар.

* * *

Аталардың сақтаған кісілікті -
Ер атағын ақтаған ісі мықты.
Ездің ерді жеңерін көрген сайын
«Азамат» дер ұмыттық түсінікті.

* * *

Қарау, қамау тірліктен жасқанумен,
Өксігімнен өзекке шашқан умен,
Бабам ізін басқызбай ала қашты
Безектетіп елсізге басқан у дем.

* * *

Қаны тамған ақ табан іздерінен
Өткендердің арманын іздедім мен.
Тарихым тоз-тоз боп қаусап жатыр
Мұңсыздардың немқұрай мұз демінен.

* * *

«Қатқан кекті жауыма түсірмеген,
Көз жасымды сен ішші, ішілмеген»
Бір тамшы жас кірпіктен тамды ерніме,
Көріп едім бабамды түсімде мен.

* * *

Жан азығы - өткеннің үлгісінде,
Ар қазығы нық тұрар игі ісінде.
Бабалардың батасын балаң ұқса,
Қалғытпайды ойыңды мұң ішінде.

* * *

Кезсе де тау, даламды елестерің,
Жатса да жадымызда кеңестерің,

Орнатып өздеріне бақ, жұмақты
Хан, биді ескерейік демес төрім.

***

Дайырқожа - Ақжол би, қайран бабам.
Сен едің ғой құлдықты ойрандаған.
Өз қаныңмен әз жолын жуып беріп,
Азат еттің ұлтыңды жайраңдаған.

* * *

Азаттықты жеткізген нүктесіне
Сені ұмытты ел,
Алмайды тіпті есіне.
Ақжол бабам,
Бүгінде бар Арғынды
Шығармастай қапасқа тықты өшіге.

***

Сиынған аруағына бабалардың
Мейрамсопы ұлдары - тәмам Арғын.
Сол Арғынның киесін күлге аунатып
Қай себептен туды екен табалар күн?

* * *

Жат табанда қалғанда туған дала,
Елдің кегін қуған ер, қуған дана.
Ұмыттырды-ау соларды жалғыз біреу
«Ардақты ұл боп атадан туған дара»...

***

Мейрамсопы - атақты бабам менің.
Қадағалап сақтаған далам жөнін.
«Әділдік!» дер сезген соң ыстық демін
Жармасады сескентіп жағама өлім.

* * *

Арғы анамды - әулие Қарқабатты
Ардақтауым зор мақсат арқалатты.
Мұңға батып, жазықсыз жапа шеккен
Тазартсам деп келемін әр қабақты.

* * *

Мақтан етер тегім бар - Қаракесек
Даласының ұлы еді ол - дара, кесек.
Тектілерді тексіздер билеп бүгін
Басып кетті қала мен даланы өсек.

* * *

Күн шықса қырдың қызыл жотасынан,
Бабамның сыр аулаймын батасынан.
Жүрсін деп ел менен ел татуласып,
Айрылмай ана біткен ботасынан.

* * *

Желкемнен желкелесе жегілерім,
Еркеме егілмесе егілерім,
Тәңірім пешенеме жазған шығар,
О бастан тауанымның жеңілерін.

* * *

Дүниеде кім бар екен күнәсі жоқ,
Жалғанның кінә тағар «сірәсі» көп.
Жүрегің күнәкар боп туламаса,
Артық қой онда одан бір асым ет.

* * *

Көктемнің көрген сайын бәйшешегін,
Есітем тылсым үнді бай шешенін.

Жетпейді гүл мен гүлдің сыбырына
Ғаламның тегіс жинап, жайса өсегін.

* * *

Тимесе ерік басқа әуелден-ақ,
Қашпай ма іштен жігер, әуеннен бап.
Тағдырың тәлкек етер тентіретіп,
Мойныңа құрығын сап, тәуелдеп ап.

* * *

Өзіндей адалдықтың секілді еді -
Өксумен сол сәбидің өкінгені.
Есімде естелік боп қалып қойды
Меңіндей жас сұлудың бетіндегі.

* * *

«Табаным тисе Ақ үйдің кілеміне,
Шығармын биігіме міне, міне!..»
Деуменен өзімді өзім алдар қатып,
Барамын батып тірлік түнегіне.

***

Өткеннің қаруланып өнерімен,
Ойымның асып түсіп кемерінен,
Ақырып арыстан боп атыла алсам,
Азаяр жеңілерім жеңерімнен.

* * *

Мәз болма біраз малды баққаныңа,
Елірме қоң жидым деп тапқаныңа.
Қашанғы білдірмейді бейқамдығың,
Өтерін соның бәрі жат бағына.

* * *

Сенбедің сұм жалғанның өтеріне,
Өмірге келгендердің кетеріне,
Өзегін өз еліңнің отқа қақтап,
Ұсындың кәуап етіп бөтеніңе.

* * *

Ішінен таңдап алған бар құланың,
Астымда жұлқынушы ед арғымағым.
Бір рет тым болмаса биік жардан
Әттең-ай, неге ғана қарғымадым?!.

***

Тұмсығыңды тығып ап тас қалаға,
Ата-анаңды ұмыттың, қасқа бала!
Кіндігіңді айырсаң туған жерден
Елін сүйер еміреніп жас қала ма?

* * *

Ойынды тый, есті жи, ойлан, балам,
Жүнжіп, тозып бітеді ойланбаған.
Жезөкшенің бөксесі басып алып,
Былғанбасын азат бас, қайран бағаң.

***

Ой бағатын жастасың, ойлан, балам,
От басады ойқастап тайрандаған.
Бұ не қылған бітпейтін ырду-дырду,
Шаршайды ғой тынымсыз тойдан да адам.

** *

Той табылар кейін де ойлан, ботам,
Талай көрген той дейтін ойранды атаң.

Бәрі бар ғой алдыңда, етпе асылық,
...Қанып іше алмаған айранды атаң,
Бар мен жоқтың сырын ұқ, ойлан, ботам!

***

Ескер, ботам, әдеп пен кісілікті,
Есте сақта «Адам!» дер түсінікті.
Талай надан таңданып ісініпті,
Жақсыларды танытар ісі мықты,
Ойлан, ботам, ұмытпа кішілікті!

***

Тоқта, ботам! Үлкеннің кеспе жолын.
Оянбасын «Бетсіз!» дер есте жоқ үн.
Қолын алып, «Аталап!» сәлемің бер,
Тазарт сөйтіп егденің ескі жолын.

* * *

Тоқта, ботам! Ұлғайтпа Дала жігін,
Адалдықтың аттама ала жібін.
Бас кессе де, шындықты қорғау үшін
Жүрегіңді қолға ұстап ала жүгін!

***

Ардақ тұтып анадай, мынадайын,
Кім Абайын іздейді, кім - Адайын.
Ауылынан бір адым алшақ басса,
Орны толмас көреді күнадайын.

***

Бергенім аз өмірге, алғаным көп
Бір қызыққа қызықты жалғағым кеп.
Өзгелерді мықшитып кетсем деп ем,
Алданумен өзімнің қалғаным көп.

***

Таусылмайды адамның аңсағаны,
Бірде сөнер,
Бір күні жанса бағы.
Өз таңсығын кекіріп керек қылмай,
Қаңсығына өзгенің тамсанады.

* * *

Тымық таңды жұлып ап меңіреуден,
Құйқылжытып көмейін кең іреумен,
Ән салды деп жүреміз бозторғайды
Зары ма екен төгілген еңіреумен?..

* * *

Мына заман қатыгез ұрысы көп,
Қаталдықты сезсе де, жұмысы жоқ
Гүл жұлынды.
Солқ етті қап-қара жер
Тіршіліктің ең соңғы тынысы боп.

***

Жарқ еткенде шарықтап қыран бүркіт,
Қалт тоқтатам, көмейде бір әнді іркіп.
Жер патшасы болсам да,
Ұша алмайтын.
Қор болғандай өзімнен тұрам үркіп.

* * *

Уай, табиғат, өзіңнен жаратылған
Адам ғана - өзгеден дара тұлғаң.
Сезімі бар, сөзі бар, мұңы да бар,
Махаббат боп кеудеден әні атылған.

* * *

Туғаның һэм өлгенің - бәрі жалған,
Бақ, сор боп адастырар кәрі жалған.
Білінбей бар мен жоғың дүниеде,
Жаныңа күйіністің зәрі тамған.

***

Білдірем десең бар боп туғаныңды,
Шығымен адалдықтың жу жаныңды.
Көбейтіп көпке жасар қызметіңді,
Азайтқын ырду-дырду думаныңды.

* * *

Нан мейлі, нанба мейлі тағдырыңа,
Ұмтыл тек түнекке емес, таң нұрына.
Табасың сонда әділ, адалдықты
Майыңды жағып жейтін тандырыңа.

* * *

Қамшысымен малша айдап тірсектеген,
Мықтылардың алдында бүрсектеп ем.
Ер намысты ездірткен құнсыздықпен
Ұра алмастан енесін, тырс етпегем.

***

Көбейтіп көкіректе мұң-наланы,
Қопарып ақ селеулі тың даланы,
Гүрілдеп дүрілдеген шынжыр табан
Шырылын бозторғайдың тындамады.

***

Күз жетті де даламды жалаңаштап,
Үйді ықтады бүрсеңдеп тана, баспақ.
Шенеунікше ширенген өкпек желі
Жыр-сырымды болып тұр ала қашпақ.

* * *

Кім Аллаға сиынар, кім шайтанға,
Шайтан бастар пендені тым сойқанға.
Ал Аллаңды қондырсаң жүрегіңе,
Алдырмайсың еркіңді мың сайқалға.

* * *

Көрдік жынды, шайтанды, сайқалды да,
Қашты бірлік, шаңырақ шайқалды да.
Ұл мен қызды бақыртып бөліп алып,
Әйел кетті.
Жұртында бай қалды да.

* * *

Үндемедім.
Тіл тістеп тынды өлеңім.
Түн қойнынан мұңайып мұнды ememін.
Адалымды жалғандық жұтып жалмап,
Жеңіп кетті қаптап кеп жынды әлемің.

***

Үндемеймін.
Тіл тістеп отырамын.
Үрей буып, тұр тыншып атырабым.
Тілім босап тісімнен, түбінде бір
Арыстан боп «аттандап» атыламын.

* * *

Таппақ болса сұм жалған езді менен,
Жүрегімді, жанымды езгілеген.
Қол сүюге құл болып дағдыланған
Жиіркеніп жанымнан безді денем.

* * *

Езгісіне көне алмай мен биліктің,
Қарсы шауып атойлап, сан киліктім.
Қалжырадым, қайтейін,
Қанаттас жоқ
Нысанасы болдым да әр бұйрықтың.

* * *

Аңсап жүрмін аулымның ақ бұлағын,
Жаным соның суынан тапты нәрін.
Тат аққанда краннан...
Сағыныштың
Тамшыларын кірпіктен лақтырамын.

* * *

Мал-жайы мол ауыл жоқ баяғыдай.
Тақыр қазақ сүйенер таяғына-ай.
Құлап кетіп, сол қазақ, үзілмесін.
Тірі қалдыр бір ұлтты!
Ая, Құдай!

* * *

Неге олай сұм тірлік, неге бұлай?
Бұл қазағым құлдықты шеге ме ұдай?
Өз қасығын жеткізіп өз аузына,
Жарылқашы алашты, еге Құдай.

* * *

Бұлталақтап бұзбашы түзуімді,
Гүл өсірші, төкпеші ізіме уды.
Уай, Жаратқан, қайтадан біріктір тез
Бір қазақ қып,
Бөлінген жүз руды!

* * *

Елді ойлайды қазақтың қай баласы,
Ел ырзығын асап жүр қайманасы.
Соны ойласам, ыза-кек бойымды өртер,
Сап-сап, жүрек!
Ыстық қан қайнамашы!

* * *

Доллар алар бірталай мың айына,
Арабтардай біз де алсақ - мұнайыма!
Жатпай, тұрмай мінәжат қылар едік,
Кенді берген аямай Құдайыма!

* * *

Кетем кейде қиялмен сағымға еніп,
Бір құдірет билейді қанымда еріп.
Табиғаттың табысып тылсымымен
Бар әлемді аялар жаным кеңіп.

* * *

Жаным менің - даламның жайлауындай,
Қаным ыстық - жанартау қайнарындай.
Тілім менің - өтірік, рас айтар
Дұрыс, теріс парламент сайлауындай.

* * *

Арқандаулы арқырар көңіл-дөнен,
Ауырым - жат, туыстым жеңілменен.
Қажырымның қанжары тасқа соғып,
Жан, жігерім жеңілді,
Жеңілмеген.

* * *

Бір-біріңе, уай, қазақ өсек тасып,
Оны азсынсаң атқылар кесек тасып,
Арың күйіп, бетіңді нарт қызартар
Бір сәтің жоқ, жүрсең де неше от басып.

***

Қабағымның кірбіңін көрме, балам,
Мен көргенді сен көрмей өрле, балам.
Төр, төреден көшіңді аулақ сал да,
Елмен бірге қадам бас өрге, балам.

***

Киесіз кім,
Білмеймін киелі кім.
Ауыстырар мен емес жиі елігін.
Кием бар ма,
Киесіз ием бар ма
Ұрпағы боп жаралған сүйегінің?

* * *

Атақ керек адамға, бақ та керек,
Қоймаса да шырқатып таққа бөлеп.
Өсірер де өшірер әділетпен
Тауып берсең жаратқан Хаққа себеп.

* * *

Бұлталақтап бұзбашы түзуімді,
Гүл өсірші, төкпеші ізіме уды.
Уай, Жаратқан, қайтадан біріктір тез
Бір қазақ қып,
Бөлінген жүз руды!

* * *

Елді ойлайды қазақтың қай баласы,
Ел ырзығын асап жүр қайманасы.
Соны ойласам, ыза-кек бойымды өртер,
Сап-сап, жүрек!
Ыстық қан қайнамашы!

* * *

Доллар алар бірталай мың айына,
Арабтардай біз де алсақ - мұнайыма!
Жатпай, тұрмай мінәжат қылар едік,
Кенді берген аямай Құдайыма!

* * *

Кетем кейде қиялмен сағымға еніп,
Бір құдірет билейді қанымда еріп.
Табиғаттың табысып тылсымымен
Бар әлемді аялар жаным кеңіп.

* * *

Жаным менің - даламның жайлауындай,
Қаным ыстық - жанартау қайнарындай.
Тілім менің - өтірік, рас айтар
Дұрыс, теріс парламент сайлауындай.

* * *

Арқандаулы арқырар көңіл-дөнен,
Ауырым - жат, туыстым жеңілменен.
Қажырымның қанжары тасқа соғып,
Жан, жігерім жеңілді,
Жеңілмеген.

* * *

Бір-біріңе, уай, қазақ өсек тасып,
Оны азсынсаң атқышар кесек тасып,
Арың күйіп, бетіңді нарт қызартар
Бір сәтің жоқ, жүрсең де неше от басып.

* * *

Қабағымның кірбіңін көрме, балам,
Мен көргенді сен көрмей өрле, балам.
Төр, төреден көшіңді аулақ сал да,
Елмен бірге қадам бас өрге, балам.

***

Киесіз кім,
Білмеймін киелі кім.
Ауыстырар мен емес жиі елігін.
Кием бар ма,
Киесіз ием бар ма
Ұрпағы боп жаралған сүйегінің?

* * *

Атақ керек адамға, бақ та керек,
Қоймаса да шырқатып таққа бөлеп.
Өсірер де өшірер әділетпен
Тауып берсең жаратқан Хаққа себеп.

Бірде жылап жүресің, бірде күліп,
Күлген ғұмыр кетеді гүлге тұнып.
Запыран жас тамғанда жан өртеніп,
Өңеш бітеп,
Түседі тілге құрық.

* * *

Тыңдағандай елжіреп аспан үнін,
Тауып кейде ғұмырдың қас қағымын,
Тапсырасың өзіңді Мәңгілікке,
Талақ етіп тірліктің басқа ұғымын.

* * *

Мынау қапас ғұмырдан әріге өтіп,
Жалған тірлік, өгейлік -
Бәрі кетіп,
Әлем сиып кеудеме,
Ел төрінде
Жер мен көкке отырам әмір етіп.

* * *

Тудың - өлдің...
Аралық - өлшем ғана.
Тоқтай қалшы, уақыт, сәл-сәл ғана.
Тіршілікте маңдайдан бір сипашы,
Керегі жоқ іздеудің...
Өлсең ғана.

* * *

Самалымен нұр шашып дала таңы,
Тамғандай боп шуақтан бала қаны.

Сипағандай сеземін түршігіп қап,
Періштенің былғанған алақаны.

* * *

Мен сенер ем,
Ел сенсе алдағыма.
Төзер едім тағдырдың салмағына.
Қарсы ұмтылса қайыспай қара халқым,
Адалдықты қанжар ғып жалғанына.

* * *

Күншілдер бар күрсінсең - есі кетер.
Есі кетер,
Астыңнан кесіп өтер.
Табар ма екен бір сәтті қас қағымдай
Есі кіріп,
Адалдық есінетер?..

***

Қуушы едім үміт пен арманды мен,
Бүгін енді күдікпен жалғанды дем.
Аялайтын асылым - күлге айналып,
Болып кетті адалым - жалған кілең.

***

Кімге керек күлгенің, өкінгенің,
Азғаның һәм тозғаның,
Жетілгенің.
Күншіл қазақ күлімдеп қуанады,
Білінсе тек мүжіліп, кетілгенің.

***

Ұмтылғанда аласың алмасыңды,
Жасай білсең жағаға жармасуды.
Ерлікті де өрлікті дұрыс қолдан
«Өгіз өлді!» болмасын, «арба сынды!»

* * *

Қарабетке десең де «Қарабет!» сен
Түк өнбейді өзіңді арам етсең.
Қара беттер ағарып кетер еді-ау,
Адалдықтың бетіне қарап өтсең.

***

Тірлік шіркін - ұға алсаң бар мен жоғың,
Тірелетін, өтетін жар мен жолың.
Ащы менен тұщыны айырмайсың,
Жеп жүрсең де көмейлеп бал мен боғын.

***

Арманға құлаш сермеп ертелеп ем,
Қиялға құрық тастап еркелеп ем,
Бақталас жолым тосқан күншілдерім
Жыға алмай...
Бірін бірі желкелеген.

* * *

Жететін бір дабыл бар алыс қырдан
Жүректе үміт, күдік жарыстырған.
Тірілтіп кеудеңдегі періштенді,
Тазартып Тәңір ме екен
Табыстырған...

* * *

Табысып аян түсте сүйінгенің,
Жабысып ысып-суып иінге мұң,
Білмей қап ес, түсіңді отырасың,
Ғарышқа алып ұшып құйын демің.

* * *

Түн - тұңғиық,
Қараңғы көңілің де.
Түнек бүркеп тастаған сенім мүлде.
Жетім дүние түңіліп тіршіліктен
Асығатын тәрізді көр - ініне.

* * *

Жол ұзады айналып бұраңдаға,
Бұрандайды сол ізбен қыран дала.
Іздеп келем арманды құлап... тұрып,
Тағдырымды тапсырып бір Аллаға.

* * *

Жайларым көп сезініп түсінбеген,
Көп көремін періні түсімде мен.
«Сері, пері - тең!» деген рас болса,
Сыртым - сері,
Перімін ішімменен.

* * *

Көкжиекке итінген анау көктің,
Алауына қызығар жалау деп кім?
Кейде ішімнен атылар сол алаудай
Запыланып Жалғанға қамаулы екпін.

* * *

Неге жаным қинайды бекер мені,
Жұлдыз болып босатсам, кетер ме еді?
Жалғанынан Жалғанның безіне ме,
Шындық болып шырылдап көтергені?

***

Жаным менің зорайды тәнімде өсіп,
Тарлық етер тән дейтін - тәлім бесік.
Жан бойымда ой болып аласұрып,
Боран болып ұйтқиды қанымда есіп.

* * *

Бұл жанымды тығармын қайда апарып?
Құлашын ол ғарышқа жайғаны анық.
Шындық іздеп шырылдап,
Бір-ақ тілер!
Кейбіреудің жүргенін айлап танып.

* * *

Адамбыз өмірге мен, сен де сенер.
Зарлаумен, зарығумен пенде сөнер.
Бақытты одан өтер жан болмас ед
Перзент боп бұ дүниеге келмесе егер.

* * *

Жауап таппай кіжінтіп «негелерім?»
Жағасына жармасқан төрелердің.
«Еркек!» демей,
«Тентек!» деп сол ісімді
Жазғырған соң қазағым...
Сөне бердім.

* * *

«Ғажабым - деп - қазағым!» есіруші ем,
Жерді аспанға «Алаш!» деп көшіруші ем.
Өз ұлыңды қызғанғыш, қайран қазақ,
Жылт еткенін бойынан өшіруші ең...

* * *

Тақым баспай тұлпарға,
Мәстек мініп,
Жалпақ бетті толтыра жас кептіріп,
Бұл тірліктің тұзағын мойныңа ілсең,
Саған, қазақ, жоламас хас беттілік!

* * *

Шоққа түскен көңілім, жоққа талмай,
Қарап келед зулаған оққа талдай.
Ызаланар сұм Жалған,
Озбыр билік
Тірлігімнің қайнарын тоқтата алмай.

* * *

Аспан астын, жер үстін мекендеген
Адамзатты бөлмеуші ем бөтенге мен.
Шежірешіл қазақтар қаптап кетті
Ағаны іні жатсынып көтендеген.

***

Қара түннің шулайды желі неге,
Жем іздей ме,
Жын қуып желіге ме?
Сұм әлемнің сұмдығын сездіре ме,
Тыным бермей тірі мен өліге де?

* * *

Шұлайды тал, қағады тереземді,
Тулайды қан өртейді өңеземді.
Аспан тауды ойнай ма қақпақыл ғып,
Тартарына' тарта ме жер өзенді?

* * *

Жүре алмаймын елімде еркін аттап,
Алмаған соң жырымды төр қуаттап.
Ұрып, жығып жүреді кітабымды
«Көрмәдіктер» дейтұғын көркін ақтап.

* * *

Аврорадай азаттық сәулеге еріп,
Айта алмаймын әнімді кеуде керіп.
Әр деміңді аңдиды үндеместер
Қара түнде бықсығы сәулеленіп.

* * *

Бәлеге сабыр деумен көніп келем,
Мұңын да, шер-шеменін еміп келем.
Жарқ етіп ашылғанын бір көрмедім,
Еңсе езді көк сарайым төніп төмен.

* * *

Тағдырыңа ырза бол дегендерге
Қайтейін күрсінумен көнем мен де.
«Өйтпе! Бүйтпе!» кеңеске бас изеумен
Айналып кетер ме екем кемеңгерге.

[1] **Тартар- тозақ (грекше)**

* * *

Елбасым: «Сұрамасты сұрады!» деп,
Жазғырып уәзірлерін тұрады кеп.
Қаламды ұстаудан да қаламыз ба
Қашанғы бұл зіркілдеу тұрады үдеп?

***

Бар байлығы даламның - кенім еді.
Түп қазығым - талыстай жерім еді!
Кен мен жерді келімсек иеленіп,
Қанды жасым көзімнен төгіледі.

* * *

Ән қайда «Ақбақайдай» шаппай желген,
Даламның мол дүбірін сақтай келген.
Жүйткіген ақбақай ақыны едім,
Ықыласын ақ сарайдың таппай келген.

***

Оқымай жастар бүгін ақындарын
Жеп жатыр компьютер ақылдарын.
Өзге емес, өз жақсысын көрге тығып,
Табады өзге жұрттан «жақындарын».

***

Басам бүгін кеудемнің мұң түймесін...
Мына жайға шоқ шайнап, кім күймесін:
Артылады қазақтың жап-жас қызы
Ашып тастап, еркекке, күн тимесін.

***

Жай табарсың, Құдай-ау, қайда барып,
Мал болғаны ұлтымның айдан анық.

Қызы артылып негрге,
Ұлы - құл боп
Күннен күнге барады майдаланып.

***

Қажыр қашып, жасиды жігер неге,
Өзектесін өлімге тігер неге?
Басқа жұртта дәл біздей зұлмат болса,
Ордасында, білмеймін, түнер ме еге?

* * *

Шаршау, қажу - қас жауы ақиқаттың.
Шаршамайды бар кезде,
Ақиқат тың.
Шындық бар да сұмдықтың сұрқы қашар,
Келсе өзіңнен, адал бол,
Хакім тапқың.

***

Көңіл қалса наданнан қара тас боп,
Қона алмайды көрші боп аралас кеп.
Надан - адам бола алмас,
Қаны қара
«Өз ағаңмен - айтақтар - жағалас!» деп.

* * *

Үміт үзсе кім де кім бала шақтан,
Айрылған ол мөп-мөлдір болашақтан.
Күдігіне жеңгізсе бар тілегін
Өз ғұмырын көріне ол ала шапқан.

* * *

«Құлынды - сөз» дегенге таңғаламын,
Мен де бір ұлы едім ғой паң даланың.

«Биелі - күй» болар ма қойнымдағы
Сол бүгін есімді алған енді алаңым.

* * *

Басқа жүрсе бақ қонбай,
Өлейін бе,
Жырым болса, жетеді көмейімде.
Батсын, жатсын төрелер өлеңімде,
Бұрқыратып тасқынын төгейін де.

* * *

Жау іздеген дос болар жауызбенен,
Қастан - досты,
Досынан жау іздеген.
Қасымды да досыма айналтар ем,
Салып жатса Тәңірім ауызға өлең.

* * *

Жек көрсе де іші өлген.
Тірі жандар,
Көңілі - көн,
Жүрегі - сірі жандар
Бақ тілеймін соларға мен бәрібір
Тәубасына келсін деп ұры жандар.

* * *

Жерден алып, жерге сап өз анасын
Ұрысса қыз,
Қалай сен төзе аласың.
Енені ұрса келіні,
Дүниенің
Қалай, қайтіп пәктігін сезе аласың?

* * *

«Ана сыйла, қадір тұт анаңды!» деп,
«Сонда ғана табасың бағаңды!» деп,
Өткендердің ақылын жерге таптап,
Жазғырамыз бүгінгі заманды тек.

* * *

«Кімге керек ақылың кенжелеген,
Ортақ ойдан су ішіп, жем жемеген?».
Соны сезіп, аузымды буып едім,
Тұл бойыма қан тарап, дем жөнеген.

* * *

Мен елімді ұнатам.
Елім - мені.
Менікі оның жеңгені, жеңілгені.
Суарса һәм құнартса дер ем жерді
Терім менен қанымның төгілгені.

* * *

Таусып алғам жасымды тым ертерек
Соғыс болып ішімде, үрер төбет.
Қара жауып келгенде Қара қағаз
Бір ошаққа мұң қосып жылар терек.

* * *

Өгей болып мен жүрмін өз елімде,
Ыза, кегім лапылдар өзегімде.
Сыбағамнан сымпитса масылдарым
Ұрлап тығып сасыған тезегін де.

* * *

Адам деген - жұмбақтың ең қиыны.
Оңай оның құлауы, дөңкиюі.

Әй, қиын-ау жақсыға «мерси!» деуі,
Тым оңай ғой жаманға «сен киюі!»

***

Тағдырдан, Хақтан күтсең бақ-талайды,
Үмітің сені ешқашан ақтамайды.
Тәңірің - өз жүрегің!
Сенсең соған
Келеді артығымен бақ талайғы.

***

Біреудің мақтағаны өзіңе кеп -
Өтірік алдарқату сөзі демек.
Сыртыңнан сылқитатын балағаттап,
Байқұстың бақырауық кезі бөлек.

***

Сенбе сен он жерден ол тұрса мақтап,
Көз бояп, арамдығын жүр сабақтап.
Пенденің пенделігі ұстатпайды-ау,
Жүрсең де пайымыңмен мың сараптап.

.

***

Дүние-ай шеше алмадым бір сырыңды.
Түрді емес, ұстатпадың қылшығынды.
Әлемге Адам етіп жаратсаң да,
Ашпадың ақиқат қып тылсымыңды.

***

Жалғанның жұмбағына пенде күпті,
Қамыт қып киіп алып пенделікті.
Пердесін тылсымының бір түрместен
Қай Тәңір қай пендесін кенде қыпты.

Пәниді бақи тірлік қызғанады,
Кеудеңнің сынған кезде мұз қамалы.
Көшкенмен қара жердің қойнауына
Бәрібір бәрімізден із қалады.

* * *

Өмірге пенде біткен жылап кіріп,
Жүреді итшілеумен құлап, тұрып.
Күрсінер ақырғы рет
Сол ғұмырдан
Өткенін көз жұмарда бір-ақ біліп.

* * *

Дүниеде күнәсі жоқ кім бар екен,
Зарымды жер, көктен кім тыңдар екен?
Тәңірге көп құлшылық етсе-дағы
Бүгінде пенде аз ғой сырға бекем.

* * *

Қойдың ғой, Тәңірім, мені досқа зар ғып.
Көбейтіп жауларымды. Өшке бар ғып.
Шетінен шибөрідей шақылдап ап,
Қызғаншақ, қанды азумен төс қабарлық.

* * *

Кетеді түнгі дауыс жер түбіне,
Өксікті өңешіне кертіп іле.
Айрылған пәктігінен қызалақтың
Зарлаған жетті маған дерті міне!..

* * *

Кім іздер классик боп өлгенменен,
Көмілер топырақпен сөнген денең.

Болғанмен нәрің артық министрден
Биліктен жеңілесің... жеңгенменен.

* * *

Мықтысың. Көп төреден есің артық.
Жыр жазсаң, шыға келер десің артып.
Сол төре саған тиер сыбағаны
Тығады көмейіне кесіп, артып.

***

Идіріп қу жағыңды қақтай алсаң,
Билікке құрметіңді сақтай алсаң,
Сыйлық та,
Атақ-шатақ бәрі сенде,
Желпінтіп төрдегіні мақтай алсаң.

* * *

Қу тіршілік шарап деп у ұсынар,
У ішкеннің оп-оңай туы сынар.
Кеше ғана от шашқан кеудесінен
Сұп-суық боп сыздықтап буы шығар.

***

Жас төгіп бұлт жылай ма, күн жылай ма?
Көгеріп көк Тәңірі тұнжырай ма?
Әлде ол жұрттың көзін алдап-сулап,
Ұрланып еңбектей ме жылжып Айға?

***

Төбеден түссін десең сирек бастар,
Әкімді жүрек керек түйреп тастар.
Тақтан тек тазалықты көрем десең,
Әділін өз жаныңның билеп, басқар.

***

Оу, Софы, түсе берме көзге бүгін,
Биліктің қисығының сезбе бірін.
Оңыңды теріс жаққа бұра салып,
Жасайды дегендерін өздерінің.

* * *

Білеміз әтешсіз де, таң атқанын,
Шығарын төмендегі балақтан күн.
Биліктің биліксізін нең бар сынап,
Құрылар әлі-ақ тезі Жаратқанның.

***

Жоғалтқан өз ойынан Тәңірісін,
Таппайды тал бойынан тәңір ісін.
Құмарсыз, құр ілбумен күн өткізіп,
Ит қосып қарақтайды нән ірісін.

***

Қараңғы ойды кеудемнен қуып шықтым.
Тазаладым! Із-орнын жуып шықтым.
Ой, ойпыр-ой!
Рас па танығаным
Қауашағым ішінен... уын шықтың?!.

***

«Сенбе - деумен - ешкімге мақтаса да»,
Талай ақыл айтатын ақ бас аға.
Сағынамын ауылды, ағаларды,
Сағынтады жар түскен ақ босаға.

***

Тарқап базар.
Ақсаңдап қайтып келем.

Ел, ерге емес.
Жерге мұң айтып келем.
Жатып қалды көмейде қызыл ет боп
Қызыл тілім шоқ шашып,
Жай бүктеген!

***

Өзегімді өртетпей жасқа мұңды,
Тазартамын бұлтымнан аспанымды.
Қаламымнан шоқ шашқан сәттерімде,
Мәңгілікке жалғаймын қас қағымды.

***

Мәңгілікпен табысам. Сенемін мен.
Сыр іздегем «Елім!» деп көне күннен.
Өзегіммен өз елім араласып,
Сусындайды мәңгілік өлеңіммен.

### II

Келдің - кеттің.
Нені өзгерттің Әлемде.
Мына жалған қалар кейін сенен де.
Қыранға ұқсап бір шарықтап көрдің бе,
Жүре бермей құр сөлпектеп төменде?

* * *

Ей, адамзат!
Қабы болсаң мешкейдің,
Бардан жоғың,
Көп бықсымай өш мейлің.
Қыбырлаған құл тірлігің айуан ғып,
Аңы құрлы бола алмасаң төскейдің.

* * *

Уай, Адамзат!
Қабы болсаң шындықтың,
Қара бетін қанжармен тіл сұмдықтың.
Анықталар тәңір Хақтың алдында
Кімді саттың,
Кімді бақтың,
Кімді ұқтың.

* * *

Алдаганмен ел-жұртыңды, өзіңді
Атлас қып құндамақ боп бөзіңді.
Өмір бойы өткізумен өтесің,
Ұстай алмай шындықты айтар кезіңді.

* * *

Кейбіреуде баспа да бар, басқа бар,
Кейбіреулер - түк бітпеген қасқалар.
Кейбіреудің саусағынан бал ағып,
Кейбіреудің соқыр көзден жас тамар.

* * *

Анаусына жұмсайды да мынасын,
Оп-оңай-ақ жуа салар кінасын.
Анауың мен мынауың жоқ сен шіркін
Кінәсіз де кінәлі боп тынасың.

* * *

Десек-тағы: «Қарға қыран болмайды,
Тесік шелек қанша құйсаң толмайды».
Қолдамаса экім қысып тақымын,
Оза алмайсың қамшылаумен борбайды.

* * *

Айтса - көндің,
Алса - бердің.
Нең қалды?
Бүтты, шатты.
Тапты сенен аңғалды.
Көрсең - сенсең,
Көнсең - ерсең,
Қайтеді ол
Баспағанда жалпағынан Жалғанды.

* * *

«Жақсы күнім осы ғой!» деп қызығып,
Құмар озып, ақыл тозып, қызынып,
Әуенімен қайтпаған көңілдің
Алданып қап,
Отырасың мүжіліп.

* * *

Жамбасына сұлап жатқан тірлікті,
Түзетем деп бастап кетсең ұрлықты.
Сүйкімі жоқ Тәңір атқан пенде етіп,
«Тағдыр!» дейтін төмпештейді бір мықты.

* * *

Күткізбейді жамандығын тіршілік,
Айнып кетсең адалдықтан түршігіп.
Жүрегіңнің тілгілейді талшығын
Тазалықты тап басатын бір шыбық.

* * *

Жүрек отын сөндіре алмас лаулаған
Бейнет суын терден ішіп, саумаған.

Есер көңіл есек дәме митыңмен
Жерде тұрып көктегі Айды аулаған.

* * *

Жырым менің - тозағым мен азабым.
Жырым менің - ұраным һәм азаным.
Күйінішім, сүйінішім ол бітпейтін,
Шаттығымды сипап үзер таза мұң.

* * *

«Баратады!»[2] деп жазатын ақын көп.
Іңкәр тілге көр қазатын ақын көп.
Бара-бара басқаша тіл жасар ма,
«Не жазсам да, бар ғой менің хақым!» деп

Дос іздесең тұстастардан, ақылды ұқ,
Бірін таңда жүз адамға татырлық.
Шыбын жаның шырылдаса, сесімен
Қорқақты да ол жібереді батыр ғып.

[2] «Бара жатады» деудің орнына.

# X

# Киелім, қасиеттім - Далам менің

**(Даламның әні)**



***

Елімнің тал бесігі- далам менің,
Сезгенмін самалынан анам демін.
Сипаған табанымды топырағын-
Келеді қазақ үшін ғалам дегім.

* * *

Шындаған алашының бала жанын
Дала-жел, дала- дауыл,дала - жаным.
Алаштың бір түйірі - мына менің
Кеудемде дүрсілдейді дала - жаным!

Далам егіз анамның жүрегімен,
Анам десем - даламды білемін мен.
Далам, анам ұлымын еркелеткен
Жаралғанмын солардың тілегінен.

***

Ұнатамын бозторғай сайрағанын,
Шалғынымен даламның жайнағанын.
Сіміруді иісін жусанымның
Құлын-тайдың жарысып ойнағанын.

* * *

Кетер ме еді шіркін-ай дала кезіп,
Сол далаңа өзіңді бала сезіп.
Тау, далама жолатпас жат қорлығы
Жүрегімді жаралап барады езіп.

* * *

Жусан исін жұпардан артық көрем,
Кеудеме оны жасымнан артып келем.

...Жусанымды жаусатып өртеп жатыр
Сатып алып өлкемді шартық немең.

* * *

Ақымаққа, апырай, ауды ма бақ,
Қоршап жатыр тұтқындап, тауды қамап.
Көре алмайды жай қазақ табиғаттың
Сұлулығын тұратын жаудырап-ақ.

* * *

Тәңіртаудың керемет мынау бағын
Көрем бе деп күн түгіл түн ауладым.
Жолатпады жол тосып баскесерлер.
Қашқан ойын көңілдің «құраруладым».

* * *

Ел бездіріп, тартып ап елдің көлін,
Ерді ездіріп, сатып ап жердің кенін,
Ақтабан боп зарланып «Елім-айлап»
Қайта оралған тозақтың көрдім керін.

* * *

Баласы едік даланың еркелеткен,
Сол баланы күн туды желкелеткен.
Сол даламның қайнатып күнде сорын
Атқылайды аң-құсын вертолетпен.

* * *

Қия баспай қалған соң жерімізге,
Симастай боп жылаймыз терімізге.
Төмпешік боп әр тұста қаламыз ба,
Атажұрттың бұйырмай көрі бізге.

* * *

Қыстауым жоқ.
Көз шалды үйіндісін.
Өкінішті өксікпен түйілді ішім.
Жекешелеу керек деп бақырғандар
Оңайлата алар ма қиын ісін?..

* * *

Қоғамдасып отырған қауым едік,
Кеңшар, колшар аталған ауыл едік,
Қауымынан ауылды айырған соң
Азайтып жүр қазақты қауып өлік.

* * *

Бір босатып алған соң іргемізді,
Төрімізге шығардық кірмемізді.
Жұмысы жоқ шұбырып қалаларға
Толтырып-ақ келеміз түрмемізді.

* * *

Сағынады сарғайып далам мені,
Сары белден жетеді анам демі.
Сол даламды құтқармай жат табаннан
Жоғалтып ап бағамды...
Бағам нені?

* * *

Көлім бар-тын жуатын көңіл кірін
Тербететін аққудың көгілдірін.
Анау, мынау су тартып атызына
Көл суалды.
Айта-айта көмілді үнім.

* * *

Етегімнің жел желпіп қос қанатын,
Жер шайқалып, тау жылжып, ес танатын,
Арғымағым заулаушы ед қыр төсінде.
...Даламда енді шаба алмас қосқан атым.

* * *

Дала жатыр тусырап ыңыранып,
Суармайды өзені қыңыр ағып.
Шенеуніктер қыр төсін тілгілейді,
Аңын қуып джипімен зымыратып.

* * *

Қала бөлек.
Аң, төлсіз дала бөлек.
Сол далаға қай төрең қарады елеп.
«Протоны» Путиннің ұшқан сайын
Гептил құсып далама салады әлек.

* * *

Бозбала едім еркеммен сай қуатын,
Алтын табақ аспанда Ай туатын.
Сол аулыма жоламай жүрмін енді
Жер қорыған жекеден тайқып атым.

* * *

Дала аялап қазағын - бел баласын,
Бабам менің қорғаған кең даласын
Сол даласы сатылды тауардай боп,
Қайда барып күнелтер енді алашым?...

* * *

Ене алмаймын еркіндеп жайлауыма,
Көз сатамын жайлаудың сай, тауына.

Тұс-тұсымнан қаптаған алпауыттың
Түскенімді білмей қап қай дауына.

* * *

Мен даламды іздеймін шаршағанда,
Табылатын дала жоқ аңсағанға.
Олигархтың меншігі - далам бүгін
Мынау заман не деген қарсы адамға.

* * *

Жер кетті алпауыттың табанына,
Ел батты шенеуніктің амалына,
Үрейдің үңірейген көзіменен
Үрпиіп сығалаймын заманыма.

***

Қоштасқан соң жете алмай боздаламмен,
Ішкі жалын маздамас қозғанмен.
Гамлетше тілдесем бассүйекпен
Тамсанысар таба алмай сөзді адаммен.

***

Талап жатыр кірмелер, тонап жатыр,
Кебініме тірідей орап жатыр.
Ыза-кегім бір күні атылар-ау
Бұрқ-сарқ етіп ішімде борап жатыр.

* * *

Тандырып Серік, Ғалым, Жүрсінді естен,
«Құралайдың өлгені - қыршын!» дескен,
Арды оқтады ақындар киік жоқтап
Өз қазағын атқанда күрсінбестен.

***

Ет кескендей шырылдап етімізден,
«Киік - күйік!» деп шулап шетімізден.
Сұрамаймыз жауабын жазықтыдан
Көріп тұрып ұялмас бетімізбен.

***

Жер жаннаты, киелі Қарқаралы,
Қарқаралы - құдырет Арқадағы.
Топырағын басқанда қазағының
Арыменен өлшенер әр қадамы.

* * *

Елім - азат, жерім жаттың қолында,
Байқоңырым - бағым ба, әлде сорым ба.
Төбемізден гептил майы құйыла,
Байтақ далам айналар ма қорымға?

* * *

Сан тескен тікенімен табанымды,
Аңсаймын әлі күнге дала, құмды.
Түзімнің жүзі жылы жауқазыны
Жылытып жадыратқан қабағымды.

* * *

Қаракүңгірт жамылып көлеңкені,
Бастап кетті сыбырлап жел ертегі.
Кешкі дала айрылып қыбырынан
Көңілімнің көк түсін көгертеді.

***

Қара түн мен ақ таңның түсі алысып,
Бусандырды шөп пенен бұтаны шық.

Көктің нұрын сіңірген жұпарына,
Көк көктемнің ауасын жұтам ішіп.

* * *

«Қош бол!» демен ешқашан да далама.
Далам - анам!
Кием - мендей балаға.
Қанымды да құйып берем дала үшін
Бір тамшысын қалдырмастан табаға!

* * *

Баяғыдай далама қайта алмаймын.
«Кіндік жұртым, арма!» деп айта алмаймын.
Құлынды, Би, Қатындай өгей болып,
Жат жұрттың көлі болған Байкалдаймын[1].

* * *

Қырыма кіргізбейді кірме мені,
Көп болды даламда еркін жүрмегелі.
Сатылып олигархқа саржайлауым,
Көңлімнің кімге керек кірлегені.

* * *

Бар ма едің, аман ба едің, арма, бала,
Кел бері, алақанды қарма, бала.
Қайтесің арба сүйрер құл тірлікті,
Өзінді азат етер бар Далаңа!

* * *

Киелім, қасиеттім - Далам менің.
Сен ғана өмір нәрі - ауам, демім.

[1] Құлынды даласы, Би, Қатын өзендері, Байкал (Байкол) көлі бұрын алаштық болғанды.

Жер сатқан зұлымдарға жай боп түйреп,
Табады, құтқармайды зауал, кегім!

* * *

Жібек торғын жапқанда далаға түн,
Жер аспанға тығылып қамалатын.
«Далаң - панаң!» деп гулеп бір тылсым үн
Жеткізетін бабамның аманатын.

* * *

Қайтарамын бабамның киелісін.
Тулақтай ғып жер сатты.
Күйеді ішім.
Мен даламды - бабам деп ардақ тұтам,
Топырағына көмілген сүйегі үшін.

* * *

Ашылмайды біздерге таң жанары,
Болмаған соң қазақта еш таңцанары.
Шығарады бір қала қай ұшпаққа,
Малы, құты жоғалған маң даланы.

* * *

Жұта алмаймын даламның самал желін,
Самалынан табушы ем анам демін.
Олигархтың жер кетіп көмейіне,
«Шаңырақ» пен «Бақайға» қамалды елім.

***

Жұрты жатыр ауыл жоқ, көшіп кеткен.
Жаңбыр, жаңбыр... ұрады тесіп көктен.
Құлазыған тұл дала еңірей ме,
Жел боп сарнап кеудемде есіп кеткен.

***

Үй құлаған. Қарайған орны ғана.
Үңірейген үй емес, орды қара.
Кіндігіңнің қазығы қаусап жатыр,
Көк бөрідей ұли бер, сорлы бала!

* * *

Ей, шырағым! Тый дереу жағынуды,
Жағымпаздық жағады жаныңа уды.
Төреге ермей, төбеге өзің шықсаң,
Ұмытасың еріну, жалығуды.

**II**

Сиынар, сенер - Құраным,
Осынау зарлы бір әнім.
Алыстап кетсем - аңсарым,
Ақырып тұрсам - ұраным!

***

Еріне ғана ел керек.
Езіне жалмар жем керек.
Ер болмай,
Ылғи ез болсаң,
Құлдыққа төзіп, желдер ек.

***

Түссе де зілі еңсеге,
Төбеден қылыш төнсе де,
Тізесін бүкпей ерлерім,
Тік тұрып өлген,
Өлсе де.

* * *

Дес беріп талай момынға,
Ат жалы, атан қомында,
Күн кешкен бабам рухы
Кезіп жүр Далам-қорымда.

* * *

Шайқасқа берген ғұмырын
Біз ғана - түздік тым ірің.
Кеудеге күй ғып енгізген
Тұяқтың ғана дүбірін!

* * *

Жүрегім мәңгі «Ел!» деумен
Дүбірін аулар кеудемнен.
Найзадай болып атылар
Суырып алған белдеуден.

* * *

Ер бастар ертіп әркімді,
Кеңітер қысқан тар күнді.
Көзінен атып жарқылды,
Көтерер көкке парқыңды.

* * *

Ширітіп тақым терлікті,
Кеудеге сықап өрлікті,
Атойлап шапқан бабалар
Мирас қып кеткен ерлікті.

* * *

Бағзыдан бағзы ғасырдан
Аруағын айға асырған

Қазақпыз,
Мәңгі азатпыз
Бір бірлеп жауын қашырған!

* * *

Алашың - пірің, әу, бала.
Киесі - мынау Тау, Дала.
Кеудесін жебе тескенде,
Жастығы болған - жау ғана!

* * *

Аузы түзу болса да,
Ісі қисық байлардың.
Қанша сирек толса да,
Тасуы тез сайлардың.

* * *

Қара қарга қарғаның
Шұқымайды көзінен.
Артық көрмес ардағын
Надан адам бөзінен.

* * *

Үй артында кісі бар
Жап аузынды, ақыным.
Қадалатын тісі бар,
Қанап қалар тақымың.

* * *

«Намыс - не?» деп сұрасаң,
«Шешен ұлты!» дер едім.
Қайсар етіп мына сан
Өсірген ол өренін.

***

«Өз үйім - берік қамалым!»
Дей алмайсың сен бүгін.
Билікке қарсы амалың -
Мөлтеңдей беру ендігің.

***

Бұл қазақтың мойнынан
Түспей қойды-ау тұзағы.
Қара жердің қойнынан
Зар боп өсті түз əні.

* * *

Билік биік отырса,
Көзін салмас төменге.
Бастық үрсып шақырса,
Еніп кетер кеденге.

* * *

Тағы аяқты тұсаулап,
Тағы ұрлады ерікті.
Жаз ғұмырды қыс аулап,
Бұзды əдемі көрікті.

* * *

Өмірге неге енеміз
Қақпасын ашсақ тозақтың?
Тірідей өліп денеміз,
Қапшығы болса азаптың?

* * *

Айтатын сөзді айта алмай,
Булықса демің тұншығып.

Сананды үккен сайқалдай,
Керек пе мұндай тіршілік?

* * *

Өтірік, өсек - бәрі аңдып,
Жанынды бүріп жат қайғы.
Төре боп үрген арамдық
Қашанғы бізді таптайды?

* * *

Өксікті төккен өлеңге
Күйік пе екен,
Зар ма екен?
Бақытсыз мынау әлемде,
Бақытты пенде бар ма екен?

* * *

Күйікке сыкап ішімді,
Отырсам жүнжіп, мұңға еніп.
Жоғалтып жігер, күшімді
Несіне жүрмін күн көріп?..

* * *

Безбүйрек еткен пендені
Безейік мынау тірліктен.
Алақан басып теңгені,
Көмілді түнге нұр біткен.

* * *

Баспаймын неге «Аттанға!»
Жасқаймын кімді үндемей?
Жан жуымас жатқанға,
Үлесінді қарма, тұр, кедей!

*******

Кеудеңе күйік түнетпей,
Уай, қазақ, шырқап бас әнге.
Жанарын жұрттың жүдетпей,
Шаттықтың нұрын шаш елге!

* * *

Шықпаймын неге айқасып,
Жүре алмасам шат күліп.
Қойған соң бойдан ой қашып,
Күдікке толса тәтті үміт.

* * *

«Теңге!» деп қылғи жұтынып,
Қаныңнан құйып алтынды.
Барады кірме құтырып,
Тірідей сойып халқымды.

* * *

Қараңғы түнде мүң күлген
Ақсита керіп азуын.
Кетпесем қашып кірбіңнен
Күтермін...
Тағдыр жазуын.

* * *

Үреймен ұлтым сасқанда
Айрылып қалып мұнайдан.
Қадаймын көзді аспанға,
Зауалын күтіп Құдайдан.

***

Кезенбей ұстап бір мылтық,
Мойныңды тоссаң езгіге.

Тосады алдан қылғынтып,
Құлдыққа түсер кез міне.

* * *

Көгімнен күнді көрсетпей,
Мамырды тықса ақпанға.
Азуды басып, арс етпей,
Не түсер үнсіз жатқанда.

* * *

Әлсіреп сөніп Ай, жұлдыз
Шошынды көзді жұмып ап.
Айдаһар!.. Аю!..
Өлді ұл, қыз.
Жоғалды Алаш...
Мұңы қап.

* * *

Құшады-ау күйік аймалап,
Тұсады-ау үрей ерікті.
Бойдағы сесті майдалап,
Тас-талқан етті берікті.

* * *

Түршікті шоршып ырғалып,
Құлай да жаздап ыршып Күн.
Өшті де кетті бір халық
Қойнына сіңіп шүршіттің.

* * *

Ұлт емес, түгел күйкіміз
Не біліп,
Нені тындырдық?

Ашылар емес ұйқымыз
Басынып әбден құл тірлік.

* * *

Кейде күліп, кейде ұлып
Әуенімен көңілдің.
Арам асты жейді іліп,
Арам ұлы өмірдің.

* * *

Құр бақыру ән бе екен,
Бойды алмаса шымырлап,
Сазды әуенде мән бөтен
Кететіндей ғұмырды ап.

* * *

Сорғалатып ән салып,
Тебірентер кім кереңді?
Өмірді ұқпас қарсы алып,
Бойламаған тереңді.

***.

Өмір тоны тозады,
Мезгіл өсіп, озғанда.
Жанның мүжіп азабы
Айналасың азбанға.

* * *

Асау мінез, паң қылық
Қалдырып сан көңілді,
Іштен ұрып, талдырып,
Қаңғытып жүр өмірді.

Кім не десе, о десін,
Мән бермейді пыш-пышқа.
Көресің де енесің,
Ашық-тесік іш-тысқа.

* * *

Жүректі сезім билесе,
Жан шыдар ма ән салмай.
Өрт боп жанып, күймесе,
Тұшынар ма тамсанбай.

* * *

Әнің қашып, шер қамар,
Екіндіңе жеткенде.
Жаның жасып, тер тамар,
Үңілгенде өткенге.

* * *

Кешегіңдей ес қайда,
Өксік буып өкпеңді,
Қамаласың ескі ойға
Тірілте алмай өткенді.

***

Қан сорып, кейде терді еміп,
Құлпырған Атамекенім!
Ұлыңды мендей шерлі етіп,
Өткізбей қойды-ау бөтенің.

***

Бұра алмай қырға бетімді,
Аша алмай жасты кірпікті.
Өксікке толы өтімді
Сағыныш сыртқа бүркіпті.

XI

# Қайдан келдік, кетерміз қайда барып?..

(Философия дәні)



Үреймен үркек жүрек тулағанда,
Жан шошып табаныңа зулағанда,
Ойлайсың: «Бұл зұлматты көрмес ем-ау,
Анамнан сәбиі боп тумағанда».

* * *

Арамнан без, түсір де арақашық,
Қанішерге жолама қара басып.
Ол да, сен де айналып топыраққа
Өлгеннен соң кетесің араласып.

* * *

Тәуба қыл бір бастыққа үш кіргенде,
Қол бермей, құр түксиіп түшкіргенде.
Оның да барар жері - қара қабір
Ажалдан құтылмайды ешбір пенде.

* * *

Келмейді қайран ғұмыр қайта айналып,
Пендеміз соны әрең байқар налып.
Адамға адам - қонақ бес-он күндік
Тілегін тірілердің қайтармалық.

* * *

Қайдан келдік? Кетерміз қайда барып?
Осы сұрақ құтқармас ойға дарып.
Тірі болсаң, ірі боп не бітірдің,
Кеттік пе әлде пенде боп майдаланып?

* * *

Адам едік. Пенде боп тірлік кештік,
Арамдықтың әдісін сыр ғып шештік.

Қасты дос қып, жау тауып татуыңнан
Тоз-тоз қылып жібердік бірлікті өстіп.

* * *

Адам едік. Пенде боп аласардық.
Тайраңдаймыз ыр-дуды тамаша қып.
Той қуумен ой қумай шаршап біттік
Жақсыларға іс қылмай жанасарлық.

* * *

Өтер көшіп басыңнан пәни жалған
Кәрің түгіл сұм ажал сәбиді алған.
Адалдықтан арыңды аттатпасаң,
Иман беріп, жаныңа дариды Аллам.

* * *

Өзімшілдің өзгеден кінәсі ауыр,
Тіл алмастай ол-дағы бір асау ұл.
Барын бөліп байғұсқа бермек түгіл
Сол байғұстың тартып жер бір асауын.

* * *

Ендігі Едігең мен болам деумен,
Күпсінтіп күрсініске толар кеудем.
Елім жоқ Едіге іздер жатпай, тұрмай
Тырмысар оятпақ боп соларды әурем.

* * *

Ескерместен парқын мен ештеңенің,
Шешу қайда,
Сарт та сұрт кескен едім.
Даналықтан міне енді ауызданбай,
Шалалықтың аулына көшті өлеңім.

* * *

Аялап еркелетсе елім мені,
Көзіне де ілдірмес төрімдегі.
Ақырында осылай басталады
Жақсылардан жаманның бөлінгені.

* * *

Күнәсін күнәкарлар білдірмейді,
Жараңды жалғанымен үңгірлейді.
Тұтасып бір-бірімен жымдасқанда,
Шөжесін қыранға да ілдірмейді.

* * *

Жанымның қыл ішегін он бұрадым,
Күйі боп күңіренбекке домбыраның.
Жаралы жұрт жүрегін айту үшін
Зар болып жетсе Хаққа ең бір әнім.

* * *

Әнімнен зарым басым көмейдегі,
Сұм заман туған ұлын өгейледі.
Төріме жапалақтар ұя салып,
Адалдық арамдықтан көбеймеді.

* * *

Зар қылып тілегінді өткіз мейлі,
Төр қайда, төре қайда - жеткізбейді.
Сен оған тақ иесі деп өтінсең,
Ал олар Хақ болам деп Көкті іздейді.

* * *

Кей мықтым танып қалып кейде мені
Солардың сондай ыстық «Әй!» дегені.

Тәңірді тапқандай боп талып түсем,
«Мен, мен!» деп жанға жағып сөйлегені.

* * *

Тұрғанда алдан тосып бала-шаға,
Саусағын сәл тигізіп қарашаға,
Желпінер ұстатқандай бар алтынды
Айналып сол қимылы - тамашаға.

* * *

Өмірі көңіліне толған сайын,
Керектің бәрі айтқызбай болған сайын,
Көзімен алақтаған сүзіп маңын,
Жүйткиді шабақтарды сорған жайын.

* * *

Жасаған Хақ Тағалам саздан бізді,
Жапсырып ақылды ойға азған жүзді.
Сақалдың әр қылына шайтан қонған
Жүрсін деп айыра алмай жаздан күзді.

* * *

Кейде бір орнай қалып түсімдегі,
Түйсігім жұбатады ішімдегі.
Бәрібір жаутаң көзбен мөлитеді
Тағдырың - тақта отырған кісіңдегі.

* * *

Пәк едік, аппақ едік арай таңдай,
Мөлдірді жұтып өстік сарай қанбай.
Қай кезде ауыздандық арамдықпен
Төгетін өтірікті талай таңдай?

* * *

Іштей үнсіз аһ ұрып бақырамын,
У ғып төгіп жанымның запыранын.
Күрсінісім күлкімді бұрап соғып,
Көмейімде кептеліп жатыр әнім.

* * *

Ақтара алмай ішімді бір-ақ тіліп,
Отырамын шер іше, құлақ түріп.
Өмір осы жеткізбес дегеніңе
Қыбырлаумен келеміз құлап, тұрып.

* * *

Ғұмыр біреу. Мен жалғыз. Қасым - қалың.
Ойымда ел, жанда шер, басымда мұң.
Аттанымды айқайлап ала қашар
Естілмейді Алашқа ашынғаным.

* * *

Өзім жалғыз. Өзегім қырық бөлек.
Жат, жақыннан азайды, құрып көмек.
Өлеңімді өңменге қуып тығып,
Өлермендер өмірді қырып келед.

* * *

Жат жайлаған таба алмай тау ізімді,
Аша алмаймын бітелген ауызымды.
Сен қашанғы, Тәңір Хақ, көз алартып,
«Жақын тұт» дей берерсің жауызымды?

* * *

Құл боп шұлғыр арқалап дәуренімді
Жауыр еттім бүгіле сау белімді.

Тасын, жасын төгумен тынши алмай
Таусып алып жүрем бе тау көңілді?

***

Одан-бұдан жинаған құрметімді,
Шашып алып,
Сипаймын құр бетімді.
Адамына Алаштың бір түспейтін
«Нұр» үстіне қонақтап нұр төгілді.

***

Орындамай уәдесін үйіп-төккен,
Түспейтіндей мәңгілік биік көктен.
Бір кездегі досымнан көңлім қалып,
Толып кетті өксікті күйікке өкпем.

***

Сықырлатып тиеп ап арбамызды,
Ойланбастан тасимыз қарға мұзды.
Болдырамыз қалтаға тиын түспей,
Қыңыр сөзбен толтырып дорбамызды.

***

Қара түннің жоқ шығар көрмегені,
Өлтіргені, атқаны, тергегені.
Ерегісте езінен ер туғанын,
Ез боп шығып ыңырсыр ер дегені.

***

Күннің жүзі біздерден ауғаны ма,
Дерт бұршағы төмпештеп жауғаны ма?
«Құдай салды - біз көндік!» деп мөлиіп,
Сілейеміз қашанғы тәуба қыла?

* * *

Ұрлап қана маңырар лақтаймыз,
Тіл кесілген, саңырау құлақтаймыз.
Империяшыл Путинге бас шұлғитын
Дәл кешегі орысшыл «браттаймыз».

* * *

Семіп, сөніп барамыз айлап, жылдап,
БАҚ шулайды «Баймыз» деп сайрап, жырлап.
Бар байлықтың анықтап зор иесін
Шешілер ме бір күні қайран жұмбақ.

* * *

Келді, кетті Алаштың кедей ұлы,
Көмейінде көміліп «не дейіні».
Ауыртар ма бастарын биліктінің
Өз елінде өгей тіл, өгей үні?

* * *

Нәрсе жоқ адам қолы жасамаған,
Адалдық - дос, арамдық қашады одан.
Зор билік сол адамды пенде қылып,
Көрсетпей күннің көзін тасалаған.

* * *

Өзгені емес, өзімді ойға малып
Отырсам да, еркімді байлап алып.
Қақпайлауын мықты қол қояр емес
Сақтайын ба жанымды Айға барып.

* * *

Түзей алмай қаламмен заманымды,
Құртып жүрмін қор болып амалымды.

Адамымды ақымақ екі бүктеп,
Арам біткен тоздырды адалымды.

***

Мінгізбей-ақ қойсаң да тағалы атқа,
Уай, Тәңірім, дұшпанға табалатпа.
Көмейімнен құйылар сөзімді естірт
Мәңгүрттенген жұртымды жағалат та.

***

Ұзақ түнді үңгіп ой, күбір етем:
«Жылап кірген ғұмырдан күліп өтем!»
Күлуім аз.
Мәнімді түсінбейтін
Қандасымның көбінің тілі бөтен.

* * *

Айрылып ағайынның нешесінен,
У іштім дос қолының кесесінен.
Өксіттім өзегімді өкінішпен
Өмірдің өгейі көп есесінен.

***

Базарымды тарқаттым тойдан қалып,
Келе жатқан таныдым ойранды анық.
Дағдарыстан дағдарыс әлсіреткен
Не тастарсың жүн жеген қайран халық?

***

Жанымды илеген соң қайғы оралып,
Сақтармын сабырымды қайда барып.
Күн көрдік шикізатты сатуменен
Таппастан бір тиындық пайданы анық.

* * *

Алған соң «кеден», «одақ» барды ысыра,
Тап болдық тақсіреттің қарғысына.
Бүкірейіп, бүкшиіп шұлғи берсек,
Қамалармыз одан да арғысына.

* * *

Іздемейді сені ешкім өлсең бүгін
Есеңді ұрлап, баспайды еңсеңді кім.
Туысы да емессің төрдегінің,
Ағасы боп тумадың белсендінің.

* * *

Ақыны едім, бар едім төмендерге,
Шүйілуші ем ел хақын жегендерге.
Тығып, жығып келеді төрім мені
Көрсетпеуге барын сап төбемді елге.

* * *

Тілім әлі шешілер, айтарым көп.
Көп сұмдықтың төркінін байқадым дөп.
Жуас көпті жауыз топ шайнағанда,
Жүрегімді жұлқынтып шайқадым тек.

* * *

Әнім зар боп төгіліп күңіренді.
Өлеңім мен ойым көп мұң ренді.
Запыранын ақтарам арлы ішімнің,
Қайта туып ұзармас ғұмыр енді.

* * *

Талай биік лауазым өткергем мен,
Шоғын көргем Колбиндей беттерден мен.

«Адалдық!» деп айқасып пірсіздермен,
Арамдыққа ешқашан бет бермегем.

* * *

Дәл басатын заманның күй ағымын,
Айтары бар десек те зиялының.
Көсеміне көз сатып жүрген кезде
Үзіп алған жүгенін қиялының.

* * *

Қартым қырт боп кеткен соң арып-азып,
«Табылады бөрінің бәріне азық!»
Деп айта алмай мықтыға көптің сөзін
Түсіріп жүр шалдарым арына жүк.

* * *

Тұстастардың көргенде неше мінін,
Қаным қайнап, кеудемде көшеді мұң.
Қағып, жығып бір-бірін жүгіреді
Қолын сүйіп қалуға көсемінің.

* * *

Мадақтаудан бастап ап әңгімені,
Мықтысына маңырап мәңгіреді.
Құдай сөзін айтпаса тоқсанында,
Қалтылдақ шал күтеді енді нені.

* * *

Бар батылдық жүрек пен баста ғана,
Адал адам арамнан жасқана ма.
Ел тілегі ерік-ырқын билеп алса,
Жол бермес ед жарамсақ масқараға.

***

Өзгеге тән сыйлықты сұрап алып,
Арзан атақ, беделді құрап алып,
Шапқылап жүр көп пысық ұпай жинап,
Шын талантты тұқыртып сынап алып.

* * *

Қалмас үшін қағылып сыбағадан,
Тесіктерден тесіліп сығалаған.
Толтырып ап төсіне жылтырақты
Кейпін сақтар аумайтын ғұламадан.

* * *

Жинап алып өсекті ары-бері,
Сып-сып етіп сөз тасу - бар білері.
Сол шіркін де Ақ үйге кіріп, шығып,
Жарқыратып төсіне қарғы іледі.

* * *

Аларың көп кетсең сен арыңды аттап,
Зор атақпен аласың сорыңды ақтап.
Қара түнге халқыңды орасаң да,
Өзің жүрер жарқырар жолың да аппақ.

* * *

«Дұрыс - дейді - білгеннен білмегенің,
Сүйексіз ет - былшылдар тіл дегенің!
Табағыңнан тамақты босатпайды,
Ей, ақыным, шәуілдеп үрмегенің!»

***

Кесіп түсер алмас қой - тіл дегенің.
Білдіретін бетсізге білмегенін.

Қаппасаң да балтырдан қанқорларды
Кімге керек қорқытып үрмегенің.

***

Қол жаям, қолдан жасап алғаныма,
Көз сүзем, өзім қойған алдағыма.
Бас ұрам аяғына енді соның
Жалғанның түк қыла алмай жалғанына.

* * *

Тоқтамайды жылдардың керуені,
Титықтырып тойшылды серуені,
«Ақсаңдаған қазақтар жетсінші» деп
Тоқтап тұрмас әлемнің елу елі.

* * *

«Мәңгілік ел» болуға құмар - ақпын,
Жұмыссыздық - қоршаған кіл абақтым.
Мұнайы көп жүз қазақ көрмес бүгін.
Тасып шашқан байлығын бір арабтың.

* * *

Биіктегі тақты орын танысқа өтіп,
Мияулатар мысығын барыс етіп.
Тіс жара алмай төрдегі төресіне
Өкінумен барады арыс өтіп.

* * *

Талатқызар бөріні мысығына
Шыдамаса арылдап қысымына.
Адалдарды араммен алмастырар
Қосып жейтін нан-панын құсығына.

* * *

Басқалардың болса да сөзі дана,
Ақылдаспай шешетін өзі ғана.
Бақыртады оп-оңай батылдарды
Сынау менен мінеудің тезіне ала.

* * *

Кімді, нені түсініп жатпаймыз біз,
Арды таптап, жанды илеп аттаймыз біз.
Ырзалығын мырза боп бөліп берер
Бас шұлғытар баршаны сақтайды жүз.

* * *

Айдалама келсең де қай даладан
Тырс етер үн жетпес айналадан.
Ал өзімнің исімді сезген бойда,
Самал желі мені іздеп қайдалаған.

* * *

Тау-даламның ұлымын - құндымын мен.
Тумай жатып байланғам кіндігіммен.
Табанымды сипаған топырағы
Мен оларды тербеткен мұңды білем.

* * *

Айналмасақ деуменен азған елге,
Жөн айта алмай мүжілем тозған ерге.
Өксігімді қағазға құя берем,
Көндіре алмай қаламды «жазба!» деуге.

* * *

Әрі-сәрі тірліктің несі құнды,
Көбейгенмен қағарлар есігімді.

Төбедегі төбемнен шүйіледі,
Өшірмек боп өшпестей есімімді.

* * *

«Өмір бар ма - деуменен - Марста?» біз
Бұратынбыз үмітпен ғарышқа жүз.
Марста емес,
Аулымның ғұмыры өшіп,
Жоғалыпты бір кезде жарысқан із.

* * *

Өшпес есім, әй, бірақ кімге керек
Қоршап алса зар билеп, мұң дөңгелеп.
Билігімнің биігі білгісі жоқ
Кімді жақтап жүрерін, кімдерді елеп.

Өзімшілдің өзегі - құрдымдай-ау
Оларда жоқ қас түгіл, құрбынды аяу.
Қан мен жынын досының асағанда,
Ыңырсыған ішіммен үрдім баяу.

Құндылардың сіңіріп құмға бәрін,
Құнсыздардың кім білген мұндаларын.
«Тас қалады суы ағып» десек те біз
Уақыт - қазы анықтар кім қаларын.

Ал дүние өтерін білгізбеген,
Жеңіл беріп, ауырды ілгізбеген,
Жеңіл ойын қуғандар жебірің боп,
Шөгіп қалған ауырлап - мұңды іздеген.

Өкінтеді дүние өтерінде,
Пәниіңнен бақиға кетеріңде,
Қапы қалып Аллаға бас ұрасың,
Алданумен келген соң бекер үнге.

* * *

Хан да, паң да, пенде де бірде өледі,
Теңестіріп бар, жоқты мүрделері.
Бәріне да сарай боп - Қабірстан
Бірігеді бірікпес іргелері.

* * *

Пайғамбардың мінгендей Пырағына,
Кедей ұшып жетеді жұмағына.
Елді сорған жемқорлар һәм қанқорлар
Қамалады мақшардың сұрағына.

* * *

Ертеңді ойла, бүгінмен таси бермей,
Зіркілдеме жұртыңа ашу керней.
Қара жерді жастанып тұншығады
Тәңірсінген тұл кеудең басу көрмей.

* * *

Арамдығын Іблістен таңдап алып,
Қаламымен қағазды қанға малып,
Қаламгер бар «Елім!» деп жылаған боп,
Аяқ-қолын сүйетін ханға барып.

* * *

Көбейсе де жанымның мұңлы арманы
Жолым тосып күндерім тұрды алдағы.

Бүгін мені төр-төре елемесе,
Шұлғытармын миллион мыңдарды әлі.

* * *

Алдағыма қоспақ боп өткенімді,
Салмақ болғам өзімше өткелімді.
«Көшпендіде нең бар?» деп өшпенділер
Өзегіме өшіккен от төгілді.

* * *

Қаламгер бар жүретін маңғазданып,
Ары өлерін білмейді, жан базданып.
Халқын сатып әкімге тығылса да,
Сүмеңдейді күні ертең жалғыз қалып.

* * *

Зарлы, сорлы, жарамсақ жетім едік,
Дүрілдеуші ең сен тастардай екі бөліп.
Сен жасыдың.
Ал бүгін мен тасыдым,
Кектене алман, қайтейін, екіленіп.

* * *

Бәрі-бәрі түбінде өзгереді,
Төр төмендеп, ел өсер кез келеді.
Бар мен жоқтың ауысып орындары
Мылқау ұлтты мықты қып сөз береді.

* * *

Долдана буырқанған теңіздеймін,
Білмеймін неге ашынып, нені іздеймін.
Талқандап құл тірлігін тұл дүлейдің
Ешқашан «қазақ - мазақ!» дегізбеймін.

* * *

Жылата алмай жанымды, құлата алмай,
Күн кешсем де майысқақ құбаталдай.
Кешегі асқақ Алаш өренімін
Путиндердің ала алмас «браты» алдай.

* * *

Қазақсың сен! Қазақты өсектесең,
Лақтыратын кетпейді кесекте есең.
Батырасың шындықты шыңырауға
Қу жаныңды куә ғып төсеп те сен.

* * *

Көзге ілмесе мықтылар мүлдем елеп,
Бар мен жоғың бүгінде кімге керек.
Саған емес,
Себеді нұр шуағын
Соларға тек төбеден Күн дөңгелеп.

* * *

Тапсырсақ та тағдырды Алламызға,
Беріп қойдық жылатып жанды «абызға».
«Нұры түскен Тәңірдің - патша құлы»
Дер түсінік құр сөз боп қалды аңызда.

* * *

Дүниеге пенде боп еніп едік,
Адалдыққа адам боп еріп едік,
Адам да емес, пенде емес, құл ғып бүгін
Ит қорлықта барады өмір өтіп.

* * *

Оқуы жоқ, тоқуы аз жастарымның
Компьютер - азығы аш қарынның.
Ата-ана жоқ ұғатын ой жүгіртіп,
Мәңгілікті жеңерін қасқағымның.

* * *

Бірде тоңып жүреміз, бірде терлеп,
Құлды қарсы ап, күлеміз пірді жерлеп.
Шығарғандай аспанға Айды өзіміз,
Лепіреміз тұрсақ та құр тізерлеп.

* * *

Шындық іздеп, сұмдықты жеңердей мен,
Табынушы ем: «Тәңір Хақ, жебер бейнең!»
Сұмдық жеңді.
Шындығым шырылдады.
Өлер жаным.
Тән жапқан кебер жейдең.

* * *

«Ақиқатым айтатын - жырым менің!»
Деп бір кезде лепіріп дүрілдедім.
БАҚ-тан бүгін қуылып,
Хаққа өкпелей,
Сөзім жетпей халқыма, дірілдедім.

* * *

«Мен - өгеймін елге емес, таққа қана»
Деп ем, біреу: «Аққа кір жақпа, бала!
Өгеймін деп еліме жазғансың сен!»
Өй, сілкіді-ау өзі боп Хақ Тағала.

* * *

Рас, өгеймін елге де, төріме де,
Елім шұлғыр төр айтса, бәріне де.
Ел бөседі: «Сөз сауған шуылдақ!» деп,
«Саған не жоқ - дер төрім - кәрі неме!».

* * *

Көктен бағын күтумен қайран жұртым,
Сүмеңдейді сұға алмай айранға ұртын.
Бір сынарын шөлмектің ескермейді-ау
Ашыларын білмей қап майдан бір күн.
Алақанын нан сұрап жайған шіркін.

* * *

Жүрмесе де май жұтып, тойға барып,
«Мен - кіммін?» деп әркімнің ойлары анық.
Әй, бәрібір жалғасып жалғандықпен,
Адалдықтан жасқанып, бойламадық.

* * *

Өмірден өту қиын адам болып,
Жүргенде ит пен биттер жағаңда өріп.
Жақсыңды сырттағыға сатып тастап,
Мақтайды өз жаманын саған келіп.

* * *

Миыңа сес, ойға күш түсірмейтін,
Жалғанның жалғандығын түсінбейтін,
Жолбикелер жолыңды кесіп тұрар,
Құдайдай боп бірі жоқ ісінбейтін.

* * *

Көне бер биліктінің дегеніне,
Сұға бер қыл мойныңды көгеніне.
Зәуіде көз алартып қарай қалсаң,
Қосады жемітіңді жегеніңе.

* * *

Айқасам деп жемқормен, пысықпенен,
Келем әлі алқынып, ысып денем.
Құдай берген жан біреу,
Неден қорқам,
Жеңгем дауды қатерлі ісікпенен.

* * *

Қалай жұртта қалдық біз көшке ілеспей,
Ақыл көзін байладық шешілместей,
Үйренуді - жирену деп бағалап,
Кектенуге құмармыз кесір деспей.

* * *

Мақтайды кім ұсағын, кім ірісін,
Баптайды бірі ерді, бірі ұрысын.
Мақтау менен баптауды жөнге салмай
Дүниенің таппаймыз кіл дұрысын.

* * *

Сына мейлі, сынама төрдегіні
Әй, бәрібір түспейді жерге бірі.
Сен олардан ықылас тапқаныңша,
Оңай шығар тірілту көрдегіні.

* * *

Ойына кіріп шықпас у ішкенің
Бойыңның толтыра алмас қуыс, кемін.
Адамы бұл заманның не боп барад
Желпімес тым болмаса туыс демін.

* * *

Билеп алып еркімді дарын неме,
Тапқандай-ақ тап менен қарын бөле,
Таусып жатыр нәрімді тамшылатып,
Бойым менен ойымнан барымды еме,

* * *

Қалмағанша бойымда емге дарын
Беріп кетем ар, жанның елге бәрін.
Мен емеспін, төрдегі төрелердей
Ұрлап, жырлап жасырар алғандарын.

* * *

Ұмыттырып бабалар ұлағатын,
Қалталардан қалтаға пұл ағатын.
Асырады бүгінде құл атағын,
Жасырады «жампоздар» кіл ағатын.

* * *

Отыратын игілер арын ойлап,
Қарынды емес, бағатын малын айдап.
Бұралқылар бүгінгі дым ойламас
Жау қолында кетсе де жарым аймақ.

* * *

«Жерім!» деумен түсетін жалын-шоққа,
«Елім!» деумен тосатын жанын оққа
Қазақ едік.
Жауыңа қазақ бол да,
Намысыңды ту қылып, арыңды оқта!

* * *

Серік еттім ойыма мұңды бүгін.
Болмаған соң аттанға мүмкіндігім.
Есімді алып, есемді кесіп жатыр
Бір күндікке құрбан боп мың күндігім.

* * *

Тауда қалған табанның таңбасынан,
Ұшқын алып «аруақ!» деп жанбаса ұлан,
Өлексе ғой ол да бір тарих үшін
Түсіп қалған тағдырдың дорбасынан.

* * *

Ер егесте сыналар, ез - мінезде.
Ілесе алмай қор болып сөзі ілезге.
Ерден қалар ез байғұс ербең қағып,
Нысана боп байланар көзі тезге.

* * *

Жаныңа сен - ғұмыр кеш иланымды,
Арыңа сен - тазартар иманынды.
Адалдықтың нәрінен сусындай біл,
Көркейтеді ол көңілде жиғаныңды.

* * *

«Тілеуменен халқымның есендігін,
Қарекетшіл қаскөйдің кесем жібін!»
Деп аз беріп, алғанын еселейтін
Маңырайтын көбейді көсем бүгін.

* * *

Терісі бар, оңы бар әр ғұмырдың,
Бергі өмірге жалғасар арғы қырғын.
Жайлауында жастықтың жайраңдаса,
Аязы боп түксиген қарлы қырдың.

* * *

Көміліп «алақайым», «ойбайыммен»,
Қай күнді өксік жапқан тойлайын мен.
Үреймен үрпиіскен жұртты көріп,
Ішімде қорқынышым қоймай үрген.

* * *

У қалды ма Абайдай мен де ішпеген,
Жалған дүние, апырай, жеңгіш неден.
Тұқыртатын сұм тағдыр сүмірейтіп,
Болса осылай,
Құл тірлік - көнбіс немең.

* * *

Хақ пен тақ кезек-кезек дүрілдеген,
Мен байғұс безек қаға дірілдегем.
...Дүр сілкіндім азулы көк бөрі боп,
Қарсы алдыма қол жайып тірілді әлем.

* * *

Батқанда бойлап еніп ойға тұнық,
Отырам таңды атырып, Ай батырып.
Бәрібір сол шуақтан ызғар тарап,
Кетеді көкіректен қайғы атылып.

* * *

Сұм тірлік езу жырта жүгендеген,
Көз сүзіп көк езуге сүмендегем.
Не керек әйда «Аттанға!» басқанымда,
Жымдай боп табаныма тірелді әлем.

* * *

Пендеден қараңды үзсең адам болып,
Өсесің құлдан ұл боп, бағаң толып.
Бақ құсы арам басты теуіп ұрып,
Табады адал жанды
Саған қонып.

* * *

Кетеді, жоғалады қараңғылық,
Табады адал ниет, адам құлық.
Бүгінгі әулие етіп жүргендерің
Қалады қайығы жоқ жағада ұлып.

* * *

Қой айдамай, ой айдап қараңғымда,
Мұң мен шерден білмеймін жаралдым ба.
Жақсы күндер таусылып бара жатыр
Суындай боп азайған Аралдың да.

* * *

Қыз керек, қызық керек пенделерге
Себепсіз селтең қағып сенделерде.
Жүгенсіз жүз құбылтқан тірліктері
Аяғы аспаннан кеп жөнделер ме?

* * *

Ащыны тұщы деуден жалықпастан
Түнекке жарық күнді алып қашқан,
Табады өз зауалын түбінде бір.
...Береді әділетті халыққа Аспан.

* * *

Ақыл ексең жүрекке - кенелесің,
Әділ, арлы кемелмен теңелесің.
Жауыз аузын шығарып желкесінен
Пайғамбардың ізімен жөнелесің.

* * *

Әділіңмен табасың бір Алланы,
Тазалықта, шындықта - құран мәні.
Өтірікпен өңешті уландырсаң,
Өзегіңді қабады ұрандары.

* * *

Бір Алладан басқаның бәрі өтеді,
Озған дәуір тозғанды кері етеді.
Уақыттың тоқтаусыз құдыреті
Жасты бас қып,
Ал жасты кәрі етеді.

* * *

Жарылқайтын, жасқайтын Аллам ғана,
Басқалардың бәрі де - жалған дана.
Артқа үңіліп өткеннен өнеге алсаң,
Үмітті Хақ тосады алдан ғана.

* * *

Дандайсыған лепіріп данамын деп,
Талақ етер Тәңірдің талабын көп.
Аурудың шатпағын сандырақтар
Сау адамның сыпалап тамағын жеп.

* * *

Ізгіні ізде, жолама зұлымдыққа,
Тарды кеңейт, қыспақтың зілін тық та,
Бұлақ ағыз тездетіп,
Алғызбасын
Адалдықтың тасқыны жылын жұтқа.

* * *

Зұлымдықтың қапқанмен тез құрығы,
Әділеттік мәңгілік - аз ғұмыры.
Қаталдықтың қарысқан қара жүзін
Жеңіп кетер мейірдің наз қылығы.

* * *

Кейде қысқа мәңгілік қасқағымнан,
Салыстырып тапқанда басқа ұғымнан.
«Құдыретпін!» дегеннің күні өшеді,
Артық көрем момынды асқағыңнан.

Менмендігі Тәңірмен таласатын,
Асқақ жанның аспаны аласа тым.
«Көкті тіреп төбеммен жүрмін!» деумен
Таппағанын білмейді-ау парасатын.

* * *

Кім мені іздеп келер ме өткенімнен,
Күндерім азайған соң кекке мінген.
Қайтеді сөзі шиқан ақынды олар
Ыржыңдап, бейпіл сөйлеп, текке күлген.

* * *

Ел қайда Еділ қайда?
Бәрі бекер.
Күн туды есті адамды ғаріп етер.
Шіркін-ай ер туар ма Едігедей
Дәл мынау түн түндігін жарып өтер.

* * *

Зор көкірек көр етер түл кеудені,
Белгілі ғой залымды мұң кеулеуі.
Содан болар өзімшіл пақырлардың
Өзгелерді өшіге күндеулері.

* * *

Мінезіңмен жақпасаң замандасқа,
Дос табылмас өзіңе сенен басқа.
Өз кінәңді түсінсең, өзің түзе,
Пікіріңмен іштегі амалдас та.

* * *

Жалын құяр жылуын тоңғанында,
Жер әлдилер сәби боп қонғанында.
Жер де, от та жоғалтар ықыласын
Адамдықтан ажырап оңғанында.

* * *

Ұрпақ керек толтырар кемісімді,
Ұстаз керек түзетер терісімді.
Аяласам алдыма ап Дүниені
Бар Әлеммен табар ма ем келісімді.

* * *

Ата-ананды қуантсаң - бағалысың,
Сыртың түлеп, мейірін табады ішің.
Жадыраған анаңның жанарынан
Ашылады әлемнің қабағы шын.

* * *

Берсе де «Азамат!» деп бағамды елім,
Алты рет атып жықты «ағам» менің.
Жағаңды жыртпан, аға, кекшілденіп,
Түбінде бір келеді саған да өлім.

* * *

Өмірді өлімменен тексермедім,
Ажалмен арпалыстым, кек сермедім.
Танымас таланттысын тірісінде,
Өлген соң мендей ұлын көксер ме Елім?..

* * *

Халқының қасиетті ашпақ құнын
Білемін дарынымның асқақтығын.
Шығарып сол қазағым езді төрге
Шын ерін бастан ұрып, жасқапты мың.

* * *

Елемейді ешқашан төрің, бала!
Ат-атақты беретін елің ғана.
Жұрт даңқыңды шығарар,
Төрең емес.
Марғау төрді жеңер тек өлім ғана.

* * *

Уайым көп, ұйқым аз, түнім ұзақ,
Қапас ойдың шері - арқан, мұңы - тұзақ.
Ыр-дуы көп орданы асырайтын
Құл тірлігі қылғынтқан құлы - біз-ақ.

* * *

«Әттең!» деумен шайнаймын бармағымды,
Қабаттап ап ойға шер, арға мұңды.
Ақыл қосар дос таппай, күңіренем
Тақырлатып қойған соң бар маңымды.

* * *

Қыбырлап құр жібермей жарты күнді,
Жасырып жұрт көзінен артығыңды.
Жинаған ойдан-қырдан ұрлап, жырлап,
Сұм ажал тартып алар алтыныңды.

* * *

Ақиқат қып айта алмай ақ-қараны
Аз жаздым деп кейбіреу мақтанады.
Құдыретті құя алмай қаламына,
Мылжыңынан көк езу жақ талады.

* * *

Білгішсініп, кимелеп омыраулап,
Көбік сөзін көпірте қоңыраулап,
Отырады арамын суша шашып,
Ақиқаттан болса да өмірі аулақ.

* * *

Өзі айтқаны жаққан соң құлағына,
Ананы да сынайды, мынаны да.
Өзгелерді дозаққа айдап тастар
Өзі ғана кірердей жұмағына.

* * *

Бітіргені жұрнақтай болмаса да,
Өнегесіз өмірі оңбаса да,
Кей ақындар кеуделеп ұмтылғанда,
Опырылып жатады тар босаға.

* * *

Кіміңді елеп, санаспай кіміңменен,
Мықтысына жанасып күбірменен,
Жығып тастап жақсыны жамандаумен
Желбуаздар көбейді дүрілдеген.

* * *

Азға бола сызданып, нығызданып,
Дәрменсізге ашумен тығыздалып,
Тым дарақы халықпыз далақтаумен
Салмай жүрген адалға бір ізді анық.

* * *

Періштені перінің аяты алдай,
Мәңгүрттенген жұртымды оята алмай,
Оянғанда ойлантар ілік таппай,
Жей береміз таяқты қашанғы, Алла-ай?

* * *

Ойланбайды қандасым, оянбайды,
Қорылдаудан бүк түсіп аянбайды.
Зомби тірлік ес-түссіз қыбырлатып,
Зіркілімен төренің аяндайды.

* * *

Ым-дымымен экімнің тірлік кешіп,
«Таң-тамаша ғұмырды сүрдік!» десіп,
Құп боп кеткен кеудеден аша алмаймыз
Жауыздыққа атылтар бірлікке есік.

* * *

Етік жалап, қол сүйіп бүгілумен,
Мақұрымбыз құлдықтан түңілуден.
Сүйек-саяқ күтуден тыйылмаймыз
Алақанға көз сүзіп үңілумен.

* * *

Erттеп мініп сорлы елін есек қылып,
Жасап жатыр пайдашыл есепті қырт.
«Төрдегілер шетінен - пайғамбар!» дер
Намазындай тыңдайды өсекті жұрт.

* * *

Алдандым талай мәрте пенделерден,
Соларға сенер, көнер мен де өлермен.
Бетсізді беттен ұрсам, көтіне ермей
Адам боп, уай, Тәңір Хақ, жөнделер ме ем?

* * *

Бір емес өткізсек те он форумды,
Қазақы басқызбаспын мен төрімді.
Алаштың «Аттанынан» сел ағызып,
Мысықтай мияулатам жемқорыңды.

* * *

Уай, қазақ, түк сезбейсің жүре күлсең,
Ашынған алашыңның тірегі сен.
Азамат боп қолың соз адамзатқа
Түбінде өлеріңді біле білсең.

**II**

Өмір шіркін - таңғажайып бір тірлік,
Нашарыңды жіберетін құлпыртып.
Асарынды азуыңнан қағып ап,
Қызығымен алдарқатар бір түндік.

* * *

Өмір кейде зымыраған қасқағым,
Кеудеге ойды бере қоймас, басқа - мұң.
Білдіргенің, бүлдіргенің таласып,
Сезілмейді қайтіп аяқ басқаның.

* * *

Орнатпақ боп ескерткішке тұғырды,
Манаурасаң мәңгілік деп ғұмырды.
Көздің қалай жұмылғанын сезбейсің,
Атқан таңнан тез тосып ап іңірді.

* * *

Ғұмыр - берген сыйлығы ғой Тәңірдің,
Адал етсе, адам болып табылдың.
Адамдықтан құлдырасаң пендеге,
Аллаға емес,
Шайтаныңа табындың.

* * *

Адам құлы - Алласы мен effіріне,
Және ұлы - анасының тіліне.
Адам деме - Алласынан адасса,
Тілді ұқпаса, санама оны тіріге.

* * *

Құлқыны үшін құл боп жанын сатпаса,
Адам - тұлға, арын, нәрін сақтаса.
Адам - пенде, тәж бен тағы болса да,
Мәз боп күлсе, өп-өтірік мақтаса.

* * *

Адам - кірпіш Адамзатты құрайтын.
Азаттығын тақты турап сұрайтын.

Етік жалап, қолды сүйіп пенде боп,
Адамдықтың биігінен құлайтын.

* * *

Сұрар едім Тәңірімнен мен бүгін
«Неге тағдыр жоғалтады кендігін.
Тағдырымды Жазмыш жазса әуелде,
Бар күнәма жауап берер енді кім?».

* * *

Ала-құла жасап алып пендені
Тәңірімнің қалай ерге төнгені?
Ойлантпай ма, өз пендесін азғырып,
Күнакар ғып жын-шайтанның жеңгені?

* * *

Мен Алламның бар шынына сенемін,
Құлдық ұрам, құлы болып көнемін.
«Неге ғана бай, кедей ғып адамды
Алалайды?» деп сұраққа енемін.

* * *

Сұрағым көп таба алмастай жауабын.
Пендеге Аллам жазса күна, сауабын,
Бірін пэк қып, пейішіне икемдеп,
Ал біріне неге артады зауалын?

* * *

Кімді, нені білгізбесе пендеге,
Өкпелеймін Тәңіріме мен неге.
Адалымды арамына жеңгізсе,
Арымды да сатам ба енді теңгеге?

* * *

Бүркей берсе байғұстардан Күн көзін,
Көбейтуден жалықпаса мұңды езін,
Қалай сенем Тағдырға әлде Тәңірге
Әділетін көре алмасам мүлде өзім.

* * *

Адалды іздеп, айқасудан танбаған
Арамдыққа жем боп неге қалды адам?
Әділетке неге қорған болмайды
Соның бәрі болса егер Алладан?

* * *

Жалғандыққа икемдеумен шын күйден
Көкірекке ыза кептеп, мұңды үйген,
Бір Болмыс бар десек, бәрін анықтар,
Тазалықпен сиысар ма қырғи дем?

* * *

«Тағдырың бар маңдайыңа жазылған
Ғұмыр жолың қарсы алдыңнан қазылған»
Дейтін пікір рас болса, жауабын
Жүгінсекші іздеп - Тәңір қазымнан.

* * *

Төре болсаң - төрге шығар ұрпағың.
Он тақ болып өсіп, өнер бір тағың.
Сен - Тәңірсің! Жүрген көпке әмірің
Сонау бұлттан асып, өршіп тұр бағың.

* * *

Мықтылардың қызы мықты, мықты ұлы
Біздерге ұқсап қорықпайды.

Нық күні.
ЖШС-да, ұтысы да тым-ақ көп
Сескенте алар жүрегі де түктіні.

* * *

Құл дегенің - түптей берсең бұл да өлік,
Сығалайтын темір тордан күн көріп.
... «Одағына» қолын қойды қолбасшым...
Бір-ақ сәтте шыға келдік құл болып.

* * *

Күң боп ару, құл боп түгел ер кіндік,
Көзден ұшты тәуелсіздік, еркіндік.
Бір секундте қалам сызған қамалдан
Маңдай сүзіп, мың жыл кейін серпілдік.

* * *

Бұл Алматы Астанаға өгей ме,
«Жазығы не бас қаланың?» демей ме.
Тасып таусып асылдарын қаламның
Сол өгейді жұтпай тынбас көмей ме?

* * *

«Сұмдық-ай! деп ұстасам да жағамды,
Оята алман мәңгүрт, мылқау қоғамды.
Жас пен қанды ұрттап ләйлір билікке
«Закуска» етіп тосамыз ба адалды?

* * *

Бір қалаға бар даланы құрбан ғып,
Аш-жалаңаш қалсақ та біз «нұрландық».
Үнсіз, тілсіз іштей бұғып келеміз
«Қашан мынау құлар - деумен - бір хандық?»

Күндіз күліп, құшақтасып келісер,
Түнде ұлып, пышақтасып керісер,
Зиялым бар адал болып көрініп,
Арамдығын елмен, төрмен бөлісер.

* * *

«Ұлмын!» дейді іздемесе де оны ешкім,
Құлы бірақ биліктің һәм өңештің.
Жарығыңды жанталаса өшіріп,
Жоламайды білтеленсе көмескің.

* * *

«Ақынмын - дер - Алашыма әйгілі,
Одан да алған, бұдан да алған бәйгіні».
Ал Алашын тақымдаса әкімі
Алашына қабаттайды ол қайғыны.

* * *

Ақын, әкім - бір медальдің қос беті,
Бірі оданың, бір аданың эстеті.
Бірі одалап бір адалап төр, елін
Қопаңдайды қос перінің қос көті.

* * *

Арам ерден адал ұлан тумайды,
Арам перің адалмын деп шулайды.
Сеніп соған пышақ берсең қолына
Арды, жанды арсызданып тұрайды.

* * *

Бар әлемге айғақ еткен сырымды,
Алаш атты біліктіні, пірімді,

Таба алар ма далам тагы күні ертең
Нұрсұлтандай мұңға толған бір ұлды.

* * *

Ар, иманын және жалғыз Алласын
Сақтап қазақ, жауға имеген өр басын.
Әз Жәнібек, Абылайдай хандардың
Елбасыдан тапсам шіркін жалғасын.

* * *

Елге керек, ерге керек тыныштық,
Бейбітшілік - ғажап тірлік тым ыстық.
Ұлт тілегін сонау ООН-ға жеткізген
Нұрсұлтанды қолдап біраз тырыстық.

* * *

Қитұрқы ойлар қамағанда, әй, не бір,
Қайран қалам өзіме өзім кейде бір.
«Елбасының арбасына мінбесең,
Дөңгелегін кері тартпа!» дейді өмір.

***

Сынап қайтем сырымды ұқпас мықтыны,
Жердегінің жетпейді оған тіпті үні.
Сол мықтыны Елбасы өзі түзер ме,
Қолдап Елін,
Су жүрегі күптіні.

* * *

Зарым төрге жетпейтінін білемін,
Тас есіктен өтпейтінін білемін.
Жетсе, өтсе нөкерлерден құтылып
Жасар ма еді Елбасы өзі бір емін.

* * *

Шіреніп кеп үзеңгісін тебінер,
Ақындар көп «Алашым!» деп еңірер.
Сол алашын қылғындырған әкімге
Ода жазып, мадақ айтып мөңірер.

* * *

Адам жаны ауырады сыздана,
Қара түнде ауыр ойдан із қала.
Жан күйігі жаңғыртса да әлемді
Үндемейтін пенделікпен біз ғана.

* * *

Атағым жоқ, шатағым көп билікпен,
Шындық іздеп талай оған киліккем.
Ит емеспін сүйек-саяққа алданар
Басқалардай қолым жайып сый күтпен.

* * *

Ақиқатым - жағып алған шырағым,
Ел мүхтажы - төрге қояр сұрағым.
Дэл жеті рет құлатса да сойылдап,
Өлтіре алмас талантымның Пырағың.

* * *

Жалқыға емес,
Мен халқыма сенемін.
Сөзімін мен - бүгінгінің, көненің.
Асқарыма биік қадап туымды
Аспанымда рухым шалқып, жеңемін.

# XII

# Саудаға сап бұйымдай арын, жанын...

(Төрелер мәні)

Хаққа ырза едім туғызған қазақ етіп,
Өксітеді өзекке аза бекіп.
Тізгін үзген көбейді биліктілер
Қызық кеткен ел-жүртын мазақ етіп.

* * *

Жікке бөлген қарамай жікшіге тік,
Өсек тасыр өзгеге сып-сып етіп.
Масайрайды көп пасық пысықпын деп,
Жат айбынар іс қылмай, бықсып өтіп.

* * *

Қисыны жоқ сөздері жамыраумен,
Төре, төрден тұтанды небір эурем.
Ел жамамай, шер жабар қылғынтқанда,
Жайқап кетер маңайын жебір-ау дем.

* * *

Бұрынғыдай дәурен жоқ марқаятын.
Қақпан құрып тосты кез қартаятын.
Шенеуніктер шетінен құдай болып,
Төмпілдетер төбемнен эр таяғын.

* * *

Тұғыр озды тұяпардан бүгін міне,
Адал кеуде арамға бүгілді де.
Қайран асыл масылдың көтін жалар,
Нысанаға адамзат тігілді де.

* * *

Бейнет суын ішкенмен бүйір шықпай,
Қу тірлікке жармасқан құйыршықтай,

Қалт-құлт еткен пендесің,
Төрелердің
Көрінбейтін көзіне қиыршықтай.

* * *

Тәңір сорлы етпесін жұрт білместей,
Тағдыр зарлы етпесін қырт күлместей.
Нем бар еді оралып шашпауына,
Сол мықтының, қарынын күрт тілместей.

* * *

Ар, иманды саудалап, асып-тасып,
Лас табанмен ұятын шашып, басып,
Сүліктей боп қаныңды сорып алып,
Жібереді-ау жаныңды осып, қасып.

* * *

Бітеп көзін жүректің, ойын қымтап,
Жасырады жабулап бойын бұлтақ.
Аулақ қашар ақылдан тақылдаумен
Қалмаған соң ұяттан сойында ұнтақ.

* * *

Іштей қас боп, сыртымен қасын керіп,
Құтындайды құрметтеп қасыңда еріп.
Қия басқан қапыңды аңдып жүріп,
Қырқып алып қамшы етер шашыңды өріп.

* * *

Арам оймен ылайлап адалымды,
Әкім етіп сайлап ап надан ұлды,
Тұрлаусыздар тұғырда толып кетіп,
Құртып қойды-ау қу заман амалымды.

* * *

Саудаға сап бұйымдай арын, жанын.
Арсыз, жансыз алып жүр бәрін-бәрін.
Көп шыдамның дәл солар түбінде бір
Білмей қалып жүрер-ау жарылғанын.

* * *

Сыбырлап та айта алмас шынымды бір,
Көңілге шәк келтірген күнім бұлдыр.
Көңілдесін көп көзден жасырмайтын
Төршіл, өршіл көбейді жұлым құрғыр.

* * *

Жан шошырлық желігін сірестіріп,
Аш пен тоқты ойнайды тірестіріп.
Көлеңкеге қуалап, күнесті алып,
Ұрлап, тонап тауысты үлесті қырт.

* * *

Өршіл едім, төршілдер төбеге ұрып,
Күнімді ұрлап, төбеден төнеді бұлт.
Мұртты, қыртты қойған соң төре қылып,
Өлтірсе де өкірмей көнеді жұрт.

* * *

Бәрін бердім: сенімді, жігерімді,
Үздім Хақтан һәм тақтан күдерімді.
Хұқым, хақым төренің тақымында,
Сүйретемін мылқау боп шідерімді.

* * *

«Құдай салды - мен көндім!» қанға сіңіп,
Есінді ұрлар, ендірмей жанға күдік.

Болымсызға алданар толымсызды
Ұстатпастан қорлап жүр алдағы үміт.

* * *

Тойшыл, төршіл алтыннан айдарлының,
Ажал жетіп, жалмайды бар байлығын.
Тозағынан қорыққан соң о жақтағы
Бұ жақтағы жұмағын тойлар бүгін.

* * *

Мен неге өзгелерден бөлектенем,
Ұн таппай, ораза ашам кебекпенен.
Кінәм бе: «Адамды андай қуып атқан
Жазалау Хақ пен тақты керек!» деген.

* * *

Шырқатар бүгін теп-тез биігіне,
Құлатар ертең қамап күйігіне,
Пендені «пешкі» етіп ойнар мықтың
Көз жастың орап тастап түйіріне.

* * *

Қаматып қара түнге күнді мына,
Еркімді алмастырып құлдығыма,
Жалғыздың көзін аулап күн кешемін
Бір «нұрдан» табатындай мың құбыла.

* * *

Түспейді сол «нұр» бірақ маңдайыма,
Бірде бал, бірде у тамып тандайыма,
Дариға-ай, аспан нұры жауса бізге,
Көнер ек тауқыметтің қандайына.

* * *

Ала алмай жұлқып, тартып еркіндікті,
Іштегі бықсып өшіп, өртім бітті.
Қайтейін қасарысар кім қалды енді
Біреуге беріп қойса Жер кіндікті...

* * *

Естісе жанды ышқынтқан айқайымды,
Әкім көп әдет қылған қайқаюды.
Тыққан соң гонорарды құлқынына,
Сояды енді менің қай тайымды?

* * *

Қимайды оң қабағын,
Қинайды ерді.
Тұл бойын көрсетуге жинайды елді.
Ел безіп,
Ер жерініп кеткен кезде,
Тепсе екен өлексесі симай көрді.

* * *

Кеткен кезде билікте тарылып дем,
Халық дейтін алысты алыбымен,
Жас пен қаннан салық сап алтын құяр,
Халық - жемі,
Халық - нәр,
Халық - үнем.

* * *

Уай, Тәңір! Көп боп тұр-ау көрмегенің.
Ұмытып кеткен жоқ па төрдегі Елін.
Халқыма тамшы болып тама алмасам,
Не керек құр бусанып терлегенім.

* * *

Мен Елден, Елім менен бөлінбеген,
Сұрайды жазғанымды елім менен.
Еліме арқа сүйеп айқасқанда,
Кешегі Колбиннен де жеңілмегем,

* * *

Жеткенде орыс, ойрат өлім айдап,
Ілескем Абылайға «Елім-айлап».
Жат жұрттың табанынан тартып алған
Ерлікке мынау азат жерім айғақ.

* * *

Ноқтаға керілер ме азат басым,
Үрейдің шошытар ма сазы отбасын.
Путинге тас іргесін ашып тастап,
Қашанғы дос тұтады қазақ қасын.

* * *

Азат елдің аңсаған егемені,
Кетті бүгін ұмытып неге мені.
Қаламақы жүйесі жойылды да,
Жоқшылыққа жанымды шегеледі.

* * *

Тұлабойда кернеген әуенді ұғып:
«Жоғалды - деп қуандық - тәуелділік!»
Тартып алып авторлық несібемді,
Қойды-ау билік өзіне тәуелді қып.

* * *

Мықтыларды мықшитып мақтамасаң,
Көнбістікті құл болып сақтамасаң,

Төніп жетер төрелер төмпешімен
Бір-ақ сәтте қирайды тап-тамашаң.

* * *

Мақтамасаң - жақтырмас олар сені,
Ар мен ойдан жұрдай ғып тонар сені.
Ар, иманнан бос қалған тұл кеудеңе,
Қанды жастың лықсыған толар селі.

* * *

Өкситінің түбінде Айдан анық,
Құтылмассың - қашсаң да Айға барып.
Оңашаңа қамалып отырасың,
Өкінішті өзекті ойға малып.

* * *

Ой түбіне жете алмай малтығасың,
Жіңішкеріп, ұзарып, тартыласың.
Мәңгүрт елдің айналтар мәңгүртіне
Жартысы у боп, су толған жарты басың.

* * *

Ой қазғанды ұнатпас мына заман,
Ой азабы тым ауыр мың азадан.
Оймен қажып тойшылды тоқтата алмас
Елбасы һәм есі сау біраз адам.

* * *

Тойлайтындар ойланбас мендей қажып,
Тұңғиықтың түбіне енбейді азып.
Бойын күткен тойынып арамымен
Ақылына адал боп бермейді азық.

* * *

Қыз, қызыққа құмартып тоймағандар,
Ардан аттап, қан ұрттап ойнағандар,
Тірі болып ірі боп жүрміз деумен
Кезі болмас бір сәттік ой бағамдар.

Нәрімді алды биліктім, барымды алды,
Әрімді алды. Имандай арымды алды.
Шырылдаған жанымды өзім бердім,
Шыңғыртқанда шындықтай өрімталды.

* * *

Азат басты тұқыртып бұйдалаған,
Адал жанды күні жоқ қинамаған.
Әкімінен ақыны безіп кетті,
Бас сұғарлық жер іздеп ми даладан.

* * *

Ел мен ерді жаныштап езе білген,
Ойды тыққан шығартпай өзегінен.
Өнерліні өгей ғып қойды-ау төрім
Мейір-шафхат тапқызбай өз елінен.

* * *

Ойшылдардан көбейді тойшыларым,
Тойшыларым азайтты қойшы малын.
Қырт пен мұрттың асары көбейді де,
Көз жасымен кедейдің бой сыладым.

* * *

Алыстағым жоғалып, жақын қашып,
Сұлуым жоқ отырар тақым қасып.

Дұрысымды жүргендер теріс етіп,
Ұрысымен табылар «ақылдасып».

* * *

Кебіс сатып базарда кемеңгерім,
Кебек тимей ұн түгіл көгерді ерін.
Төр, төрені иыққа мінгізіп ап,
Төбесіне көтерді төмендерім.

* * *

Мінгізіп мерседеске сүйіктімді,
Кеудеме қасіретті құйып бітті.
Қотарып мұнайымды алғаннан соң
Қазақты бос қуысқа үйіп тықты.

* * *

Алпауытты мінгізіп иығыма,
Қондыра алмай күлкімді миығыма,
Түсем бе деп келемін елпең қағып,
Төрдегінің көзінің қиығына.

* * *

Кейде олай қараймын, кейде былай,
Темір торға қамалған кей тағыдай.
Әкіміне ақынын төмпештеткен
Төрдегілер боп кетті-ау бейне құдай.

* * *

Шексем де жас шағымнан бейнетімді,
Құдырет берер емес зейнетімді.
Қылғытқан гонорарды қорқауларым
Жалайды енді менің қай бетімді.

* * *

Тойды беріп төріме, қайғы аламын,
Шер торлады кеудені, айнала мұң.
Бәйтеректі Астана иемденді,
Қай теректі енді мен айналамын?

* * *

Бәйтерегін қайтемін өзгелердің,
Туар ма екен бізге де өзгерер күн.
Бар байлығы жерімнің тең бөлінсе,
Кебін кимес едік-ау кезбелердің.

* * *

Күнім ыстық болса да, кеудем суық,
«Жұмақтасың, қазағым!» деумен суып.
Итереді өңменнен шенеуніктер
Жаралғандай тек солар дәуден туып.

* * *

Түкке тұрмас шенеунік бағамды айтып,
Жоламастан жоғалар маған қайтып.
Отырамын түңіліп төрдегімнен
Тұл бойынан адалдық таба алмай түк.

* * *

«Елге зиян - астықтың көп шыққаны!»
Көк жәшіктен көлгірсіп деп шыққаны.
«Мықтым!» дейтін әлсіздің нәрсіздікпен
Жазылмастай кеудеме кек сұққаны.

* * *

«Көп жұмсама сабынды жуғанда аяқ,
Пайда үнемде тиыннан қу жанды аяп»

Деп желпінген көрдік біз желіктіні
Өзі ғана Құдайдан туғандай-ақ.

* * *

Тойшыл төрдің әкімдей тақысына,
Алса айтар ем жобамды нақ ұсына:
«Көп форумның азайтса екі-үшеуін
Жетер еді қаламның ақысына!»

* * *

Әкімдердің көргенде күпсінгенін,
Өңешіне бір состав жүк сіңгенін,
Құбыжықтың иесін тап басса да,
Әлгілерді жоя алмай тіксінді елім.

* * *

Жазықсызбен толтырып түрмемізді,
Ажыратпай арамнан іргемізді,
Қыбырлайтын таяқтың ұшыменен
Соқа сүйрер қаптаттық түрлі өгізді.

* * *

Тақалғанын білмей қап жар басына,
Қамшы басып өгізді арбасына,
Елден безіп, тезірек ұзап кетпек,
Тиеп алып ұрлаған барды асыға.

* * *

Өзі таза. Мұрттысы - қастың қасы.
Дорбасында - кесілген жастың басы.
Күйеу қашқан, шаң басқан сүрлеуменен
Қанды қолын созады қашқындасы.

* * *

Нарық қарық ете алмай қыра ма елді,
Құлағандар аяққа тұра ма енді?
Тойым бар ма шегіртке-шенеунікке,
Топырлатқан тоқал ғып қынабелді?

* * *

Ауыл қалды қираған үйіндіде.
Қауым талды қабағы түйілді де.
Тауымды алды жамбастап келімсектер
Көтертпестен бүк түскен иінді де.

* * *

Төре төрде түксиіп төбемізден,
Жібереді шықпыртып «енемізден».
Кесіп, пішіп шешеді тағы өздері
Айырылып қалған соң келемізден.

* * *

Ұмытса да жоңғарды заманымыз,
Әлі ақтабан қан жоса табанымыз.
Қасығымыз нәр тимей қаңсып қалды
Келімсекке тартылып табағымыз.

* * *

«Бізге керек барынша үнем!» дейді.
Үнемшілге аштардың үні енбейді.
Халқын тонап, той тойлап үнемдеуден
Ашынудан басқаша дым өнбейді.

* * *

Жемқорлармен күресті жемқор бастап,
Ұрланғанды бөлісіп қамқорласпақ.

Қаны-жыны бірге аққан сол шіркіндер
Көріп тұрып ұстамас қанқорды асқақ.

* * *

«Мен!» дейтіннің ісі жоқ біздерменен,
Түйсік болмас әділ сот іздер деген.
Әй, бәрібір әділ сот атылады
Алашының бойынан сыз кернеген.

* * *

Салық, айып күн сайын барады өсіп,
Қалта тесіп жоқшылық тарады есіп.
Тақырлайды-ау маңайын тап-тақыр ғып,
Көкейлерін қойған соң пара тесіп.

* * *

«Үнем керек!» Басқаны айта алмайды
Өздеріне бас емес, байтал қайғы.
Қараша астан қырылса,
Төрелердің
Бір қылшығы мұртының шайқалмайды.

* * *

Жемқорларды көбейтіп төрдегіден,
Кінәліні іздейміз жердегіден.
Жабылады түрмеге жазықсыздар
Бергені аз болған соң бермегінен.

* * *

Сөз бен ісі ешқашан бірікпестен
Уәдешіл басшым көп үріп, бөскен.
Тіліменен қамынды жеген болып,
Ұрттайды қаныңды ірікпестен.

* * *

Асты, үстінде отырып бар байлықтың
Кедейлікпен қор болып зарлай, бұқтым.
Талап, тонап жатса да келімсектер
Дым демейді қаптаған дардай мықтым.

* * *

Таң қаламын экімнің өлшеміне,
Бағындырған бүтінді бөлшегіне.
Бала бастық ақырар үлкендерге
Ерні ананың жүрсе де емшегінде.

* * *

Астана бар. Ауылым құрып өшкен.
Шенеунік бар. Адамның нұры көшкен.
Алабажақ үйлерден көзім талып,
Ауылымды сағынам жырып естен.

* * *

Әке - төре. Баласы төресымақ.
Немересін дайындар бөле асырап.
«Жая жеген қашанғы жая жемек?»
Деп қойылар күн бар ма көне сұрақ?

* * *

Әкімдікті иыққа артып алып,
Берсең - қолдан, бермесең - тартып алып,
Бар байлығын аймақтың ұрлап жинап,
Татырмайды халқына жарты балық.

* * *

Бай, кедей ғып бөлшектеп бір халықты,
Бәйтерегі биліктің ырғалыпты.

Қаласына мал-мүлкін артып беріп,
Бар үлестен ауылым құр қалыпты.

* * *

Ағасының, туысы, інісінің
Бұғалықсыз кеткенін бұрысының,
Елемейді.
Қайта өзі жел береді,
Көбейгенін ойлаумен кірісінің.

* * *

Тыйымы жоқ, тойымы аз, ашқарақ тым,
Серпуімен бұйырып қас-қабақтың,
Жұрт аузынан жұлып ап,
Жұтқызбастан
Жинап жатыр үстіне бас табақтың.

* * *

Тәңір берген жоя алмай қаламыңды,
Кекірт төрің аңдиды қадамыңды.
Сен айтқанды айта алмас өңшең өңез
Жала жауып арамдар адалыңды.

* * *

Сөз асылын айдап сап үйірімен,
Даңқың шырқап көрінсе биігінен,
Төр мен өрге таласқан бақас тобыр
Күйіп өлер қайнаған күйігімен.

* * *

Асқақ әкім ақсатып басынғанда,
Үні шығар жалғыздың ашынғанда,
Сол жалғыздар бірігіп жеңер бәрін
Жаныңа кеп жараңды қасынғанда.

* * *

Қонсын деп ұлт тағдыры көңіліме,
Ұмтылдым ауыры мен жеңіліне.
Биікке біліксіздер қонжиып ап,
Заманның желкемді үзді желі міне.

* * *

Еркімді іздеп, асығып ертеңіме,
Уағыз боп құйылып өртеңіме,
Жүрсем де мен, илантпай жас ұрпақты
Айналып кеткендеймін ертегіге.

* * *

Бәрібір алдағыма ұмтыламын,
Табамын төр мен елдің ынтымағын.
Шелтиген шенеунікті шырылдатып,
Жемқордың өңешіне құм тығамын.

* * *

Басқаның мал мен жанын бағып келем,
Өзгенің от-ошағын жағып келем.
Қазақы түр-түсімнен үрке ме әлде
Бақ құсы маңайламас лағып менен.

* * *

Бауыр басып алған соң паниға тым,
Туған жердің тоз-тоз ғып табиғатын,
Турап же де барымды, асқақ күйеу,
Қанып ішім қанымды дали, қатын.

* * *

Көбейген соң тұқыртар ием менің.
Бұрынғыдай ән жұтып, күй ембедім.

Құлай жаздап тұр құздың жиегінде.
Қазақ атты қастерлі кием менің.

* * *

Құйған сайын путиндер отқа майды,
Бір қорқыныш кеудеме шоқ қамайды.
Көр көкірек шарасыз құр тыпырлап,
Запыран жас бет қарып, тоқтамайды.

* * *

Дүниенің сұрауы кезекпенен,
Кешегі зор - бүгін зар безектеген.
Төр, төбеде талтаңдап жүруші еді,
Көжектей боп бүрісті өжет немең.

* * *

Тыңдаймыз бас шұлғумен тек біреуді,
Сонымен болғандай-ақ Көк тіреулі.
Өкпеңді өзегіңнен өшірген соң
Үйрендік өзіңді өзің тепкілеуді.

* * *

Тойдан той өтіп жатыр Астанада,
«Туған күн», «Өлген мезгіл» масқарада
Көз жұмған ар, намыстың табытына
Алаштық қара көзден жас тама ма...

* * *

Көңлім сынық, кеудем бос, қайғым қалың.
Ескегі жоқ қайықтай айдындамын.
Талап алған елімді еңіретіп,
Қайтара алмай жұртыма байдың малын.

* * *

Бойда мінім көбейіп, құнымды ұрлап,
Шермен тергеп отырар мұңым - бір қап.
Әділеттің аулынан адасып қап,
Нәрсіз, мәнсіз барады күнім құрғап.

* * *

Толғана алмас пақырмын ойға түсіп,
Сіңіре алмай ақылды бойға пісіп,
Шенеунікпен шендесіп кеттім бе әлде
Мінезінің пәктігін қойған ішіп.

* * *

Айта алмай тек-төркінін масқараның,
Қарауға төрге тура жасқанамын.
Қанынан қара жұрттың алтын құйып,
Тойлаймыз туған күнін Астананың.

* * *

Жараспас жаңаға да, көнеге де,
Қабыспас кәдеме де, өнегеме,
Шақырып жер жүзінің обырларын
Тойлаймыз туған күнді неге, неге?

* * *

Мән бермей масайраудың бекеріне,
Құныққан өзі ме әлде нөкері ме.
Шынымен оңашада бойламай ма,
Осы бір дәуренінің өтеріне?

* * *

Тағдырдың өз ұлы кім, өгейі кім,
Зар үні құлаққа енбей кедейінің,

Өкіртсе,
Құримыз ба зұлымдықтың
Бір толмас құрдымында көмейінің.

* * *

Қайраймын азуымды кіжінумен,
Қор болып қол сүюге тізілумен.
Тыятын күнің бар ма, Хақ Тағала,
Кірпіктен қанды жасты үзілуден.

* * *

Тәк-тәкпен шекеге сан таяқ тиіп,
Ой-бойға у жыландай таяп күйік.
Жүргенде,
Қара түнді серпіп ашып
Жетер ме шуақты күн аяп сүйіп?

* * *

Білмеймін нені аңсаймын, кімді іздеймін,
Шуағын бұршақ ұрған күндіздеймін.
Босаса тілім тістен, ой, сұмдық-ай,
Не дерін өзіме де білгізбеймін.

* * *

Болсам да Алаш ұлы - өжет тегі,
Айта алман өкінішті өзектегі.
Озбырды көттен теуіп қуу қайда
Нашармын көт жалайтын кезектегі.

* * *

Билікке аты-жөнім ұнамайды,
Таба ма бүгін менен тірі Абайды,
Сөзімнен өзімді аңдып тауып алып,
Жазықсыз жазықты етіп кіналайды.

* * *

Арды ойлап, адалды іздеп арындасақ,
Шынды айтсам, бар салмақты дарынға сап,
Нәрімді төрім тонап, талап жатыр
Атудан басқасының бәрін жасап.

* * *

Іштегі кек-қыжылды үргіз мейлі,
Төр, тойға билік мені кіргізбейді.
Қысасқа қарсы атылған ақынды емес,
Езілген етік сүйер құлды іздейді.

* * *

Жер - Көкке, аспан жерге төңкеріліп,
Атойға басқан кезде көнтері үлт,
Ақ туы әділеттің орнаганда,
Тұрар-ау паң кеудемде жан керіліп.

* * *

Жәдігөй жәркештерін мөңіретіп,
Тойлайды туған күнді еңіретіп.
Үй-күйсіз қалың қазақ қайғы жұтып,
Барады күңіренткен өмірі өтіп.

* * *

Шаланы дана тұтар біздей кім бар,
Мылжыңын міңгірлеген үзбей тыңдар.

Адамды надан деуден жалықпастан,
Ит қосып қуалаймыз іздейтінді ар.

* * *

Масылды асыл деуден жалықпайтын,
Есіріп, естен танып шалықтайтын,
Еліріп, өз естісін есепке алмай,
Таппайды бұл заманда халықты Ай, Күн.

* * *

Мықтысын мадақтайтын есеппенен,
Өрісін кеңейтетін өсекпенен,
Көбейді зияны көп зиялылар
Тұлпарды басып озар есекпенен.

* * *

Жалаңаш табаныңды отқа басқан,
Кеудеңді танымайтын топтан асқан,
Еліріп екпіндеген шенеуніктер
Кетеді қағып жығып, тоқтамастан.

* * *

Сен кімсің шенділерге қарсы шығар,
Олардың асығы ылғи алшы тұрар.
Көмейден үмітіңді қыңсылатар
Қанды езу, жыртқыш азу арсылы бар.

* * *

Билікке емексітсең «бұл қалайды?»
Ерінін құр шүйіріп тыңдамайды.
Ырсиған азу тісі шайнардай боп,
Сықырлап «Кел берісін!» мұндалайды.

* * *

Молаға жүгіретін баладай тек,
Жанассам шекпендіге жағалай кеп,
Сөз тасып төрдегіге жамандаумен
Үстіме кір-қоқысын жағады-ай кеп!

* * *

Іскерлікті сып-сидаң жалаңаш қып,
Балпаң басып жайғасты бала бастық.
Әкете алса жақсы ғой дөңгелетіп,
Саясатқа шаруаны аралас қып.

* * *

Анау айтқан табылмай бірдеңесі,
Өлермен ғып ұмтылтқан құр дәмесі
Десем,
Ойым аяй ма жас бастықты
«Айқайлатар ертең-ақ үндемесі!»

* * *

Мен сенемін, еремін халқыма мен
Ілесемін дерт буған алқына дем.
Мен ұлтымның көтерем ауыр жүгін
Жөнелемін бүкшеңдеп артып әрең.

* * *

Жан иесі - жүрегім - кемелім-ау,
Жатырқамас ешкімді кең едің-ау!..
Шошығандай Алаштың адамынан
Шошып кетті дүрсілің неге мынау?

* * *

Қуанышты жоғалттық, қайғыны алып,
Алақанын нан сұрап жайды халық.

Кетер ме екен осылай, уа, Тәңір Хақ,
Ер еңіреп, ел жүдеп, бай қуанып?..

* * *

Дәм тамызбай қаңсыған табағыма,
Қарамасаң жабылған қабағыма,
Көк аспанның көлгірсір, көк Тәңірі,
Ілінерсің ыза-кек садағына.

* * *

Төмпештердей төбемнен кінәм нендей?
Табылар ма көнбіс жан мына мендей?
Тепкісіне төренің шыдай алмай,
Бұрқ ететін жүрегім тына ма өлмей?

* * *

Көтерумен төренің өктемдігін
Ісіп-кеуіп асқынды өкпем бүгін.
Келтірермін аяғын аспанынан
Құлатармын осқырған көктен күнін.

* * *

Кетуші едім Далама өкінгенде,
Бұра алмаймын бүгін мен бетімді елге.
Олигархқа сатылған өгей Далам
Бұйырмады ел дейтін - жетімдерге.

* * *

Шайқайды толқын-тағдыр қайығымды,
Мәңгүрт қып «Адам!» дейтін бай ұғымды.
Дауылда қалт-құлт жүзген ескекшінің
Дәл бүгін ойландырар жайы кімді.

* * *

Мұхиттай орап алған құрылықты
Сенделткен сергелдеңім ірі, мықты.
Шапшыған сұр толқынмен тіл табардай
Іздеймін жатпай-тұрмай бір ілікті.

* * *

Әділетті табарсың қайда барып.
Ақыл азды, ар тозды, ой қамалып.
Бүрсектедік тірсекті қамшы тіліп,
Сол қамшымен иесін айдамадық,
Бір мәрте де ашу боп қайнамадық.

* * *

Бұл жүрек күйік кешіп қан жылаған,
Ел тозып, келгенде қан қанжығадан.
Халықты алға бастар дана таппай,
Кеткен соң озып надан, алжып адам.

* * *

Ел бүлсе, азар ақыл, азып адам,
Зар басар жер мен көкті азынаған.
Өзгерер сұм жалғанның бет-бейнесі
Боп кетіп сақалды-сұм, тазы-надан.

***

Өксіткен өкінішті бүктім ішке,
Айналтпай тамшы жасты шық күміске.
Жоғалған соң ақ пейіл, адал ниет
Сынайтын нарды жүкте, мықтыны істе.

* * *

Сіңеді ғұмырыңның құмға нәрі,
Белгілі үмітіңнің мұң қабары,

Төріңнен қашқан шындық оралмаса,
Төреңнің түзелмесе сынған ары.

* * *

Жатқан соң бөтен бұзып, жат бүлдіртіп,
Сандалтты сахарамды сатқын тірлік,
Кеттік қой оңалудан, беу заман-ай,
Тонады ақтымды сот, пәктімді ұрлық.

* * *

Қаратып күдікпенен қарайғанға,
Қу тірлік үрей септі талайларға.
Көп қазақ көз сатады, тісін сорып,
Қаптаған бөктердегі сарайларға.

* * *

Кірігіп кете алмастан бір «абызбен»,
Құласақ аштық жеңіп - кінэ бізден.
«Абызды» теңей алмай Алламызбен
Қырсығып жүре алмаймыз бір-ақ ізбен.

* * *

Жүлқумен бір тізгінді ары-бері
Бітпейді ел ішінің әбігері.
Білсекші ұлт көксейтін құндылықты,
Ұқсақшы тілейтінін жаны нені.

* * *

Аспан астын, жер үстін мекендеген
Алашымды жарылқап өтем деп ем.
Қайтейін-ай, қазағым өз ұлдарын
Алмастырып алып, жүр бөтенменен.

* * *

Тепкілеп төбесінен тағалы етік,
Көп ғұмыр «апыраулап» барады өтіп.
Біреуді іске алғысыз хан көтеріп,
Біреуді түк жазықсыз қаралы етіп.

* * *

Барым да сен, Алашым, жаным да сен!
«Өзім!» десең, өзгеге жалынбас ем.
Дауылыңа қасқая қарсы тұрар
Еменің боп өсер ем бағыңда әсем.

* * *

Газ, мұнайдың,
Елдегі ырыс, кеннің
Бар қазаққа үлесін дұрыс бөлгің
Келсін десең - Абайдай данышпан бол,
Қуатын ал құтқармас Рүстемнің.

* * *

Суылдап дауыл ескен құм даладан,
Бір дауыс естіледі іңгәлаған.
...Өмірге келмесе егер адам пақыр
Бөкпес ед шектен асып мұңға ғалам.

* * *

«Құлай бермей өзіңе ұнағанға,
Қайырым ет қол созып бір адамға!»
Деп ем, досым итеріп құлағанды
Күліп қарап ыржиды жылағанға.

* * *

Тартып алып табақтан сыбағамды,
Көрдім талай сылқитып сыбағанды.

Етік жалап елірген інілер мен
Қолды сүйген көремін кіл ағамды.

* * *

Тонап алып барымды, ұрлап алып,
Төрелердің төбемді ұрғаны анық.
Өле де алмай, ,
Көне алмай қорлығына
Дилеммаға Алашым тұр қамалып.

* * *

Күн көрерміз, Құдай-ау, қайда барып,
Арман өшті, ар қашты, ой қамалып.
Әділеттен адасып қалдық мүлдем
Әкімдерім кеткен соң майдаланып.

* * *

Көзім жұмсам көремін қайдағыны,
Қаптап кеткен қырт аға, жайдақ іні.
Тонап алып өз жұртын қайыршы етіп,
Ала алмай жүр қор болып Айдағыны.

* * *

Тағдырға да, Тәңірге өкпелімін.
Жер бауырлап өшіп жүр көктегі үнім.
Тыңдай алмай зарымды жыр ғып айтқан
Өз халқымның бүгінде шеккені мұң.

* * *

Тыя алмай тіршіліктің нала, мүңын,
Тынымсыз арсылдаумен талады үнім.
Дүние-ай, тазалығым таусылмас ед,
Ғұмырдың ұстап қалсам балалығын.

* * *

Қайғы басты күлкімді алып ұрып,
Тұл кеудеме күйіктен салып ұрық.
Қаптап кетті төрімде түксигендер
Қансоқтаға тоймайтын жаны бүлік.

* * *

Кімім жоғын екшеумен, кімім барын
Жершілдікке білінді ұрынғаным.
Бар Алашқа барыммен бірдей болған
Оп-оңай-ақ бір сәтте бүлінді арым.

* * *

Құл да емес, қожа да емес, адамың ем,
Жырыммен кеудеге отты жаға білген.
Барымды, арымды да төрдегілер
Таптап жүр боқты басқан табанымен.

* * *

Жарылқай алмасам да сұрағанды,
Жүрсем де жұртқа таппай бір амалды,
Өзіме өзім ырза болар ем-ау,
Жырыммен жұбата алсам бір адамды.

* * *

Мен бөлек, төрем бөлек, өзгем бөлек.
Бөлекті көрсем кетер көз дөңгелеп.
Шіркін-ай, бөлектерді біріктірер
Ақылды салмақтардай безбен керек.

* * *

Әрқашанда жақ болса аққа Құдай,
Неге сатты қазақты жатқа Құдай?

Бар байлығы Алаштың төрге кетіп,
Күні сөніп, көрмей ме батқанын Ай?

* * *

Үнсіздіктің құлағын осқандай боп,
Күн күркірін тыңдаса жасқанбай көк.
Сол күркірді кеудемнен аулап қалып,
Тәңірімсіп кетемін шашқандай кек.

* * *

Шырқап кетсе жеңгізбей ән күдікке,
Қосылғандай сезінем мәңгілікке.
Жаным құшып жаңғырған дос сәлемін
Қарсы атылар қасқайып сан бүлікке.

* * *

Сай қуалап қар суы жылыстайды.
Жұпар ауа көктеммен тыныстайды.
...Әй, бірақ та биліктің аязынан
Арқа-басым бәрібір құрыстайды.

* * *

Қайтеміз көмек сұрап басқалардан,
Қыста да қар бермейтін қасқалардан.
Тақ түгіл Хаққа қолың жайғаныңмен
Түк түспей, үміт өшіп, қашқан арман.

* * *

Қашан көрсең, таусылмай күнде ертеңі,
Жыл артынан іс қылмай жылды өртеді.
Жалығудан жалықпай жүрген қырттар
Жүрегіме зіл тастап, мұңды ертеді.

* * *

Тағдырдың алысумен өзіменен
Кездеспей қойдым әділ кезіменен.
Тәңірге жолымды аш деп қой айтамын
Тұрса да тасырлығын сезіп әлем.

* * *

Үрей мәңгі кеудемде тұрақтаған,
Көп қорлықтың жауабын сұратпаған.
Дүр сілкінтіп сесімді туғызам ба,
Шекарасын үрейдің түре аттаған?

* * *

Қамаламын қайғының қапасына,
Нәлді етіктің бас тосып тақасына.
Арымды да, нәрімді, бәрімді мен
Беруменен келемін бақасыма.

* * *

Шығарсаңшы дәл менен батыр, Алла-ай!
Белді буып, жең түріп атылардай.
Өзгелерге қашанғы жегіземін
Өз асыма қолымды батыра алмай.

* * *

Келімсекті қонақ қып құрметтеп ем,
Сол мейманым тойса да құр кетпеген.
Тартып алып төрім мен төсегімді
Ақырғанда,
Көжектей дірдектегем.

* * *

Қолын салды шыңғыртып ашынама,
Жолын салды үйімнің қасына да.

Баса көктеп әр елден кірген кірме
Өлгенімше осылай басына ма?..

* * *

Талап алды канымдай қазынамды.
Көбі кетті жанымның, азы қалды.
Бас шұлғимын олигарх, алпауытқа,
Арыз түгіл айта алмай базынамды.

* * *

Адалдық ед егіліп іздегенім,
Жылынуын таппақ боп мұз дененің.
Одан-бұдан тап берген келімсектің
Білмей қалдым оп-оңай тіздегенін.

* * *

Сескенемін сене алмай ертеңіме,
Сіңіре алмай өрлікті өртеңіме.
Тосуменен келеміз ұлт арқасын
Құлы болып төренің келтегіне.

* * *

Өтеміз бе жаркылдап қуана алмай,
Жіңішкені төрімнің жуаны алдай.
Қор тірліктің торында шіриміз бе,
Кей дөйлерді жүргенше Құдай алмай?

* * *

Жылжып жатыр сұм жалған зарықтырып,
Тэнімді де жанымды зорықтырып.
Қашан, Тэңір, бересің зауалыңды
Арамдарға ажалын жолықтырып.

* * *

Мейірін ақ тілекпен аңсап Көктің,
Келеді кейде зарлап ән сап кеткім.
Сезілмей Құдіреттің бір түйсігі,
Зарығып күтуменен шаршап кеттім.

* * *

Адалы азып, озды тек кіл арамы,
Жауыздыққа тұрғызып мұнараны.
Әділетті орнатып патша Құдай,
Қашан сұмнан бақыртып құн алады?

* * *

Сатпайтын жанын малға, малын арға,
Дүниеден күнәсіз жан табылар ма?
Ұры топ төрде отырған мешіт салар
Құдайға өп-өтірік жағынарда.

* * *

Көл боп аққан халықтың көз жасын-ай!
Тоқтамайды бір ақса, тез басылмай.
Ағызар мед Елбасы төрелерді,
Ағызар мед жастай ғып езді осылай!..

* * *

Түз түршікті тындаумен дүбір үнді,
Безектеумен қарғаған ғұмырыңды.
Шаңға оранды тағы да қайран Далам
Қайта оралып ақтабан шұбырынды.

* * *

Ойды ой қуса, толқынды толқын айдап,
Ай астында тулайды көлкіп аймақ.

Лықсып тулап толқындай жарды сүзіп,
Ер туар ма,
Шығатын халқын ойлап?

* * *

Хақ Тәңірдің тым шебер алақаны
Неге ғана қорқақты жаратады?
Үркек жандар өзіне қажет болса,
Ыстық қанды несіне таратады?

* * *

Өксік - демім.
Өкініш өзегімде.
Мен өгеймін.
Бөтенмін өз елімде.
Тілегімді ұстатпас қол созғанмен
Жеткізбейтін келемін кезегімде.

* * *

Кейде ғажап тамаша түс көремін,
Ақ орданың төрінде түстенемін.
...Орда түгіл өңімде қорда таппай,
Азуды егеп, кіжініп тістенемін.

* * *

Қайда барсаң, меңіреу жабық есік,
Мылкаулықтың қат-қабат қабығы өсіп,
Жеткізбейді-ау жоламай қарашаға,
Сор сыртта қап,
Төреге бақ ілесіп.

* * *

Жерді сатса, күн көрем қайда барып,
Отырам ба жанымды ойға малып?

Тірілерден іріні таба алмаймын,
Төрелерім кеткен соң майдаланып.

* * *

Ел түңілді, жұрт азды, ер жылады.
Тозағына айналды жер-жұмағы.
Төр мен төбем көбейтті жалақтауын
Қанға бояп алды да қанжығаны.

* * *

Өз ұлтына бітпестей өкпе-кегі
Топырақты шашумен көпке тегі
Құтыруы қан ұрттап билігімнің
Қалай ғана, Құдай-ау, тек кетеді?

* * *

Күн туар ма шығарар Айды аспанға,
Жол көрсетер көздерін май басқанға?
Азуымда кетсе ғой өңештері
Төбеттермен төрдегі шайнасқанда.

* * *

Өкініші өксіткен күйікпенен
Мұз денемді өртке сап, күйіп келем.
Құлдырадым еліммен қоса езіліп,
Төрім басты тұқыртты иіп төмен.

* * *

Арқа-басым құрысар кейде менің,
Ұсақ болып кеткенде дөй дегенім.
Жек көремін көзімен алақ-жұлақ
Уәдесі көп, өтірік сөйлегенін.

* * *

Қыжыртарсың арам деп кімді мынау
Зар мен шерге бөленген, мұңлығым-ау.
Төре біткен төрдегі тонап жатса,
Ашынғаның болмас па - Күнді сынау.

* * *

Бәрі өзінде - тоқал да, көңілдес те.
Өмірі - ойын, алмайды өлімді еске.
Қай жерінен құтыртса шайтан билеп,
Сол жерінен сол мықтың жеңілмес пе.

* * *

Қай қабақты ашарсың күңкіліңмен,
Төрдегінің көзі ойнап, мұрты күлген.
Жете алмайсың тұрмасаң - жетеріңе,
Тек жеңесің бар, бәрін ұмтылумен.

* * *

Құтырады тоқалды қабаттап ап,
Қу тақымға болса да тамақ - табақ.
Мұрагер жоқ бір өнер тамшысынан
Өзі, көзі кіжініп жалақтамақ.

* * *

Уәдесімен әкімім қартайтады,
Ақ көңлімнің шарасын ортайтады.
Адалымды аяқпен теуіп, таптап,
Ақымағын дүрдитіп марқайтады.

* * *

Кетті күндер, зымырап өтті күндер.
Әрін, нәрін жоғалтып төкті гүлдер.

Құл құтырып төре боп төрге шығып,
Тексіздерге айналды текті кімдер.

* * *

Тербелген балалықтың бесігінде,
Жоғалды еркін жанның десі мүлде.
Шырылдап шенеуніктің уысында,
Кірерге жер таппай жүр тесік інге.

* * *

Айға да азу білеген арыстан ек,
Көкжал болып көкке ұлып, қарыштап ек.
Бүгін енді мықшидық төрге ене алмай,
Төр, төреңді кезінде жаныштап ек.

* * *

Сұм тірліктің алды оңай, арты қиын.
Кешегі алтын - бүгінде жарты тиын.
Бір жалғызға жаутаңдап мөлиеді,
Кешегі ер қазақтың халқы дүйім.

* * *

Құдай-ау, тоймас көзді неге бердің?
Көз жасты тоймас көзден төге бердім.
Жастан - сом, қаннан - алтын құйып жатқан
Төрдегі жемі болдық төрелердің.

* * *

Төр қайда, төре қайда, қара қайда,
Астанаң басқаларға қарамай ма?
Ақсүйек, қызыл қанды - солар ғана!
Басқаның қаны айналған қара майға.

* * *

Ақ үйді басып қалса үрку деген
Демін де шығарады іркуменен.
Үркуі үрейіне айналып кеп,
Шығартпай қойса шіркін бүркуге дем.

* * *

Осы күні қырт пенен мұрт озды да,
Санап ала қойды олар «жұртты аздыға».
Қашанғы олар елірер, кетпес ұзап,
Жүгерішіл жеңгенбіз бір тазды да.

* * *

Жақсылар бар жағасын кірлетпеген,
Қадірлісін қастерлеп құрметтеген.
Төрең төрге шығармай қойса да бір
Азамат боп өмірден құр кетпеген.

* * *

Түн боп жапты-ау сұсымен Күн дегенім.
Бас шұлғыдым, бүгілдім, үндемедім.
Білдім солай құлдықтың тұзақтарын
Көкірекке шер жамап, мұң келерін.

* * *

Сол жалғыз жарылқардай баршамызды
Шайнаймыз қаужаң-құжаң сары сағызды.
Әкімдер елі азып, тозса-дағы
Тоқтамас иектеуден қанша қызды.

* * *

Оқты көзге шоқ шашпай жанарыңнан,
Қарсы атылмай, адассаң қадамыңнан,

Қол сүйетін ернінді етектей қып,
Айрыла бер талтүсте адалыңнан.

* * *

Құл болдық қол сүйетін, етік жалап,
Өңештен зәрмен бірге өтіп тамақ,
Сындырып ар- ұятты қолымызбен
Сол ардан отырамыз кетік жамап.

* * *

Сенемін табады жүрт әділетін,
Күн туар шапағатын бағы ілетін.
Төменді төрге оздырып, төрді жер ғып,
Ұлтымның асырады қабілетін.

* * *

Құл болдық бас ұрамыз төремізге,
Күшік боп, құйрық қысып, ереміз де,
Қыңсылап сүйек-саяқ тастар ма деп,
Тоя алмай жүрміз атау керемізге.

* * *

Күтсек те сарайлардан оң қабақты,
Оң қабақ жақсымызды ондап атты.
Аққуға аспандағы көз сүзгенше,
Шымшық қып ұстасақшы қолға бақты.

* * *

Болған соң көз мөлиту - тірлігіміз
Ыдырап кете берер бірлігіміз.
Сатқындық өңештерге азу қадап,
Өршігер күннен күнге ұрлығымыз.

* * *

Домалайды төбеден бастар неге?
Құлата ма тас қылып бастарды еге?
Тас та, бас та топылдап түсе берсе,
Тауыспай ма көз жасын аспан төге?

"* * *

Жас-жаңбырын төкпейді аспан бүгін
Төр, төренің көрсе де астамдығын.
Көк пен жердің бірігіп «құдайлары»
Жасап жатқан тәрізді-ау қастандығын.

* * *

Сезем қатал тірліктің үскірігін,
Көкжөтелге айналды түшкіруім.
Көк пен жердің бишікеш мықтылары
Тоқтатпайды төбемнен ысқыруын.

* * *

Әй, бәрібір жеңбейсің жебірлерді,
Шеккеніңмен небір зар, небір шерді.
«Ақсүйек» боп «Ш» дейтін ру өтер,
Бар қазақтан тауып ап «негрлерді».

***

Әкім теке қояды өз лағын.
Ерді езгілеп тауып жүр езі бағын.
Жасаған-ау, бар болсаң, тыймаймысың
Шектен шыққан сұмдардың тез лаңын.

* * *

Астан-кестен Дүние, ойран асыр,
Күл болуда мүжіліп қайран асыл.

Ширенеді үзердей үзеңгісін
Ірі төрге қонжиған майда масыл.

* * *

Ата-бабам армандап еркіндікті
Аялаған айналып жер - кіндікті.
Бүгін елім тәуелсіз аталғанмен,
Шенеуніктер торында еркім бітті.

* * *

Жалтақ-жалтақ қараймын қарайғанға,
Қорқынышым үдейді арай таңда.
Арды, нәрді ұрлағыш жендеттерді
Жолатпай ақ қойса ғой Сарай маңға.

***

Айтқызбай көкіректі тескен зарды,
Шыңғыртып сығып алып төстен жанды,
Билік топ тоқпақтайтын төбемізден
Жоғалтар тып-типыл ғып естен барды.

* * *

Көштік біз даламызда олай-бұлай,
Бірде күліп, бір кезде жылай-жылай
Бастықтың қайта кірсек «одағына»,
Біз емес, кеудемізден көшер Құдай.

***

Бар еді әуелеткен өз биігім.
Жырлаушы ем Сарыарқамның жез киігін.
Билігім аласартып биігімді,
Киігім жоқ, өзекте өз күйігім.

* * *

Баба дала баяғы, ана - дала.
Сол далаңа соңғы рет қара, бала.
Талап жатыр олигарх, тонап жатыр
Қораң түгіл жолатпай молаңа да.

* * *

Бар байлығы даламның - кенім еді.
Түп қазығым - талыстай жерім еді.
Кен мен жерді келімсек иеленіп,
Қанды жасым көзімнен төгіледі.

* * *

Кете алмаймын далама, өксігенде.
Сіңе алмаймын сағымды көк сілемге.
Мендік жер жоқ.
Доллар-жын қақшып кеткен
Көк пен жердің арасын тепшігенде.

* * *

Асып жатыр шегінен, тасып жатыр,
Табанымен төбемнен басып жатыр.
Шенеуніктер халқының тартып алып,
Бар байлығын өзгеге шашып жатыр.

* * *

Сөзімді ұғар жоқ енді дана қартым,
Түсінердей бала жоқ сана парқын.
Төбедегім түксиіп түк сезбестен
Тосып отыр қол жайған далаға артын.

* * *

«Елім!» демес еліріп есірген жас,
Есірік қып соларды өсірген «бас».

Құр кеудесі халқымның қыбырлайды,
Мұң мен зарын айта алмас «кесілген» бас.

* * *

Өртке оранды өзегім құр күрсініп,
Теріс ақты өзенім дүр сілкініп.
Боздақтарын боздатқан боз інгендей
Қашан ғана түзелер құл тіршілік?

* * *

Ботама темірқазық - Отаны ма?
Қарайды билік бұрыс опалыға.
Қашан пана болады Атамекен
Жүрегі қарс айрылған қапалыға?

* * *

Ертеңі жоқ елдерден қорқамын мен,
Һәм еркектен қиналып қорқа күлген.
Ел де ұтады ұпайын, ер де ұтады
Келешектің бес күнін жорта білген.

* * *

Тауға кетем деуші едім.
Кете алмаймын.
Тауым түгіл төбеме жете алмаймын.
Тау, төбемді бөтенге сатып келіп,
Төрдегінің көр күлер беті алдайтын.

* * *

Жұтып өскем даламның түбіт шаңын.
Алға ұмтылғам жағып ап үміт шамын.
Бүгін енді үмітті күдік жеңді,
Билеген соң жанымды ұмытшағым.

* * *

Уын іштім жалғанның кесеменен.
Жалғандықтың тағдырын төседі әлем.
Озбыр топқа топалаң келмеген соң
Туа беріп, көмейде өшеді өлең.

* * *

Таба алмай жан күйімнің тыныштығын,
Көмейде өксік буып, құрысты үнім.
Құдай-ау, тесе бермес төбемізді
Жасайсың төрдің қашан дұрыстығын?

* * *

Естелікке қиялды орадым да,
Сағынамын аулымның боранын да.
Ел малынан айрылып, ұл жанынан
Толып кетті дәл бүгін дала мұңға.

***

Айырбастап көрмеп ем туған жерді.
Пұлдап, құндап көрмеп ем жуған терді.
Терім емес, жас емес, қаным ақты
Туған жерден келімсек қуғанда ерді.

* * *

Жан бөбегім, аппағым,
Іңгәм менің!
Көңлім көншіп өзіңмен, тұнған демім.
Елбасы боп сен ертең ел түзесең,
Тіктер ме еді қазағым сынған белін.

* * *

«Махаббатым сен менің - Қазақстан!»
Дей алмаймын.

Кеудемді маза қысқан.
Өз қазағы қазағын талтүсте атып,
Алашымды айналып ажалы ұшқан.

* * *

Елді сүйем.
Сүйе алман төріңді мен.
Ел деп ұйқым бұзылып, бөлінді дем.
Төрім таптап асылды,
Ерді ұсақтап,
Тартып алған сүйісті еріндіден.

* * *

Жетті егемен қаңғытып қыр қазағын.
Малын, жерін тартып ап, құрды азабын.
«Жұмақ орнап, ел жайнап, жұрт байыды!»
Деп жаңғыртар күн сайын түрлі азанын.

* * *

Тәуелсіз ем, билікке тәуелдімін.
Ел айтатын өзгеше әуен бүгін.
Бірін-бірі аңдыған заман орнап,
Дос тұтқаным шетінен жау ендігім.

* * *

Абақты ғой сұм Жалған армандыға.
Қоятындар азайды арманды ұға.
Құйрық болып жанасып кете алсақ та,
Көз сүзумен жүрміз ғой әр жалдыға.

* * *

Жетім талды желкелеп жел ырғайды.
Мен сияқты оған да өмір қайғы.

Тал жаяды өксігін жапан түзге,
Мен отырмын жаза алмай жебір жайлы.

* * *

Десем де «жаным сенде айхай, Дала!»
Кетеді қаным зулап қай-қайдаға.
Жұлардай өңеш жыртқан өзегімді,
Жақтырмас мұрттым басын шайқай ғана.

* * *

Жалғандығын Жалғанның жалған демей,
Мадақтаумен «мықтысын» талған көмей.
Шенеуніктер шіренсе қарнын сипап,
Қазанымен қаңсыған қалған кедей.

* * *

Алғанымнан билікке бергенім көп.
Құл тірлікте қорлықты көргенім көп.
Ерік-ырқымды қаншама тұқыртса да,
Қолын сүйіп, бас шұлғып ергенім жоқ.

* * *

Жерімді алды келімсек, кенімді алды.
Үміт өшіп билікке, сенім талды.
Өмір оты бір сөніп, бір жанады,
Тышқан қылып ойнап жүр өлім жанды.

* * *

Жасқа қосып ағызып запыранын,
Зарға қосып әуенін жатыр əнім.
Су орнына у беріп БАҚ біткені
Құратуда ұлт жасыл жапырағын.

* * *

Кімге айтуды білмеймін өкпені де,
Өгей болып жұртымның кеткені ме?
Марғау ұлтым бұйықса,
Не тындырар
Бұлқынғаным бір менің кекке міне.

* * *

Ал егейін азуды сақылдатып,
Сенбеген соң қандасым ақылға түк.
Жандайшабын қойған соң тақылдатып,
Билік қыңбай жатыр ғой хақымды атып.

* * *

Өзекті өртеп бастап ем ерегісті,
Тырп еткізбей төбемнен төре қысты.
Иманы мен халқымның жиғанындай -
Тамырынан жұлынып терегі ұшты.

* * *

Берік деп ем керілген керегемді,
Қасиеттеп қазақы өнегемді,
Жайлауыма жая алмай керегемді,
Өнегемді қор қылдым төреге енді.

* * *

Өлі балық кездесіп, тірі қалып,
Бастық қойды баурына ұрыны алып.
Өзі өсірген күшігі ақырында
Өзін қапты өзегін жұлып алып.

* * *

Кісесін мүшесінен буынғандар,
Әкімнен төре болып туылғандар -

Мың жерден кердең қағып, төс ұрғанмен
Аулынан адалдықтың қуылғандар.

* * *

Таптаса да табаны төбемізден,
Қуғындаса жаңаны көне жүзбен,
Шырылдайтын шындық деп дар алдында
Төмен жатыр бәрібір төре бізден.

* * *

Бергенім көп алғаннан бүгін мүлде,
Олжа болып билікке тігілдім де,
Басшылардың көрген соң бассыздығын
Төбемді ұстап безіндім, түңілдім де.

* * *

Пайда көздер билікке есебі көп
Жек көр мейлі, жек көрме - әсері жоқ.
Тау, даламды жатсынып, жауға сатты
Туған жердің болған соң нөсері де - оқ.

* * *

Басым менің добы емес биліктінің,
Доп қылам деп ал солар килікті мың.
Өзегімнен от шашқан өлеңіммен
Қағып алам түбінде билік жынын.

* * *

Өкінішім көп мүлде өткеніме,
Кенім, жерім бөтенге кеткеніне.
Бәтуасыз билігім маңырайды,
Бәрін жауып бітпейтін «өтпеліге».

* * *

Құдай берген нәсіпті адам ұрлап,
Жұтқан сайын құнығып, қабары хақ.
Әй, түбінде болады Көктің соты,
Жауыздарды тап басып, табады Хақ.

* * *

Жер дірілдеп жататын дүбірімнен
Айрылдым да, табыстым күбіріммен.
Далам бар да табанда Антейдей ем,
Қор қылды төр жұлып ап түбірімнен.

* * *

Жалғанның жалғандығын ойламай-ақ,
Найзамның масағына ақ байламай-ақ,
Қаза үстінде той тойлар ордадай боп,
Қызыл қанға сүңгиміз бойламай-ақ.

* * *

Сығалап тұрам кейде босағада,
Мөлиген көзді сатып бас ағаға.
Жалт қарар аға түгіл іні де жоқ
Енді қайтем...
Тосам ба Қособада?..

* * *

Ақырғанын әкімнің естіп алып,
Жанды алдаймыз еп-ерсі бос қуанып.
Ал жүрек ше?..
Сұм жүрек адалым ғой
Тыпырлайды кетердей төсті жарып.

* * *

Басса да қып-қызыл ғып шоқ табаным,
Күймейді бықсып, бүксіп отқа жаным.
Жүрегім өртенеді,
Естігенде,
Жазықсыз міскіндерді соттағанын.

* * *

Менің де бар өзімдік Жаңаөзенім,
Қинайтын өксік жұтып жан өзегін.
Шіркін-ай төрелердің төсін іреп,
Азаптап тапқызбасам мәңгі өз емін.

* * *

Тірлік емес - тірліктің бәрі жалған.
Айнымайды күй - шерден, əні - зардан.
Ақиқатты әкімдер буындырып,
Шенеуніктің шындықты кәрі жарған.

* * *

Бар қызықты төр, төре жасап алып,
Шаңды қауып, қап қойды тасада жұрт.
Арамдықтың асыгы алшы түсті,
Адалдықтың кетті де шашы ағарып.

* * *

Берер едім жұртыма бір ән салып,
Арқандаулы қайтейін құнан шабыт.
Көкіректен күй емес, у төгіліп,
Көмейімді қойды ғой жылан шағып.

* * *

Қарқылдаумен білдірер қарға нені,
Қаптаған соң ғұмырдың зарлы әлемі.

Күйкентайы биліктің шақылдайды,
Безіп кетіп маңынан ар дегені.

* * *

Кеткеннен соң лақтырып арды төрең,
Қарсы алдымнан орнатты жарды терең.
Келімсекке барымды тартып беріп,
Шұбыртты ғой халқымды нәр тілеген.

* * *

Ақыл қашқан төрімнен, ар жүдеген,
Көмейіне құйылды қаржы немең.
Құбырымен суырып майды Қытай
Қалғандары тасиды баржыменен.

* * *

Қазақты ойдан қырға қуғанда жұт,
Тоймайды той тойлаудан думандатып.
Қаймағын қаспағымен тартып алып,
Алашқа ұсынады судан қатық.

* * *

Билік жоқ елді ойлайтын басқалардай,
Тиді ғой төрім нұқып, тасқа маңдай.
Елбасы қырқыстырар зиялысын
Қорлаумен итке сүйек тастағандай.

* * *

Адалды арамдықпен алыстырып,
Сыйлықты халтураға табыстырып,
Мықтыны әлсіздерге жығып беру -
Ежелден төрдегіге таныс қылық.

*** * ***

Кетсе де ар, әділет кескіленіп,
Өтсе де бар ақиқат кескі көріп,
Тазармай мына заман қоқысынан
Жаңармай қанша тұрар ескіленіп?

* * *

Еседі самал желі тазалықтың,
Туады ғажап күні қазақы ұлттың.
Көреміз сонда кімнің қуанарын,
Көреміз тұратынын сазарып кім.

* * *

Жетеді жердің соты, көк кесігі,
Ашылып құныкерге отқа есігі.
Төресін төмпештейді төбесінен.
Қазағын бөлеп алып шат бесігі.

* * *

Келері әділеттің айдан анық.
Жеңеді халық дейтін қайран алып.
Құсады арам асын жемқор біткен,
Ұшады төре тақтан, бай қамалып.

* * *

Сенемін, табады жұрт әділетін,
Күн туар шапағатын бағы ілетін.
Төменді төрге оздырып,
Төрді жер ғып,
Ұлтымның асырады қабілетін.

* * *

Қашанғы қамаламыз құса-мұңға,
Зар менен шер-шеменнің құшағында,

Көрерміз шырылдаған төрелерді
Шаншылған әділеттің пышағында.

* * *

Табыты - көп боздақтың «Арқанкерген»,
Жасаған жігерді - құм, талқанды - ерден.
Бәрібір құтылмайсың ар сотынан
Жендеттер!
Табылады арқаң көрден.

* * *

Бұл мұнай - кімге зорлық, кімге байлық.
Түспейді төр төбемнен күнді лай ғып.
Сорған соң қанымызды тоймай, қанбай,
Құшақты зарға ашып,
Мұңға жайдық.

* * *

Қашанғы мөлиеміз «А, Құдайлап!»
Барады қайда бізді өмір айдап?
Жүргенше аш-жалаңаш,
Тірі өлік боп,
Шықпаймыз неге айқасқа «Абылайлап!»

* * *

Қалдық па жармасудан кекке мүлде,
Қадаумен жасық көзді көкке күнде?
Кім бізді шығарады ұшпағына,
Көл қылып запыран жас төккеніңде?

* * *

Кедейдің кердендігі кімге керек,
Қойған соң төбедегің мұңға бөлеп.

Аштықтан тағы жұртты қырып салып,
Жабар ма мәйітіңді құм себелеп?..

* * *

Өтеді талай ащы, тәтті күнің,
Өксіткен өкінішің, сәттілігің.
Жетпейді ғұмыр бойғы итшілеуің
Дүниенің бір сәтіне пәктігінің.

* * *

Көрдік қой сұм тағдырдың алдағанын,
Жаныңды жалаңаяқ жалдағанын.
Ал мынау білдік шексіз кеңістікте
Бір түйір тазалықтың қалмағанын.

* * *

Жұмбағын қос дүниенің кім шешеді?
Шеше алмай талай пенде мұң кешеді.
Қашса да Ібілістен,
Хақ жоламай,
Өтеді, орындалмай бір де есебі.

* * *

Жалғанның көрген сайын жалғандығын,
Көбейер қайғы-шері армандының.
Артына күдік көзін қадағанмен,
Үмітке толтырар ма қалған күнін?

* * *

Бұл жүректі тыншытам қайда барып,
Бар байлықтан жұрдай боп тайғанадық.
Жезөкше төр қылмыңдап,
Құшақ, қойнын
Ресей мен Қытайға жайғаны анық.

* * *

«Мынау сенің ақырғы атау кереӊ!
Іш, қазақ!» деп ымдайды сақау төрем.
Ал, ішейін...
Хақ жебеп, тірі қалсам,
«Құтқармаспын. Ажалың тақау!» дер ем.

* * *

Табады әділ үкім төрдегіні,
Келгенде адал жігіт, сергек іні.
Құдай-ау, сонда куә етермісің,
Тұрғызып,
Тізіп әкеп көрдегіні.

* * *

Табанға жер тиер ме тау, даладан,
Босанып келімсектен қаумалаған?
Көрден даусын шығарсын күңіреніп,
Анасындай - даласын
Саудалаған.

* * *

Ерегіссе, қоздатып ескі үрейді
Билік билеп, кеудеңнен сесті ірейді.
Ииніңе иегін артып алып,
Тыпырлатпай еркіңді кескілейді.

* * *

Жақсы атыңды жапсырып өсегіне,
Тұлпарыңды қосақтап есегіне,
Көзің тайса,
Жүрегің қалаулысын
Құлатпаққа тырысар төсегіне.

Бабаларға табынған пақыр едік,
Тақсырға-құл,
Қатынға батыр едік.
Ойдан-қырдан қаптаған кірме «ағайын»
Қан-сөлімді көмейлеп жатыр еміп.

* * *

Көңілім кең болса да, заманым тар.
Жақсым жасып,
Бүгінде жаман ұтар.
Елірмеден кең іргем қаусап құлап,
Басып қалды жүргізбей жағаны - қар.

* * *

Өзін өзі аңдыған өңкей қыртым
Ішін ашпай, жұртына берген сыртын.
Елін сатып,
Ерлерін атып асып,
Тыйылмайды. Ақыры сөнбей бір күн.

***

Таң қаламын қаптаған төрдегіге,
Өсекке еріп, иланбас көргеніне.
Күлмең қағып мадақтар нөкерінің
Айналғанын білмей қап... ермегіне.

* * *

Төресіне төмендеп, құлдық ұрып,
Бір мінезбен өте алмай, мың құбылып,
Өзі жынды болған соң, жала жауып
Сау адамды қояды жынды қылып.

* * *

Қазақ басын құраған кең даладан
Ешкім шықпай бүгінде ел жамаған.
Жат айбынар жан таппай қандасымнан
Әрі-сәрі күй кешем,
Мен - дал адам.

* * *

«Кеден. Одақ!» - өзі ғой аза, мұңның.
Уайым жер бірі жоқ қазағымның
Төрдегілер астыртын жалғасса да,
Төменгілер естімес азап үнін.

* * *

Бөтен елдің билігін бөгей алмай,
Отыр елін төрдегі өгейі алдай.
Шаба алмастан намысқа,
Тірі өлік боп,
Жүреміз бе, уай, Алаш!
Көбейе алмай?

* * *

Шығарып Шығайбайды шың басына,
Сахидың үйіп-төкті мұң басына.
Батырдың тартып алып арғымағын,
Қорқақты тағайындар мыңбасыға.

"***

Келешек үркіп бүгін кешегіден,
Кезіп жүр төр, төренің есегімен.
Жуаным жіңішкені соймай асап,
Дуылдар мақтан сүйгіш өсегімен.

* * *

Көз жасын құйып ішкен тегенемен,
Шықпайды шіркін дауыс «Негелеген?»
Шіренер шырық бұзғыш шенеуніктер
Шекеге құл тірлікті шегелеген.

* * *

Жер кетті алпауыттың көмейінде.
Ел батты өгей тіл мен өгей үнге.
Тұл қазақ түрлі азап пен мазақ тұтып,
Қыры жоқ тіс сындырып: «Не дейінге».

* * *

Өз ұлтына бітпестей өкпе кегі,
Топырақты шашумен көпке тегі,
Құтыруы қан ұрттап билігімнің
Қалай ғана, Құдай-ау, тек кетеді?

* * *

Әлдекімді әлдекім әулекі ғып,
Қырған кезде адал мен сауды өтірік,
Аш қазақтың ішегін шұрылдаған
Көміп жатыр бітпейтін дәу кекірік.

* * *

Егесі көп алаштың екіленген,
Бай, кедей ғып бір ұлтты екі бөлген.
Шар тараптан қаптап кеп талап жатыр
Данасы жоқ тайсалмай жетім елден.

* * *

Көре алмайтын төмендеп кіміңді кім,
Төрелері тым тарпаң бүгінгінің.
Көкіректі мұң-зарға толтырған соң
Көп өксіктің астынан тірілді үнім.

* * *

Жамап жатыр шер менен мұңға мұңды.
Қамап жатыр қайғыға мыңдап ұлды.
Бітеу кеуде, тас құлақ естімейді
Жүрек соққан дүрсілдеп мың дабылды.

* * *

Мұң-зарымды мына әлем естімейді.
Қазақты азап шыңғыртып кескілейді.
Ызғарынан төрімнің Далам тоңды,
Сол ызғарда қалайша ес түнейді.

* * *

Болған соң менің зарым - көптің шері
Басылған жүрегіме көктің мөрі.
Қондырмас өз орныма төрелерім,
Тисе де талантыма көктің төрі.

* * *

Ауызына түсіріп мұртты алмаған,
Әулиемсіп, бексініп жұртты алдаған.
Ел үстінде есіріп тайраңдаған
«Тез алшы!» - деп өтінем - қыртты!» Алладан.

* * *

Отырам батыра алмай қысқа күнді
Қаққанмен сыртым емес, іш дабылды.
Нақақ жан төр торында шыр-шыр етіп,
Қол сынды, шұқылды көз, тіс қағылды.

* * *

Құдай-ау, ойыншық етіп ғұмырымды,
Төбемнен төндіресің қыңырыңды.
Құлатып қонжығыңды биігінен,
Берсеңші бір адалға тұғырыңды.

* * *

Көре алмас ақылыңды, артығыңды,
Сұм Жалған бастық етті шартық ұлды.
Сол шіркін бар адалды сатып кетер
Көретін қызығына жарты күнгі.

* * *

Қойып ек көсем етіп шартық ұлды,
Тырқылдап аузы күлді, арты күлді.
Білемдеп білегіне бар билікті
Белінен басты ауылдық тәртібіңді.

* * *

Ұшпаққа шығармайды неге мені
Күткізбей көктің берген егемені?
Дөкейдің әкім болып құтырып жүр
Кешегі ұшып-қонған көбелегі.

* * *

«Мен бүгінгі қазақты мақтамаспын!»
Деп талаймен қызынып көп таластым.
Жер асты-үстін оп-оңай жатқа берді ол
Сата ма деп қорқамын Аспан астын.

* * *

Кеше ғана күліп ед көңілді Күн,
Бүгін қинап көгімнен төгілді мұң.
Хан маңдайын қасқалар қайран тілім,
Кесілді де, бәдіктен жеңілді үнім.

* * *

Той тарқады. Қалдырды Астананы.
Тойшыл топтың жабылды қас-қабағы.
...Тағы тапты тойлаудың бір амалын
Үзім нансыз жылатып аш баланы.

**II**

Ел ішінде жүріп талай адастым,
Мейіріміне адамдардың мен ашпын.
Адалдығын білдіретін еркелеп,
Кейбіреуден иттері артық Манастың.

* * *

Өкпелеме өкпеңді ұқпас төріңе,
Еркелей біл еркелетер еліңе.
Сен олардың айырмасын мықтап сез,
Бірі - анаң ғой,
Екінші - ұқсас бөріге.

* * *

Аяғыңа төселгенде түк кілем,
Тиіп-қашып иықтасып мықтымен
Жүруші едің,
Енді бүгін соларға
Сөзің түгіл, естілместен бітті дем.

* * *

Бұлтын Көктің қолмен анау түргеннің,
Мен қасында төрде бірге жүргенмін.
Қасқая кеп, қарсы атылып Колбинге
Мықтым бұқса,
Мен сақылдап күлгенмін.

* * *

Бүгін енді Колбиннен де ол мықты,
Аруағы асқан, байлық тасқан, мол, құтты.
Кешегі мен келешекті ұмытса ол
Мен отырам көтере алмай қол, бұтты.

* * *

Білем, сезем уақыт - қазы екшерін,
Озар даңқым, қалар жерде тек шерім.
Өгейленген өз ұлтына қасқаның
Білем жылап өткен күнін көксерін.

* * *

Мақтай берер ерекше етіп бір өзін,
Өзімшілдің ұстай алмай мінезін,
Жүрміз бүгін елден ерін бездіріп,
Нөкер етіп төрдегіге мың езін.

* * *

Ол заманда ән де өзге еді, мұң да өзге,
Елбасымен бірге істегем бір кезде.
Нұрекеңді аяп бүгін кетемін,
Ісі түсіп тұрғаннан соң күнде езге.

* * *

Көп үмітті көтерумен талды иін,
Аминь Хаққа!
Көп тілекке әумиін.
Уа, жамағат! Жерден, малдан айрылған
Анау қырда үңірейіп қалды үйің.

* * *

Сипай бермей мәнсіз, жөнсіз құр бетті,
Біл, қандасым, кімге істеуді құрметті.
Төрелердің етегіне бас ұрмай,
Өз қамыңды ойлап топқа бұр бетті.

* * *

Сыбан жеңді!
Ауызды ашып ұрадай,
Хақтан, тақтан жылап бәрін сұрамай.
Шықпап педі ұлы айқасқа қасқайып,
Жыртқыш азу мың наданмен бір Абай!

* * *

Қара бұлты төнбеуі үшін қайғының,
Рақатта өтсін десең ай, күнің,
Жалқаулықтың жұлып тастап өңешін,
Берме ешкімге алдын ылғи бәйгінің.

* * *

Қала жатыр мүлгіп ұйықтап төрінде,
Дана жатыр тыншып ұйықтап көрінде.
Ертең қала оянады.
Дананы
Іздемейді ешкім азат елінде.

* * *

Тар қыспаққа батты жұртым, батты елім,
Аш өзегін сұм өмірдің тапты өлім.
Жүрегімнің сиясымен жазылған
Қып-қызыл боп қанға бөкті дәптерім.

* * *

Атамекен... соның өзі бар ма екен,
Бар болса ол, неге алашы зарлы екен?
Ұлы - еліне, елі ұлына жат болып,
Көмейінен төгілетін ән бөтен.

* * *

Елбасымен бірге істеді демесең,
Досы да емес, жолдасы да емес ем.
Жақтырғанын, жаратқанын көрмедім,
Ел-жұртымды мен жырыма бөлесем.

* * *

Әкім бөлек, ақын бөлек ертеден
Бір ауылдан, шықса да бір көрпеден.
Ел ырзығын әкім қылғып жатқанда,
Тоқтата алмай обырларды дерт емем.

* * *

Қарға кейде шұқып тастар қарғасын,
Өзі қонған қоруменен арбасын.
Дәл солардай ұры әкім
Қарының
Ұрлап алар, ұрлап алған дорбасын.

* * *

«Жемқорларды тыям!» деуші билікке,
Сен олардан оң қабақ пен сый күтпе.
Төр солармен сыбағалас боп шығып,
Талай мәрте еш жазықсыз күйдік те.

* * *

Тәлкегіне түссем де сан тағдырдың,
Мен тағдырды тәлкек етіп талдырдым.
Аттап өтіп сынағынан ғұмырдың,
Жүрек отын алаулатып жандырдым.

* * *

Үйіп-төгіп үргенімен кім нені,
Қамай алмас шер кеудемді, мұң мені.
Дәл Данкодай жарқыратам жүректі,
Бұзып шығып кеудемдегі түрмені.

* * *

Мен тауым мен далам сырын тыңдағам,
Адамзаттың ғажабынан үн бағам.
Тамшысында қайнап тасқан қанымның
Шер, зары бар қазағымның мыңдаған.

Жайып салып арман, ойды беткейге,
Қиял қуар мендегі асқақ от бейне.
Білем сонда жанарымның шоғынан
Жасқанады жай соғардай жат кейде.

* * *

Жасқанады өрдегі мен төрдегім,
Шарпығанда жасын атып өр демім.
Қаламымның сиясымен тіріліп,
Төсегінен қуалайды көрдегі үн.

* * *

Өссін десең көгерумен көсегең,
Азамат бол басты тасқа төсеген.
Құл болуға, пұл болуға жарамай,
Жұрттың бәрі ұл боп туған шешеден.

* * *

Ер боп өскен,
Ұл боп туып анадан,
Жауын көздеп жебесімен санаған.
Кіседегі топырағы жерінің -
Туған елін өшіртпеген санадан.

Уассалам!

# XIII

# Түйін

*Асқар белім – Алашым!*
*Сатқызбасын Даласын*
*Деп ақтардым сырымды.*

*Қалың елім – қазағым!*
*Мәңгі сүйер ғажабым*
*Деп жаттадым мұңымды.*

*Қайран жұртым – қазағым!*
*Жоғалсыншы азабың*
*Деп ақтардым жырымды.*

*Софыян*

# МАЗМҰНЫ

Арнау........................................................................................ 3

Әлқисса......................................................................................5

Ботасы едім боздаған боздаланың
*(Балалықтың түрі)*.................................................................. 9

Мына жаздың ғаламат тылсымын-ай!..
*(Махаббат сыры)*.................................................................... 55

Бұл жүрек секемденіп аласұрған...
*(Мекерлік сұры)*.......................................................................111

Қайран ғана күндер-ай сайрандаған!..
*(Кәрілік мұңы)*..........................................................................145

Тым ыстық-ау тоқалдың жамалы
*(Тоқалдар сыры)*.....................................................................185

Уай, Хайям, сен де хафиз, мен-дағы ақын
*(Омар Хайямның ізімен Рубаилар)*.........................................207

Бірде жылап жүремін, бірде күліп
*(Бабалар үні)*............................................................................263

Киелім, қасиеттім - Далам менің
*(Даламның әні)*........................................................................297

Қайдан келдік, кетерміз қайда барып?..
*(Философия дәні)*.....................................................................315

Саудаға сап бұйымдай арын, жанын...
*(Төрелер мәні)*......................................................................... 355

Түйін..........................................................................................421

ISBN 978-601-80241-3-9

**Софыян**
**Софы СМАТАЕВ**

**БОТАСЫМЫН БОЗДАҒАН БОЗДАЛАМНЫҢ**

**Редакторы** *Талғат Әлтекеұлы*
**Корректоры** *Біржан Саматұлы*
**Көркемдеуші** *Нұргелді Серғожаұлы*

Басуға 10.06.2016 қол қойылды.
Пішімі 84x108$_{/32}$ Офсеттік басылым.
Қаріп түрі “Таймс”. Көлемі 26,5 баспа табақ.
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №1681.